Для характеристики современных процессов, связанных с исламом в Казахстане, часто используют понятие «исламское возрождение». По мнению А. Султангалиевой, в действительности речь идет о совершенно новых явлениях и процессах [11, с. 76]. Изобретением традиции в исламе является и то, что умершие партийные функционеры-коммунисты приравниваются к святым. Над их могилами возводятся мазары и т.д. Мечети называются в честь умерших коммунистических лидеров.

Возрождение ислама, прежде всего, связано с обретением независимости, ростом национального самосознания. Исламу принадлежит важная роль в этнической идентификации казахов. Исламская идентичность позволяет строить отношения «братства» на общей идентификационной основе с исламскими государствами, входить в различные интеграционные объединения.

К изобретенным традициям принято относить создание символов. Одним из символов Казахстана стал аль-Фараби, «второй Учитель». Его образ был запечатлен на денежных купюрах республики. Его именем названы многие улицы и ВУЗы. РК построила мавзолей на его могиле, но одновременно с

Казахстаном на наследие великого ученого претендуют и другие народы. Президент Таджикистана Э. Рахмонов выступая в российских средствах массовой информации отказывает казахам и Казахстану в праве считать аль-Фараби своим великим соотечественником и гордиться им, потому что, по его мнению, этот человек, являвшийся уроженцем современного Южного Казахстана, был по рождению таджиком [12].

При всем этом следует учитывать, что ни один из современных народов в период жизни «второго Учителя» еще не существовал. По словам В.В. Бартольда, знаменитый философ аль-Фараби, который был родом из Туркестана, был по национальности турок (тюрок), но учившийся в Багдаде и умерший в Дамаске [13, с. 46].

Попытки апроприация культурного наследия, как это продемонстрировано на примере аль-Фараби, являются характерной чертой мифологизированной истории. Подобные «войны памяти» [14, с. 46] охватила все постсоветское пространство Но эти «войны» включают не только апроприацию, -нередко построения мифотворцев основаны на принижении истории того или иного народа. К сожалению, не миновала это явление и историю казахов. Можно упомянуть о многочисленных случаях отрицания не только государственности казахов в прошлом, но и о существовании их вообще до советского периода. Наряду с этим отрицается наличие государственности, письменности и в целом культуры у наших предков. Ярким примером являются статьи доктора исторических наук, профессора Г.А. Хидоятова (Узбекистан), который в ряде статей размещенных в Интеренете отказыват казахам, таджикам и другим народам региона в наличии какой-либо истории.

Характиризуя процесс мифотворчества в Казахстане, нельзя не упомянуть и о том, что часто вариантами мифологизированной истории стновятся истории диаспор.

Одной из самых многочисленных диаспор Казахстана являтся уйгурская. Основная масса уйгуров проживает в Синцьзян-Уйгурском автономном районе (СУАР) Китайской Народной Республики. Создание новых незвисимых государств на постсоветском пространстве не могло не повлиять на подъем национального самосознания уйгуров, что в свою очередь нашло отражение и в многочисленных попытках провозглашения независимости, в том числе и на своей новой Родине – Казахстане.

Так, уйгурские интеллектуалы утверждают, что Семиречье, а это часть нынешней территории Казахстана и Киргизии, исторически принадлежит Уйгурстану [15].

Обращение к источникам показывает неправомерность подобных взглядов, поскольку разнородные группы переселенцев из Кашгарского и других оазисов Восточного Туркестана неправомерно приняли в 1921 г. на съезде национальной интеллигенции в г. Ташкенте самоназвание «уйгуры», несмотря на то, что они имеют только опосредованное, косвенное отношения к древним уйгурам [16, с. 117].

Тогда же, специалисты Института Уйгуроведения АН КазССР вслед за В.В. Бартольдом [17, с.192]., отмечали: "Что касается Семиречья и Средней Азии, то точка зрения, которой придерживаются некоторые исследователи об изначальной автохтонности уйгуров на этих территориях, не подтверждается письменными документами исторического или иного характера» [18, с. 234].

Тем не менее, отдельные уйгурские интеллектуалы продолжают удревнять историю своего народа и предъявлять свои права на все новые и новые территории.

«Огуз-хан, - пишет классик мифологизированной истории К. Масими, - установил линию границы между уйгурами и римлянами по реке Танаис (Дон), для правления на подвластной ему территории, т.е. на Северном Кавказе и в акваториях нижнего течения Дона и Волги, оставил часть уйгурских племен, участвовавших в походе, во главе с царевичем по прозвищу *Кипчак»* [19].

В одной из своих версий К. Масими выпустивший за последние годы ряд монографий, посвященных истории уйгуров, возводит начало уйгурского народа и его государственности к первым векам до нашей эры: «В 59 г. до н.э. в борьбе за престол потомки Огуз-хана (8-е колено), единокровные братья Куддус (имевший тронный титул Огуз) и Когушар (с тронным титулом Уйгур-хан, по кит. Хуханье), при активной помощи китайских вельмож разделили державу на два государства: западное (Огузское) и восточное (Уйгурское), называемое каганатами» [20, с. 5-6].

Постоянно возрастающие аппетиты автора привлекли внимание наших коллег и за пределами Казахстана. «Еще дальше - пишет академик Э. Ртвеладзе, - пошел некий Касым Масими, который в своем труде «Племенное объединение «Уйгур». История Уйгурской державы», утверждает, что Уйгурское государство насчитывает 12 тыс. лет, то есть оно относится к эпохе неолита (новокаменного века), когда никаких государств ни в одной части земного шара не существовало и не могло существовать. Также и для территории Центральной Азии, племена которой находились еще только на стадии перехода от присваивающей экономики к производящей, что произошло лишь в VI - V тыс. до н.э. и далеко не во всех частях этого региона [21].

Следует отметить, что новые версии национальной истории уйгуров вбирают в качестве предков не только атлантов, но и жителей континента Му. Заметим, что многие уйгурские интеллектуалы, не поддерживают сепаратизм и его мифологизированную подоплеку [22; 23].

Обращение к традициям, а значит и к прошлому, прослеживается и в символике. Флаг Восточного Туркестана такой же, как и турецкий флаг, но имеет синий фон вместо красного Полумесяц со звездой символ ислама. Сейчас сам флаг запрещан к использованию властями Китая, т.к. идентифицируется ими как проявление национального сепаратизма. В свою очередь, уйгурские радикально настроенные интеллектуалы отказываются признавать «изобретенное» китайскими властями название Синьцзян (Новая граница).

Как в китайском, так и в уйгурском случаях, переименования являются процессом историзации, поскольку все названия (Синьцзян, Восточный Туркестан) являются новоизобретенными терминами. Они отражают все тот же архетипический ритуал, иллюстрирующий космогоничечский миф.

История уйгуров в современном Китае, связана с бурными политическими процессами, происходившими в этой стране и естественно, не избежала процесса искажения.

Сказанное, как представляется, еще раз подчеркивает, что мифологизированная история играет важнейшую роль в обосновании прав на создание собственного государства, и изобретенное прошлое тюркоязычных уйгуров, не является каким либо исключением.

Таким образом, мифологическое поветрие, охватившее все пост-советское пространство, не миновало и Казахстан. Во многом это объясняется до конца не искорененной кочевой традицией разделения на родоплеменные группы, представители которых пытаются закрепиться в различных секторах экономики. Группоцентрически ориентированные мифологизаторы создают приукрашенные истории своих родов, уводят их основание в глубокую древность. Соперничество кланов находило выражение (сейчас об этом можно говорить как о явлении ушедшем в прошлое) в широком праздновании юбилеев различных деятелей.

Недостаточно подготовленные «исследователи» (как правило, представители различных технических наук), не различают такие процессы, как сложение государственности и этноса, и поэтому автоматически зачисляют великого воителя Чингиз-хана в казахи. Получила в Казахстане определенное распространение и «новая хронология». Как и везде, происходит углубление истории народа до шумерского государства. Возможно, что это явление можно объяснить реакцией на выпады отдельных российских политиков о природной дикости кочевников, их неспособности создавать государства и культуру.

Получили распространение и такие явления как изобретение традиции, которые чаще понимаются как их возрождение.

В целом, рассмотренный материал показывает, что мифологизированная история имеет достаточно большое значение в обществе. Нельзя утверждать, что это явление понимается и осмысливается в полном объеме. В любом случае, это явление нуждается в дальнейшем изучении.

Все сказанное свидетельствует о том, что мифологизированная история в целом играет отрицательное значение, поскольку она затрудняет развитие науки, деформирует национальное сознание, является фактором, дезинтеграции и разобщения, служит инструментом для достижения определенных целей в руках так называемых «мобилизаторов этничности»

ЛИТЕРАТУРА

1. The invention of Tradition / Eds. Hobsbawm E., Ranger T. - Cambridge, 1983. - 320 p.

2. URL: http://textbook.vadimstepanov.ru/ (дата обращения: 12.08.2018).

3. Шмитс А. Изобретенные традиции и создание наций в Казахстане// Взаимосвязи и взаимовлияние народов Восточного Казахстана в хозяйственной и культурной деятельности XVIII-XXI вв. - Материалы международной научно-практической конференции (11-12 октября 2001).- Усть-Каменогорск, 2002. - С.135-140;

4. Eitsen H. C. Nawriz in Kazakstan: Scenarios for Managing Diversity. – Contemporary Kazaks. Cultural and Social Perspectives. - Edited by Ingvar Svanberg. Curzon Press, 1999.- p. 73-102.

5. Мустафаев Н. Пять мифов об интеллигенции / Общество / Интернет-газета. Казахстан . Дата публикации: 29 декабря 2005 г.

6. Букейханов А. Киргизы // Формы национального движения в современных государствах. – СПб., 1910.

7. Программа партии Алаш // Алаш-Орда. Сб. документов (под ред. Мартыненко Н.А.) – Алма-Ата: «Наука» 1992.

8. Куртов А. Политическая элита Казахстана. - М., 1994.

9. Frank Allen Islamic transformation on the Kazakh Steppe, 1742-1917 Towards on Islamic History of Kazakhstan under Russian Rule. – The Construction and Deconstruction of National Histories in Slavic Eurasia. - Hokkaido: Slavic Research Center. 2003.

10. Olcott M.B. The Fabrication of a Social Past. The Kazakhs of Central Asia// Political Antropology Yearbook,1. Ideology and Interest. The Dialectics of Politics. - New Brunswick, London, 1980.

11. Султангалиева А. Ислам в Казахстане. История, этничность общество. -Алматы, 1998.

12. Саттаров Р. Тенге как жертва таджикско-казахских споров из-за наследия аль-Фараби // // URL: http://www.ariana.su/?S=8.0611300122. (Дата обращения: 10 августа 2006).

13. Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия // Соч. – М.: Наука, 1963. - Т.I. - С. 45-594.

14. Шнирельман В. Войны памяти: мифы, идентичность и политика в Закавказье. - М.: ИКЦ Академкнига, 2003.
15. Майнаев Б. Уйгуры – этническая бомба в Великой Китайской стене . URL: http://www.ca-c.org/datarus/majnaev.shtm (дата обращения: 12.08.2018).
16. История Казахстана и Центральной Азии.- Алматы, Дайк-Пресс. 2001.
17. Бартольд В.В. Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии. – Алматы: Жалын, 1993.
18. Краткая история уйгуров / ред.Садвакасов Г.С. - Алма-Ата: Гылым, 1991.
19. Масими Касым. История Уйгурской державы. – Алматы: Гылым, 2000. - 365 с. Этот автор придерживается версии, что Огуз-хан это гуннский Модэ Шаньюй. Этот тезис позволяет ему отождествлять гуннов и уйгуров.
20. Масими К. «Племенное объединение «Уйгур». История Уйгурской державы».- Алматы, 1998.
21. Ртвеладзе Э. Историческая наука и псевдоистория Средней Азии // Учитель Узбекистана. - 2003. -25 июля.
22. Казахстан - наш общий дом! // Трибуна. - 2007. - 21 марта.
23. Ахмадиев М. «Кидать камни в казахский народ, значит поднять руку на своего отца» // Начнем с понедельника. - 2007. - 9-15 ноября.

ӘОЖ 391.745/749

М.Қ. Егізбаева
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, ҚР, Алматы қ.

ТАҢБА – ШЕЖІРЕЛЕР МҰРАСЫ

Аңдатпа. Мақалада қазақ халқындағы «таңба» сөзінің этимологиясы мен этногенезіндегі орны туралы баяндалады. Қай халықтың болмасын өткен тарихы мен бүгінгі тарихында төл белгілердің атқаратын рөлі зор болып табылған. Қазақ халқының шығу тарихында да сол таңбаларды зерттеу арқылы бұл халықтың тұрмыс-тіршілігі, мәдениеті, рухани дүние-танымы т.б. көріп білуімізге болады. Таңба, мөрлер бүгінгі елтаңбаларымыздың тарихи бастауында тұрған мәдени-этникалық мұралар. Сонымен қатар, ерте ортағасырлық ру-тайпалар мен этносаяси бірлестіктерден құрылған қағандық түрік мемлекеттерінде де қолданысының қызметі, оның қолдану аясы мен мағынасы ерекше мәртебеге дейін көтерілгені қарастырылады.

Түйін сөздер. этногенез, халық, ұлт, белгі, таңба, ру.

М.К. Егизбаева
КазНУ им. аль-Фараби

ТАМГА – РОДОСЛОВНАЯ НАСЛЕДИЕ

Аннотация. В статье рассматриваются этимология и роль знаков в этногенезе казахского народа. У каждого народа, как в прошлом и так и настоящем существовала знаковая система, игравшая значительную роль в материальной и духовной культуре народа. Дается истографический обзор этногенеза знаковой системы казахского народа, история развития тамги и родовых знаков. Символы и марки – это культурное и этническое наследие нашего исторического наследия. В нем также рассматривается особый статус деятельности ранних тюркских племен и этнополитических тюркских народов в тюркских государствах, его масштабы и значение.

Ключевые слова. этногенез, народ, нация, знак, тамга, род.

M.K.Egyzbaeva
KazNU al-Farabi

TAMGA - PEDIGREE OF HERITAGE

Abstract. The article deals with the etymology and role of signs in the ethnogenesis of the Kazakh people. Each nation, as in the past and so and the present, had a symbolic system that played a significant role in the material and spiritual culture of the people. We give a historical review of the ethnogenesis of the sign system of the Kazakh people, the history of the development of tamgas and patrimonial signs. Symbols and stamps are the cultural and ethnic heritage of our historical heritage. It also considers the special status of the activities of the early Turkic tribes and ethnopolitical Turkic peoples in the Turkic states, its scope and significance.

Key words. ethnogenesis, people, nation, sign, tamga, genus.

Кіріспе

Таңба сөзінің мағыналық аясы кең, мазмұны терең деп жазады ғалым-зерттеушілер.

«Таңба» дегеніміз – түсіне білген тарихшы ғалымдарға бойына мол сырды бүгіп жатырған тарихи дерек деуге болады. Таңбаның мән-мағынасына байланысты және оның қызметі туралы бұл тақырыпты зерттеуші ғалымдардың да пікірлері әрқилы болып келеді. Ежелгі көшпелілер пайдаланған таңбаларға көне түріктер төмендегідей анықтама берген, «таңба» – ол екі мағынаны білдіреді.

Бірінші – «ру, тайпалардың белгісі, таңбасы», екіншісі – «қағанның алтын мөр белгісі». Ежелгі көшпелі ру-тайпалардың қолданған таңбаларының мағынасы туралы біржақты пікір жоқ, көне түрік кезеңіне жататын белгілердің мәніне байланысты әртүрлі анықтамалар келтіруге болады. Бірінші – түрік елінің ең жоғарғы билеушілері – қаған, йабғу, шад, тегіндердің елсы. Екінші – чұр, атрхан, бек т.б. билік тұлғалардың таңбалары. Үшінші – ру, тайпа одақтардың эмблемалары (бір таңба және оның бірнеше түрлері). Төртінші – жеке тұлғалық және аталық отбасылардың таңбалары (жеке тұлғалық және малға салатын ен белгілер)

және т.б. [1, 77-б.]. Сонымен қатар, таңбалар әрбір жеке тайпаларды танып, түстеп беретін белгісі – коды, таңба арқылы тайпалардың шығу тегін, олардың динамикалық бірігуі, бөліну қозғалысын анықтау анықтау ол өз алдына тағы бір сала [2, 99-б.].

Қазақ таңбаларының үлгілері қола дәуіріндегі Беғазы-Дандыбай мәдениеті қазбаларынан табылған. Мысалы, әйгілі этнограф-тарихшы Ә. Марғұлан осы кезеңнің мәдени ескерткіштері арасынан бағаналы руының таңбасына ұқсас белгі көргенін жазады. Бір ғажабы, таңба ұғымы көптеген түркі халықтарының ортақ екені байқалады.

Белгілі түріктанушы ғылым В. Радлов бұл ұғымының мағынасын «белгі», «ру таңбасы», «мөр» деген сөздермен ашады. Өте еретедегі тасқа қашалып жазылған жазба деректегі нұсқаларындағы мәні де осы пікірдің дұрыстығын дәлелдейді. А.Дж. Эмре мен А.Н. Кононов сияқты ғалымдар «таңба» сөзінің түбірі «там» – күйдіру, өртеу, жағу деген естістік деп есептейді. Бұл қисынға келетін тәрізді. Қырғыз тілінде де «там» тұтану, от алу деген ойларды береді. Ол қазақ тілінде де «тұтан», «жан» деген сөздердің синонимі.

Ал мөр ретінде билік белгісі сипатында көрінетіні белгілі. Ел тұтқасын ұстаған, оның мемлекеттік істерін жүргізіп отырған бедел иесінің биліктік нышаны деп қарасақ та, ой төркіні тереңде жатқанын аңғару қиын емес. Таңба, мөрлерге бүгінгі елтаңбаларымыздың тарихи бастауында тұрған мәдени-этникалық мұралар тұрғында қарайтынымыз содан. Таңбалық нышандар, әдетте, тайпаның, рудың бүтін ел құрамындағы халықтардың қасиет тұтқан наным-сенімдерімен, арман-аңсарларымен астасып жатқан киелі белгілерден тұрады [3].

А. Мектептегі: «Таңба» сөзінің мағыналық аясы кең, мазмұны терең. Таңба – ақпарат сақтау мен таратудың коды. Осы шифрдың кілтін таппаған бөгде жұртқа қазақтың ішкі сырын ұғу мен рухани-этникалық құрылымын игеу жұмбақ күйінде қалған деп жазады. Көшпелі төрүктердің табиғаты атқаратын әмбебап қызметі сан қырлы. Таңба ұғымының бастапқы мағынасы «ойлап табу, тану» дегенді білдіріп, қоғамдық-әлеуметтік, мәдени-рухани астары қат-қабат қызмет атқарған. Келе-келе түрлі қалыптасқан қоғамдық-саяси жағдайдың ыңғайына қарай ілкі «құпиясы» ұмытылып, қосалқы ру-тайпа таңбасына, сиволдық белгіге ауысқан. Бертін келе таңба мал-мүліктің тиесілі қожайын-иесін аңғартатын мағына үстеген. Таңбадан қазақ тіліндегі «теңге», «тамғашы, таңбашы» ұғымдары пайда болды. Көшпелі төріктердің мәдени ықпалы кезінде көрші елдерге кең тараған «теңге, танга, деньги», «тамғашы-таможня» сөздері славян тілінің акустикалық-артикулляциялық ерекшелігіне сәйкес бейімделіп, сөздік қорына әбден орныкты [4, 2-б.].

Ерте ортағасырлық ру-тайпалар мен этносаяси бірлестіктерден құрылған қағандық түрік мемлекеттерінде де қолданысының қызметі, оның қолдану аясы мен мағынасы ерекше мәртебеге дейін көтерілді. Таңбалар әсіресе, әкімшілік басқару жүйесінде, сыртқы саяси және басқа да мемлекет істерінде қолданыста болғандықтан, бірегей қызмет атқарды.

Тамға – белгілердің ру тайпаларды танып білуде зор роль атқаратыны баршаға мәлім. Қазақ Совет энциклопедиясында тамға жөнінде мынандай деректер беріледі: таңба, тамға ерекше белгі, мөр. Таңба түркі тайпаларында ежелгі заманнан-ақ қолданылған. Күлтегін тас жазуында түркі хандарының таңбасы басылса, орхондағы, оданда ертеректегі ескерткіштерде де таңбалар бейнеленген.

Рашид ад-Дин жазбасыда Өгізханның баласы Күнхан тұсында руларға бөлініп берілген белгі деп тұжырым жасалады. Таңба көбінесе жылқыға, түйеге басылған, сонымен қатар, ру басылары герб және мөр ретінде қолданған. Хальфиннің 1822 жылы қазанда таңба татар тілінде басылған Шыңғысхан мен Ақсақ Темір өмірі деген жылнамасында: «Шыңғысхан әрбір бекке арнайы таңба, құс, ағаш ұран үлестірген. Ол Қоңырат би оғл Сенкелеге: әй-Сенкеле, сенің ағашың – алма ағаш, құсың – сұңқар, ұраның – Қоңырат, таңбаң – ай болсын! Сол сияқты, үйсін Майқы биге де «Таңбаң сырың болсын», - депті. Бірақ этнограф ғалымдардың тұжырымдауынша таңба біреулердің үлестіруінен емес, әр рудың шыққан тегіне, туыстық жақындық жағдайына қарай берілген. Мәселен, рулық қатысы көп заманнан бері жойылып біткен шығыс-фин тайпаларында бұрынғы семьядан отауланып, қонысын бөлектеген жаңа семья сол бұрынғы семьяның таңбасына қосымша сызық, белгі соғып пайдаланған [5] .

Қазақ руларының таңбасы да осы жорамалға сай келеді. Рашид ад-Диннің, Н. Аристовтың таңбалары ұқсас, сәйкес рулардың түбі бір деген пікірі де осыдан туған. Мысалы, Ұлы жүздің Дулат тайпасының таңбасы – О, шежіре бойынша онымен туған Албан тайпасының таңбасына бір сызық О, Суанға екі сызық О, ал Дулаттан тараған Ботпай, Шымыр, Жаныс, Сиқым таңбалары да осындай [6, 548-549 бб.].

Байырғы белгілер жүйесінде ерекше категорияға ие болған таңбаның қолданыс аясы мен функционалдық қызметіне ден қойған зерттеушілер таңбаның түп төркіні түркі – монғол тілдерінен бастау алатындығын айтады.

Таңбаның негізгі түрлері:

а) малға басылатын меншікті білдіретін таңба;

ә) мемлекеттік немесе жеке мөр таңба.

Қазақ арасында таңбалау дәстүрі Тәуке хан заманында (шамамен XVII ғасырдың 50-жылдарының басы -1715 ж., кейбір зерттеулер бойынша, 1717-1718 жж.) жолға қойылған үрдіс болды. Алғашқылардың бірі болып бұл мәселеге назар аударған А.И. Левшиннің пайымдауынша, Тәуке ханның (шамамен XVII ғ.-дың 50-жылдарының басы – 1715 ж., кейбір зерттеулер бойынша, 1717-1718 жж.) билігі тұсында барлық мал-мүлікті белгілеу үшін қолданылған (қ. Жеті Жарғы). Малдарды міндетті түрде Есім хан (1598-1628 жж.) мен Тәуке хан (шамамен XVII ғ.-дың 50-жылдарының басы - 1715 ж., кейбір зерттеулер бойынша, 1717-1718 жж.) реформаларының тұсында іс-тәжірибеге еніп, біріздікке түскен болуы керек. Ол туралы қазақтың дәстүрлі әдеттік құқығының кодификацияланған қағидаларының жинағы – «Жеті Жарғының» бізге жеткен нұсқаларының арнайы баптарында айтылады. Мысалы, «Жеті Жарғының» Г.Гавердовский және А.И. Левшин жариялаған, сондай-ақ атақты Саққұлақ биден жеткен нұсқаларында әрбір рудың өзінің таңбалары мал-мүліктің кімге тиесілі екендігін ажырату үшін (А.И. Левшинде, 34-бап) немесе ру-тайпа арасындағы дау-дамайды азайту мақсатында (Г. Гавердовскийде, 15-бап) малдарына өздерінің таңбасын міндетті түрде басу қажет екендігі міндеттелген. Саққұлақ бидің нұсқасында: «әр рудың ұраны, таңбасы болсын. Таңбалары малының сол санына басылсын», - деген бап (113-бап) кездеседі. Бұл жайтты малдың көшпелі ортада меншік қатынасының негізгі объектісі болғандығымен түсіндіруге болады [7, 343-б.].

Байырғы түрік халқының билеушілері құрған еуразиялық ауқымдағы құдіретті империясының мәдени жетістіктерінің айқын айғағы – жазулы үнсіз мәдени куәгерлері еліміздің шығысынан бастап Алтай, Тарбағатай, Ұлытау және Алатау, Мерке қатарлы киелі де қасиетті тауларда, Ертіс, Сырдария, Талас, Жем сынды өзендердің бойында кездеседі. Алуан түрлі мен белгілер безендірілген ескерткіштерде иелік меншікті білдіретін әйгілі «қаған» сынан бастап қарапайым белгілердің Қазақстанмен шекаралас қазіргі Моңғолия жерінің Арханғай, Бұлғын, Төв, Баян-Өлгий және тағы басқа аймақтарында кең таралған [8, 1-б.].

Таңба – малға, көбіне жылқының санына күйдіріліп басылатын айырым белгісі ретінде де қолданылғаны жөнінде жоғарыда келтірілді.

Байырғы түрік халқының таңбаларына толыққанды талдау жасау үшін, осыған дейін танылған барлық деректерді топтастыру және оларды жүйелеу арқылы жаңа ізденістер жасау қажет. Бұл бастама ғылымда өзге де мүмкіндіктерді барынша пайдалану арқылы ұзақ уақытты қажет ететін зерттеу екендігі түсінікті. Байырғы түріктердің және қазіргі түрік тілді халықтардың ен-таңбаларының бір ерекшелігі – олардың нақты заттық – бейнелік атауы қатарында (аспан денесі атаулары – күн, ай, жұлдыз және т.б., мал шаруашылық атаулары – мүйіз, тұяқ, табан, жүген, ер-тұрман және т.б., жарақтық зат атаулары – қару, үй бұйымы, әшекейлерде – садақ (жақ), оқ (жебе), балта, тарақ, айна, сырға және т.б.) бар. Таңбалаудың семантикалық кеңістігі зор әрі, мағынасы да күрделі [9].

Белгілі бір қазақ руы басқа тайпалардан өзіндік белгілері арқылы ажыратылған. Сондай белгілер аса құнды мұра ретінде ұрпақтан ұрпаққа берілген. Әр рудың тамғасы мен «ұраны» (елді жауға қарсы дайындалсын деген белгі) болған.

Әдетте таңбаларды қоршағаған ортамен байланысына қарай: белгілер, бейнелер, символдар деп үшке бөледі.

Умбертто Эко «Знакь» атты зерттеу кітабында да айтып, оны алты топқа бөледі. «знакь» signum – латын тілінен аударғанда белгі, нұсқа, мөр деген мағына т.б. береді де, мынандай мағыналар үстейді.

1 (белгі бір заттың екінші бір затқа әсер етуі арқылы адам санасы қабылдаған белгі, нышан);

2) жеке тұлғаны анықтауда көрсететін нақты белгілер;

3) көңіл күй білдіретін дене қимылдары;

4) акустикалық жол арқылы шығып, белгілі бір мағынаға ие тілдік;

5) дыбысқа қосымша мағына үстейтін кез-келген визуальды элемент (алфавит, типографиялық белгі нота, морза әліппесі),

6) мағынаға ие жай ғана графикалық белгілер (сандар, химиялық, физикалық формулалар, теңіз флоты, әскери бөлімдер т.б.) [10, 59-б.].

Өздерінің күрделі этникалық тарихи даму жолдарында нақты деректерді тым аз қалдырған қазақ рулары мен тайпалары өзіндік таңбаларымен ерекшеленеді. Рулық немесе тайпалық таңбалар мөрлерде де кездеседі. Сондықтан таңбалардың тарихын зерттеудің де маңызы зор. Мұны жекелеген зерттеушілер, атап айтар болса, А. Левшин, Ш. Уәлиханов Л. Мейер, А. Харузин, Н. Аристов, Н. Гродеков М. Тынышпаев С. Аманжолов және т.б. жақсы түсінеді. Алайда олар өмір сүрген кезеңдегі саяси әлеуметтік ақуал және тарихи білімнің жеткіліксіз деңгейі, бұл мәселеде іргелі де салмақты қорытындылар жасауға мүмкіндіктер бере қойған жоқ. Сондықтан да рулық таңбалық тайпалардың шығуы туралы әр түрлі көзқарастар орын алды [3].

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Меңілбаев Ғ. Еуразия құрлығындағы ежелгі көшпелілердің таңбалары. Абай атын. ҚазҰПУ Хабаршысы, Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар сериясы. 2010. №4 (27).

2. Меңілбаев Ғ. Ежелгі түркі және қазақ руларының таңбалар тарихының сабақтастығы. Абай атын. ҚазҰПУ Хабаршысы, Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар сериясы. 2005. №2 (41).
3. Қартаева Т. Қатран Д. Музейлік электрондық сөздік. – Алматы, Қазақ университеті, 2016. 300 б.
4. Мектеп-тегі А. Ру Таңбалары – ұлы мәдениет таңбасы. Мәдениет 2009. № 4.
5. Мыңжасар Т. Шежірем сыр шертсе. – Тараз, 2015.
6. Қазақ Совет Энциклопедиясы, – Алматы, 1977. – Б. 549.
7. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: DPS. 2011. Б. 253.
8. Аманжолов А. К генезису тюркских рун // Вопросы языкознания. 1978. – №2.
9. Меңілбаев Ғ. Қазақтың «бай» ұғымы мен ру-тайпаларының тарихы. e-history.kz, 2014.
10. Нұрмагамбетова Г.Б. Таңба және ұлттық таным болмысы // ҚазҰУ Хабаршысы, Филология сериясы. – 2006. № 5.

ӘОЖ 94 (574). 02/.08

ЖЕТПІСБАЙ Н.Ы.
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық университеті

ЖОЛАМАН ТІЛЕНШІҰЛЫ БАСТАҒАН КӨТЕРІЛІС АЛДЫНДАҒЫ КІШІ ЖҮЗДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ ЖАҒДАЙ

Аңдатпа. Мақалада 1822 ж. басталған Жоламан Тіленшіұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістің алғышарттары мен түпкі себептері баяндалады. XIX ғ. алғашқы онжылдықтарында Батыс Қазақстанда қалыптасқан жағдайлар мен олардың пайда болу салдарлары сипатталады. Сол заманның сырт көрінісі, әлеуметтік-саяси дағдарыстар қысқаша аталып өтіледі. XIX ғ. алғашқы ширегі Отан тарихындағы маңызды кезеңдердің бірі болып табылды. Осы кезеңде үкімет тарапынан әбден әлсіретілген хандық билік таратылды, қазақ даласы отарлаудың жаңа сатысына өткізілді.

Түйін сөздер. ұлт-азаттық көтеріліс, Жоламан Тіленшіұлы, Арынғазы сұлтан, әлеуметтік-саяси дағдарыс, Батыс Қазақстан

ЖЕТПИСБАЙ Н.Ы.
Евразийский Национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ СИТУАЦИЯ В МЛАДШЕМ ЖУЗЕ НАКАНУНЕ ВОССТАНИЯ ЖОЛАМАНА ТЛЕНШИУЛЫ

Аннотация. В статье приводятся предпосылки и основные причины национально-освободительного восстания под руководством Жоламана Тленшиулы начавшегося в 1822 году. Описываются обстоятельства, сложившиеся в первых десятилетиях XIX в. в Западном Казахстане и причины их возникновения. Вкратце передается общая картина тех времен, социально-политический кризис. Первая четверть XIX в. является одной из важных периодов в истории Отечества. В данный период была ликвидирована ослабленная царской администрацией ханская власть, колонизация казахских степей перешла на следующую ступень колонизации.

Ключевые слова. национально-освободительное восстание, Жоламан Тленшиулы, султан Арынгазы, социально-политический кризис, Западный Казахстан.

ZHETPISBAY N.Y.
L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

SOCIO-POLITICAL SITUATION IN THE YOUNGER ZHUZ ON THE EVE OF THE UPRISING OF ZHOLAMAN TLENSHIULY

Abstract. The article describes the prerequisites and the main reasons for the national liberation uprising led by Zholaman Tlenshyuly, which began in 1822. The circumstances that developed in the first decades of the XIXth century in Western Kazakhstan and their causes are described. In short, the general picture of those times, social and political crises are shown. The first quarter of the XIXth century is one of the important periods in the history of the Fatherland. In this period, the khanate power weakened by the tsarist administration was cancelled, and the Kazakh steppes were involved in a new stage of colonization.

Keywords. national liberation rebellion, Zholaman Tlenshiuly, sultan Aryngazy, socio-political crisis, Western Kazakhstan.

Кіріспе

Тарихтағы кез келген оқиғалардың өз алғышарттары мен себептері болатындығы белгілі. Орын алған әрбір қоғамдық-саяси жайттардың немесе шағын оқиғалардың артында олардың шығуына түрткі болған себептердің тұратындығы анық. Жағдайлар шиеленіскен, ушыққан және шектен шыққан кездерде олардың салдары мен нәтижелері де асқын қысыммен тулаған толқындардай атқылап жарыққа шығатын. Қазақ даласында болып өткен ұлт-азаттық көтерілістер мен қарсылықтардың көпшілігі әртүрлі себептер салдарынан «бұрқ етіп», әр деңгейде тарихтағы өз орындары мен бағаларын алды. Олардың көпшілігінің сыртқы сипаттары, барысы мен нәтижелері ұқсас болып келеді.

1822 ж. Батыс Қазақстанда басталған Жоламан Тіленшіұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістің басталуы кеңестік дәуірде көп қолданылған «бұрқ етті» деген теңеуге келмейтін. Тікелей басталуына Елек өзенінің бойындағы қазақ жерлерінің тартып алынуы себеп болса да бұл күрестің түпкі тамырлары одан да тереңге кететін. Үзілістерімен ұзақ жылдарға созылған бұл науқанның алғышарттары XVIII ғ. аяғынан бері жалғасып келген Кіші жүздегі аса ірі әлеуметтік-саяси дағдарыстардан бастау алатын. Елек пен Жайық аралығының тартып алынуы мен Арынғазы сұлтанның елге қайтарылмауы сол әбден ушығып әрі асқынып тұрған жағдайдың үстіне от қойғандай ғана әсер етті. Мұндай жайттар болмағанның өзінде жергілікті қауымдардың әлсіз хан билігі мен жергілікті орыс-казак өкіметінің үстемдігіне, жалпы жаппай белең алған тәртіпсіздіктерге наразылықтары өршіп тұрған болатын. Осы жағдайларға қысқаша тоқталып өтсек.

XIX ғ. алғашқы онжылдықтарында Батыс Қазақстанда аса ауыр әлеуметтік-саяси жағдай қалыптасты. Рулар арасында өзара келіспеушіліктер мен барымталар көбейіп, нәтижесінде дау-дамайлар өрши түсті. Қазақтың батыс өңірлері әдетте қай кезде де тыныш аумақтар қатарына жатпайтын. Басқа аймақтарға қарағанда әртүрлі соғыстар мен шапқыншылықтардан көз ашпаған өңір халқы алдыңғы ғасырларда көршілес халықтармен үнемі соғысып келген еді. XIX ғасырдың басында, көрші халықтармен ірі жанжалдар әлдеқашан тоқтаған тұста өңірді мекендеген қазақ қауымдары бұрынғыдан да бетер қысымдарға душар болды. Отарлаушы әкімшілік пен оның қолшоқпарларына айналған хандар ел тыныштығына кепіл бола алған жоқ, керісінше оларға қарсы халықтың қарсылығы өрши түсті.

Мұндай жағдайдың қалыптасуына бірінші кезекте сыртқы факторлар да әсер етті, аталмыш дәуірде Ресей империясы қазақ даласына қатысты отарлау шараларын жалғастырып, ол жедел қарқынға ие болды. XVIII ғ. 30-40 жж. қазақтардан өз құрамына ену туралы сөз жүзінде ғана ант қабылдаған империя сол ғасырдың аяғы мен келесі ғасырдың басына қарай отарлауды жедел қарқынмен жүргізе бастады. Ресей патшалығы онсыз да саяси бытыраңқы Кіші жүздегі хандық басқаруға белсенді араласып, мықты билеушілерді билікке жібермеді, осы арқылы жоспарлы түрде хандық биліктің әлсіреуіне бейімделді. Әлсіз әрі жігерсіз қуыршақ хандардың билікке қойылуы Кіші жүзде аса ауқымды саяси дағдарыстарға әкеліп соқты. Үкімет бекіткен хандар әдетте ел ішінде ықпалсыз болып, толыққанды билік жүргізе алмады, нәтижесінде жергілікті билік барынша әлсіреп, құлдырауға ұшырады. Отарлық қысымның күшеюі мен орыс үкіметіне ғана арқа сүйеген әлсіз қуыршақ хандардың билігіне қазақ қауымдары арасында наразылық күшейді. Ел ішінде өзара алауыздықтар, барымталар мен қақтығыстар көбейді. Әкімшілік қолшоқпарларына айналған хандар ел тыныштығына кепіл бола алған жоқ. Осының салдарынан анархия сипаттары да көрініс беріп, үкіметтік хандардың әрекетсіздігінен ел ішінде жаппай тәртіпсіздіктер мен руаралық қақтығыстар белең алды.

Әсіресе, XIX ғ. алғашқы онжылдығында Кіші жүзді қартаюына байланысты ел басқаруға қауқарсыз болған Айшуақ пен оның үлкен ұлы Жантөре басқарған жылдар халық үшін қым-қиғаш оқиғаларға толы, аса ауыр, аласапыран заман болған. Күшті биліктің жоқтығынан, басқа да себептерден ел ішіндегі ауызбіршіліктің кеткендігі сондай, қақтығыстар салдарынан рулардың бірін-бірі қоныстарынан ығыстыруы көрініс берген. Талас-тартыстардан, жұттардан ел іші үлкен күйзелістерге ұшырап, жаппай дағдарыс кезінде аштық пен күйзелуден қашқан көптеген қазақ отбасылары башқұрт жеріне өте бастаған. Бұдан да сорақысы, алауыздық пен аштықтан жұтаған талай қазақтар шекараға келіп өз балаларын шеп тұрғындарына сатуға мәжбүр болған, талай адамдар өз еріктерімен ресейліктерге жалданған. Көптеген ер-азаматтарөзеріктеріменхристиандінінқабылдап, казакқатарынаөтугениетбілдірген. Басқадінгеөтушілерарасында әйелдер де аз болмаған.

Халықтың наразылығынан қауіптенген хандар орыс шекара әкімшілігіне ғана арқа сүйеген. Осыны пайдаланған шеп бойындағы казак әскерлері өз еріктерімен шекараға жақын қазақ ауылдарына әртүрлі зорлық-зомбылық жасаған, олардың малдарын Жайықтан өткізбеген, орынсыз ауыр алым-салықтар салып, елді одан бетер ашындырған. Ашу-ызаға булыққан әрі басқарудан кеткен халық жаппай анархияға бой алдырған, дала төсінде жекелеген батырлардың басқаруымен көптеген қарулы топтар жортып жүрген. Олар тек өз қандастарын ғана емес, Ресейге бет алған немесе одан шыққан сауда керуендерін де шабумен айналысқан. Нәтижесінде Хиуа мен Бұқарадан Орынборға және керісінше аталған хандықтарға шығарылған талай керуендер тоналып, Ресей мен ортаазиялық мемлекеттер арасындағы сауда-саттық та үлкен тоқырауға ұшыраған.

Кіші жүзде болып жатқан жағдайлар мен қазақтардың сауда керуендерін тонап жатқандығына император I Александр да назар аударған. Бір атап өтерлігі, император жаппай дүрбелеңнің себебін «бұл халықтың тонаушылыққа бейімділігінен» ғана емес, «өз жеке мүдделері мен марапаттарға ие болу үшін қазақтарға ешқандай себепсіз өз әскерімен тиісетін» шекара басшылығынан да кінә бар деп табады. Өзінің Орынбор губернаторы князь Волконскийге 1803 ж. 16 қыркүйекте берген айрықша инструкциясында ол даланың сауатсыз халықтарымен қарым-қатынаста «әділдіктің, мейірбандылық және қарапайымдылықтың» үлкен әсер ететінін атап, оларға қарсы әскери күш қолдануға қатаң тыйым салған [1, с. 239; 2, с. 20].

Кіші жүз ханы жанында 1795 ж. Хан кеңесі құрылған болатын. 1806 ж. 31 мамырында император осы кеңестің штаты мен ережесін бекітіп, қазақ дау-дамайларының бүкілхалықтық қаралуы міндетті түрде

әрбір көктем сайын Қобда өзенінің бойында өтуі тиіс деп белгілегенімен, ел ішіндегі қақтығыстарды тыюға тиіс болған бұл құрылтайлар да толық өткізілмеген. 1807-1809 жж. аралығында құрылтайлар үш рет шақырылғанымен, үшеуінде де өткізілмей қалған. Мұның себебі, бір жиынға Жетіру өкілдері келмесе, басқаларында жер қашықтығын желеу еткен Әлімұлы билері немесе Байұлы одағы да келмей қалып отырған. Осы бірлестіктер арасында билеушілерінен жұққан өзара дұшпандық әсері де бар болатын. Әсіресе, Жетіру мен Әлімұлы, Байұлы рулары арасында шешілмеген даулар өте көп болған, олар шешілу орнына одан сайын ушықтырыла берген. Мұның себебі, саяси жағынан да Кіші жүз рулары өте бытыраңқы еді, кезінде Айшуақты жақтаған жетірулықтар әлі де Жантөрені қолдаса, Байұлы рулары даладағы мықты сұлтандардың бірі Қаратай Нұралыұлын жақтаған, Әлімұлының кей тармақтары Қайыптың ұлы Әбілғазыны хан сайлаған. Жекелеген рулардың мықты билері мен батырлары ешқандай да билікті мойындамай еркін өмір сүрген. Рулық бірлестіктер арасындағы қарым-қатынас салдарынан шепке жақын орналасқан жетірулықтар Орынборға бет алған басқа рулардың керуендеріне шабуыл жасап отырған. Осыған байланысты сауда керуендері бұл жолмен жүруден бас тартып, нәтижесінде Орынбордағы айырбас сауда тоқырауға ұшыраған.

Кіші жүз бен оған шектес Орта жүздің Тобыл мен Торғай аумақтарындағы әлеуметтік-саяси жағдайларды реттеумен 1799 жылы құрылған Орынбор Шекара комиссиясы айналысты. Оған қазақтар арасынан беделді деген екі адам заседатель (қатысушы) ретінде қатысатын. Кіші жүзде 1787 ж. құрылған расправалар 1804 ж. жойылған болатын.

Кіші жүзде орын алған жаппай анархияның шешуші нәтижелерінің бірі 1809 ж. қараша айының басында орын алып, хандық билік үшін күрескен Қаратай сұлтанның өз туысы Жантөре ханды өлтіргені белгілі. Осыдан соң хан болудан үміттенген ол үкімет бекіткен ханды өлтірсе де орыс үкіметіне антынан айнымағанын жазған болатын. Алайда, Ресей үкіметі Қаратайды хандыққа жібермейді, ол керісінше үкімет пен маркұм ханның туыстарының жазалау шараларынан қауіптеніп Хиуаға бірнеше жылға кетуге мәжбүр болған.

Жантөре өлген соң Кіші жүзде бірнеше жыл хан сайланбай, билік Хан кеңесіне тапсырылады. Бұл кеңес құрылғаннан бері далада мардымды билік жүргізе алмаған еді. Сол себепті губернатор Волконский 1812 ж. Айшуақтың екінші ұлы Шерғазыны хандыққа ұсынуға мәжбүр болады. Патша үкіметі әдеттегідей ел басқаруға қабілеті шамалы осы сұлтанды хан ретінде бекітеді.

Шерғазы хан да өз алдындағы билеушілер сияқты ел ішіндегі дау-дамайларды, барымталарды тоқтата алмайды. Қайта оралған Қаратайдың жақтастары мен көптеген ру бөлімдері оның билігін мойындамайды. Шерғазы кейіннен керісінше орыс үкіметіне арқа сүйеп өзіне қарсы ауыл-аймақтарға қиянат жасай бастайды, ел арасында өршіп тұрған жағдайды одан әрі ушықтырады. Архив құжаттарында ел ішінде болған бірнеше барымталар мен шапқыншылықтар туралы деректер кездеседі. Табын-Тама рулары Шөмекей руынан, башқұрттардың 9-кантонынан аса ірі мөлшерлерде жылқылар әкеткен. Шерғазы ханның оларды қайтартуға шамасы келмейді. Бұлардан бөлек, Қаратай мен оны қолдаған ауыл-аймақтарға қарсы үкімет әскері де шығарылған болатын, бұл оқиғаларға тоқталуды жөн көрмедік. Ол оқиғалар жергілікті өңір тарихы жайындағы еңбекте сипатталады.

Ұзақ жылдарға созылған дүрбелеңнен халық әбден қажиды, толассыз барымталар мен шапқыншылықтардан қатты күйзеледі. Сол жылдар ішінде қақтығыстар салдарынан кісі өлімдері де өте көп болады. Мұның барлығы ескі даулармен қатар жаңа жанжалдардың шығуына әкеп соғатын. Үкімет қойған хандардан күдер үзген әрі бейбіт өмірді аңсаған ел-жұрт өздерін ауызбіршілікке шақырар әділ билеушіге мұқтаж болады. Осы кезде, шамамен 1815-1816 жж. бастап бүкіл Кіші жүз өңіріне әділдігімен аты шыққан Әбілғазыұлы Арынғазы сұлтанның атағы дүрілдей бастайды.

Арынғазы Әбілғазыұлы (1783-1833) XIX ғ. 20-жылдары қазақ хандықтарының жойылуы қарсаңында қайраткерлік еткен ең мықты билеушілердің бірі болып табылды. Өзінің саяси қызметін Хиуаның езгісіне қарсы күрестен бастаған ол бытыраңқылықты жою үшін қазақ даласында тәртіп орнатуға кіріскен еді. Хиуа жақта берік мұсылман дәстүрінде тәрбиленген және шариғаттың жақтаушысы болған сұлтан даладағы анархияны тоқтатып, бір орталықтан басқарылатын біртұтас мемлекет құруға талпыныс жасайды. Сол жылдары Сыр бойына көп қысым көрсеткен Хиуаға қарсы күресуді ойлаған ол, бұл мақсатта Ресейдің араласуынсыз бытыраңқы қазақ руларымен оң нәтижеге жете алмайтынын түсінеді. Осы орайда Орынбор басшылығымен жақындаса отырып, өз кезегінде далада да тәртіп орнатуға кіріседі. Атап айтқанда, ғасырлар бойы ханмен бірге ел билеуге араласып келген билердің билігін шектейді. Қазақтың бұрыннан қолданып келген әдеттік ережелерінің орнына шариғат заңдарын енгізіп, соттарды билер сотының орнына қазы-молдалар жүргізетін болады. Қол астындағы халқына зекет, үшір сияқты салықтар салады. Сұлтан бірқатар реформаларын іске асырады, соның ішінде ел арасындағы іріткі салушылармен, әсіресе барымташылармен күресіп, оларға қарсы аяусыз өлім жазасына дейін қолданады. Бұрын мұндай жаза билер кеңесінің үкімінсіз қолданылмайтын. Ел басқару, сот істеріне де біраз өзгерістер енгізеді, халықты өз

соңынан ерте біледі. Нәтижесінде, ел ішінде тыныштық пен тәртіп орнап, Арынғазының атақ-даңқы бүкіл Кіші жүз бен Орта жүзге де тарайды. Сұлтанның ел басқаруына риза болған халық бірауыздан оның хан болуын тілейді. Оның беделімен оған дейін Кіші жүзде бетіне ешкім қарсы келіп көрмеген Қаратайдың да санасуына тура келеді.

XIX ғ. алғашқы онжылдықтарында аса күрделі болған Батыс Қазақстандағы әлеуметтік-саяси жағдайды қысқаша шолуда біз тақырыпқа сай еместіктен Арынғазы мен Қаратайдың бірігіп Шерғазымен жүргізген келіссөздеріне, басқа да ірі оқиғаларға тоқталмаймыз. Тек Арынғазының еңбегі арқасында қазақ даласында тыныштық орнап қана қоймай, тоқтап қалған сауда-саттықтың да қайта жанданғанын, бұдан Ресей тарапы да үлкен пайда көргенін атап кетуге болады. Арынғазының керуендерді қорғауды өз мойнына алғанын естіген Хиуа мен Бұқара саудагерлері 1818 ж. өзінде ғана Орынборға тауар тиелген 7600-ге жуық түйе әкелген. 1816 ж. Орынбор айырбас үйінде қазақтардан 15 мыңдай қой сатып алынса, 1817 ж. 30 мыңнан астам қой алынған, ал 1818 ж. бұл көрсеткіш 75 мыңға жеткен. Осы себепті халық тілегіне сай әрі беделін есепке ала отырып Орынбор губернаторы Эссен Арынғазыны Шерғазының орнына хан қоюды да ойлай бастайды. Сол кезеңнен бастап Кіші жүздің үш одағының сұлтандары, билері мен батырлары Арынғазыны Шерғазының орнына хан сайлау жөнінде өз өтініштерін үкімет орындарына қарша боратады. Мұндай хаттарға бұрын сөз жүзінде болса да Шерғазы жағында саналған Жетіру өкілдері де қосылады. 1819 ж. шілде айының соңында Орынборға айырбас саудасына келген Кіші жүздің игі жақсылары, барлығы 400-ге жуық адам губернатор Эссенге тағы да Арынғазыны хандыққа бекіту туралы өтініш-петиция тапсырады. Өтінішке Жоламан мен Шекара Комиссиясына қазақтардан қатысушы би Тілеулі Бәйтерекұлы бастаған Жетіру өкілдері де жеке тізіммен қосылады.

Халықтың тілегі бойынша Эссен Шерғазының орнына Арынғазыны бекіту туралы император I Александрға рапорт жолдайды. Алайда, патша үкіметі оны хан сайлауға асыға қоймайды. Билік тарапынан Арынғазы Петербургке шақыртылады. 1821 ж. ол Ресей астанасына аттанады. Сыртқы Істер министрлігінің чиновниктері Негри мен барон Мейендорф патша сарайына оны ордада тәртіп орнатқан мықты билеуші ретінде таныстырғанымен ондағылар сұлтанның қазақ даласындағы асқан беделінен қауіптенген тәрізді.

Ресей билігіне Арынғазының Хиуамен дұшпандығы ұнамайды. 1820 ж. Бұхараға Негри бастаған елшілік жіберілгенде Арынғазы оны ертіп жүруге тілек білдірген болатын. Осы елшіліктің әскери күшін өз мақсатына пайдаланып ол хиуалықтардан кек алған болатын, бірақ оның бұл әрекетін ортаазиялық хандықтармен байланыс жасауға ұмтылған патша үкіметі құптамаған еді. Сондықтан да олармен қарым-қатынасты бұзбау үшін деген ресми желеумен Арынғазының ордаға қайтуы қауіпті деп табылып Петербургте қалдырылады. Сұлтанның қайта оралмауына байланысты қазақ даласында қайтадан тәртіпсіздіктер орын алады. Осының бәріне Арынғазыны кінәлі деп тапқан император 1823 ж. оны Калуга қаласына жер аударуға шешім шығарады. Оның қолдаушысы болған Орынбор губернаторы П. Эссен сұлтанды босату туралы бірнеше рет ұсыныс жасаса да, әртүрлі сылтаулармен оны босату кейінге қалдырылады.

Арынғазының елге жіберілмеуінің басқа да себептері болғаны сөзсіз. Ресей үкіметінің оны тек Хиуа хандығымен қарым-қатынастарын бұзбас үшін ғана алып қалмағаны белгілі. Патшалық империя Арынғазының қазақ даласындағы асқан беделінен қауіптенді, бұл күмән туғызбайды. Ол саяси жағынан бытырап жүрген қазақ қауымдарын бір күшке біріктіре алатын. Ондай адам орталық билікке қажет болған жоқ, оларды керісінше бұрынғыдай қуыршақ билеушілер толық қанағаттандыратын. Өзара қырқыстар мен талас-тартыстарда жатқан қауымдар жоғарғы үкіметке үнемі тәуелді бола түсетін. Отарлаушы билік мұны жақсы білді.

Патша үкіметі қаншалықты құпия ұстауға тырысқанымен Арынғазының шынайы ұсталуы туралы кейбір құжаттар да ұшырасып қалады. Мысалы, император I Александрдың губернатор Эссен атына 1821 жылы 7 желтоқсанда берген арнайы жарлығы бойынша 1800 ж. бастап ұзақ жылдар Орынбор Шекара комиссиясында қазақтардан заседатель болып келген би, коллегиялық ассесор Байазық Күшікбайұлы өзінің қатысуымен өткізілген мәжілісте шұғыл түрде орнынан алынады. Ол барлық қызметтерден мәңгіге аласталып, қазақ даласына қайтуы да қауіпті деп табылып, қатаң бақылаумен Орынборда не орыс шебінде өмір бойына қалдырылуға шешім қабылданады. Бұл оның орыс қызметінде болса да Арынғазы сұлтанды жақтауы және Шерғазы ханға ашық қарсылық танытуы себептерінен орын алған. Императордың осы жарлығы Шерғазы ханның ордадағы «салмағы мен күшін қолдап отыру» жөніндегі баптардан басталған [3, 435-438 пп.]. 1822 ж. күзінде Комиссия Байазық Күшікбайұлын Арынғазы сұлтанның ауылына, оның жұбайына сұлтанның келе жатқандығы туралы хабаршылар жіберді деп айыптап, үстінен іс қозғайды [4, 150-п.]. Сонымен бірге Арынғазының елдегі жұбайы Жақсы ханымның Орынборда бақылаудағы Байазықпен және көтеріліс сардарлары Жаналы, Бүркітбай батырлармен астыртын хат алысып жүргені де белгілі болады. Аталған Байазық би 1810-1815 жж. аралығында Жантөре ханның өліміне қатысты ретінде де айыпталып, тергеуде болған болатын. 1811 ж. оны Иркутск губерниясына жер аудару туралы да шешім

шығарылған. 1812-1815 жж. осы іс бойынша ол Санкт-Петербургте болған. Бірақ ақталып, соңғы айыптауға дейін Шекара комиссиясында қызметін жалғастырған. 1822 ж. желтоқсанның соңында губернатор Байазық бидің жүріс-тұрысы мен байланыстарын қатаң қадағалау туралы Комиссияға, қалалық полицмейстерге құпия жарлық берген [5, 18-19 пп.]. Байазық Табын руының Әшібек бөлімінен өрбіген; Хан кеңесі мүшелерінің бірі болған белгілі батыр және би Күшікбай Қарақұлұлының баласы болып табылған. Оның шұғыл түрде орнынан алынуы, Ресей билігінің дәлелді не дәлелсіз болсын, Арынғазы сұлтанның ел ішіндегі жақтастарының болуынан қатты қауіптенгенін көрсетеді. Жарлықтың арнайы император тарапынан шығарылуы осыны растай түседі.

Кейіннен, 1826 ж. Ресей Сыртқы Істер министрі граф К.В. Нессельроде губернатор Эссенге жолдаған қатынасында Арынғазының елге қайтарылуы мәселесінде: *«...Арунгазы смел, властолюбив и щедр; а потому может быть успеет, вселяя любовь к себе или вверяя страх, соделаться единственным властелином в Орде, и тогда не он будет следовать нашим направлениям; но мы должны будем стараться удовлетворять его требованиям...»*, – деп жазады [6, 117-п.]. Ресей үкіметі Арынғазыны Хиуа хандығына қатысты қарым-қатынастарды нақты шешіп алған жағдайда ғана пайдалануды көздеген. Бұл жөнінде де деректерде қылаң береді.

Әділін айту қажет, Арынғазыны тікелей білген көптеген орыс чиновниктері, Макшеев, Мейер сияқты көптеген белгілі әскери зерттеушілер оны сол кезеңде ел ішінде адалдығымен әрі әділдігімен ерекшеленген жалғыз дерлік билеуші болғанын бірауыздан атап, оның үкіметтің шешімімен ел билеуге жіберілмей пайдасыз кеткеніне шын жүректен өкініштерін білдірген болатын. Біз үшін елдің өз қалаған адамдарын өздері сайлау құқынан айырылғаны өкінішті. Мысалы, 1822 ж. шілде айының соңында Кіші жүздің көптеген билері мен старшындары, барлығы 180 адам, аталған Сыртқы Істер министрі Нессельродеге хат жазып, онда Арынғазының алты жыл бойы аянбай тер төгіп, сахарада әділдік пен тыныштық орнатқанын, енді ол болмаған бір жылда ел іші қайтадан бүлінгенін атаған. Бұл хатта билер өз сүйікті сұлтандарының кінәсіздігі «күннен де ақ» деп көрсеткен болатын. Ресей Бас штабының офицері Л. Мейер Арынғазы туралы: *«...единственный, истинный патриот из числа киргизских султанов. Он был в высшей степени честный человек...»*, – деп жазды [7, с. 40].

Империя құрамындағы халықтың өз шептеріне шабуыл жасамай татулықта болуына үкімет орындары өте мүдделі еді. Дегенмен, олар елді біріктіруге қабілетті тұлғаның билікке жіберілуін қауіпті деп тапты, өзара қырқысып жатқан елді отарлап алу жеңілге түсетін. Алайда, үкімет орындары бұл тұрғыдан қателескен еді, оларды алда үлкен қарсылық күтіп тұрды. Шерғазы ханның билігін қолдан күшейту әрекеттері еш нәтиже бермеді, керісінше оның беделі көпшілік қауымдар алдында жоққа тән еді. Шерғазының ордасы орыс шебінің іргесінде орналасып, тек сол орыс билігінің күшімен ғана билеуші атын сақтап тұра алды. Мұның үстіне ол өзінің кейбір адамдары арқылы ел ішінде бірқатар шапқыншылықтар жасатып та отырды.

Осылайша, аталған кезеңде ел басқаруға бірден-бір қабілетті халық қалауынан шыққан адамның билікке жіберілмеуі, тіпті оның елге қайтарылмауы Кіші жүз халқының заңды наразылығын туғызды, Жоламан Тіленшіұлы бастаған көтерілістің де негізгі себептерінің бірі осы болып табылды. Жоламан мен оның жақтастары Арынғазыны елге қайтаруды талап ету арқылы қазақ даласындағы тұрақтылық пен бейбіт өмір үшін, қазақ халқының ауызбіршілігі үшін күресті. Қалаған әміршілері жіберілмегеніне наразылықтар өршіп тұрған кезде патша үкіметі шеп бойындағы қазақ жерлерін ашықтан-ашық тартып ала бастаған болатын. Осындай әділетсіз шараларға шыдамаған халық өз заңды билеушілері мен өз жерлерін алып қойған үкіметке қарсы соғысқа даярланды. Бұл азаттық үшін, елдік пен біртұтастық үшін болған соғыс еді.

Қорыта келгенде, XIX ғ. алғашқы ширегіндегі оқиғалардан патша үкіметінің араласуымен Кіші жүздегі хандық биліктің дағдарысқа ұшырағаны айқын байқалды. Батыл билеушіден гөрі, сырттан басқаруға оңай қуыршақ хандардың болуын қалаған Ресей әкімшілігінің де шынайы ниеті аңғарылды. Аталған ғасырдың алғашқы 20-25 жылындағы оқиғалар тарихтағы маңызды кезеңдердің бірінен саналады, сипатталған тартыстар Кіші жүздегі хандық биліктің жойылуына алып келді. Бұл әрине отарлаушы үкіметтің алдын-ала ойластырылған кезекті маңызды қадамы болатын.

ДЕРЕКТЕР МЕН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Добросмыслов А.И. Тургайская область. Исторический очерк. – Тверь: Типо-литография Н.М. Родионова, 1902. – 524 с.
2. Рязанов А.Ф. Сорок лет борьбы за национальную независимость Казакского народа (1797-1838). – Кзыл-Орда: Изд. общества изучения Казакстана, 1926. – 298 с.
3. ҚР ОМА. 4-қор. 1-т., 18-іс.
4. ҚР ОМА. 4-қор. 1-т., 19-іс.
5. ҚР ОМА, 4-қор. 1-т., 259-іс.
6. РМТА. 1291-қор. 81-т., 92а-іс // ҚР ОМА. 2300-қор, 13-т., 13-іс.

7. Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами генерального штаба. Часть I. Киргизская степь Оренбургского ведомства. Сост. Л. Мейер. – СПб.: 1865. – 464 с.

Жұматаева Айдана Нышанғалиқызы
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Қазақстан, Алматы қ.

АБАЙ ЛИРИКАЛАРЫНДАҒЫ АҚЫН ТҰЛҒАСЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ әдебиетінің алып бәйтерегі Абай Құнанбайұлы дискурсындағы ақындық «меннің» көріну сипаттары сөз болады. Ойшыл ақынның өз жайынан сыр шертер лирикалық өлеңдері идеялық тұрғыдан талданып, автор тұлғасының сан қырлы болмысы ашылады. Сонымен қатар Абай өлеңдеріндегі «жұмбақ адам» поэтикалық тіркесі мен жалғыздық феноменіне назар аударылып, ақын шығармашылығындағы философиялық дүниетаным, авторлық эмоция мәселелері қарастырылады. Сондай-ақ ақын өмір сүрген заман тынысы мен дәуір шындығы, сол тұстағы тарихи-әлеуметтік жағдайдың хакім Абай шығармашылығына тигізген ықпалы сөз болады. Автор аталған мақалада данышпан Абайдың авторлық тұлғасы барынша айқын көрінетін бірнеше лирикалық өлеңдерін идеялық, теориялық тұрғыда талдай отырып, Абайдың ақындық кредосының мәніне үңіледі.

Түйін сөздер. лирика, дискурс, ақындық «мен», монодиалог, жалғыздық, эстетика, «жұмбақ адам».

Жуматаева Айдана Нышангалиевна
Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, Казахстан, г. Алматы

ОБРАЗ ПОЭТА В ЛИРИКЕ АБАЯ

Аннотация. В данной статье расмотрено духовно-психологический автопортрет поэта-мыслителя казахской литературы Абая Кунанбаева. А также с идеологической точке зрения была раскрыта и философское мировоззрение поэта. В ходе исследования выявлено многогранный личность и определен авторский «я» поэта, кроме того проанализирована его поэтическая фраза «таинственный человек» и явление одиночества. Также в статье рассматриваются влияние историко-социальная ситуация и реальности эпохи на творчество Абая. В этой статье автор анализирует идейно-теоретической точки зрения несколько лирических стихов поэта и сосредоточить внимание на поэтическое кредо Абая.

Ключевые слова. лирика, дискурс, поэтический «я», монодиалог, одиночество, эстетика, «таинственный человек».

Zhumatayeva Aidana Nishangalikyzyz
The Institute of Literature and Art named after M.O. Auezov, Kazakhstan, Almaty

THE IMAGE OF THE POET IN ABAI'S LYRICS

Abstract. In this article, a spiritual-psychological self-portrait of the poet-thinker of Kazakh literature Abai Kunanbayev is examined. And also from the ideological point of view, the philosophical outlook of the poet was also revealed. During the research, a multi-faceted personality was revealed and the author's «I» of the poet was determined, in addition his poetic phrase «mysterious person» and the phenomenon of loneliness were analyzed. The article also examines the influence of the historical and social situation and the reality of the era on Abay's work. In this article the author analyzes the ideological and theoretical point of view of several lyrical poems of the poet and focus on the poetic credo of Abai.

Key words. lyrics, discourse, poetic «I», mono-dialogue, loneliness, aesthetics, «mysterious person».

Кіріспе

Қазақтың кемеңгер ұлы Абай Құнанбайұлының шығармалары мен философиялық ойлары, гуманистік көзқарастары қазақ әдебиетіне тың серпін, жаңа бағыт әкелуімен қатар, ұлттық сананың қалыптасуына айрықша ықпал етті. Абайдың авторлық «мен» тұрғысынан жазылған лирикалық туындыларынан ақынның жеке басының мүддесі емес, туған халқының басына түскен ауыртпалыққа қабырғасы қайыса отырып, рухани дем беруші қайраткер ретіндегі тұлғалық болмысы танылады.

Ғұлама ғалым Мұхтар Әуезов айтқандай, «аз өмір сүріп, азапта өткен Абай» лирикасының тақырыптық-идеялық мазмұны сан салалы өмір құбылыстарын арқау еткен. Абайдың саяси, философиялық, табиғат, махаббат лирикаларынан өзге, ақынның шығармашылық дискурсында «автор тұлғасы» да әр алуан сипатта көрінеді. Ойшыл ақын өзінің лирикалық туындыларында туған халқының болашағын ойлап қамығады, өз-өзімен іштей сырласа отырып, мұңлы шерін тарқатады, өзі ғұмыр кешкен заманының, сол дәуірдің адамының қатыгездігіне жүрегі сыздап, жаны ауырады. Абай лирикасындағы әрбір көркемдік

деталь мен әрбір ырғақ, интонация ақын жан дүниесінің нәзіктігін, ой-сезімінің тереңдігін байқатады. Сонымен қатар Абай өмір сүрген дәуір қазақ тарихындағы елеулі өзгерістерге толы айрықша кезең саналады. Бұл тұста яғни XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақ елі Ресей құрамына толықтай кіріп, соның нәтижесінде елдің рухани-мәдени өмірінде, ел басқару, оқу-ағарту жұмыстарында біршама жаңалықтар орын алғанын тарихи деректер растайды. Ел өміріндегі мұндай әр түрлі сипаттағы өзгерістер қазақтың классик ақыны, ұлы ойшыл Абай шығармаларынан тыс қалған емес. Абай қазақ қоғамында орын алған сан қилы жағымды-жағымсыз жайттарға қатысты көзқарастарын өміршең туындылары арқылы жеткізіп отырады. Әсіресе Абайдың ақындық «мені» айрықша көрінетін лирикалық өлеңдерінде заман шындығы, өзі өмір сүрген әлеуметтік ортаның, қоғамның келбеті жоғары ақындық талғаммен жырланады.

Жалпы Абай лирикаларында ақындық «мен» айрықша орын алады. Абай қайшылыққа толы заманының көрінісін суреттеуде өзінің надандарға қор, айналасына қадірсіз болған, жұртшылықтан тек «етекбастылықты» көріп, «мыңмен жалғыз алысып» қостаушысыз қалған, ұлтының мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған, елінің болашағынан үміт етіп, жарқын келешекке қол созған сан қырлы, өр мінезді ақындық тұлғасын сомдайды. Мәселен, ақын өзінің «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?» өлеңінде:

Жүрегіңнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!

Жасымда албырт өстім, ойдан жырақ,
Айлаға, ашуға да жақтым шырақ.
Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым,
Етекбасты көп көрдім елден бірақ, [1, 70-б.] –

деп, сол кезеңдегі қоғам мен адамдар арасындағы қарым-қатынастың сырын ашады. Өлеңде лирикалық кейіпкер ішкі әлемінің жалғыздығын аңғартады. Өзгелерден оқ бойы озық тұрған тұлғалық-интеллектуалдық деңгейінің биіктігі ақынды айналасынан еріксіз оқшаулап бөлектейді. Абай өмір сүрген дәуірдегі ескі мен жаңаның арпалысы, бай мен кедейдің күресі ақын мен сол тұстағы қоғамның аражігінің алшақтауына себеп болады. Ақын дискурсындағы жалғыздық феноменіне философиялық өлшеммен қарайтын болсақ, Абай өзінің мәдени жалғыздығын сезінеді. Яғни ақынның өмірге деген көзқарасы мен құндылықтары, идеал-түсініктері сол кезеңдегі өз айналасындағы адамдармен «тіл табыса алмауына» итермелейді. Лирикалық туындыдан аңғаратынымыз, дана Абай «мыңмен жалғыз алысқан» жалғыздық сезіміне сол тұстағы қоғамның, яғни социумның ықпалымен еріксіз түседі. Абай өзін айналасынан, әлеуметтік ортадан биік қоймағанымен, ақынның рухани ой-санасының кемелденуі, ақын рухының еркіндігі Абайды интеллектуалдық оқшауланауға мәжбүр етті деуге болады. Демек, Абай лирикасындағы жалғыздық сарынын ақынның айналасынан қолдау таппай, жалғыз қалуы дегеннен гөрі Абайдың ұлылығы, өз ортасынан асып туған даралығы деу орынды болары анық. Ақын аталған өлеңінде өзі жайлы «жұмбақ адам» поэтикалық тіркесін саналы түрде қолданады. Өйткені Абайдың өзіндік аскетизмі ақын дүниетанымының соншалықты тереңдігін, болмысының өзгеге ұқсамайтын ерекшелігін танытады. Абай осы өлеңінің келесі шумағында:

Ішім толған у мен өрт, сыртым дүрдей,
Мен келмеске кетермін түк өндірмей.
Өлең шіркін – өсекші, жұртқа жаяр,
Сырымды тоқтатайын айта бермей, [1, 71-б.] –

деп ақындық толғанысы арқылы өзіне тоқтау салады. Ақын өлеңнің бастапқы шумақтарындағыдай психологиялық күрделі көңіл-күймен күңіренбейді, керісінше өлеңіне жеңіл, ойнақы наз артып, болашақта халыққа өзінің жан сырын жеткізуші, автор мен адресат арасындағы диалог қызметін жүктейді.

Абай лирикаларындағы ақын бейнесі автор мен қоғам арасындағы бітіспес қарама-қарсылықтың куәсі ретінде көрінеді. «Лирикатануда поэтикалық баяндаудың тәсілдеріне байланысты қалыптасып қалған түрлі пікірлер бар. Соның бірі, лирикалық шығарма автор тарапынан баяндалады, лирика көп жағдайда монологты, жеке тұлғаның өз ішкі әлеміндегі ой-тұжырымдарын, сезім-толғаныстарын бейнелеп, сыртқа шығаруы деген сынды көзқарас» [2, 132-б.], – деп ғалым Н.Кенжеғараев лирикалық шығармалардың негізгі жанрлық, стильдік спецификациясын дұрыс атап көрсетеді.

Дегенмен Абайдың авторлық «мені» басым лирикалық өлеңдерін тек ақынның қоғаммен қақтығысынан туындаған оның ішкі монологы деу әділетті ме? Абай жалғыздықтан жабырқаған жанына

жұбаныш іздеп, сол үшін ғана өлеңді серік етті ме? Әлбетте, жоқ. Абай өз өмірінде дұшпандарынан көп қиянат көріп, азапқа түссе де, ұлтының алдыңғы қатарлы прогрессивті елдердің қатарына қосылуын армандады, туған халқының болашағы үшін «қайғырды, қайғы ойлады». Демек, жоғарыда келтірілген ақынның «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?» өлеңінің бастапқы жолдарын еске алсақ, Абайдың лирикалық «мені» монологтан гөрі монодиалогтық сипатқа ие. Әдебиет теориясында монолог пен диалог категорияларын зерттеген ғалымдар монолог пән сөзінің жеке адамның ішкі толғанысын білдіретінін және арнайы тұлғаға бағытталмайтын, ешкімнен жауап күтпейтін әдеби ұғым екені жайлы бірауыздан тұжырым жасаған. Олай болса Абайдың болашақ оқырманымен, қиялындағы рецепторымен сырласқан аталмыш өлеңі ақын жан дүниесінің тебіренісін ақтарып салған ішкі монологы ғана емес, келешек ұрпақпен сыр алысып, сұхбаттасуы.

Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?
Өткір тіл бір ұялшақ қыз болмай ма?
Махаббат, ғадауат пен майдандасқан,
Қайран менің жүрегім мұз болмай ма?

Амалсыз тағдыр бір күн кез болмай ма?
Біреуге жай, біреуге тез болмай ма?
Асау жүрек аяғын шалыс басқан
Жерін тауып артқыға сөз болмай ма? [1, 70-б.] –

деп кемеңгер ақын оқушысына риторикалық сауал жолдай отырып, өзіндік мұңын жеткізеді. Ақынның өз-өзімен іштей арпалысқан «көп дауысты» монологы мен диалогтық реплика түрінде келетін өлеңдегі коммуникация Абайдың бүкіл ғұмырын суреттейтін аталмыш лирикалық туындысының монодиалогқа құрылғанын көрсетеді. «Лирикада мінез болады. Ол – ақынның мінезі. Өлеңім өзіме тарт дегендей әр өлең тек иесіне ғана тартады», [3, 318-б.] – деп академик З.Қабдолов айтқандай, Абайдың лирикалық қаһарманы ақын болмысының даралығын танытады. Өйткені Абай өз өлеңдері арқылы жан дүниесінің, рухының еркіндігін, сол өзі қабылдаған еркіндіктің заңына сәйкес өмір сүруін бүкіл қоғамның естуін қалады. Ұлы ақын айналасындағы ақылсыздықтан, көрсеқызар-көреалмаушылықтан, бос мақтан-бойкүйездіктен, екіжүзділік пен жалқаулықтан түңіліп, ah ұрған күрсінісі мен жүрек қайғысын өлеңмен өрнектеді. Әсіресе ақын өзінің төмендегі өлеңінде:

Ішім өлген, сыртым сау,
Көрінгенге деймін-ау:
Бүгінгі дос – ертең жау,
Мен не қылдым, япырмау?! [1, 25-б.], –

деп екіжүзді аярлардан көңілі қалып, налыған шақтағы драмаға толы психологиялық халін жеткізеді. Ақын аталған өлеңінде мінез-құлқы ауа-райындай құбылып тұратын адамдардың іс-әрекетін сынайды. Бүгін ғана дос тұтып, жанында жүрген кісінің лезде қас дұшпанына айналып шыға келгеніне таңырқайды, адамдардың сұрқия мінезіне жүрегі сыздап жабырқайды. «Берерменде бесеу, алармында алтау» болатын, кісіге ісі түскенде мүләйімсіп, мүсәпір бола қалып, жайшылықта өзендей күркіреп дес бермейтін пенделердің қылығын әшкерелейді. Абайдың аталған өлеңінде ақынның тұлғасы айналасындағылардың қулық-сұмдық, сатқындығынан жапа шегуші, зардап шегуші бейнеде көрінеді.

Қайтып келер есікті
Қатты серіппе, жарқын-ау!
Жетілсең де, жетсең де,
Керек күні бір бар-ау. [1, 26-б.]

Осылайша ақын мұндай жылпос, әккі адамдарға күндердің күнінде қайта айналып соғар күн туатынын, «қайтып кірер есікті қатты жабуға болмайтынын» да ескертеді. Абай азған елінің көкірек көзін ашып, берекесін келтіруді, халқының саналы, зайырлы ұлт болып қалыптасуына атсалысуды өзінің азаматтық кредосы, перзенттік борышы деп біледі. Сондықтан да данышпан Абай еліне қарата айтқан кейбір ашынған сөздерін туған халқын кеміткенінен, орыс немесе басқа да ақын өзі жете таныған шығыс пен батыс мәдениетінен мақұрым қалған қараңғы, надан санағанынан айтпайды, керісінше ұлтының санасын оятып, намысын жануды мақсат етеді. Сол себепті де Абай өзі өмір сүрген замананың ақиқат көрінісін, рухани

тозған жұртының мүшкіл халін, оқу-білімнен алыс қалған жастардың трагедиясын жаны күйзеле отырып, ащы зармен де, өткір тіл, уытты сатирамен де жырлайды. Ақылман Абай өзінің қаламгерлік қуатымен, көреген даналығымен, асқан ойшылдығымен, қайраткерлік қарымымен ұлтының санасына сәуле шашып, халқын өркениет жолына ұмтылдырады. Елінің шынайы жанашыры ретінде қалың қазағының қамын ойлап, аласұрады. Осылайша ұрлық-қарлықпен күнелтіп, енжарлық пен жалқаулық, қатыгездік пен әділетсіздік, ішкен-жегеніне ғана масаттанған тоғышарлық жайлаған қоғамын түзетпек болған ішкі арманы ұлы ақынды «адамзаттың ақынына» айналдырды. «Бас-басына би болған өңкей қиқым» жұртының кесепатты мінез-құлқы мен іріп-шіріген қоғамының кескіні турашыл ақынның жан дертін қозғап, жүрегін жаралады. Ұлтының жағымсыз мінез-құлқын жер-жебіріне жетіп сынаса да, Абай туған халқын бар жан-тәнімен беріле, емірене сүйді. Сондықтан да данышпан ақын елінің мұңын өз мұңым, халқының кемшілігін өз кемшілігім деп қабылдады. Сөйтіп ел-жұртының мінін түзеуге, рухани тоқыраудан арашалауға барын салды, шығармашылық күш-жігерін жұмсады. Бұл жолда ел қамын ойлаған ақын сан рет толғанды, күрсінді, күңіренді, қорланды. Дара ақынның туған халқына деген шексіз махаббаты оның ішкі күйзелісін келешек ұрпағына өлеңімен жеткізуге мәжбүр етті.

«Лириканың бас қаһарманы – ақынның өзі. Мұның эстетикалық қасиеті де, тәрбиелік күші де айрықша үлкен. Себебі бұл арада өлеңді жазған адам оқыған адамға айналып, ақын мен оқырманның көңіл күйлері бір-біріне ұштасып, бірігіп, біте қайнасып кетеді. Ақын оқшау образ жасап, оқырманға «содан үйрен, не жирен» дегендей тенденциямен ғана тынбайды, оған тура өз басындағы сезім мен сырды тұп-тұтас көшіре салады. Сонда ақын көкірегіндегі сезім – оқырман сезімі, ақын көңіліндегі сыр оқырман сыры болады да шыға келеді» [4, 214-б].

Расында, «жүрегім менің қырық жамау» деп ақынның өзі жырлағандай, Абай лирикаларындағы ақынның ішкі көңіл-күйі оқырманның жан сезімімен үйлесім тауып, екі арадағы үндестікті оятады. Бұл жайында ақынның өзі де келешек оқырман керегіне жарарын өзі таңдап, талғап алар дегендей ой тастайды:

Базарға, қарап тұрсам, әркім барар
Іздегені не болса, сол табылар.
Біреу ақық алады, біреу маржан,
Әркімге бірдей нәрсе бермес базар.
Әркімнің өзі іздегені нәрсесі бар,
Сомалап ақшасына сонан алар.
Біреу ұқпас бұл сөзді, біреу ұғар.
Бағасын пайым қылмай аң-таң қалар.
Сөзді ұғар осы күнде кісі бар ма?
Демеймін жалпақ жұртқа бірдей жағар.
Жазған соң, жерде қалмас бірдей жағар.
Біреуден-біреу алып, елге тарар.
Бір кісі емес жазғаным, жалпақ жұрт қой,
Шамданбай-ақ, шырақтар, ұқсаң жарар.
«Ит маржанды не қылсын» деген сөз бар,
Сәулесі бар жігіттер бір ойланар [1, 95-б].

Ақын ешкімге насихат айтып, ақыл үйретпейді. Санасында сәулесі бар азамат өзі-ақ ұғынар, ғибрат алар, қал-қадірінше қажетіне жаратар деген оймен үміт арта жырлайды. Мұны ғұлама Абайдың ішкі толғанысынан туған философиялық тұжырымы деуге болады. «Біреу ұғар бұл сөзді, біреу ұқпас», «Сөзді ұғар осы күнде кісі бар ма?», «Ит маржанды не қылсын» деген сөз бар» деп ақын халқының санасын оята алмай келе жатқанына қапаланса да, «Бір кісі емес жазғаным, жалпақ жұрт қой», «Сәулесі бар жігіттер бір ойланар» деп көптің ішінен сөзін түсінер пенденің табыларын жоққа шығармайды. Халқының келешек тағдырына алаңдап, азапқа түскен, «сырты бүтін, іші түтін» болған ақын өзі мен оның өнегелі шығармашылығын маңайындағы тоғышар жандардың ұқпағанына, ұғындыра алмағанына қайғырады. Бірақ Абай жарқын болашаққа деген сенімін жоғалтпайды, ол өзінің ұлы жанының тебіренісін келер ұрпақтың ерекше ықыласпен қабылдап, ақынның жүрек түкпіріндегі жан сырын түсінеріне кәміл сенеді.

Ақынның бұл ойын әрі қарай сабақтасақ, Абайдың лирикалары оның ішкі шерінен, көңіл-күй толғаныстарынан ғана хабар бермейді. Ақын өлеңін болашақ жастарға бағдаршам болар, келер ұрпақ өзіне үлгі етер деген оймен жазады. Мәселен, Абайдың 1889 жылы жазған:

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды,

Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.
Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар,
Көңілінің көзі ашық, сергек үшін [5, 36-б.], –

деген өлеңі жастарға өсиет, өлеңнен хабары бар ақын адам үшін ой саларлық, тағылым аларлық даналыққа толы ғибратымен құнды. «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» лирикасында ақын өлеңнің эстетикалық қуатын, өлең өнеріне қойылар талаптың пішімі мен жазылу формаларын, оқырманның қабылдау деңгейін саралап, жас ақындарға жол көрсетіп, жөн сілтеуді мақсат тұтады.

Өлеңі бар өнерлі інім, сізге
Жалынамын, мұндай сөз айтпа бізге.
Өзге түгіл өзіңе пайдасы жоқ,
Есіл өнер қор болып кетер түзге.
Сәнқой, даңғой, ойнасшы, керім-кербез,
Қанша қызық болады өзіңізге? [5, 37-б.] –

деп ақын «өлеңі бар өнерлі інілеріне» өзгеге түгілі өзіне пайдасы жоқ арзан сөздермен ұлы өнерді қор қылмауды ескертеді. Абай жас ақындарға «Шу дегенде құлағың тосаңситын» әсіре қызыл сөздерден, елірмелі ақылсыздықтан, парықсыздықтан, маскүнемдік пен арсыздықтан сақтануға кеңес береді. Өленді «көзі ашық, көңілі сергек, талапты жанға айтуды», сонда ғана ақындық дейтін асқақ өнердің киесі артатынын ұқтырады. Осылайша Абай өзінің ақын шәкірттеріне бағыт-бағдар бере отырып, айналасындағы талапты жастардың шеберліктерін шыңдады, олардың поэзия өкілдері ретінде қалыптасуларына ықпал етті.

Қорытынды

Абай лирикалық туындыларында оқырманының жан дүниесіне, ішкі көңіл-күй сезіміне әсер етудің мүмкіндіктерін ұтымды пайдаланады. Орыс әдебиеттанушыларының еңбектерінде «әсер ету эстетикасы» (эстетика воздействия) көркемдік рецепция (қабылдау) категориясымен мағыналас, мәтін мен оқырман арасындағы эстетикалық диалог дегенді білдіреді. Абай лирикалық шығармаларында өзінің ақындық «мені» арқылы оқырманының рухани-эстетикалық дамуына, интеллектуалдық-дүниетанымдық көзқарасының лайықты қалыптасуына ықпал етеді. Абай эстетикалық әсермен қатар, оқырман санасына, сезіміне, көңіл-күйіне эмоционалды түрде ықпал жасай отырып тәрбиелейді. Абайдың лирикалық шығармалары мен қара сөздерінде келтірген қазақтың бойындағы сансыз кемшіліктерді мойындап, таныған оқырман өз-өзінен қымсынып, қарадай қысылады. Міне, Абай санаға әсер етудің шығармашылық аспектісін оңтайлы қолдану арқылы педагогикадағы тәрбие теориясының әдістемесін жасайды. Осылайша хакім Абай өзінің өміршең туындылары арқылы оқырманға әсер етіп қана қоймай, оның таным-түсінігін, көзқарасын өз шығармасы арқылы өзгертеді. Осы орайда Абайдың ағартушылық идеясының ойшылдық ұстанымға ұласқан кемеңгер тұлғасын танимыз.

Қорыта айтқанда, Абай халыққа қызмет етуді өзінің осы дүниеге келгендегі негізгі миссиясы деп білді. Бұл туралы ақынның өзі де:

«Атымды адам қойған соң,
Қайтіп надан болайын», – деп бұл жалғаннан адам боп өтуді, айналасына ізгілік нұрын төгіп, адамзатқа қызмет етуді өзінің міндеті деп санады. Ақын ретімен айтылған ойлы сөздің адамды дұрыс жолға саларына, тәрбиелеуге мұрындық боларына сенді. Сондықтан да Абай не жайында толғанып, нені жазса да, тіпті өзі жапа шегіп, құрбан болса да, ең алдымен ұлты мен келешек ұрпағының қамы үшін жасады. Абай бүкіл саналы ғұмырында туған халқына жоғары қызмет көрсетудің үлгісін көрсетті. Абайдың ұлтына деген адалдығы, шығармаларының реалистік сипаты, ондағы ой еркіндігі ақынды елінің жарқын тұлғасына айналдырды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбай ұғлының өлеңі. Бастырған: Кәкітай Тұғраұл Құнанбай ұғландары. – 2-бас. 328 б.
2. Кенжеғараев Н. Абай өлеңдеріндегі авторлық (лирикалық қаһарман) маска көріністері. // Тәуелсіздік және Абай мұрасы: республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2011.
3. Қабдолов З. Сөз өнері [мәтін]: оқулық. – Алматы, 2002. – 360 б.
4. Классикалық зерттеулер: Көп томдық. – Алматы: «Әдебиет әлемі», 2013. Т.15: Қ.Жұмалаиев, З.Қабдолов, З.Ахметов. әдебиет теориясы. – 412 б.
5. Абай (Ибраһим Құнанбаев). Өлеңдер, поэмалар, аудармалар мен қара сөздер. – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2005. – 488 б.

УДК 902/904

ЖҮНІСХАНОВ А.С
«Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы» РМҚК

Ф. Х. АРСЛАНОВА ЖӘНЕ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДА ЕРТЕСАҚ МӘДЕНИ КЕШЕНІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа. Мақалада автор XX ғасырдың 60-70 жылдары Шығыс Қазақстан территориясында археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізген белгілі археолог Ф.Х. Арсланованың ертесақ кезеңі ескерткіштерін зерттеу ісіне және ғылыми мақалаларына шолу жасайды. Ғалымның ертесақ кезеңінің қалыптасуына қатысты пікірлерінің пайда болу табиғатына және сол кезеңдегі отандық археология ғылымында ертесақ мәдени кешенінің қалыптасуын зерттеген мамандарға әсер еткен теорияларды қарастырады.

Түйін сөздер. Шығыс Қазақстан, археологиялық зерттеулер, ертесақ мәдени кешені, теориялар.

ЖУНИСХАНОВ А.С.
РГПП Государственный историко-культурный заповедник-музей «Берел»

Ф. Х. АРСЛАНОВА И НЕКОТОРЫ ВОПРОСЫ ФОРМИРОВАНИЯ РАННЕСАКСКОГО КУЛЬТУРНОГО КОМПЛЕКСА В ВОСТОЧНО КАЗАХСТАНЕ

Аннотация. В данной статье автором рассматривается вклад известного археолога Ф.Х. Арслановой в деле изучения раннесакских памятников Восточного Казахстана в 60-70 гг. XX века. Также рассматриваются причины данные Ф.Х. Арслановой для понимания процесса сложения раннесакского культурного комплекса и различные теории с которыми работали отечественные археологи при изучении данного вопроса.

Ключевые слова. Восточный Казахстан, археологические исследования, раннесакский культурный комплекс, теории.

ZHUNISKHANOV A. S.
State Historical and Cultural Reserve – Museum «Berel»

F. KH. ARSLANOVA AND SOME ISSUES OF THE FORMATION OF EARLY SAK CULTURAL COMPLEX IN EAST KAZAKHSTAN

Abstract. In this article the author examines the contribution of the well-known archeologist F. Kh. Arslanova in the study of the Early Saka Monuments of East Kazakhstan in the 60-70's. XX century. The reasons given by F. Kh. Arslanova for understanding the process of the addition of the Early Saka cultural complex and the various theories with which domestic archaeologists worked while studying this issue.

Key words. East Kazakhstan, archaeological research, the Early Sak cultural complex, theories.

Кіріспе

Сібір мен Жетісу, Алтай мен Орталық Қазақстан сияқты тарихи-мәдени аймақтарды байланыстырып тұрған шығыс қазақстан өңірін ежелгі замандарда мекендеген халықтардың тарихын танып білуде, олар қалдырған бай мәдени мұраларын зерттеу ісінде Өскемен педагогикалық институтында оқытушылық қызмет еткен. Есімдері елімізге танымал археолог мамандарды даярлап шығарған Фирая Хабибуловна Арсланованың ғылыми мұрасын зерттеп, зерделеу сол арқылы Шығыс Қазақстанда ежелгі замандардан бастап қимақ-қыпшақ кезеңіне дейін жүрген тарихи-мәдени үдерістердің ақтаңдақтарын жаңаша тарихи парадигмалар негізінде зерттеп, ашу бүгінгі күннің басты талаптарының бірі.

Фирая Хабибуловнаның ғылыми қызығушылығының негізі бағыты ортағасырларда қазақ даласын мекендеген қимақ-қыпшақ тайпаларының археологиялық ескерткіштері болғанымен, Ф. Х. Арсланова ара-арасында Шығыс Қазақстанның далалы және орманды-таулы алқаптарында шоғырланған ежелгі көшпелілердің мұраларын зерттеу бағытында да өзіндік қолтаңбасын қалдырды. Ф. Х. Арсланова 1966-1974 жж. аралығында өзінің студенттерімен бірге Зевакино, Бабровка, Қамысты және Чистый Яр сияқты шығыста шоғырланған ескерткіштерді қазып қана қоймай ол ескерткіштерді ғылыми айналымға енгізді. Аталмыш

ескерткіштердің материалдары негізінде ертесақ мәдени кешенінің қалыптасуы мен дамуына қатысты өзіндік ой-пікірлерін айтты. Десекте, ғалымның ғылыми көзқарастары сол кеңестік идеологиялық қалыпта қалыптасқандығына қарамастан Ф. Х. Арсланова археологиялық кешендердің қалыптасуына қатысты батыл әрі бүгінгі таңда тек терминологиялық түзетулерде қажет ететін тұжырымдар жасай алды.

Қазақстанда сақ мәдени кешенінің қалыптасуын зерттеуші мамандар екі үлкен автохтонды және миграциялық теориялар негізінде қарастырып келеді. Алайда аталмыш екі теорияның ғылыми-методологиялық базаларында коцептуалды кемшіліктердің болуы салдарынан археологиялық мәдениеттердің және сол мәдениеттер негізінде пайда болатын мәдени кешендердің қалыптасуын толық ашып беруге қауқарсыз екендігін сол зерттеуші мамандардың өздері де мойындауда.

Біздің ойымызша шығыс қазақстанда ертесақ мәдени кешенінің қалыптасуын зерттеуде батыстық археология ғылымының теоретиктері енгізген трансмиссия термині аясында зерттеу жұмыстарын жүргізіп көруге болады.

Бүгінгі таңда Шығыс Қазақстан және оған іргелес жатқан аймақтарды ежелгі және ортағасырларда мекендеген халықтардың тарихынан хабар беретін ғылыми әдебиеттер мен зерттеулердің бай қоры жинақталды. Тарихнамада бұл зерттеулерді хронологиялық негізде революцияға дейінгі, кеңестік кезеңдегі және тәуелсіздік алғаннан кейінгі зерттеулер деп шартты түрде бөліп қарастырып жатады. Осы ретте, қазіргі таңда өткен кезеңдерде орын алған зерттеулерді қайтадан саралап, археология ғылымының дамуына сай туындап отырған мәселелерді шешу үшін арнайы тарихнамалық зерттеулер жүргізудің өзектілігі туындап отыр. Шығыс Қазақстан аумағында революцияға дейін жүргізіліген тарихи-археологиялық зерттеулер негізінен жекелеген адамдардың қызығушылықтарымен байланысты болса, кеңестік кезеңде бұндай зерттеулер негізінен партия жиналыстарында кеңестік саясибюронының тарихқа қатысты ұстанымы негізінде жүзеге асырылды. Бұл кезеңде зерттеудің негізі мақсат-міндеттері өткен замандардағы таптық бөлініс, әлеуметтік жіктелудің негіздерін анықтау болды.

Соңғы уақыттарда тарихи үдерістерді зерттеуде жекелеген зерттеуші мамандардың сол үдерістерге берген бағасы тарих ғылымының негізгі фокустарының біріне айналып бара жатыр. Осылайша, зерттеушілер қандайда бір идеологиялық догма және қалыптарсыз жекелеген зерттеушілердің ғылыми қызметі мен көзқарастарына баға бере алады. Осы ретте, ғылыми жолдары қатаң саяси режим аясында қалыптасып, дамыған кеңестік кезеңдегі отандық ғалымдарымыздың ғылыми мұраларын саралау аса бір ғылыми қызығушылықты туындатаны аян.

Ұсынылып отырған мақала аясында біз кеңестік археология ғылымының жарқын өкілі – Фирая Хабибуловна Арсланованың (1934-1995 жж.) ертесақ кезеңі бойынша жасаған еңбектерін қарастыратын боламыз. Фирая Хабибуловнаның ғылыми қызығушылығының негізі бағыты ортағасырларда қазақ даласын мекендеген қимақ-қыпшақ тайпаларының археологиялық ескерткіштері болғанымен, Ф. Х. Арсланова ара-арасында Шығыс Қазақстанның далалы және орманды-таулы алқаптарында шоғырланған ежелгі көшпелілердің мұраларын зерттеу бағытында да өзіндік қолтаңбасын қалдырды.

Сондай-ақ, сөз кезегінде Қазақстан археология ғылымының дамуына өзінің өшпес із қалдырған ғалымдар ішінде шоқтығы биік, ерекше дараланып тұратын Фирая Хабибуловна Арсланова десек артық айтқан болмаймыз.

Ақтөбе облысының Темір қаласындағы текті татар отбасында 1934 жылдың 10 науырызында дүниеге келеді. Бала күнгі арманы геолог болу үшін Алматыға оқуға құжат тапсыруға бара жатқан Фирая Хабибуллаеваның болашақ тағдырын, бір поездің, бір купесінде белгілі археолог С.П. Толстов басқарған атақты Хорезм кешенді архео-этнографиялық экспедициясына бара жатқан студенттердің хорземдегі археологиялық өмірдің қызықтары туралы әңгімелері 180 градусқа өзгертті. Алматыға келе сала құжаттарын тарих факультетіне тапсырып, өзінің өмірлік мамандығы мен әуестігі болған археология мамандығын таңдайды [1, 215 б.].

Ф. Х. Арсланованың ғылыми қызметі студенттік жылдары С.С. Черниковтың Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясының сапында басталады, кейіннен К.А. Акишев пен Г.А. Кушаев басқарған Солтүстік-Қазақстан археологиялық экспедиция құрамында ғылыми қызметкер болып жұмыс жасайды. Ф.Х. Арсланованың ғылымға деген сүйіспеншілігі мен жауапкершілігін байқаған Ә. Х. Марғұлан 1960-1961 жж. аралығында Орталық Қазақстанда шоғырланған бірқатар ежелгі және кейінгі ортағасырлармен мерзімделетін ескерткіштерді зерттеу тобының жетекшісі етіп тағайындайды. Осы қазба барысында жинақталған археологиялық материалдар толықтай жарияланып, 1964 жылы «Археологические памятники Среднего Прииртышья» деген тақырыпта қорғалған кандидаттық жұмысында қортындылады [1, 215 б.].

Кандидаттық жұмысын сәтті қорғаған Фирая Хабибулловна Өскемен қаласындағы педагогикалық институтқа ауысып, КСРО тарихы кафедрасына доцент қызметіне тағайындалады. Осы кезден бастап Фирая Хабибулловна еліміздің шығыс өңірінде шоғырланған археологиялық ескерткіштерді жүйелі зерттеу ісіне кіріседі. Аталмыш оқу ордасында ол кісі бар жоғы 9 жыл ғана қызмет жасайды [2, 6 б.]. Бірақ, Ф.Х. Арсланова

жазғы уақыттарда өзінің студенттерімен қола, ерте темір және ортағасырлық ескерткіштерді жай қазып қана қоя салмай, алынған материалдарды өндеп, саралап жариялау және зерттеліп отырған материалдардың негізінде тарихи-хронологиялық түсіндермелермен қатар, сол заманда археология ғылымында орын алып жатқан өзекті мәселелерге қатысты өзіндік ой қортындыларын айтып, теорияға да барады.

Өткен ғасырдың 60-70 жылдары археологиялық ортаға беймәлім Зевакино, Бабровка, Қамысты және Чистый Яр сияқты. шығыста шоғырланған ескерткіштер бүгінде еуразия даласында қола, ерте темір және ортағасырларда жүрген тарихи-мәдени, саяси-экономикалық үрдістерді зерттеп, зерделеуде ғалымдар айналып өте алмайтын ескерткіштер кешеніне айналып отыр.

Негізгі бөлім

Ғалымның Шығыс Қазақсандағы ертесақ кезеңі ескерткіштерін зерттеу ісін келесідей топтарға жіктеп қарастыруға болады. Біріншісі өзінің тікелей жетекшілігімен жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстары нәтижесінде табылған жәдігерлерді сараптау бойынша жазылған мақалалары жатады [6.]. Екінші топқа Шығыс Қазақстан аумағынан кездейсоқ табылған олжаларды ғылыми айналымға енгізген мақалалар топтамасын жатқызамыз [3., 4., 5., 7., 9.]. Үшінші топқа Өскемен қаласындағы облыстық тарихи-өлкетану музей қорында сақтаулы тұрған ертесақ кезеңімен мерзімделетін қоладан жасалаған қазандарға арналған мақаласы жатады [8].

Өскемен педагогикалық институтының тарих факультетінің студенттерімен Ф. Х. Арсланова 1965-1974 жылдар аралығында Шығыс Қазақстан облысының Шемонайха, Таврия аудандарында жүргізген зерттеулері нәтижесінде қола дәуірінің бақташы тайпаларының көшпелі малшаруашылығына көшу кезеңінің яғни «өтпелі кезең» жерлеу ескерткіштерін зерттейді. Зевакино қорымында зерттелінген 100 жуық қоршауларда жерленген мүрделердің бағытталуының басым бағыты оңтүстік-батыс (52) және оңтүстік (32) болуына, қабір үсті құрлыстарына (бір-біріне жалғасатын қоршаулар), мола шұңқырының пішініне (тас жәшік, топырақпен толтырылған мола шұңқырлары) база назар аударған Ф. Х. Арсланова бұндай дәстүрдің Шығыс Қазақстандағы қола ғасырының федеоров мәдениетіне және көршілес өңірлердің андрон мәдениетіне тән деген тұжырым жасайды және сондай-ақ, бұл соңғы қола дәуірі тайпаларының ертесақ кезеңінде де өздерінің жерлеу рәсіміндерін сақтап қалуымен түсіндіреді. Ғалым осындай тұрақты жерлеу кешендерін қарасұқ-тағар қауымдастығының жергілікті нұсқасы ретінде қарастыруға болады деген ой түйеді.

Сондай-ақ, Ф.Х. Арсланова жергілікті дәстүр мен жаңашылдықтың бір кешенде кездесуін жергілікті тайпалардың ескі дәстүрмен қатар, көшпелі шаруашылық қалыптасуы кезеңдегі жергілікті «абориген» тайпалардың шеттен келген субстратпен араласу нәтижесінде пайда болғандығымен байланыстырады [6, 60 б.]. Зевакиналық кешендерде оңтүстік сібір мен Алтай типіне жататын пышақтар, қыш ыдыстар мен әшекей бұйымдардың көптеп кездесіп жатуы Ертіс маңы және Оңтүстік Сібір мен Алтай аймағын мекендеген тайпалар арасында б.з.д. VII-VI ғғ. аралығында тығыз байланыстыр болғандығын меңзейді.

Ф.Х. Арсланованың ерте сақ мәдениетінің қалыптасуы мен дамуына қатысты өзіндік ғылыми ұстанымы көрінген зерттеу жұмыстары қатарына Шығыс Қазақстандағы Камышинка, Чистый Яр, Алтай және Үшбиік елді-мекендерінен кездейсоқ табылған ат-әбзелдері (ұштары үзеңгі тәріздес ауыздықтар, сулықтар, айылбасы, цилиндр тәріздес тартқыштар, өткізгіштер) мен қару-жарақтар (қола мен сүйектен жасалынған жебе ұштары, пышақтар) кешенін саралауға арналған ғылыми зерттеу жұмыстарының маңыздылығы өте жоғары. Аталмыш елді-мекендерден табылған археологиялық жәдігерлердің сипаттамасымен олардың баламаларын жасау арқылы, ғалым шығыс қазақстан өңірінде ертесақ мәдени кешеннің қалыптасуы мен дамуына қатысты өзіндік тұжырымдар жасайды.

Ғалымның пайымдаулары бойынша Камышннка көмбесінен табылған ұштары үзеңгі тәріздес ауыздықтарға ұқсас ауызыдықтар Орталық, Солтүстік Қазақстанда және Сібірде жиі кездесіп жатады. Бірқатар зерттеушілердің бұндай ауыздық түрлері Қазақстан мен Орта Азия пайда болуы мүмкін деген пікірлерін алға тарта отырып, Ф.Х. Арсланова аталмыш пікірмен келісіп, ауыздықтарды б.з.д VII-VI ғғ. мерзімдейді [4, 254 б.]. Сондай-ақ, көмбеден табылған сулықтар, айылбастар, өткізгіштердің баламалары Тасмола және Үйғарақ сияқты кешендердің материалдары бойынша белгілі. Екі кешеннен табылған жәдігерлердің мерзімделуін негізге ала отырып, бұлардың да б.з.д. VII-VI ғғ. аспайтындығы белгілі болды [4, 254-255 бб.].

Камышинка көмбесінен табылған бір айылбасы мен өткізгіштегі төрт сәулелі солярлық белгілер Шығыс Қазақстанның, Орта Азия, Шығыс Памирдағы обалардан табылуы жергілікті тайпалар мен Орта Азия территориясын мекендеген тайпалар арасында ертесақ заманында қандай да бір мәдени байланыстардың болғандығының көрсеткіші болуы мүмкін.

Шығыс Қазақстанның қазіргі Көкпекті ауданына қарасты Чистый Яр елді-мекенінен табылған олжалардың ішінде екі қола пышақты, төрт ұңғымалы және бір сүйектен жасалған сапты жебе ұшы, біреуі жапырақ тәріздес екіншісі төртбұрышты, төрт сәулелі солярлық белгісі бар екі өткізгіш, айылды тартатын айылбасының сынығы, және бетінде сақиналанып жатқан жыртқыш аңның бейнесі бар айылбасы табылды.

Айылбаста бейнелеген жыртқыш аңның ең жақын баламалары Ордос материалдары бойынша белгілі, жалпы оралып жатқан жыртқыштар Н.Л. Членова жасаған салыстырмалы кесте бойынша б.з.д. VII-V ғғ. аралығымен мерзімделеді [5, 257 б.].

Ф.Х. Арсланованың пікірінше ассимметриялы-ромбылы және жапырақ тәріздес жебе ұштары Еуразия даласында кеңінен таралған. Бұндай жебе ұштары Шілікті жазығындағы обалар мен Орталық Қазақстаннан табылған жебе ұштарына өте ұқсас. Аталмыш жебе ұштарының хронологиялық шеңбері б.з.д. VII-VI ғғ.шықпайды. Екінші ұңғымалы, бойлық және көлденең тігістері айқын көренетін және үшінші ұңғымасы сәл шығыңқы келген жебе ұштарының баламалары Шығыс Қазақстан мен Шығыс Еуропа материалдары бойынша белігілі. Жапырақ пішінді, ұңғымасы жасырын, бойлық және көлденең тігістері көрінетін жебе ұштары б.з.д. IX-VIII ғғ. мерзімделетін Шығыс Қазақстан облысындағы Мало-Красноярск қонысынан табылған жебе ұштарының ерте формаларына ұқсас [5, 257-258 бб.].

Ежелгі көшпелілер дәуірінде кең тараған ұңғымалы жебе ұштарының түптұлғасы қола дәуірінің жапырақ пішіндес жебе ұштары екендігі белгілі. Осыны негізге ала отырып, Ф.Х. Арсланова ұңғымалы жебе ұштарының қола дәуірінен бастап ерте темір дәуіріне дейінгі даму сатыларын бақылауға болады деп есептейді. Сондай-ақ, сабымен жүзі тұтасып кеткен пышақпен және сабының ұшында тесігі бар бір жүзді пышақтар сол кезде қабылданған мәдени-хронологиялық схемаға сәйкес қарасұқ дәуірінің пышақтарымен сабақтастығы байқалады. Сондай-ақ, осы тәріздес пышақтар мақаланың жоғары бөлігінде сөз етілген Зевакино кешені материалдары бойынша да белгілі. Бұндай пышақтардың мерзімделуі б.з.д. VII-VI ғғ. аралығы. Чистый Яр кешенінен табылған өзге де жәдігерлер қарастырылып отырған хронологиялық шеңберден шықпайды.

Ф.Х. Арсланованның пікірі бойынша аталмыш екі кешеннен табылған ат-әбзелдері мен қару-жарақтар сақ заманындағы Орта Азия, Қазақстан және Сібір тұрғындарының мәдени бейнелері біртекті болғандығының айғағы. Осы қатарға Шығыс Қазақстандағы Жарма ауданы Үш-биік станциясынан солтүстік-шығысқа қарай 12 шақырым жерден геолог В.И. Титов ат-әбзелдері мен жебе ұштарын жатқызуға болады [9, 54 б.].

Ф.Х. Арсланованың ертесақ кезеңінің мәселелерін зерттеуге қосқан үлесі Өскемен қаласындағы облыстық тарихи-өлкетану музей қорында сақтаулы тұрған ертесақ кезеңімен мерзімделетін қола қазандарға арналған мақаласы жатады. Ф.Х. Арсланова өзінің «Бронзовые котлы из музеев Восточно-Казахстанской области» атты мақаласында [8] Шығыс Қазақстанның Ұлан, Күршім және Қатан-Қарағай аудандарынан түрлі жылдары кездейсоқ табылып, бүгіндері облыстық тарихи өлкетану музейінің қорында сақтаулы тұрған қазандардың сипаттамасы, функционалдық міндеттері мен мәдени атрибутикасын зерттейді. Зерттеу нәтижесінде аталымыш қазандардың Сібір және Жетісу қазандарымен ұқсастықтары бар екендігі тілге тиек етіледі [8, 151-152 бб.]. Бұл сол замандағы көршілес орналасқан тайпалардың өзара байланыстарының көрсеткіші болуы мүмкін. Ғалымның пікірі бойынша Шығыс Қазақстандық материалдардың Сібір материалдарымен ұқсастығы Шығыс Қазақстанның байырғы тайпаларының Сібір мен Жетісуды байланыстырушы өлке болғандығының көрсеткіші.

Пікірталас

Ф.Х. Арсланованың ғылымы келуі Қазақстанда, жалпы кеңестер одағы территориясында ежелгі көшпелілердің жарқын ескерткіштерінің ашылып, ғылыми айналымға енуімен тұспа-тұс келді. Сол жылдары М.Қ. Қадырбаев Орталық Қазақстанда Тасмола мәдениетінің ескерткіштерін ашса, К.А. Ақышев Жетісуда Бесшатыр, Есік сияқты ежелгі көшпелілердің элиталық обаларын ашып жатты. Әлбетте, бұндай ескерткіштердің генезисін зерттеу ісі сол замандағы археолог мамандардың алдарында тұрған ең өзекті мәселелердің бірі еді.

Отандық археологтардың өткен ғасырдың 60-70 жылдары ертесақ мәдени кешенінің қалыптасуын түсіндірудегі ұстанған басты теориялық-әдістемелік бағыттары автохтонды теорияның шеңберінде өрбіді. Автохтонды теорияның негізінде ежелгі көшпелілердің мәдени кешендерінің пайда болуы және қалыптасуы жергілікті қола ғасырының дәстүрінің негізінде жүрді деген ой жатты. Яғни, қола дәуірі тұрғындары мен ежелгі көшпелілер арасында мәдени сабақтастық болды деген идея. Дегенмен ертесақ мәдени кешендерінің қалыптасуындағы сабақтастық мәселесінің шешілмеген тұстарының көп екендігі, бұл мәселені әлі де жүйелі түрде зерттеу керектігін сол кезеңдерде М.К. Қадырбаев айтып кетсе де [10, 32 б.], археологтар осы бағытта зерттеулер жүргізулерін жалғастыра берді. Ф.Х. Арсланова 1966 жылғы Өскемен педагогикалық институты студенттерінің Шемонаиха ауданындағы Зевакино ескерткішіндегі археологиялық тәжірибелерінің басты мақсаты түрлі кезең ескерткіштерін анықтап, зерттеу арқылы археологиялық мәдениеттерін өзара сабақтастығын көрсету және хронологиялық классификациясын жасау деп көрсетеді. Аталмыш мақсатқа жету үшін барлығы 30 оба зерттелінген [11, 3б.].

Алайда, XX ғасырдың 70 жылдарынан бастап кеңестік археологиялық зерттеулерде миграциялық теориялар басымдық алып, ертесақ мәдени кешені миграциялық үдірістердің негізінде қалыптасты деген

пікір басымдылыққа ие бола бастайды. Қазақ археологиясының көшбасшыларының бірі К.А. Ақышев соны археологиялық материалдар негізінде б.з.д. IX-VII ғғ. Орталық Қазақстан өңірін мекендеген тайпалардың жерлеу рәсімдеріндегі, заттай мәдениеттеріндегі және антропологиялық кескін-келбеттеріндегі өзгерістердің негізгі себептерінің бір аталмыш өңірге өзге аймақтардан жаңа этникалық топтардың енуі деп түсіндіреді [12, 57 б.]. Шығыс Қазақстан өңіріндегі өзі зерттеген ескерткіштерден осындай белгілерді көре білген Ф.Х. Арслановада ертесақ кешенінің қалыптасуы жергілікті және сырттан келген этникалық топтардың әсерінен пайда болғандығын айтады.

Бүгінгі таңда қазақ археологиясында автохтонды теория басымдыққа ие. Соңғы жылдары жарияланып жатқан ғылыми мақалалардың басым бөлігі осы теорияның негізінде жазылып келеді.

Дегенмен де, ғылыми ортада автохтонды және миграциялық теориялардың кемшіл тұстарын жазып жүрген мамандар да бар. Екі теорияны терістеуші ғалымдардың пікірлері бойынша екі теория да археологиялық мәдениеттердің және сол мәдениеттер негізінде пайда болатын мәдени кешендердің қалыптасуын толық ашып беруге қауқарсыз. Автохтонды теория бойынша мәдениеттер сыртқы ықпалсыз, өздігімен дами бере алады. Аталмыш теорияның посткеңестік кеңістіктегі басты қарсылысы, Л.С. Клейннің тұжырымдамасына сәйкес, бір археологиялық ықшамауданда бірнеше кезең ескерткіштерінің болуы және әрбір кезең ескерткіштерінде байқалатын мәдени ілгерлеушілік зерттеушінің санасында бір халықтың үздіксіз дамуы туралы иллюзия тудырады [13, 53 б.]. Яғни, автохтонизм Л.С. Клейн бойынша зерттеушінің қалаулы дүниені шындық деп қабылдау иллиюзиясы ғана. Расыменде, ешқандай қоғам сыртқы байланыссыз, үздіксіз даму үдерісінің көрсете алмайды. Сондай-ақ, қола ғасырынан бастап кейінгі замандарға дейінгі мәдени сабақтастықты зерттеуге тырысқан мамандарда бұл бағыттағы зерттеулердің ғылыми-методологиялық базасы толық қалыптаспағандықтан қола мен ерте темір дәуірі арасындағы нақты мәдени сабақтастық іздерін байқай алмаудамыз деген пікірге келген [10, 32 б.]. Бүгінде З. Самашев, Ә.Төлеубаев және т.б. бірақтар археологтар тарапынан Шығыс Қазақстан аумағындағы байырғы мәдениеттер арасындағы сабақтастық деңгейін анықтауға бағытталған зерттеулерге талпыныстар жасалуда.

Миграциялық теория өз кезегінде жергілікті халықтардың мәдени кешендерді өз қолдарымен жасауын жоққа шығарады. Бұндай теориялардың нәтижесінде мысалға, Еуразия даласын ерте темір дәуірінде мекендеген көшпелі тайпалардың жерлеу ескерткіштерінен табылған жәдігерлерді өркениеттік дамудын соңғы сатыларында тұрған көшпелі тайпалардың жасауы мүмкін емес, сондықтан да көшпелілер Греция, Бактрия және Қытай сияқты ежелгі өркениет ошақтарындағы зергерлер мен ұсталар жасады деген біржақты тұжырымдар жасалды [14, 60-61-бб.].

Қорытынды

Жоғарыда аталып өткен екі теорияның кемшіліктерін ескере отырып, ертесақ мәдени кешенінің қалыптасуының табиғатын түсінуде әзірге, жұмысшы теория ретінде батыстық ғалымдар ұсынған трансмиссия терминің пайдалануға болады деген ойдамыз. Трансмиссия деп археология ғылымында мәдени құбылыстардың бір мәдениеттен келесі бір мәдениетке мәдени байланыс арқылы берілуін айтады. Өткен XX ғасырдың 60-80 жж. бұл термин кеңестік археология ғылымында ғылыми айналымда болмағандықтан байырғы замандарда жүрген тарихи-мәдени үдерістердің негізін түсіндіруде археолог мамандар кеңестік археология ғылымында қалыптасқан субстрат, миграция сияқты терминдерді пайдалануға мәжбүр болды. Алайда, аталмыш терминдер өткен замандарда мәдени құбылыстардың қалыптасуын толықтай аша алмады. Бұл жоғырыдағы терминдердің функционалдық қызметтерінің шектеулі болуымен түсіндіруге. Осы орайда трансмиссия термині жергілікті халықтардың мәдени кешендерді қалыптастыруындағы рөлін төмендетпейді және инновациялық дүниелердің ежелгі замандардан бастап түрлі деңгейдегі байланыстар арқылы таралып отырғандығын көрсетеді. Ф.Х. Арсланованың Зевакино қорымындағы зерттеулерінен біз жерлеу рәсімдерінің жергілікті қола ғасырының дәстүрін қайталап, ал мола шұңқырынан табылған кейбір жәдігерлердің сырттан келгендігін көре аламыз. Бұл біздің мақалада қозған трансмиссияның әсері болуы мүмкін.

Бүгінгі таңда ертесақ мәдени кешендерінің қалыптасуы мен дамуын анықтау бағыттындағы зерттеулер жүргізуде өткен кезеңдердегі зерттеулерді ескере отырып, жаңа теориялық-методологиялық әдістерді құрып сол негізде зерттеу керек деген ойдамыз. Осы ретте ежелгі замандардағы мәдени кешендердің қалыптасуын анықтауға қатысты біздің ұсынып отырған бағытымыз алғашқы қадамдардың бірі. Әрине, бұл теория ертесақ кезеңі бойынша қордаланған мәселелерді толықтай шешеді деген ойдан аулақпыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Могильников В. А., Плетнева С. А. Памяти Ф. Х. Арслановой // Татарская археология. 2000. № 1–2 (6–7). С. 212–224.

2. Хабдуллина М. К. История вузовской археологии Казахстана // Восточная Евразия: проблемы историко-культурного наследия. Материалы международной студенческой археолого-этнографической конференции. Астана: ЕНУ. 2006. С. 5-9.

3. Арсланова Ф. Х. Камышинский клад // Материалы VIII научной конференции профессорско-преподавательского состава. Усть-Каменогорск, 1966.

4. Арсланова Ф. Х. Новые материалы VII-VI вв. до н.э. из Восточного Казахстана // СА, №1. 1972. С. 253-258.

5. Арсланова Ф. Х. Новые материалы VII-VI вв. до н.э. из Восточного Казахстана // Бронзовый и железный век Сибири. Новосибирск, 1974. С. 77-83.

6. Арсланова Ф. Х. Погребальный комплекс VIII-VII вв. до н.э. из Восточного Казахстана // В глубь веков. Алма-Ата, 1974. С. 46-60.

7. Арсланова Ф. Х. Предметы вооружения из Казахстанского Прииртышья // Тезисы докладов Всесоюзной археологической конференции. Кемерово, 1979. С. 95-98.

8. Арсланова Ф. Х. Бронзовые котлы из музеев Восточно-Казахстанской области // Скифо-сибирское культурно-историческое единство. Кемерово, 1980. В соавторстве с А.А. Чариковым. С. 147-163.

9. Арсланова Ф. Х. Случайная находка бронзовых вещей в Семипалатинском Прииртышье // КСИА, №167. М., 1981. С. 54-58.

10. Кадырбаев М. К. Некоторые итоги и перспективы изучения археологии раннежелезного века Казахстана // Новое в археологии Казахстана. // Алма-Ата: 1968. С. 21-36.

11. Арсланова Ф. Х. Отчет о работе на археологической практике студентов Усть-Каменогорского пединститута в 1966 году // Архив ИА им. А.Х. Маргулана №242.

12. Акишев К. А. Саки азиатские и скифы европейские: общее и особенное в культуре // Археологические исследования в Казахстане. – Алма-Ата: Наука, 1973. – С. 43-58.

13. Клейн Л. С. Миграция: археологические признаки // Stratum, 1999., С. 52-71.

14. Переводчикова Е. К постановке вопроса о различных формах диалога искусства степи 60 и цивилизаций // Номады казахских степей: этносоциокультурные процессы и контакты в Евразии скифо-сакской эпохи: Сб. мат-лов междунар. науч. конф. – Астана, 2008., С. 60-61.

15. Клейн Л. С. Трансмиссия (в археологии) // http://xn--c1acc6aafa1c.xn--p1ai/?page_id=3044

ЖҮРСІНБАЕВ Б.А.
Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті

УАҚЫТША ҮКІМЕТ ТҰСЫНДАҒЫ ТҮРКІСТАНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҰЙЫМДАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУДЕГІ РӨЛІ

Аңдатпа. Мақалада Уақытша үкіметтің билігі кезіндегі Түркістан өлкесінде құрылған ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдардың жергілікті тұрғындардың әлеуметтік мәселелерін шешу жолындағы қызметі мен рөлі жан-жақты қарастырылған. Әсіресе, ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдардың өлкеде қалыптасқан азық-түлік тапшылығын шешудегі белсенді әрекеттері, Жетісуда орын алған босқындардың орналастырудағы жан-қиярлық еңбектері талданады.

Түйін сөздер. Уақытша үкімет, Қазақ-қырғыз комитеті, азық-түлік комитеті, «Шуро-и-Ислам» ұйымы, босқындар.

ЖУРСИНБАЕВ Б.А.
Таразского государственного педагогического университета, Тараз, Казахстан

РОЛЬ НАЦИОНАЛЬНЫХ ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКИХ ОРГАНИЗАЦИЙ В ТУРКЕСТАНЕ В РАЗРЕШЕНИИ СОЦИАЛЬНЫХ ПРОБЛЕМ ПРИ ВРЕМЕННОМ ПРАВИТЕЛЬСТВЕ

Аннотация. В статье всесторонне рассматривается деятельность и роль общественно - политических организаций Туркестанского края созданных при власти Временного правительства в пути разрешения социальных проблем местного населения. Особенно анализируется активные действия национальных общественно-политических организаций в разрешении продовольственных проблем и размещения беженцев в Семиречье.

Ключевые слова. Временное правительство, Казахско-киргизский комитет, продовольственный комитет, организация «Шуро-и-Ислам», беженцы.

ZHURSINBAYEV B.A.
Taraz State Pedagogical University, Taraz, Kazakhstan

THE ROLE OF NATIONAL SOCIAL AND POLITICAL ORGANIZATIONS IN TURKESTAN INSOLVING SOCIAL PROBLEMS UNDER THE PROVISIONAL GOVERNMENT

Abstract. The article comprehensively examines the activities and role of the socio - political organizations of the Turkestan Krai, established by the Provisional Government in the process of solving the social problems of the local population. In particular, the active actions of national socio-political organizations in solving food problems and housing refugees in Semirechye are analyzed.

Keywords. Provisional Government, Kazakh-Kyrgyz Committee, Food. Committee, Shuro-i-Islam organization, refugees.

Кіріспе

Уақытша үкімет патша өкіметінен елді ауыр әлеуметтік-экономикалық жағдайда қабылдап алды. Ақпан революциясына дейін-ақ елде азық-түлік тапшылығы сезіліп, қымбатшылық белең ала бастаған еді. Түркістан секілді шеткері аймақтарда соғыс шығынына деп жиналған түрлі алым-салымдар, 1916 жылғы көтеріліс барысында отырықшы және көшпелі шаруашылықтың күйзеліске ұшырауы жағдайды онан әрі ауырлата түскен болатын. Сондай-ақ бұл өлкеде Шығыс Түркістанға ауып кетіп, өзгерістен соң елге оралған Жетісу босқындарының да әлеуметтік жағдайы мүшкіл еді. Қалыптасқан осындай жағдайда өлкеге жоқшылық, ашаршалық пен түрлі аурулардың таралу қаупі төнді. Осыған орай сол тұста «Бірлік туы» газеті былай деп жазған еді: «Бүгінгі өңшең жоқшылықтардың көбі сол соғыстан туып отыр. Бұлар соғыстың салдарынан пайда болған аурулар. Қандай ауру боса да, оның жазылу шарты – түп себебінің құруы. Әйтпесе, қанша емдеп, қақыртып, соқтырғанмен ол анық жазылмайды. Аурудың түп сабағын құртпай жазамын деген дәрігерлік емес, надандық» [1]. Түркістан өлкесіндегі ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдарды осындай қиын әлеуметтік ахуал кезінде жергілікті халықтың мүддесін қорғаудан шет қалмады. Олар ең алдымен бар мал-мүлкінен айырылып, елге оралған Жетісу босқындарына көмек көрсетуді өздерінің басты борышы санады. Сол кездегі босқындардың саны жөнінде «Қазақ» газетінде мынандай мағлұмат берілген: «Мұхамеджан

Тынышбайұлының жинаған мағлұматынша Қытай жеріне (Құлжа һәм Қашқар өлкелеріне) босқан қырғыз-қазақтың саны 164 мың адам екен. Сонан үстіміздегі июльдің біріне шейін қырылғаны 83 мың, жеріне қайтқаны 69 мың, Қытай жерінде қалғаны 12 мың адам екен. Біз бұрын қырғынға ұшыраған жалғыз қырғыз деп жүруші едік, Мұхамеджанның айтуынша, Жаркент уезіндегі албандардың (Ұлы жүз) босқыны қырғыздан кем емес екен» [2]. Қытай жеріне асқан босқындардың да жағдайы мәз емес еді. «Құлжа жаққа үркіп келген қазақтардың жай-күйі жаман; аштан қырылып жатыр, қатын-балаларын сатып жатыр, күн көргені жемтік. Азық беріп жәрдем жию тығыз керек. Мұсылмандар арасынан жиып болыса көріздер», – деген мазмұндағы хабарлар 1917 жылы «Қазақ» газеті редакциясына келіп түсіп жататын [3] Жетісу облыстық Қазақ-қырғыз комитетіне жергілікті халықтардың атынан жіберілген шағымдардың мазмұнына қарағанда, Шығыс Түркістанға мал-мүлкімен барған қазақ-қырғыз босқындары онда да тоналып, елге қайтқанда құр алақан қайтқан. Мәселен, Верный уезіне қарасты Қызылбөрік болыстығының Қытай жеріне ауып кетіп, қайта орлған 500 түтін қазақтың қолында ешқандай мал болмаған [4, 10-11-п.].

Сол тұста бәрінен бұрын Шығыс Түркістаннан екі бағыт бойынша, Қашқар, Ақсу ауданы және Құлжа жақтан арып-ашып қайтқан босқындарды аңдыған қоныс аударушылардан нысанасына айналып, тағы қырылып кетпеуі үшін өзінің атажұртына, болмаса қауіпсіздеу жерлерге орналастырып, жай тауып беру ісі маңызды болатын. Сондықтан Жетісу облыстық Қазақ-қырғыз комитеті сәуірдегі Жетісу облыстық қазақ-қырғыз съезінде жан-жақты талқыланып қабылданған босқындарды орналастыру туралы шешімін жүзеге асыруды қолға алды. Съездің шешімі бойынша Қашқар, Ақсу аудандары жақтан қайтқан босқындарды Пржевальск уезіндегі Ұлар, Семізбел, Тоң өңірлеріне, пішпек уезінің Қашқар, Сусамыр, Жұмғал аңғарларына, Нарын жақтағы Тоғызтарау, Құланақ, Андалы өңірлеріне, құлжадан қайтқандарды – Верный уезінің шығыс жағына және Жаркент уезінің Шонжа, Шөлтатыр аңғарларына, Бесқарағай, Қарқара, сондай-ақ Пржевальскідегі орыс шаруаларының көңіл-күйі дұрыстау жерлерге орналастыру қарастырылған болатын. Соған орай Жетісу облыстық Қазақ-қырғыз комитетінің төрағасы И. Жайнақов Түркістан комитетіне съездің осы шешімін жолдап, босқындарды аталған жерлерге орналастыруға рұқсат сұрады. Бұл рұқсат Түркістан комитетінің мүшесі М. Тынышбаевтың араласуымен оң шешімін тапты [5, 303-304-б.].

Босқын қазақ-қырғызға жәрдем көрсету мақсатында Ташкент қаласындағы «Шуро-и-Ислам», «Тұран», «Шуро-и-улема» және «Еңбекші мұсылмандардың одағы» ұйымдары тарапынан халық арасынан жылу жинау жұмыстары қолға алынды. Бұл іске «Бірлік туы» газеті редакциясы да тартылды. 1917 жылыдң 14 наурызынан бастап бұл ұйымдардың атсалысуымен Ташкент қаласында «Аштарға жәрдем комитеті» құрылды. Осы комитет жиналған қаражатқа қалаға босып келген қазақтар мен қырғыздар үшін деп бір асқана ашылды. Бұл асқанада күніне 250-ден астам аштыққа ұшыраған қазақ-қырғыз босқындары тамақтандырылып тұрды [6]. Жетісу облысындағы «Милли-шуро» ұйымы да босқын қазақ-қырғызға көмек көрсетудің бел ортасынан көріне білді. Бұл істе «Милли-шуро» ұйымының Тоқмақтағы өкілі Ахун Манкуй белсенділік танытты. Бұл жөнінде «Бірлік туы» газеті бетінде Пішпек уездік Қырғыз-қазақ комитетінің Тоқмаққа жіберген Қалдыбай Ғидалдин деген өкілі былай деп жазған еді: «Өткенде уезной Қырғыз-қазақ комитетінің жұмсауымен аш қазақ-қырғыздардың хәлін біліп қайту үшін Тоқмақ қаласына бардым. Аштықтан қырылғандардың есебі жоқ. 2-3 күндей көмілмей қалатындар да болады екен. Ақырында сасып, шіріп бара жатқан соң орыс болсын, қазақ болсын бәрін жинап бір шұқырға тыға тастайтын көрінеді. Бұндай оқиғаларды көріп «Шура-и-Ислам» жамиғаты қаладағы сарт, ноғай һәм басқаларды шақырып, бір шара қарастыру амалына кіріскенде біреулер жәрдем берген, біреулер өлмесе-тұрмасын деп кетушілер де болды. .Әуелі бұл Тоқмақ қаласында қазақтан 10 мың сом алып, бір асхана ашып едік, бір жетіге жетпей бітіп қалып осы күні пішкек уезіндегі 45 болыс қазақ-қырғыз арасындағы 800 үй шамалы дүнгендер екі айдан бері қарай 1700-дей аштарды асырап келе жатқан көрінеді. Бұлардың Ахун Манкуй баласы дегені бас болып азақ-түлік жинап беріп, үстеріне күрке жасауға 20 мың бау қамыс беріп, оны тасып әкеліп беруге, отындарын әзірлеуге 7 ат арбамен жігіттер жалдап қойыпты. Бір уыс дүнгендер мұндай іс істеп жатқанда 45 болыс қазақ-қырғыздың істеп жатқан көзге көрінерлік істері жоқ» [7]. Түркістан өлкесінде Жетісу өңіріндегі қазақ-қырғыз босқындарына көмек ұйымдастыру бағытындағы жұмыстар атқарылып жатқан кезде елде азық-түлік тапшылығы орын алып, оның соңы ашаршылыққа ұласты. Бұл жөнінде «Бірлік туы» газетінде: «Сырдариядағы азық-түлік комитетінің төбе ағасы августың 12-нде Мәскеудегі мемлекет кеңесінің төбе ағасы атына мынандай телеграм жіберді: «Сырдария облысына астық алып келу тоқтап қалды. Арнап жіберіліп отырған айға 300 вагон астық мұндағы халықтың жүз бөлігінің отыз бөлігіне ғана жетеді. Осы күні халық қабының түбін сілкіп жеп отыр. Халыққа жетерлік азық табуға мықтап кірісу керек. Облысқа жіберілетін азықтың айға бір миллион 200 мың пұтқа шейін көбейтілсе екен. Осындай өтініш министрге һәм Түркістан аймағының азық-түлік управасына да жіберілген» [8], – делініп көрсетілді. Уақытша үкімет елдегі азық-түлік мәселесімен айналысатын арнайы мекеме азық-түлік комитеттерін құруды 1917 жылдың наурыз айынан бастап қолға алған болатын. Бұл комитеттерге қоғамдық-саяси ұйымдардан да өкілдер енгізілетін. Ол өкілдер азық-түліктің халық арасында дұрыс бөлінуін қадағалауды жүзеге асыратын. Осы мақсатта

өлкедегі ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдар азық-түлік комитеттеріне өкілдерін жібере отырып, жергілікті халықтың өз үлесін алуына бас-көз болуға тырысты. Мәселен, Үржарда ашылған азық-түлік комитетіне ондағы С. Аманжолов жетекшілік ететін Мұсылман комитеті өзінің бес өкілін енгізді. Сөйтіп, азық-түлік комитетінің басшылығының қоныс аударушыларға артықшылықтар жасауына жол бермеуді қолға алды [9, 82-84-п.]. Ташкент қаласындағы «Еңбекші мұсылмандардың одағы» ұйымы да өз өкілдерін өлкелік азық-түлік комитетіне енгізді. Бұл ұйымның атынан азық-түлік комитетіне енген өкілдер өздерінің бағдарламасына сәйкес барлық азық-түлік қоймаларындағы тауарлардың бірден тізімге алу бағытында әрекет жасады. Сонымен бірге ташкентте ғана емес, өлкенің өзге қалаларындағы мұсылман еңбекшілерінің тауарлармен қамтамасыз етілуін қадағалауды өзінің міндеті санады [10, 5-п.].

Азық-түлік комитеттеріне еніп алған кейбір пысықайлар онсыз да тапшы тауарды үстеме бағамен сатып, содан мол пайда тауу көзіне айналдырған еді. Мәселен, Шымкенттегі азық-түлік комитетінде осындай жағдайға кең жол берілген еді. Бұл жайлы «Бірлік туы» газетінде «Шымкенттен» деген тақырыппен жарық көрген мақалада былай делініп көрсетілді: «Ел арасындағы азық-түлік комитеттерінде арамдық көп. Комитетке сайланған елдің атқамінер мырзалары ұят, иманнан безіп жатыр. Бұлардың аштан қырылайын деп отырған жұрт хақында қайғылары жоқ. Бар ойлары – қара бастары. Осындай арамдығы тақырыпты Қоңырат ішінде бабалары датқа болған Мейірбек деген азаматтың бір баласы төрт жолдасымен бірге абақтыға жабылды. Бұрынғы заман болса, мұндай сасықтар бықсып жата бере еді. Енді, жақсы-жаманды ашып тұрған жаңа заманға тәңір жарылқасын» [11]. Азық-түлік комитетіне еніп алған мұндай алып-сатарларды әшкерелеуде Шымкенттегі «Шуро-и-Ислам», «Тұран» ұйымдарының өкілдері әшкерелеуде белсенділік танытты. Бұл ұйымдар Шымкент қаласының мұсылман тұрғындары атынан азық-түлік комитетіне жаңадан өкілдер енгізіп, тауарлардың әділ бөлінуін өз қадағалауына алды [11]. Өлкенің кейбір өңірлерінде құрылған азық-түлік комитеттерінің басшылары қатарында бұрынғыдай ұлыдержавалық пиғылынан арыла қоймағандар да болды. Ондай басшылары өңірдегі азық-түлік комитетіндегі тауарларды бөлуде қоныс аударушылардың пайдасын көздейтін. Мұндай жағдай Әулиеата уезінде орын алған еді. Соған орай уездік Қазақ-қырғыз кеңесінің төрағасы Ә. Кенесарин уездегі болыстықардан өкілдер шақырып, азық-түлік комитетіне байланысты мәселе қарастырды. Осы жиналыста қабылданған шешімнің астарын «Бірлік туы» газетінде жарияланған «Әулиеатдан» деген мақаланың мынандай мазмұнынан да аңғаруға болады: «Азық-түлік туралы қазақ-қырғыздың азық-түлік комитеті уездік азық-түлік комитетінен бөлініп, өз алдына болсын деп қаулы қылынды. Осы уақытқа дейін уездік азық-түлік комитеті дала қазақ-қырғызына тиісті ақысын жеткізіп тұрғандай бір пайдасын тигізбеген еді. Азық берсе аз беруші еді. Оны да елге жеткізбей шаһардегі қуларымыз ала салып саудагерге сатып жіберіп қара басы пайдаланып жүруші еді. Комитет азық бөлгенде туралық дегенді тіпті ұмыт қылып жүр еді, азықты адам санына қарап бөлместен көбін шаһарға алып қалып һәм орыс поселкелеріне беріп, саны олардан неше есе көп келетін қазақ-қырғызға артылған сарқытын ғана беріп келген. .Ақмола облысынан біздің Әулиеата арналып жиырма мың пұт азық келмекші екен. Соның сегіз мың пұтын орыс поселктеріне, төрт мың пұты шаһарға, қалған сегіз мың пұты қазақ-қырғызға берілетін болып ұйғарылған. Уездің қазақ-қырғызы екіжүз мыңнан асады, орыстары жиырма мыңнан көп емес. Қазақ-қырғыздың оннан бірінен де аз келетін орыстардың мұнша алып отырғаны, қазақ-қырғызға жан басына бір қадақ ширек беріп, орыс басына оналты қадақ отырғаны заманның бостандық, теңдік деген жақсылықтарын іске асырып, тіршілікке киргізгелі іс басында отырған жұрт адамдарының әділдігінің асқынғаны. Осы қиянатты көз көріп құлағы естіп отырған жұрт өкілдері қазақ-қырғыз өз алдына бөлек азық-түлік комитетін ашып, өз адамдары жан санына қарай бөліп беріп тұрсын деп қаулы қылып, облыстық азық-түлік комитетінен өтінбекші боды» [12]. Түркістан өлкесі мұсылмандарының қыркүйек айында «Шуро-и-Ислам» ұйымының ұйымдастыруымен өткен екінші съезінде де азық-түлік мәселесі арнайы қаралып, азық-түлік комитеттерінің жергілікті халықты қажетті тауарлардан қағып отырғаны айырықталып, олардың мұндай әрекеті ұларалық араздықты тудырады деп айырықталған болатын. Сондай-ақ азық-түлік мәселесіне байланысты мынандай мазмұндағы қаулы қабылдаған еді: «Түркістан мұсылмандарының екінші жалпы жиналысы уақытша үкіметтен түркістан аймағына кешіктірілместен нан-астық жеткізудің қамына кірісуді өтінеді. Аймақ халқы күнде нағыз ашаршылық алдында; мұның аяғы насырға шауып кету қатері зор. Соңғы жылы бұрынғы мақта егетін жердің жартысына астық егіліп еді. Сонда да құрғақшылық болған себепті халық өзіне жетерлік астық ала алмады. Енді келер егін уақытына шейін халықтың өте ашығып қалар түрі бар. Ең болмаса, халықтың осы аштықтан аман қалғанын құтқару үшін Түркістан мұсылмандарының екінші жиылысы мақта екпей барлық жерге астық шашуға халықты әзірлемек. Егер ашаршылықтан құтқаруға басқа шаралар табылатыны ақталса, бұл қаулыны бұзып, бұрынғыдай мақта егуге елді даярлау жалғасады. Азық-түліктің көбін шаһар халықтары өздері ғана пайдаланып, былайғы сырттағы халықтарды құр-алақан қалдырып жүр. Шаһарлердегі еуропалық халықтар азық-түлікте мұсылмандарға үлкендік қылуда. Бұл мұсылман халықтардың арасындағы орыстарға сенімсіздік көзбен қарап, олардың аралары бұзылуға сылтау болатын нәрсе. Жергілікті мұсылмандармен сүйіспеншілікте тұру орыстардың

өздеріне пайдалы. Қайткенмен бұл жөнсіздікті құрту керек» [13]. Ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдар азық-түлік комитетінің тұрғындарды алаламай, бәріне бірдей қызмет етуін қадағалап отырды. Мұндай әділдік сақталмаған жағдайда Әулиеатадағы Қазақ-қырғыз кеңесі секілді жергілікті халықтардың өзіне арнап азық-түлік комитетін құруға да әрекеттенді. Ә. Кенесарин жетекшілік ететін Әулиеата уездік Қазақ-қырғыз кеңесі мұндай өз алдына бөлек комитет ашуды көздегенімен оны жүзеге асыра алмады. Өйткені, сол кезде Әулиеата уезінде азық-түлік тапшылығымен қатар құрғақшылық белең алып, мал шығыны орын алып жатқан еді. Мұндай жағдай уездегі жергілікті халықтың өз алдына бөлек азық-түлік комитетін құруына мүмкіндік бермеді. Осы тұстағы Әулиеата уезінің қиын ахуалы «Бірлік туы» газетінде былайша көрсетілген еді: «Сырдария облыстық Қазақ-қырғыз кеңесіне Әулиеата уезінен мынандай мағлұмат алынды: Мерке һәм Шу учаскелерінде су болмағандықтан бүкіл егін, шөп құрап кетті. Әлден-ақ топ-топ мал өліп жатыр. Жол жоқтықтан онда астық, шөп тасып апару мүмкін емес. Халыққа үлкен ашаршылық келейін деп тұрғандай жайы бар. Міне, осы хабарды білген соң облыстық қазақ-қырғыз кеңесі мынандай қаулы қылды. Жетісу темір жолын кешіктірмей Әулиеатаға шейін жеткізу үшін өте шұғыл қам қылу керек һәм осы туралы Түркістан комитетінен өтіну керек; темір жолды Әулиеатаға шейін жылдам жеткіздіруге қолынан келген амалын қылсын деп» [14]. Түркістан өлкесінде қуаңшылықтың салдарынан мал азығы болар шөптің құрап кетуі салдарынан ендігі жерде Қазалы, Перовск, Шымкент, Әулиеата уездеріндегі азық-түлік комитеттері халықты пішенмен қамтамасыз етуді де өз мойнына алған болатын. Перовск уездік ұлттық комитеті жергілікті халық арасына қолда бар пішенді сыртқа шығармау жөнінде үндеу таратып, азық-түлік комитеттері арқылы өзге өңірлерден пішен тасмалдау жөніндегі шараларды қарастыра бастады. Мұндай шаралар өзге жерлердегі ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдар тарапынан да қолға алынған еді [15]. Бірақ мұндай әрекеттер көп жағдайда нәтижелі бола қоймады. Осыған байланысты «Бірлік туы» газеті: «Әнеу күнгі аймаққа қараған қазақ-қырғыз жиылысында һәр елдің пішен-шөбі өзінен артылмайтын болса, шетке шығарылмасын деп қаулы болып еді. Бұл заманның ауырлығын, алдағы қыста жұрттан жоқ барлығын ескеріп қылынған қаулы еді. Һәр елдің өзіне керек нәрсені, өзінен артылатын болса, қолынан шығып кеткенде өзі мұқтаждыққа түсіп қалатын болмаса шетке шығармаққа еркі бар. Оның қолынан тартып алуға ешкімнің құқы жоқ. Бүкіл жұрттың пайдасына, ашықпасына көз-құлақ болып тұратын әр елдің өзінің комитеттері, ұйымдары. Біздің Ақмешіт уезі, Жүлек учаскесінде сырттағы тоғыз болыс елдің үшеінде-ақ пішен, шөп бар. .Осы күні обласной азық-түлік комитеті Әулиеата, Шымкент, Ташкент уездерінің азық-түлік комитеттеріне сендерге пішен керек пе, керек болса, пішен тауып берейік деп хабар айтып жатыр екен. Мұның тауып берейін деп отырғаны қай пішен? Түркістанда отын әзірлеуші уәкіл Бурлатовтың біздің Перовск уезінен даярлаған 7 миллион пұт пішені бар еді, сірә сол болса керек. Бурлатов ол пішенді отарбаға сексеуіл таситын крекештердің түйелеріне деп арнап жиған жоқ па еді? Енді мұнысы қалай? Мұндайды тексеретін комитеттеріміз, ұйымдарымыз емес пе? Қолымыздағы пішеннен айырылып, өзіміз тарығып қалсақ, ұяты, обалы кімге болады?» [16]. Құрғақшылық салдарынан Әулиеата уезіндегі малдардың шығынға ұшырап жатуына қарамастан азық-түлік комитеті жергілікті халыққа тауар беруде шектеуді жалғастыра берді. Жергілікті халықтың мүддесін қорғау мақсатында Ә. Кенесарин жетекшілік еткен Әулиеата уездік Қазақ-қырғыз кеңесі Түркістан комитетіне және облыстық азық-түлік комитетіне мынандай мазмұндағы жеделхаттар жолдады: «Нанның кемтарлығы себепті тәртіпсіздік шығар деп біз бұрыннан-ақ ескертіп едік. Шаһардегі орыс халқы жан басына жарты қадақтан нан алып тұрады. Жергілікті халықтар (мұсылмандар) тіпті құралақан отыр. Шаһар халқын, шаһар управасын қолға алып, мұсылмандарға тиесілі нанды бергізуді сұраймыз» [17]. Әулиеата уездік Қазақ-қырғыз кеңесінің мұндай талап-тілектерін қанағаттандыруға Уақытша үкіметтің Түркістан комитеті қауқарсыздық танытты. Соның салдарынан уезде ашаршылық орын ала бастады. Жетісу облыстық Қазақ-қырғыз комитеті азық-түлік комитетімен тығыз байланыс орнатып, онымен өзара түсіністікте жұмыс істеуге қол жеткізді. Облыстағы азық-түлік комитеті мен Қазақ-қырғыз комитеті бірлесе облыс халқын азық-түлікпен қамтамасыз етудің тиімді жолы астығы мол өңірлерге өкілдер жіберу деп тапты. Соған орай Ақмола, Семей облыстарына құрамына ұлттық ұйымдардың өкілдері енгізілген топ жіберіліп, олар сол жақтан облысқа қажетті астық сатып алулары тиіс болды [18, 280-п.]. Бұл кезде Үржардағы Мұсылман комитеті азық-түлік комитетімен бірлесе отырып, көршілес Семей облысына өз өкілдерін жіберу арқылы өңір тұрғындарына қажетті астық қорын қамтамасыз етуге қол жеткізген де еді [9, 90-п.]. Түркістан өлкесіндегі ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдар осылайша, Уақытша үкімет жағдайында Түркістан өлкесіндегі халық ағарту ісі саласын ұлттық мүддеге сай бұру бағытында қызу жұмыстарын жүргізді. Олар жаңа саяси ахуал ұлттық негіздегі ммектептерді қалыптастыруға, соның негізінде жергілікті халықтың сауаттылық деңгейін көтеруге мүмкіндік береді деп түсінді. Жалпы қорыта айтқанда, Түркістан өлкесіндегі қоғамдық-саяси ұйымдар жергілікті халықтың отарлық кезеңде қордаланған әлеуметттік мәселелерін шешуге талпыныс танытты деуге негіз бар. Олардың бұл бағыттағы жұмысы ең алдымен Жетісу өңіріндегі қазақ-қырғыз босқындарына көмек ұйымдастыруынан, жергілікті халықтың мүддесін азық-түлік комитеттеріне өз өкілдерін енгізу арқылы қорғауға деген талпынысынан, жер

мәселесінде ұлттық мүддені қорғауға деген әрекетінен және халық ағарту саласында ескі билік кезінде көзделген орыстандыру саясатынан арылу бағытында атқарған іс-шарларынан айқын көрінді.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘЛДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Ташкент, 1 октябрь. // Бірлік туы. – 1917. – 1 октябрь.
2 Ішкі хабарлар // Қазақ. – 1917. – 24 июль.
3 Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: «Санат», 1995. – 368 б.
4 ҚРОММ. 13-қ., 1-т., 11-іс.
5 Махаева А.Ш. Қазақ-қырғыз саяси байланыстарының тарихы. – Алматы: «Ценные бумаги», 2007. – 357 б.
6 Аш қазақтарға жәрдем комитетінен // Бірлік туы. – 1918. – 3 март.
7 Ғидалин Қ. Жетісу қырғыздары жайы // Бірлік туы. – 1918. – 22 март.
8 Түркістан аймағында ашаршылық // Бірлік туы. – 1917. – 29 август.
9 ҚРОММ. 9-қ., 1-т., 22-іс.
10 РМӘСТМ. 71-қ., 34-т., 1601-іс.
11 Шымкенттен // Бірлк туы. – 1917. – 20 октябрь.
12 Әулиеатадан // Бірлік туы. – 1917. – 12 декабрь.
13 Түркістан мұсылмандарының екінші жиылысы // Бірлік туы. – 1917. 19 сентябрь.
14 Әулиеата уезі // Бірлік туы. – 1917. – 29 август.
15 Тағы бір хабар // Бірлік туы. – 1917. – 29 август.
16 Ақмешіт уезіндегі комитеттер // Бірлік туы. – 1917. – 29 август.
17 Ашаршылық // Бірлік туы. – 1917. – 11 октябрь.
18 ҚРОММ. 9-қ., 1-т., 86-іс.

94(574);930.25

Ғ.З. ИСКАКОВА,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

КЕҢЕС НҰРПЕЙІСҰЛЫ НҰРПЕЙІСТІҢ ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ

(К. Нұрпейісұлының жеке қор құжаттары бойынша)

Аңдатпа. Мақалада Алматы облысының мемлекеттік мұрағатының 2009 жылы құрылған № 1099 «Академик К. Нұрпейістің» жеке қоры материалдары талданды. Мұнда жеке құжаттары, куәліктері, марапатттау қағаздары, қорғаған кандидаттық және докторлық диссертациялары, өз қолымен жазылған өмірбаяны т.б. құжаттары колданылды. К. Нұрпейіс ғалым, тарихшы, академик, тарих ғылымының докторы өмірін отандық тарих ғылымы мен жоғары мектепке арнап, тарих ғылымының қайраткері ғана емес, оның жанашырларының бірі болды. Мақалада ғалымның тарих ғылымын халық арасында насихаттауға, халықтың жаңа тарихи санасын қалыптастырудағы рөлі көрсетіледі.

Түйін сөздер. жеке тектік қор, құжат, Кеңес Нұрпейісұлы Нұрпейіс, материал, іс, тізімдеме, мемлекет, саясат, Алаш қозғалысы.

Кіріспе

Көрнекті ғалым, Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері Кеңес Нұрпейісұлы Нұрпейістің өмірі мен артында қалған ғылыми мұрасы өзінің өзектілігін күн озған сайын сұранысқа ие болуымен айғақтау түсуде.

Жұмысты жазу барысында Алматы облысының мемлекеттік мұрағатының 2009 жылы құрылған № 1099 «Академик К. Нұрпейістің» жеке қоры материалдары талданды. К. Нұрпейістің ғылыми, педагогикалық, қоғамдық қызметін сан-салалы көрсететін материалдар пайдаланылды. Мұнда жеке құжаттары, куәліктері, марапатттау қағаздары, қорғаған кандидаттық және докторлық диссертациялары, өз қолымен жазылған өмірбаяны т.б. құжаттары колданылды [1].

Кеңес Нұрпейіс 1935 жылы 15 наурыз айында Алматы облысы, Райымбек ауданы (бұрынғы Кеген ауданы), Саты ауылында дүниеге келген. XX ғасырдың 30-шы жылдары Қазақстандағы қиын қыстау заманында дүниеге келген баланың басына қиындықтар түсті. 1937 жылы жазықсыз жаламен ұсталып, із түссіз жоғалып кеткен әке тағдырын ол көп жыл өтіп, өзі де ел ағасы болған шағында білді [2]. 1942-1945 жылдары сол ауданның Қарабұлақ ауылындағы балалар үйінде тәрбиеленіп, бастауыш мектепті бітірген соң, 1946-1952 жылдары Алматы қаласындағы .№ 18 Жамбыл атындағы ер балалар орта мектебінде оқиды. Мектепті үздік бітірген К.Н. Нұрпейіс С.М. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік Университетінің (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті) философия факультетіне оқуға түседі де, кейін тарих факультетіне ауысады. Ол кезде республикадағы бірден-бір ерекше білім ордасында оған Ермұхан Бекмаханов сияқты атақты ғалымдар дәріс берді. К. Нұрпейіс оқудың алғашқы күнінен бастап-ақ тәлімгер-педагогтар мен бірге оқитын жолдастарының назарын табандылылығы мен эрудициясына, терең ойы мен біліміне аударады. Төменгі курста жүрген кезінде-ақ оның ғылыми баяндамалары мен хабарламалары оқытушылар мен студенттердің үлкен қызығушылығын тудырды. 1957 жылы университетті үздік бітірген студентті өзі оқыған оқу орнына оқытушылық қызметке қалдырады [2]. Осы ЖОО-ғы аз ғана уақыт аралығында жас ғалым өзінің жұмысқа деген салмақты және жауапкершілікті көзқарасымен, аудитория ынтасын жаңа ғылыми идеяларға аудара білу, олардың сол уақытта өте өзекті, сонымен қатар ғылымда түрлі бағаланып жүрген мәселелерге деген қызығушылығын оята алу дарынымен әріптестері мен студенттердің құрметіне ие болды.

1958 жылы ақпан айында К.Н. Нұрпейіс Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтына ғылыми қызметке шақырылады. Сол кезден бері оның бүкіл еңбек жолы мен ғылыми қызметі осы институтта өтті. Мұнда ол кіші ғылыми қызметкерден белгілі ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ұлттық Ғылым Академиясының академигіне дейінгі жолдан өтті.

К. Нұрпейіс - Қазақ тарихының ең маңызды мәселелерінің ірі зерттеушісі болды. Оның қаламынан 460-тан астам ғылыми және ғылыми-көпшілік жарияланымдар, олардың ішінде 12 монография, тың байқаулармен, мәнді ескертпелермен, дәйекті корытындылармен сипатталатын монографиялық тұрғыдағы 20-дан артық кітап бар. Оның ғылыми-зерттеу жұмыстарының басты бағыттары:

Қазақстандағы XIX-XX ғасырлардағы ұлт-азаттық қозғалыстарының тарихы;

Республикамыздың қоғамдық-саяси өмірінің мәселелері;

1917 жылғы қос революция;
Алаш қозғалысының тарихы;
1918-1920 жылдардағы Азамат соғысының мәселелері.

Ғалымның қалыптасуына белгілі ғалымдар Қазақ КСР Ғылым академиясының академиктері А.Н. Нүсіпбеков, С.Н. Покровский, академияның мүше-корреспонденті Г.Ф. Дахшлейгер, тарих ғылымдарының докторлары Т.Е. Елеуов, А.С. Елагин және басқалары зор ықпал етті. Келешегі мол жас ғалым 1917 жылғы революциялық оқиғалар тарихын, XX ғасырдың 20-жылдарындағы Қазақстандағы мемлекеттік құрылыс, әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін зерттейтін топ құрамына енгізілді. 1963 жылы К. Нұрпейіс өндірістен кандидаттық диссертация қорғады. Осы кездері жас ғалымның назары қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісін, 1917 жылғы революциялар оқиғаларын, Қазақстанда Кеңес өкіметінің орнауы мен азамат соғысы тарихын зерттеуге бағытталды [2]. 60-жылдары ғалым республика облыстарында сол кезеңнің оқиғаларына, тарихына қатысты материалдар мен естеліктер жинастырған бірқатар экспедициялардың жұмысына ат салысты. Осы жұмыстардың нәтижесінде оның қатысуымен орыс тілінде «Қазақстандағы Октябрь революциясы мен азамат соғысының тарихынан» (Алматы, 1962), «Қазақстандағы Кеңестер билігі үшін күрес» (Алматы, 1963) естеліктер жинақтары, «Орта Азия мен Қазақстандағы шетел интервенциясы және азамат соғысы» (Алматы, 1963. Г. 1; Алматы, 1964. Т. 2) атты құжаттар мен материалдар жинақтары және басқа да іргелі басылымдар жарық көрді. 1963 жылы «Қазақстанның солтүстік-шығыс облыстарының Кеңестері. Кеңес үкіметін орнату және нығайту жолындағы күресте» (1917 ж. ақпан-1918 ж. маусым) тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғаған болатын [3]. Диссертацияға жазылған пікірлерді қарастыратын болсақ онда, ғалымның таңдаған тақырыбы өте өзекті деп бағаланып, Қазақстанда Кеңес үкіметінің орнауы үрдісі жан-жақты талданғандығы, ғылыми мазмұнына жоғары баға берілді.

1965 жылы К. Нұрпейіс ғылыми қызметкерлікке өтті. 1968 жылы ол орыс тілінде «Қазақстан Кеңестері жұмысшылар мен шаруалар билігін нығайту үшін күресте (1917 ж. қараша - 1918 ж. маусым)» атты монография жариялады. К. Нұрпейісның ғылыми зерттеулерін жұртшылық жоғары бағалады. 1972 жылы ғалым «Қазақстанның шаруалар Советтері (1917-1929)» деген іргелі монография шығарып, соның негізінде «Қазақстанның шаруалар Кенестері (ауылдық. Советтердің 1917-1929 ж.ж. құрылуы, нығаюы және практикалық қызметінің тарихы)» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады [4, 39-б.].

Ғалым Кеңес Нұрпейіс 1970-1980 жылдары жарыққа шыққан бес томдық «Қазақ ССР тарихы» атты академиялық басылымның, редакциялық алқа мүшесі болды [5,7].

Мұнан кейінгі жылдарда ғалымның зерттеу аясына сонымен бірге 1918-1920 жылдардағы ұлттық-мемлекеттік құрылыс, Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының құрылу тарихы, Орта Азия республикалары мен Қазақстанның ұлттық-территориялық межеленуі, Кеңес өкіметінің Қазақстандағы аграрлық реформалары, республикадағы қоғамдық-саяси өмір мәселелері енді. Осы ізденістер нәтижесінде К. Нұрпейіс бірқатар монографиялық еңбектер жазды. Олар: «Қазақстан Советтерінің I Құрылтай съезі» (Алматы, 1970), «Қазақстан - республикам менің» (Алматы, 1980), орыс тілінде «Қазақстан шаруаларының тарихы» (Г.Ф. Дахшлейгермен бірігіп жазған. Алматы, 1985, Т. 1), «Қазақстанда Кеңестердің құрылуы» (Алматы, 1987), «Куйбышев және Қазақстан» (В.С. Познанскиймен бірігіп жазған. Алматы, 1988) және басқа еңбектер. Мұнымен қатар ол көптеген кітапшалар, ғылыми басылымдар мен журналдарда, мерзімді баспасөзде, «Қазақ Совет энциклопедиясы», «Ұлттық энциклопедия» басылымдарында жарияланған мақалалар мен рецензиялар жазды.

Оның 1978-1981 жылдары негізгі авторлардың бірі ретінде көне заманнан бүгінге дейінгі «Қазақ ССР тарихын» шығаруға катынасуы ғалым өміріндегі елеулі белес болды. Осы жұмыс үшін ол 1982 жылы Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының бір топ көрнекті ғалымдарымен бірге Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағына ие болды. 1989 жылы Ұлттық Ғылым академиясының мүше-корреспонденті болып сайланды. 1980 жылдардың соңы - 1990 жылдардың бас кезінде қоғамдық-саяси өмірдегі түбегейлі өзгерістерге байланысты Қазақстанның тарих ғылымында да бетбұрыс басталды. Қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар алдында өткен тарихи жолды жаңа тұрғыдан зерделеу міндеті тұрды. Бірінші кезекте Қазақстан тарихындағы «ақтаңдақтарды» жою, халықтың мәдени мұрасын жаңғырту бағдарламасы жасалды. Осы кезден бастап К.Нұрпейіс басқаратын бөлім Қазақстан Республикасы тарихының өзекті мәселелерін зерттеуге зор үлес қосып келді. КСРО-ның ыдырауы, Қазақстан тәуелсіздігінің жариялануы, ұлттық сана-сезімнің өсуі тарих ғылымының қоғамдағы орнын өзгертуді және өткен тарихты зерттеудің, оның ішінде Кеңес дәуірінің тарихы да бар, жаңа тұжырымдық негіздегі методологиялық әдістерін қарастыруды талап етті. Нәтижесінде бір кезде Кеңестік режим мен Коммунистік идеология тыйым салған XX ғасырдың бас кезіндегі ұлт-азаттық қозғалысы, Алаш және «Алашорда» тарихы белсенді зерттеле бастады. Осы мәселелерді жаңа тұрғыдан зерттеуге К. Нұрпейіс өзі тікелей белсенділік көрсетті.

Ғалым алғашқылардың бірі болып XX ғасырдың бас кезіндегі ұлт-азаттық козғалыс тарихын, оның ішінде 1917 жылы ақпан және қазан революциялары мен Алаш көтерген Қазақ Автономиясының тарихын объективтік тұрғыдан зерттеу мәселесін көтерді. 1990 жылдары Тарих институты және өзі К. Нұрпейіс күш салып жүріп, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мұрағатына рұқсат алып, жарты жыл тапжылмай отырып зерттеу жүргізді. Ғалым «Алаш қайраткерлерінің кім болғанын сонда анық білдім» - деп, бөлімше бастығы болған Ресей Федерациясының қылмыстық кодексінің 58 бабына сәйкес сотталып, 1943 жылы Карлагтың бір лагерінде қайтыс болған әкесі Нұрпейіс рухына арнап «Алаш һәм Алашорда» еңбегін жазған болатын [6, 417-б.]. Тарихымыздың тылсым иірімімен суырылып шыққан «Алаш туралы сөз» атты құжаттық жаңа фильм де К. Нұрпейістің ғылыми кеңесші ретінде жаңа қырын таныта алды. Ол «Алаш һәм Алашорда» атты монографиясын жариялады (Алматы, 1995). Сонымен қатар, ғалым қазақ интеллигенциясының аса көрнекті өкілдері, Алаш қозғалысы қошбасыларының шығармашылық мұрасын зерттеді. Бұл жұмыстың нәтижесінде ол Х. Досмұхамедовтың, М. Тынышбаевтың, Ә. Ермековтің шығармаларын, олар туралы құжаттық материалдарды жариялады.

К. Нұрпейіс Алаш ұлт-азаттық қозғалысы және «Алашорда» Автономиясының тарихын зерттейтін ғылыми мектептің негізін салушылардың бірі. Ғалым Т. Рысқұловтың өмірі мен қызметін зерттеуге, шығармаларын жариялауға да зор үлес қосты.

Ізденістер мен көпшілігі әртүрлі мұрағаттардың бұрын жабық жатқан қорларынан алынған материалдар ғалымға кеңестік режимге рухани және саяси салада қарсылық көрсету тарихы туралы байыпты зерттеулер жүргізуге мүмкіндік берді. Оның Е.Б. Бекмахановтың өмірі мен қызметі, оны қуғын-сүргінге ұшырату себептері туралы жазғандары, Е. Бекмахановтың «Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында» атты монографиясын талқылаған мәжіліс стенограммасын жеке кітап етіп жариялауы жұртшылық арасында зор ықыласқа ие болды.

К. Нұрпейіс авторларынын бірі және бас редакция алқасының мүшесі ретінде бес томдық көне заманнан бүгінге дейінгі «Қазақстан тарихын» дайындап шығаруға қатынасты [7, 339-340-бб.].

Академик К. Нұрпейіс республикадағы археографиялық істің дамуына зор үлес қосты. Ол негізінен Қазақстанның XX ғасырдың тарихы бойынша құнды құжаттарды тауып, өңдеп, ғылыми айналымға енгізді. Ғалым Қазақстанда жарияланған 20-дан астам құжаттар жинағыньң құрастырушысы, редакторы, алғысөзі мен түсініктемелерінің авторы болды.

Тарихи білімді негізгі таратушылардың бірі болып, өзге тарихи зерттеулермен қатар, К. Нұрпейіс өзінің «Кіші Отанының», яғни Жетісудың тарихына көңіл бөлді. Оның шығармашылығы мен зерттеулерінің оқырмандары мен құрметтеушілер ғалымның туған жерге деген сүйіспеншілігіне, өзі таңдаған ғылымына деген адалдығына тамсанады. Ол - Кеген, Қарқара және Нарынқолдың көне және қазіргі тарихы жөніндегі зерттеулердің авторы. Сонымен қатар, ғалым «Атырау» энциклопедиясын құрастыруға қатысқан ғалымдардың бірі. Оның бұған қосқан үлесін сол кездегі Қазақстан Республикасының премьер-министрі И. Тасмағамбетов жолдаған мына алғыс хаттан көруге болады: «Атырау, Ақ Жайық өңірінің ақиқат шежіресі - «Атырау» энциклопедиясын жасақтап, оқырман назарына ұсынудағы ерен үлесіңіз үшін ел атынан ризашылығымды білдіремін. Кітапта өлке тарихы, оның тіршілік тынысы мен игілігін арттырған даңқты перзенттерінің өмір жолдары жан-жақты қамтылып, бүгінгі және келер ұрпақтарға зор тағылым берердей ғылыми, әдеби тұрғыда жеткізіле берілсе, біз автор ретінде сіздің айшықты қолтаңбаңыз бар деп есептейміз» [8, 14-б.] .

Сонымен бірге 1916 жылы Қарқара көтерілісіне арналған тарихи эсселер, сондай-ақ, осы өлкенің танымал өкілдері - Ақай Нүсіпбеков, Нұрбол Өмірзақов, Ыдырыс Көшкінов, Айтжан Түркебаев, Сұраншы Сауранбаев, Сәрсембай Бейсембетов, Аужан Ниязбеков және т.б. туралы бірқатар мақалалар да ғалым қаламынан туған болатын.

К. Нұрпейіс белсенді ғылыми-редакторлық жұмыстарды да атқарып келді: 15 жыл бойы «Қазақ ССР ҒА Хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы» журналы редакциялық алқасының жауапты хатшысы болды. 1998 жылдан бастап «Отан тарихы» журналының, Швецияда шығатын «Центральная Азия и Кавказ» қоғамдық-саяси журналы редакцияларының алқа мүшесі қызметін атқарды. «Қазақ тарихы» журналы шыға бастағаннан бері оның редакциялық алқа мүшесі, «Ұлттық энциклопедия» басылымдарының тарих секциясының төрағасы қызметтерін атқарды. 2004 жылдан бастап оның басшылығымен «Туған өлке» журналы шығарылды. Оның ғылыми редакторлығымен Қазақстан тарихының өзекті мәселелеріне арналған 16 монография мен мақалалар жинақтары жарық көрді.

К.Н. Нұрпейіс жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарының есімін қайтару саласында үлкен қоғамдық жұмыс атқарды. Ол Республикалық «Әділет» ерікті тарихи-ағарту қоғамы құрылтайшыларының бірі және басқарма мүшесі болды. К.Н. Нұрпейіс Москва, Ереван, Ташкент, Бішкек, Уфа және басқа да қалаларда өткен халықаралық және республикалық ғылыми конференциялар мен симпозиумдарға қатынасып, құнды баяндамалар жасады.

Академик К.Н. Нұрпейіс Отандық тарих ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі жоғары бағаланды. Мемлекет тарапынан көптеген марапаттауларға ие болды. 1989 ж. ол Ұлттық Ғылым академиясының мүшесі, 2003 жылы толық мүшесі (академигі) болып сайланды. 1997 жылы ол Әлеуметтік академияның толық мүшесі (академигі) болып сайланды. 1995 жылы «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі» белгісімен марапатталды. 1998 ж. К. Нұрпейіске «Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері» құрметті атағы берілді.

Кеңес Нұрпейіс «Тарихи тұлғалар» мақалалар жинағы 2007 жылы жарық көрді [8]. Кітапта Қазақстандағы XIX-XX ғасырлардағы ұлт-азаттық қозғалыстарының тарихы, Республикамыздың қоғамдық-саяси өмірінің мәселелері, 1917 жылғы қос революция, Алаш қозғалысының тарихы, 1918-1920 жылдардағы Азамат соғысының мәселелері тақырыбында кейінгі жылдары жазып, кезінде баспасөзде жарық көрген материалдары жинақталған. Барлығы 45 мақалалары жинастырылып ұсынылған болатын. Мұнда Қазақстан тарихына жаңаша тұжырымдарға сай зерделеу бағытымен танысып, коммунистік идеологияның кесірінен есімдері аталмай келген көрнекті ардагерлерінің өмірі мен қоғамдық қызметтері, тәуелсіздік жолындағы табанды күрестері жайлы дәйекті мағлұматтар берілген. Кітап Алаш қозғалысының 90 жылдығы, қызыл қырғынның 70 жылдығына арналып шығарылған болатын [9].

Ғалым өзінің ғылыми ізденістерінің нәтижесінде көптеген мұрғаттарда қажырлы еңбек етті, олар: ҚР ОММ, Омбы, Семей, облыстарының ОММ мұрағат қорларын, Өзбекстан Республикасының ОММ, РФ Мемлекеттік мұрағаты, Жамбыл, Шымкент, Ташкент облыстық, мемлекеттік мұрағаттары, Орынбор облыстық ОММ мұрағаты. Ғалымның жоғарыда аталған еңбектері көп жылдар бойы осы мұрағат материалдарын қажырлы еңбекпен жинақтап, талдау нәтижесінде туындаған болатын.

Қазақстанның тарих ғылымы бастауында тұрған ғалымдардың қажырлы еңбектерінің арқасында калыптасты. Олардың арасында танымал ғалымның орны ерекше. Ол Қазақстан Республикасында тарих ғылымының дамуына өзінің табиғи дарынымен, еңбек сүйгіштігімен және туған Отанға, Қазақстандық тарих ғылымына деген махаббатымен орасан зор үлес қосты.

Кеңес Нұрпейістің таныстарының естеліктерінде ғалымның дүниетанымының кеңдігіне, тарих ғылымы саласындағы эрудициясына, ғылыми-зерттеудегі мол тәжірибесіне, қайырымдылығына, ақ жаркын мінезіне, өз ісіне берілген адамдарды танып алуына, оларды интеллектуалды еңбек пен жаңа жетістіктерге құлшындыра алу шеберлігіне тәнті болды деп айтылады [10]. К. Нұрпейіс тек өз ісіне шын берілген ғалым ретінде ғана емес, үлкен кәсіби және өмірлік тәжірибесі бар адам ретінде де әріптестер мен студенттерінің шексіз құрметіне ие болды. Кеңес Нұрпейістің зерттеу жұмысы тың жаңалықтарға толы және Қазақстан Республикасының тарих ғылымын жаңа белеске көтеруге өзінің сүбелі үлесін қосқан айтулы ғалым болды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Алматы облысының мемлекеттік архиві. №1099-қор Нұрпейісов Кеңес Нұрпейісұлы

2 Қозыбаев М. Тәуелсіздіктің рухани көрінісі // Егемен Қазақстан. – 1999. - 26 маусым. ; Кеңес шыққан белес // Егемен Қазақстан. - 1995. - 14 наурыз.

3 Нұрпейісов К. Қазақстанның солтүстік-шығыс облыстарының Кеңестері. Кеңес үкіметін орнату және нығайту жолындағы күресте (1917 ж. ақпан-1918 ж. маусым). - Алматы 1963 // Алматы ОМА. 1099-қ., 1-т., 250- іс, 1-139-пп.

4 Ахметов Қ., Кәкенова Г. Дарынды зерттеуші, ұлағатты ұстаз // Жаңа Сарыарқа. - 2005. - №6.

5 Әбілсейіт М. Зиялылар шоғырындағы жұлдыз // Мұнайлы Астана. – 2005. - 11 наурыз.

6 Омарбеков Т. Алаш қозғалысының жаңа тарихы // Тарихпен өрілген тағдыр. - Астана 2007; Тарихшы тұғыры //Алматы Ақшамы. – 1995. - 13 наурыз.

7 Кеңес Нұрпейісұлы Нұрпейіс. Қазақстан ғалымдарының библиографиясына материалдар. - Алматы. - 2005.

8 Нұрпейіс К. Тарихи тұлғалар. – Алматы, 2007.

9 Қабдешұлы Б. Өткенді ескеру - өскендіктің белгісі // Жетісу. - 1998. - 21 ақпан.

10 Жүкеш Қ. Еуроцентризм, жаһандану және ұлттық рух хақында // Қазақ әдебиеті. - 2007. - 23 наурыз.

ӘОЖ 94(574); 930:37.016

Ғ.З. ИСКАКОВА
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

К. НҰРПЕЙІСҰЛЫ - ПЕДАГОГ - ҒАЛЫМ
(К. Нұрпейісұлының жеке қор құжаттары бойынша)

Аңдатпа. Мақалада Алматы облысының мемлекеттік мұрағатының 2009 жылы құрылған № 1099 «Академик К. Нұрпейістің» жеке қоры материалдары негізінде ғалым, ұстаз Кеңес Нұрпейісұлының ұстаздық қызметі жан-жақты қарастырылған. К.Нұрпейісұлы тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап мектеп оқушылары үшін жазылған Қазақстан тарихы бойынша алғашқы оқулықтарды жазуға ат салысып, мектеп оқулықтарының сапасын арттыруға, жастардың патриоттық санасын қалыптастыруға өзінің орасан зор үлесін қосты. Жоғары оқу орындарындағы педагогикалық тәжірибесі нәтижесінде ұлағатты ұстаз өскелең ұрпақты ғылымға баулып, белгілі ғалымдар қатарын тәрбиелеп шықты. Аталған мақалада ғалымның ұзақ жылдардағы еңбектерінің мазмұны мен нәтижелері мұрағат құжаттары материалдары негізінде талданды.

Түйін сөздер. жеке тектік қор, құжат, Кеңес Нұрпейісұлы Нұрпейіс, материал, іс, тізімдеме, оқулық, ЖОО, Отан тарихы.

Кіріспе

К.Н. Нұрпейісұлы ғалым, тарихшы, академик, тарих ғылымының докторы өмірін отандық тарих ғылымы мен жоғары мектепке арнаған болатын. Ол тарих ғылымының қайраткері ғана емес, оның шынайы жанашырларының бірі еді. Ғалым тарих ғылымын халық арасында насихаттауға, халықтың жаңа тарихи санасын қалыптастыруға белсенді қатысты. Ұстаз ретінде ғалым өзін бар қырынан таныта алған болатын.

Ол жоғары оқу орындары мен мектептер үшін Қазақстан тарихы бойынша оқулықтар мен оқу құралдарын жазуға белсене қатысып келді. Оның қатысуымен жазылған орта мектептердің 9- 10-11 сыныптарына арналған оқулықтары мыңдаған таралыммен қазақ, орыс және ұйғыр тілдерінде жарияланды. Атап айтқанда, Б. Аяған, Жақсыловқовпен бірге «Қазақстан тарихы» атты 11 сыныпқа арналған оқулық және 2001 жылы 9-сыныпқа арналған оқулықты академик М. Қозыбаев пен К. Жүкешевпен бірлесіп жазған. Бұл тәуелсіздік алған Қазақстанда «Қазақстан тарихы» оқулықтарының алдыңғы қатары болды десек болады. Сондықтан да қоғамда бұл оқулыққа үлкен қызығушылық туындады. Оқулық екінші дүние жүзілік соғыстан кейінгі кезеңнен бастап 1994 жылға дейінгі уақыт аралығын қамтыды. Бір кезде отарлық езгіде болған, қазақ даласының ахуалы оқулықтан көрініс тапты. Олардың ішінде республиканың ядролық қарулардың сынақ полигонына айналуы, халық құрамының өзгеруі, экономиканың дамуы және басқа да мәселелер қамтылды. Халықтың қоғамдық-саяси өміріндегі құбылыстар, КОКП-ның әкімшілдік-әміршілдік саясаты сыни көзқараспен жазылған еді [1, 57]. Содан бері Қазақстанда 10-11 сыныптарға арналған Қазақстан оқулықтары қайта-қайта басылып шыққан болатын, ғалымның бұл кітабы соларға бастама болды десек қателеспес едік. Мамандар мен жалпы оқырман қауым қабылдаған бұл оқулық екінші дүние жүзілік соғыстан кейінгі кезеңнен бастап бүгінгі күнге дейінгі уақытты камтиды. Онда жаңа көзқарас тұрғысынан елеміздің өткен жолы дәуір құжаттары негізінде баяндалады. Бір кезде отарлық езгіде болып, империяның шикізат шылауына айналған қазақ даласының ахуалы оқулықтан анық көрініс тапқан болатын. Олардың ішінде республиканың ядролық және ракеталық қарулардың сынақ полигонына айналуы, халық құрамының дамуы және басқа да мәселелер бар. Елдің саяси-қоғамдық өміріндегі құбылыстар, КОКП-ның әкімшіл-әміршілдік сыни көзқарас пен дұрыс жазылған. Оқулықтың соңғы бөлімі Қазақстанның егемендік алуына, тәуелсіз мемлекет ретіндегі алғашкы қадамдарына арналған болатын. Әрине кемшіліксіз дүние жоқ. Әсіресе бұл қазақ тілінде кездескен қателіктер болды. Оның үстіне орысша басылымында бар дәуір құжаттарының көлемі екі баспа табақтай бөлігі қазақша аудармасында түсіп калған болатын [1, 58-б.]. Оқулық шыққан соң бір жарым жыл өткеннен кейін осы оқулыққа «Қазақ тарихы» журналы ерекше назар аударып, 1995 жылғы 2-3 сандарында екі түрлі рецензия жарияланған болатын. Жалпы қоғамда оқулық жақсы лебіздерге ие болды деп тұжырым жасауға болады.

Қазақстандағы жалпы білім беретін мектептер үшін Қазақстан тарихы оқулықтарының мән-жайы туралы ғалым қашанда хабардар болып, өз ой тұжырымдарын соған байланысты сұқпаттарда білдірген болатын. Кітаптардың сапасы туралы мынадай ой-білдірген болатын: «Қазақстандық төл

оқулықтардың мазмұнында артық айтылған немесе кем айтылған тұстар бар. Республиканың білім және ғылым қызметкерлерінің III съезінде Президент Н. Назарбаев кейбір оқулықтарға сын айтты. Аталған оқиғадан кейін оқулықты сынаушылар күрт көбейді. Сол сынға байланысты кейбір оқулықтар қайтадан жазылып, түзетулер мен өзгерістер енгізіліп жатыр [2].

Ғалымның ойы бойынша отандық тарихтың қайта саралап, екшелеп алатын тұстары да көп еді. Қазақстанда идеологтардың жазған тарихы бар, әркімнің жинаған фактологиясы мен өзінше қорытулары бар, ұлттық мүдде тұрғысынан жазылған тарих жоқ. Сондықтан ғалым мектепте оқытылатын Отан тарихының мазмұны қайта қаралуы керек деп тұжырым жасаған болатын.

Қазақ тарихының жарқын беттері де аз емес еді, біздің ата-бабаларымыздың жалпы адамзаттық өркениетке қосқан үлесі де қомақты. Қазақстан жеріндегі көне мәдениет, далалық немесе көшпелілер, қалалық немесе отырықшылар өркениеті байланыстыра зерттелуі керек. Соның ішінен мектеп оқулығына енгізілуге тиісті материалдарды іріктеуге мұқият қараған жөн деген қорытындыларды автор жасаған еді.

Тарихи айғақтың бәрі бірдей зерттеуші үшін ақиқат болғанымен, оқушы үшін тәрбие құралы бола алмайды. Зерттеуші айғақты саралай отырып, қоғамның бұдан былай ондай келеңсіздіктерді қайталамай алға басуын қамтамасыз ететін тұжырымдарды қорытып шығаруға міндетті. Ал мектепте оқытылатын тарихтың міндеті мүлдем басқа: тарихтың жаркын беттерін, халықтың рухы өрлеп тұрған тұстарын, адамзат өркениетіне қосқан қомақты үлесін сипаттауға мейлінше көп орын бере отырып, баланы отаншылдыққа тәрбиелеу керек. Ал тарихи дағдарыстар, әлеуметтік катаклизмдер, қоғамның статикалық күйі, кері кетулер мен тоқыраулар мөлшерімен берілуі керек және олардың себептері айқынырақ көрсетілуі және сол кездегі тарихи дамудың баламалы жолы болғаны тарихтан сабақ алу мақсатында алға тартылуы керек [3].

Сонымен катар К. Нұрпейсұлы қазақ және орыс тілдерінде жарияланған бір томдық «Қазақстан тарихы. Очерктер» кітабы авторларыньң бірі де болды.

Студенттердің көптеген буыны үшін тарихи білім Кеңес Нұрпейісұлының тамаша дәрістерімен байланысты болды. К. Нұрпейісұлы 1996-2003 жылдар аралығында ҚызПИ және Қайнар жоғары оқу орындарында тарих және тарих емес факультеттерінің 1-2 курс студенттеріне көне дәуірден бастап қазіргі дәуірге дейінгі уақыт кеңістігін қамтитын Қазақстан тарихынан дәрістер оқыды [4, 496-б.].

Тағыда бір мәселелердің бірі ретінде ғалым мектепте және жоғары оқу орындарында көп талқыдан өткен тарих оқулығы тапшылығы туралы жазды. Оқушы қалағанын оқысын деген «демократия» бар. Бұл әлгі дүмбешелер жазған дүмбілез оқулықтарға жол ашты. Әр оқулықта дерек көзі әр түрлі. Қиял-ғажайыптар көп. Оның зардабын оқушылар мен мұғалімдер тартып, қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екенін білмей дал болып жүр деп мәселенің көтерген еді.

Көптеген сынақтардың өткізілуі оқушылар біліміне әсер еткенін де ғалым жазған болатын. Гуманитарлық пәндерден, оның ішінде тарихтан сынақты тестпен алатын үрдіс қалыптасты, бұл жаратылыстану пәндеріне ыңғайлы болса да тарих пәніне ыңғайсыз екендігін тұжырымдады. Тарих ғылымының дамуы оның мектеп деңгейінен бастап жолға қойылуы ілгері дамуының кепілі ретінде ғалым қарастырды.

Академик К.Н. Нұрпейісұлы жоғары білікті ғылыми кадрлар даярлау ісіне зор көңіл бөлді. Профессор ретінде К.Н. Нұрпейісұлы 1973 жылдан бастап Қазақ мемлекеттік Қыздар педагогикалық институтының тарих факультетінде қызмет істеді. Оның ғылыми жетекшілігімен 38 кандидаттық, 9 докторлық диссертациялар қорғалды [5].

К.Н. Нұрпейісұлы бірнеше жыл Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының докторлық диссертациялар қорғау жөніндегі Диссертациялық кеңесінің төрағасы болды, кейін осы кеңестің және Қазақстан тарихы бойынша ғылыми-проблемалық кеңестің мүшесі қызметін атқарған. 1992-1996 жылдары ол Жоғарғы аттестациялық комитеттің тарих ғылымдары бойынша сараптау кеңесінің төрағасы қызметін атқарды [6, 39-б.].

К. Нұрпейісұлының шәкірттері көп. Оның ғылыми жетекшілігімен 9 докторлық, 40-қа жуық кандидаттық диссертациялар қорғалды. Шәкірттері ғылыми дәрежелерге ие болып, ғылыммен айналысып, ұстаздық қызмет атқарып келеді. К. Нұрпейісұлының жетекшілігімен Қазақ тарихын зерттеуге сүбелі үлес қосып келе жатқан ғалымдар докторлық және кандидаттық диссертациялар қорғады. Олар: Н.Э. Алдабек, Қ. Ахметов, С. Д. Дильманов, Т. Омарбеков, Қ. Атабаев, Г.М. Какенова, А.Т. Капаева [7, 7-б.] т.б.

Өмірінің соңғы 20 жылында XX ғасырда елімізде орын алған саяси қуғын-сүргін тарихын зерттеуге, тоталитарлық саяси-мемлекеттік жүйенің құрбаны болған ондаған, жүздеген Алаштың жақсылары мен жайсаңдарының есімін ақтау ісіне зор үлес қосқанын ерекше атап өту керек. А. Байтұрсынов, Ә. Ермеков,

Т. Рысқұлов, М.Тынышбаев, Х. Досмұхамедов, О. Жандосов, С. Сәдуақасов өмірі мен шығармашылығын зерттеп, Жетісу өңірінің арғы-бергі тарихына да жете мән беріп, осы өңірден шыққан мемлекет және қоғам қайраткерлерінің өмірі мен қызметін қалың жұртқа таныстырып, жас ұрпакпен табыстырған.

К. Нұрпейісұлы «заманына карай адамы демекші, алашордашылар туралы әр түрлі жаздым»- деп, мойындап, «темір құрсау сыр беріп, сыры ашыла бастағанда сол қатені түзетуге тырыстым»-деп, тағы жазған болатын. 1989 жылдан бастап Алаш азаматтарына телінген қара дақтың бәрі жала екенін зерттеп зерделеуге үздіксіз қатысты.

Кеңес Нұрпейісұлы 460-тан астам ғылыми және ғылыми-көпшілік еңбек жазған. Олардың ішінде 20-дан астам монография мен мектептерге арналған оқулықтар бар. 10-нан астам құжат жинақтарын құрастыруға қатысып, олардың көпшілігінің ғылыми және жауапты редакторы болды. Көптеген ұжымдық еңбектерді, олардың қатарында академиялық 5 томдық Қазақстан тарихының 2 басылымын жазуға қатысқан. Ғалым республикадағы археография ісінің дамуына да көп үлес қосты. 15 жыл бойы «Қазақ КСР ҒА хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы» журналы редакция алқасының жауапты хатшысы болды, Швецияда шығатын «Центральная Азия и Кавказ » қоғамдық-саяси журналы редакция алқа мүшесі міндеттерін үш жыл атқарды. 2003 жылдан бастап «Туған өлке» журналының бас редакторы. Республикалық тарихи-ағартушылық «Әділет» қоғамының (1989 ж. құрылған) құрылтайшысының бірі және вице-президенті болды. Кеңес Нұрпейісұлы 1989-2005 жылдары саяси қуғын-сүргін құрбандары болған Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Ә. Ермеков, Т. Рысқұлов, М.Тынышбаев, Х. Досмұхамедов, О. Жандосов мұраларын жариялап, бағалауға қомақты үлес қосты [8].

Егемендігін алған Қазақстанның шынайы қазақ тарихын жазуда, жаңа ұрпақты тәрбиелеу жолында К. Нұрпейісұлының қалдырған мұраларының ғылымда алар орны ерекше. Мұрағат материалдарына жүгіне отырып К. Нұрпейісұлы әсіресе Алаш козғалысы және XX ғасыр басындағы қазақ ұлт зиялыларының қызметіне, аграрлық және шаруалар тарихы, 1917 жылғы қос революция т.б. көкейкесті уақиғаларға байланысты мол зерттеулер қалдырған және олар отандық тарихнамада іргелі зерттеулер катарына жаткызылады.

Қазақстанның тарих ғылымы бастауында тұрған ғалымдардың қажырлы еңбектерінің арқасында калыптасты. Олардың арасында танымал ғалым -Кеңес Нұрпейісұлының орны ерекше. Ол Қазақстан Республикасында тарих ғылымының дамуына өзінің табиғи дарынымен, еңбек сүйгіштігімен және туған Отанға, Қазақ тарихына деген махаббатымен орасан зор үлес қосты.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Асылбеков М. Тарих оқулықтарына әділ сын болсын // Қазақ тарихы. -1995. - №1.
2. Жүкеш Қ. Еуроцентризм, жаһандану және ұлттық рух хақында // Қазақ әдебиеті. - 2007. - 23 наурыз.
3. Өмірбек О. Тарихты терең зерттеу - уақыт талабы // Егемен Қазақстан. - 1998. - 8 сәуір.
4. К. Нұрейісұлының дәрістер дәптерлері. 1996-2003 // Алматы облысының мемлекеттік архиві. 1099-қ., №1-т., № 164-іс, парақ 496-п.
5. Кеңес Нұрпейісұлы Нұрпейіс. Қазақстан ғалымдарының библиографиясына материалдар. - Алматы.-2005.
6. Ахметов Қ., Кәкенова Г. Дарынды зерттеуші, ұлағатты ұстаз // Жаңа Сарыарқа. - 2005. - №6.
7. Мұқтар Ә. Зиялылар шоғырындағы жұлдыз // Мұнайлы Астана. -2005ж. - 11 наурыз.

94(574).084.6

Құдайбергенова А.И., Омарова Г.Ә., Мурзаходжаев Қ.М.
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

«ОТАНЫН САТҚАНДАР ӘЙЕЛДЕРІНІҢ АҚМОЛА ЛАГЕРІ» ТАМҰҒЫНДА

Аңдатпа. Мақалада Ақмола лагерінің мысалында КСРО-дағы, соның ішінде Қазақстандағы еңбекпен түзету лагерлерін құрудың заңнамалық, экономикалық және саяси қырлары талқыланады. Сондай-ақ, мұрағаттық құжаттар негізінде «Отанын сатқандар әйелдерінің Ақмола лагерінде» болған әйелдердің өмірінің жаңа белгісіз тұстары анықталады. Авторлар әр түрлі мұрағаттық құжаттарды, тақырып бойынша жарияланған материалдарды М.Т. Юзипенконың жеке қорындағы естеліктерімен салыстыра отырып, жүйеледі және өңдеді. Жоғарыда келтірілген мәліметтерді талдай отырып, авторлар тұтқындарды ұстау ерекшеліктеріне, олардың күнделікті қиын өміріне, еңбек ету нормаларына және т.б. тоқталады.

Түйін сөздер. АЛЖИР, ГУЛАГ, КарЛАГ, қуғын-сүргін, қызыл террор, тоталитаризм еңбекпен түзеу лагері, жазықсыз жазаланған әйелдер, отанын сатқандардың отбасы мүшелері, балалар тағдыры

Құдайбергенова А.И., Омарова Г.А., Мурзаходжаев Қ.М.
Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова

В АДУ «АКМОЛИНСКОГО ЛАГЕРЯ ЖЕН ИЗМЕННИКОВ РОДИНЫ»

Аннотация. В статье рассматриваются законодательные, экономические и политические аспекты создания исправительно-трудовых лагерей в СССР, частности в Казахстане на примере Акмолинского лагеря. Также на основе архивных документов, раскрываются новые неизвестные страницы из жизни заключенных женщин «Акмолинского лагеря жен-изменников Родины». Авторы впервые сопоставляя различные архивные материалы с воспоминаниями из личного фонда Юзипенко М.Т. и с опубликованными материалами по теме систематизировали и обработали архивные данные. Анализируя вышеупомянутые данные, авторы проливают свет на особенности содержания арестанток, на их тяжелую бытовую жизнь, трудовую норму, и т.д.

Ключевые слова: АЛЖИР, КАРЛАГ, ГУЛАГ, РЕПРЕССИЯ, КРАСНЫЙ ТЕРРОР, ТОТАЛИТАРИЗМ, ИСПРАВИТЕЛЬНО-ТРУДОВОЙ ЛАГЕРЬ, НЕСПРАВЕДЛИВО ОСУЖДЕННЫЕ ЖЕНЩИНЫ, ЧЛЕНЫ СЕМЕЙ ИЗМЕННИКОВ РОДИНЫ, ТРАГИЧЕСКИЕ СУДЬБЫ ДЕТЕЙ

Annotation. В статье рассматриваются законодательные, экономические и политические аспекты создания исправительно-трудовых лагерей в СССР, частности в Казахстане на примере Акмолинского лагеря. Также на основе архивных документов, раскрываются новые неизвестные страницы из жизни заключенных женщин «Акмолинского лагеря жен-изменников Родины». Авторы впервые сопоставляя различные архивные материалы с воспоминаниями из личного фонда Юзипенко М.Т. и с опубликованными материалами по теме систематизировали и обработали архивные данные. Анализируя вышеупомянутые данные, авторы проливают свет на особенности содержания арестанток, на их тяжелую бытовую жизнь, трудовую норму, и т.д.

Keywords. alzhir,, KARLAG, GYLAG, repression, КРАСНЫЙ ТЕРРОР, totalitarianism, ИСПРАВИТЕЛЬНО-ТРУДОВОЙ ЛАГЕРЬ, НЕСПРАВЕДЛИВО ОСУЖДЕННЫЕ ЖЕНЩИНЫ, ЧЛЕНЫ СЕМЕЙ ИЗМЕННИКОВ РОДИНЫ, ТРАГИЧЕСКИЕ СУДЬБЫ ДЕТЕЙ

Кіріспе

Жаппай саяси қуғын-сүргін әлі күнге дейін толыққанды әрі жүйелі зерттелініп болған жоқ. Мәселен, сасяи қуғын-сүргінге ұшыраған тұлғалардың отбасы мүшелері мен туған-туыстарының қудалау саясаты жете зерттелмеген.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев: 2008 жылдың 31 мамырында ««Алжир» тоталитарлық және қуған сүргіндерге арналған мемориалды мұражайдың» ашылу салтанатында «Дүние жүзінің ешқандай елінде халық жауының әйелдеріне бұндай жаза қолданылмаған. Әйелдер мен балалар тек

репрессияға ұшырағандардың туыстары болғаны үшін айдалаға апарылып аштық, ауру, азапқа, өлімге айдалған» - деп айтқан еді.

Мұрағат қойнауларында саяси қуғын-сүргін тақырыбына қатысты деректер жеткілікті. Алайда, толыққанды талдауға түспеген. Мұрағат деректері, жинақтар мен БАҚ беттерінде жарияланған естеліктерді жинақтау, талдау арқылы, АЛЖИР лагерінің мысалында кеңестік тоталитарлық қоғамның қылмысын әшкерелеуді мақсат тұттық. Себебі, АЛЖИР-дегі әйелдердің тұтқындалу себептерін, олардың үстерінен заңсыз қозғалған қылмыстық істерді ғылыми тұрғыдан зерттеу арқылы кеңестік тоталитарлық қоғамның адам құқығын аяққа басқан саясатын тереңдете ашу өзектілігін жойған жоқ.

Материалдар мен әдістер

Алматы (ҚР Орталық мемлекеттік архиві, ҚР Президенттік архиві, ҚР кино-фото құжаттар мен дыбыс жазу архиві және т.б.), Астана (Астана қалалық мемлекеттік архиві, «АЛЖИР» мұражай-мемориалдық кешенінің архиві) және РФ Москва (Ресей Федерациясы мемлекеттік архиві, Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарихы архиві, «Мемориал» қоғамы архиві және т.б.) қалаларында орналасқан архивтердегі жұмыс нәтижесінде жинақталған архивтік материалдар, естеліктер, құжаттар жинағы мен басқа да деректерді жарияланған материалдармен салыстыра талдау негізінде мақала даярланды.

Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде табиғат құбылыстары мен қоғамды танудың диалектикалық әдістері пайдаланылды. Зерттеу барысында жалпы ғылыми және арнайы-тарихи әдістер қолданылды. Жалпы ғылыми әдістер арасында анализ, синтез, логикалық әдістер қатыстырылды. Арнайы-тарихи әдістер санатында тарихи-ретроспективті, тарихи-типологиялық, тарихи-жүйелі әдістерді айтып өтуге болады.

Талқылау

Тәуелсіздік алған соң мұрағаттағы дерек көздеріне зерттеушілердің қол жеткізуі сталиндік кезеңнің ақиқатын танып-білуге, яғни сапалы зерттеулердің жариялануына әкелді. Сондай-ақ АЛЖИР-ге арналған мақалалар мен саяси қуғын-сүргінді басынан кешірген аналардың естеліктері де мерзімдік басылымдарда жарияланды.

Қазақстандық ғалымдар да жазықсыз жазаланған аналар тағдырын зерттеуге өзіндік үлес қоса бастады. Мәселен, Шаймуханов Д.А., Шаймуханова С.Д. лагерьлерді зерттеп қана қоймай, Ақмола лагеріне жеке бір тарау арнаған [Шаймуханов, Шаймуханова, 1997]. Алайда, Қазақстандық әйелдердің қуғындалу тарихы терең көрсетілмейді. С.Д. Шаймуханованың [Шаймуханова, 2000] еңбегінде ІІХК қызметкерлерінің көпшілігінің заңсыз іс-әрекетке барғандығы, ГУЛАГ-тың Кеңес мемлекетінің ішіндегі ірі империяға айналғандығы айтылады. Осы кітаптың бір тарауында «АЛЖИР» тарихы баяндалады. Сонымен қатар А. Әбдәкімовтың зерттеуінде [Абдакимов, 1997].

«АЛЖИР» тұтқындарының қайғылы тағдыры жалпылама қарастырылғанымен, қазақ әйелдерінің қуғын сүргінге ұшырауы арнайы зерттелінбеген. А.Р. Кукушкинаның еңбегінде «Отанын сатқандар» әйелдерінің Ақмола лагерінің құрылуы мен қызметі (XX ғ. 30-40 жж.) талданады [Кукушкина, 2002: 184]. Мұнда ГУЛАГ жүйесінің құрылуы, АЛЖИР-дегі ауыр жағдай, әйелдердің ақталу процесі құнды дерек көздері негізінде жазылғанымен саяси баппен сотталған әйелдердің тағдыры терең зерттелмеген. Автор саяси бап бойынша сотталған әйелдер туралы мәлімет тек қана 1942 жылдың 1 сәуір айынан бастап жүргізілгендігін айтады. Сондай-ақ АЛЖИР-дегі тұтқын әйелдердің әлеуметтік құрамы мен саны түрлі мәліметтерде түрліше көрсетілгендігін де ескертеді. Сондықтан АЛЖИР тақырыбында толыққанды зерттеу жүргізу қажеттілік деп есептедік.

Нәтижесі

Кеңес өкіметі жеңгеннен соң 1918-1919 жылдары «контрреволюционер мен олардың отбасыларының мүшелерін» тұтқындау, қуғындау және ату жазасына кесу шаралалары жүргізілген болатын. 1920-жылдары тоқтамаған бұл үдеріс 1930 жылдары ерекше қарқынмен жүрді. 1930 жылдар КСРО-да жаппай қуғын-сүргіннің халықтың қаймағын жалындай жалмап, әйел-ананы жазықсыз қудалап, сәбилерінен күштеп айырған зұлматты жылдардың куәсі болды.

1930 жылдың ортасынан КСРО аумағында әйелдерге арналған арнайы лагерлер ұйымдастырылды. Соның бірі «Отанын сатқандар әйелдерінің Ақмола лагері» (АЛЖИР).

«Отанын сатқандардың әйелдерінің Ақмола лагері» кеңестік кеңістікті өзінің темір торлы қоршауымен қоршаған тұтастай лагерлік жазалау жүйесінің (ГУЛАГ) бір бөлігі ғана. Жазалау лагерьлері қуғын-сүргінге толы «Қызыл террор» жылдарында Қазақстанда да жауыннан кейінгі саңырауқұлақтай қаулап, ондағы контингенттің саны, құрамы және түрлері өсті. АЛЖИР «отанын сатқандар» ретінде «әшкереленіп, жазаланып-қуғындалған әр түрлі этнос өкілдерінен шыққан қайраткерлердің анасы, әйелі, қызы болғандығы үшін ғана жазықсыз түрмеге түскендерді тоғытқан Кеңес Одағындағы 4 лагерьдің бірі болды: біріншісі Тотьмадағы (Ресей, Мордовия) «Темников» лагері (кейін бұл лагердегі тұтқын-әйелдер контингенті басқа лагерьлерге (соның ішінде АЛЖИРге де) қайта бөлініп жіберілді), екіншісі Горький

(қазіргі Нижний Новгород) қаласынан 40 шақырым жерде орналасқан «Тепляков» лагері, үшіншісі - «Алжир», төртіншісі – Фрунзеден (қазіргі Бішкек) 100 шақырым жердегі «Жангижер» лагерлері.

Сонымен, АЛЖИР еңбекпен түзету лагерлерінің бірі ғана. АЛЖИР мысалында лагерьлік жазалау жүйесінің құқықтық-заңнамалық негіздеріне тоқталсақ...

1917 ж. желтоқсан айында Кеңестік Ресейде жазалаушы орган – Бүкілресейлік Төтенше Кеңесі (ВЧК) құрылып, оның құзырына айыптау, жазалау, тұтқындау, шешім шығару секілді мәселелерде шексіз еркіндік берілді. 1918 ж. Халық Комиссарлар Кеңесі контрреволюциялық ұйымдарға, көтерілістерге, толқуларға қатысты адамдарға қарсы «қызыл террор» науқанын жүргізді. 1918 ж. 2 қыркүйегіндегі жарлыққа сәйкес контрреволюциялық элементтерді жоюға қарсы бағытталған қанды шара қабылданды. Ол бойынша кімде қару-жарақ, жарылғыш заттар табылса, көтеріліске қатысқан болса, бұрынғы жандарм қызметкерлерін, т.б. тез арада атып тастау бұйырылды. Ал жұмысшылар, солдаттар, шаруаларды атпай, түрмеге қамау керектігі айтылды [Яковлева, 2018]. Осыған орай Кеңес билігіне қарсы болғандарды қамауға ұстайтын лагерьлер жүйесі қажет болды.

1919 ж. сәуір айында Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті (ВЦИК) еңбекпен түзету лагерлерін ұйымдастыру туралы қаулы қабылдады, ал мамыр айында еңбекпен түзету лагерлерінің құрылымын Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің төрағасы М. Калинин бекітті. Бұл құжатта еңбекпен түзету лагерлерінің Губерниялық Атқару Комитеттерінің Басқару бөлімдерінде құрылу керектігі көрсетілді. Алғашқы кездері осы лагерлерді басқару ісі Губерниялық төтенше комиссияға жүктелді [О лагерях, 1971: 175].

Уездерде лагерлерді ашу үшін рұқсатты Ішкі Істері Халық Комиссариаты беретін болды. Бас бостандығынан айыру орындарының алдында екі міндет тұрды:

1. Өз шығынын өзіне өтету;

2. Сотталғандарды тәрбиелеп, қоғамға толыққанды адам етіп шығару.

Аталған міндеттер аясында барлық лагерь тұтқындары тез арада жұмысқа жегіліп, еңбек етуге мәжбүрленді. 1921 ж. Лениннің қолы қойылған түрмедегі тұтқындардың еңбегін пайдалану туралы қаулысы шығады. Ол қаулы бойынша Халық Комиссарлар Кеңесінің рұқсатымен адамның күші керек болып жатқан шаруашылықты, кәсіпорынды, ұйымдарды сотталғандар есебінен тегін жұмыс қолымен қамтамасыз ету жоспары бекітіледі. КСРО территориясындағы барлық лагерлерді бір орталықтан басқару мақсатында Орталық Басқарма құрылады (ОГПУ). Лагерлерді материалдық жасақтау мен құрылғылар алу үшін қаражаттарды Ішкі Істер Халық Комиссарияты бөліп, Губерниялық Атқару Комитеті арқылы сметалық тәртіппен берілетін болды. Лагерьлердегі дәрігерлік-санитарлық жағдайды қадағалау жергілікті денсаулық сақтау бөлімдеріне жүктелді [Яковлева, 2018].

Кеңес Одағы аумағында құрылғын барлық лагерлердің аталуын мақсатына қарай екі топқа бөлуге болады:

1. Ерекше мақсатқа арналған лагерьлер (1918 ж. бастап 1929 ж. дейін);

2. Еңбекпен түзету лагерлері (1929 ж. бастап).

Еңбекпен түзету лагерлерінің алғашқы тобы Ресейдің солтүстік аудандарында бой көтерді. Себебі, Ресейдің солтүстік аудандары қазба байлықтарға бай, мәселен Печора мен Воркута өзендерінің бойы тас көмірге, Ухта өлкесі мұнай қорларына бай, орман алқаптары өз алдына бар. Бірақ аталмыш жерлер адамның өмір сүруіне, еңбек етуіне өте қолайсыз әрі қауіпті еді. Кеңес билігі жазасын өтеп жатқандар арқылы бұл аймақтарды игеру мәселені шешуге тырысып, табиғаты қолайсыз аудандардың табиғи байлықтарын игеру үшін еңбекпен түзету лагерлерін сала бастады.

Соның бірі, әрі ең алғашқысы халық арасында «СЛОН» деген атпен тарап кеткен, бас бостандығынан айыру мекемесі ретінде КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің шешімімен 1923 ж. 13-қазанда құрылған Соловец лагері ерекше мақсатты еңбекпен түзету лагері болып табылады [Постановление, 2018]. Бұл түрмедегілер, негізінен, егін егумен, морская капустаны дайындаумен, мал бағумен айналысқан. Бұл лагерь, өзінің географиялық орналасу ерекшелігіне орай, көбінесе мемлекет саясатына нұқсан келтіргендерді **(**меньшевиктерді, ақгвардияшыларды, шіркеу қызметкерлерін, эсерлерді, т.б.) қоғамнан алыс ұстауға оқшаулау орны міндетін атқарған [Лопатин, 2018].

Айта кету керек, ІІХК (НКВД) құжаттарында «мәжбүрлі еңбек ету лагері» мен «концентрациялы еңбек ету лагері» терминдері синонимдес мағынада қолданылған. Сонымен қатар, сол кезеңге қатысты архив құжаттарында «концентрациялы еңбек лагерлері» деген атау да кездеседі [РФМА, 37]. Демек, мәжбүрлі еңбек ету лагерлерінің түрлерге бөлінуі тек қағаз жүзінде десе болғандай [Джекобсон, Смирнов, 2018] .

Арнайы мемлекеттік мекеме болғандықтан лагерлер жұмысының нақты белгіленген тәртіптері, құрылымы, жүйесі, т.б. аспектілері көрсетілген 1924 ж. 10 қазанда КСРО-ң Еңбекпен түзету лагерлерінің Кодексі жарияланады. Кодекстің «Қамау орындарындағы жалпы ережесі, оның негіздері мен ұйымдастырылуы» атты бөлімінің 1-тарауындағы 49-бабында былай жазылған: «Еңбекпен түзету

лагерлерінде адамдарды қинауға жол берілмейді, кісендеу, карцерге қамау, тамақ бермеу, туыстарымен кездестірмеу секілді физикалық тұрғыда қысым жасауға тыйым салынады». Алайда, шынай өмір бұл ережелердің қағаз бетінде ғана қалғандығын көрсетті [Исправительно-Трудовой, 2018].

Еңбекпен түзету лагерлер жүйесінің дамуы мемлекеттің экономикалық саясатының бағытымен тікелей байланысты болды. Мыңдаған тегін жұмыс қолын мемлекеттің экономикалық даму салалары бойынша пайдалану арқылы Кеңес билігі бірнеше мәселені бірден шешуді көздеді:

– Экономикалық тиімділікті арттыру;

– Қауіпті элементтерді қоғамнан оқшаулау;

– Кеңес мемлекетін тоталитарлық бақылауда ұстау.

Мәселен, 1925 ж. Сталиндік жүйе индустриализация бағытына көшкен болатын, яғни аграрлы экономикадан индустриялды экономикалық бағытқа өту жоспарланды. Алайда өнеркәсіп орындарын салу үлкен қаржыларды талап етті. Сонымен бірге, көп ұзамай елде ұжымдастыру науқаны басталған болатын (1929 ж.). Көптеген жаңа өнеркәсіптерді салу, ол үшін ақша табу, ұжымдастыру, соның салдарынан халықтың бас көтерулері, осының барлығы лагерлік жүйенің ұлғайып, кеңеюіне алып келді.

1929 ж. 13 мамырда Бүкілресейлік Коммунистік (б) партиясының Орталық Комитетінің Саяси бюросы «Қылмысы үшін тұтқындалғандардың еңбегін пайдалану» жөнінде қаулы қабылдайды. Ол қаулыда, жазасы 3 жылдан жоғары мерзімге сотталғандарды Ухта (Коми Республикасы), Индиго (Арктикаға жақын жерде) секілді ерікті жұмысшылар бармайтын, адам төзгісіз жағдайдағы аудандарда жұмысқа салуды бұйырған [Постановление, 2018].

1929 ж. 27 маусымында «Жазаланғандардың еңбегін пайдалану» атты қаулы жарияланады. Енді лагерьлерге «концентрациялық лагерьлер» деген атау қолданылмайтын болып, атаулары «еңбекпен түзету лагерьлері» деп өзгертіледі [doc/1009080, 2018].

1929 ж. 11 шілдеде лагерьлер жүйесін кеңейту және жаңа еңбекпен түзету лагерлерін ұйымдастыру бұйырылады. Нәтижесінде Сібірде, Солтүстікте, Қиыр Шығыста және Орта Азияда жаңа еңбекпен түзету лагерлері салынады. 1930-1932 жж. аралығында Нижегород, Кургур, Ухто-Печорский, Сибир, Сызрань, Қазақстан» және Қарағанды лагерлері пайда болады. Үш жылдан жоғары жаза алғандар бірден арнайы жасақталып жатқан лагерлерге тоғытылады. Бұл лагерлерді ұйымдастырудағы негізгі мақсат: табиғи байлыққа бай, ресурстары мол алыс шеткейдегі және адамдар қоныстанбаған жаңа жерлердің табиғи байлығын сотталғандардың көмегімен игеріп, пайдалану.

ГУЛАГ жүйесінің торына түскендерді тегін жұмыс күші ретінде пайдалану саясаты бірден қолдау тапты. Бүкілодақтық Халық шаруашылығы Кеңесі (ВСНХ) төрағасының орынбасары Г.Л. Пятаков: «Бұл аймақта тек тау-кен өндірісі ғана емес, ауыл шаруашылығын дамытудың да үлкен келешегі бар» деген еді. Тұтқындардың тегін еңбегін пайдаланудың қажеттілігін негіздеп берген Дзержинский болды. Ол: «республика қылмыскерлерге аяныш сезіммен қарай алмайды және оларға көп қаржы бөле алмайды. Сондықтан олар өз еңбегімен өздеріне қажетті шығынды жабуы керек, оларды жолсыз, елсіз мекендерге қоныстандыру керек» деген сөздері ГУЛАГ жүйесін құрудың негізгі ұстанымы болды. Бұл саясат Қазақстан жерінде де толықтай жүзеге асырылды [Садықов, 2011: 257-258].

Ал 1-3 жылға бас бостандығынан айрылғандарды арнайы ұйымдастырылған ауылшаруашылық немесе өнеркәсіптік колонияларда жұмысқа тарту көзделді [РФМА, 210- 212].

Бір жылдан кейін еңбекпен түзету лагерлерінің Ережесі бекітілді. Құрылған лагерьлерді толтыратын жазаланғандардың жаңа топтары пайда болды. Барлық сотталушылар 3 категорияға бөлінді:

1. бес жылға дейінгі мерзімге қамау жазасы кесілген жұмысшылар;

2. бес жылдан артық уақытқа қамау жазасы кесілгендер;

3. контрреволюциялық әрекеттері үшін қамау жазасы кесілгендер [http://www.alexanderyakovlev.org/fond/issues-doc/1009086, 2018].

Барлық еңбекпен түзету лагерьлері КСРО Ішкі Істер Халық Комиссариатының (НКВД) қарауына (1934 ж.). беріліп, оның құрамындағы ГУЛАГ – яғни лагерлерді басқаратын Бас Басқармаға тікелей бағынатын болады.

Еңбекпен түзету лагерьлері 1934 ж. 1 желтоқсанда Ленинград қаласында БК(б)П ОК Саяси бюро мүшесі БК(б)П Ленинградтық обкомның бірінші хатшысы С.М. Кировтың қастандықпен өлтірілуіне байланысты басталған «Қызыл террордың» кезінде ерекше қарқынмен толықтырылды. Бұл оқиға КСРО-да жаппай қудалау мен реппрессияға түрткі болады. Сталин Ежов пен Косаревке (Халық комисарлары) қылмыскерлерді халықтың ішінен іздеп табуға бұйырады. Тергеу жұмыстары барысында 1935-1938 жж. ІІХК бүкіл елді қамтыған Кеңес өкіметі қарсы астыртын сөз байласқан топтар бар екендігін жариялайды. Содан бастап, 1937-1938 жж. үлкен қанды террор науқаны барысында жоспарлы түрде саны белгіленген деуге болатын «халық жауларын» әшкерелеу, жазалау бастау алады. Сталин БК(б)П ОК ақпан-наурыздағы пленумында сөз сөйлеп, елді контрреволюциялық қалдықтардан тазарту керектігін айтады. Нәтижесінде

атақты №00447 қаулы қабылданып, антисоветтік элементтерді іздеу науқаны басталып кетеді. Репрессияға ұшырағандардың барлығы екі категорияға бөлінді: 1-категория бойынша сотталғандар ату жазасына кесілсе; 2-категорияға лагерлерге 8-10 жылға сотталғандар кірді [Лопатин, 2018].

1937 ж. 3 шілдеде Мәскеуден Батыс-Сібір ауданының ІІХКБ (УНКВД) басшысы Мироновқа және Қазақстаның Ішкі Істер халық комиссары Залинге құпия телеграмма жолданады. Ол хатта жақын арада атылып кеткендердің отбасы мүшелерінің сотталатындығы, олардың көбісі әйелдер екендігі, сонымен қатар мектеп жасына дейінгі балалар болатындығы және олардың саны 6-7 мыңдай екендігі хабарланады. Олар үшін әрқайсысы 3 мыңнан қабылдай алатын арнайы екі концлагер ұйымдастырып, күшейтілген қарауыл қойылып, сотталғандарды лагерь ішінде жұмысқа тарту керектігі баяндалады. Бұл үлкен операцияның бастамасы еді. Нарым (Батыс Сібір) мен Қарағандыда тез арада лагер тұрғызып, жабдықтау тапсырылады.

1937 ж. 15 тамызында КСРО ІІХК №00486 «Отанын сатқандардың әйелдері мен балаларын репрессиялау операциясы» атты жедел бұйрық шығарылады [Сборник, 1993: 10]. Бұл құжат бойынша әйелдерді тұтқындау тәртібі, топтарға бөлу, мүлкін тәркілеу, балаларды балалар үйіне орналастыру механизмдері, т.б. аспектілер толықтай дерлік қамтылған. Саяси сылтаумен қудаланғандардың барлығының дерлік әйелдері бірнеше ай ішінде ұсталып, 5-8 жылға еңбекпен түзету лагерлеріне тоғытылды. Айта кету керек, «отанын сатқандар отбасының мүшесі» атты термин кеңестік заңнамада алғаш рет 1934 ж. кездеседі. ОАК-ң қаулысы бойынша шекара асып кеткен әскери қызметкерлердің отбасылары 5-10 жылға лагерьлерге қамалып немесе Сібірге айдалған [Узницы, 2003: С. 7].

1937 ж. 3 желтоқсанда ІІХК тапсырмасы бойынша жоғарыда аталған үкім бойынша сотталғандарды қамайтын «26-нүкте» деп аталатын Карлагтың еңбекпен түзеу мекемесі ретінде Ақмола арнайы бөлімшесі құрылады. Алғашқы сотталған әйелдерді АЛЖИР лагері 1938 ж. қаңтар айының басында қабылдай бастайды. А.Р. Кукушкина зерттеушінің баяндауынша лагерь тез арада толып, тіпті, Карлаг басшылығы алғашында келіп жатқан этаптарды басқа лагерлерге жіберіп, ал күзге қарай тағы бір – арнайы Спасское бөлімін құрады. Отанын сатқан опасыздардың әйелдері Мәскеуден, Орынбор, Иркутск, Ростов, Калуга, Орск қалаларынан келе бастайды [Кукушкина, 2002: 73].

Алғашқы жылдары АЛЖИР лагері тек отанын сатқандардың отбасы мүшелерінің лагері емес, «өте қауіпті» қылмыскерлерді ұстайтын лагерь ретінде қаралды. Оған дәлел, бұл әйелдер лагерінің Карлаг-қа емес, тікелей Лагерлердің Бас Басқармасына бағынуы. Тек 1939 ж. мамыр айына қарай АЛЖИР «арнайы тәртіптен» жалпылагерьлік жүйеге ауыстырылды. Яғни сотталушы әйелдер сыртпен байланыс жасап, хат жазысып, туғандары жайлы ақпарат алуларына рұқсат етілді. Осы кезден бастап лагерлер арасында сотталушыларды бір-бірімен араластырып, қажеттілікке қарай бір лагерьден екіншісіне ауыстыру жұмыстары басталды. «Отанын сатқан опасыздардың» әйелдері Карлагтың басқа да бөлімдеріне орналастырылды, дегенмен көп бөлігі Долинкаға түсті. Ұлы Отан соғысының қарсаңында Ақмола лагеріндегі сотталушылар контингенті араласып, Карлагтың басқа бөлімдерімен бірдей болды [Кукишкина, 2002: 90].

«АЛЖИР» Қарағанды лагерлер архипелагының 26-бөлімшесі ретінде КСРО Ішкі Істер Халық Комиссариатының 1937 жылғы 15 тамыздағы № 00486 бұйрығы негізінде құрылды. Лагерь қазіргі Астана қаласының оңтүстік-батысында, Төңкеріс (Малиновка) елді мекенінде орын тепті.

Лагерь мен оның қызметі арқылы қыз бала мен ананы ерекше қадірлеген, өзгені өзіндей қадірлеген ұлттық санамызға шындық ретінде қабылдауға мәжбүр еткен, халықты шарасыз жағдайға түсірген сызат-нәубет кірді. Отбасының ұйытқысы, ата-баба тегін ұрпағына ұмыттырмау қызметін адал атқарған аналар 1937 жылдың зұлматына жем болды. Жазықсыздан жазықсыз «Отанын сатқандар әйелдерінің Ақмола лагері» (АЛЖИР) деп аталатын лагерь-тамұққа тоғытылды. Онда партия, кеңес органдарындағы басшы қызметкерлердің, соғыс қайраткерлерінің көрнекті ғалымдар мен жазушылардың әйелдері, туған-туыстары азап шекті. Олар қорлық пен азаптың алуан түрін көріп, кәнігі қылмыскерлерше номерленіп, ешқандай құқықтарға ие бола алмады. Төрт жасқа толған сәбилер Осакаров балалар үйіне жіберілді.

Ана мен баланы айырудың қасіретті шағын әйелдер өз естеліктерінде жиі жазады [Ұрпақтар, 2011].

АЛЖИР-ге Кеңестер Одағының 60 қаласынан «тұтқын» әйелдер әкелінген. Егерде ІІХК-ның 00468 бұйрығы бойынша 18 мың әйел (ОСОМ – отанын сатқандар отбасыларының мүшелері (ЧСИР) саяси қуғын-сүргінге ұшыраса, ал оның 4482-сі АЛЖИР-де азап шеккен.

Одан кейінгі жылдары АЛЖИР-дегі әйелдер саны өсіп отырды. Ресми түрде «Р-17» деп аталған 26-нүктеде 1937 жылы-ақ тұтқын әйелдер саны 6,5 мыңға жеткен деген пікір бар [Тасымбеков, 1993: 41]. 1938 жылы лагерьде 8 мың қамаудағы әйелдер мен 4500 «Отанын сатқандардың отбасы мүшесі» болған. 1500 адам басқа да лагерьлерде болды. 1939 жылдың 29 желтоқсанынан бастап АЛЖИР Карлаг құрамына енді. 1953 жылы 17-Ақмола лагері жабылды. Дегенмен, 1958 жылға дейін лагерьден әйелдер біртіндеп босап жатты, тіпті кейбір босаған әйелдер бостандықта орнын таппай, қайта оралып, лагерьде әртүрлі жұмыстар жасап отырды.

Қазіргі есеп бойынша бұл лагерьден барлығы шамамен 22 мыңдай әйелдер өткен. Соның ішінде алды 5 жылға, арты 8 жылға түрмеге кесілгендер, сонымен бірге, басқа лагерьлерден этаппен келіп 3 немесе одан көп ай мерзім ішінде лагерьге тоғытылғандар, өздері де, құжаттары да өздерімен бірге жоғалып кеткен, сол себепті тізімге енбей қалғандар да бар.

ІІХК-ның 1937 ж. 15 тамыздағы №00486 бұйрығы шыққаннан бастап, «оңшыл-троцкистшіл, шпиондық-диверсиялық ұйым мүшелері, Отанын сатқандар» деп атанған тұлғалардың әйелдері жаппай саяси қуғын-сүргінге ұшырай бастады. Тіпті, күйеуінен ажырасып кеткендер де «халық жауының» әйелі ретінде тұтқындалып, түрмеге қамалып, лагерьлерге айдалған. Кейіннен, ақталу процесі жүргеннен кейін, саяси қуғын-сүргін құрбаны болған тұлғаларға берілетін жеңілдіктер, «халық жауының» әйелі болып құдаланған, бірақ кезінде заңды түрде некеге тұрмаған аналарға берілмей де қалған.

Айта кету керек, архив қойнауларынан табылған, лагерлерге тоғытылған әйелдерге қатысты ресми құжаттар әйелдерді тұтқындау себептерін қылмысы үшін дәлелді етіп, ал жүкті әйелдердің жағдайы, бала тууы мен бала күтіміне қатысты шараларды адамгершілік принциптерге лайықты етіп көрсетеді. Ресми құжаттарда жазаланған әйелдердің жұмыстан шығарылу себебі «өз еркімен босады» деп тіркелген. Нақты айтқанда ресми құжаттар лагерлердегі тамұқтық жағдайларды көрсетпейді.

Заңдар, нұсқаулар, бұйрықтар, тапсырмалар және т.б. құжаттар нақты қылмысы бар адамдарды жазалауға лайықты шараларды жүзеге асырғандай болып рәсімделген. Мысалы, Тарих және этнология институтының қызметкерлері: А.И. Құдайбергенованың, Г.Омарованың және Е.Ешімнің ізденісі арқасында бірқатар материалдар, с.і. Қарлаг архипелагының бөлімшелерінде бақылаушы (надзиратель) болып жұмыс атқарған М.Т. Юзипенконың ісі, естелік-жазбасы табылды. Астана қалалық архивінде лагерь тарихына байланысты №370 нөмірмен сақталған М.Т. Юзипенконың (1904-1994 жж.). жеке қорында оның өз әрекетін, АЛЖИРдегі қатал тәртіпті жұмсартып, ақтап жазған естелік-хаттары сақталған.

Естеліктегі Қарағанды лагерінің, соның ішінде Ақмола бөлімшесінің жұмысы және лагерьге тоғытылған әйелдер мен лагерь өмірі жайлы мәліметтер бақылаушының көзқарасы тұрғысында жазылған. Айта кету керек, АЛЖИР тарихына қатысты осы күнге дейінгі жарияланған еңбектерде бұл құжат мәліметтері пайдаланылмаған. Сондықтан бұл құжатты біз алғаш рет ғылыми айналымға тартып отырмыз десек болады [Юзипенко, 52 іс.]. Украинаның Черкасск облысы, Писаревка селосында туылып, әкесімен бірге 1903 ж. солтүстік Қазақстанға қоныстанған Юзипенко Михаил Терентьевич өзінің жазбасын 1921-1923 жж. Поволжьенің ашығып жатқан халқына, питерліктерге арнап Солтүстік Қазақстаннан астық жинаған азық-түлік отрядында болғанынан бастайды. (*Бұл жылдардың Қазақстанды да ашаршылық жайлаған жылдар екенін ескерейік - автор*). Орта Азиядағы, Бұхарадағы басмашылармен күреске кавалерист қатарында қатысқан ол өзінің жүріп өткен өмір жолын еске түсіреді. 1931 жылдан бастап Қарағанды қалалық атқару кеңесінде, партиялық қызметтерде болған Юзипенко 1934 жылдан бастап Қарағанды еңбекпен түзеу лагерінде бақылаушы қызметін атқарып, 1939 жылдан Қарлагтың 26-нүктесінде, Ақмола бөлімшесінде (АЛЖИР-де) әкімшілік-шарушылық бөлімінің бастығы болып қызмет атқарады. 1941-1943 жылдары «АЛЖИР», яғни «Отанын сатқандар» әйелдерінің Ақмола лагерінің бастығының орынбасары болып қызмет атқарады [АҚМА, 1-16-пп.; 1-8-пп; 1-24-пп.]. Қорға автор естеліктерін 1989, 1991, 1992, 1994 жылдары өткізген. Қордың алғы сөзінде М.Т. Юзипенко «1934 жылдың ақпанынан 1948 жылдың наурызына дейін Қазақ КСР ІІХК - ІІМ жүйесінде қызмет еткен, оның ішінде, яғни «26 нүкте», «АЛЖИР» деп аталған Қарлагтың Ақмола лагерінің бастығының орынбасары болды» делінген.

Бұл құжат түрме қызметкерлерінің түрмедегі қатал тәртіпті қалыпты жағдай ретінде қабылдағанына куә деуге болады. Өз міндетін адал атқардым деп есептеген М. Юзипенко Қарлаг Ақмола бөлімшесінің қалыптасуы туралы жазбаларында «Отанын сатқандар» әйелдер лагерінде жағымды жағдайдың қалыптасқанын, әйелдер сегіз сағат жұмыс істеп, балаларымен бірге тұрып, барлық медициналық қызмет көрсету салаларының көмегін пайдаланғанын айтады. Құжат АЛЖИРге тоғытылған әйелдердің айналысқан шаруашылықтарынан хабардар етеді. Ол лагерьдегі әйелдердің 10 мың га егістік жерге бидай, арпа, тары, сұлы сияқты дәнді дақылдар еккенін, 210 мың га суармалы жерге картошка, капуста, қызылша, сәбіз, помидор, қияр және пияз көкөністерді өсіргенін айтады. Лагерьде, сонымен қатар, 500 бас сиыр және 500 бас жылқы өсіретін 2 ферма болған. Ауыл шаруашылық жұмысынан бөлек 2000 әйел қызмет ететін тігін фабрикасы мен тоқыма өндірісінде жұмыс істеді. Бұл жұмыстардың барлығын жазасын өтеп жатқан әйелдер атқарды, кейбірінің көп жылдық тәжірибесі бар аналар еді. Атап өтетін болсақ, бас агроном қызметін ауылшаруашылық ғылымдарының кандидаты Е.А. Сенцова, аға зоотехник қызметін Н.С. Савельева, мал дәрігері қызметін К.М. Дедкова, көкөніс өсіруші-агроном, суармалы егістің меңгерушісі А.И. Руденко атқарды. Ал тігін фабрикасын тәжірибесі мол маман М.Л. Анцис басқарды. Осы фабриканың құрылуына да, жұмыс жасауына да атсалысып, ұйымдастырушысы да өзі болды. Бұл фабрика соғыс жылдары майданда жүрген солдаттарды әскери киімдермен қамтамасыз етіп отырды. Негізінен фабрикаға шикізатты Ивановадан, Тейковадағы тігін фабрикасынан, Барнаул мен Ташкенттегі комбинаттардан алды. Фабрикада

жұмыс істеп жүрген әйелдер: «Бәрі майдан үшін, бәрі жеңіс үшін» деген ұранмен тоқтаусыз 3 ауысыммен жұмыс атқарған. Сөйтіп олар 1942 жылы 1 млн рубльге дейін табыс алып келді – деп жазады М.Т. Юзипенко [АҚМА, 3-4-пп.; 7-п.].

Ол «Свидетельствую как это было (К истории Карлага)» атты құжатта лагерді тіпті одан әрмен керемет етіп көрсетеді: «Қарлагты тұтқындар орны емес, курорт болды деп айта аламын ба? Басқа лагерлермен салыстырғанда – иә!» – деп жазған [АҚМА, 13-п.]. М.Т. Юзипенконың жазған естеліктерінен Қарлагтың тарихы туралы материалдарды ала алатынымызды жоққа шығармаймыз, әсіресе мекеме басшылары, шаруашылық жағдайы мен экономикалық әлеуетіне қатысты мәліметтер кездеседі.

Айта кету керек, Қайта құру жылдарынан соң мерзімді басылымда жарық көрген журналистердің Қарлаг, АЛЖИР туралы ащы шындықты айтып жазған мақалаларына байланысты М. Юзипенко көп айтысқан. Бірнешеуін көрсетелік. «Казахстанская правда» газетіне шыққан В. Диктің «Карлаг» атты мақаласына байланысты газет редакторы Ф. Игнатьевке, «Ленинская смена» газетіне шыққан В. Комаровтың лагерь тұтқындары З. Тіналина мен Шубрикованың айтуымен жазылған «Правда Алжира» мақаласына қатысты жазған арыздары бар. Барлық арыздарында ол өзінің кінәсіз екендігін дәлелдеп бағады.

М. Юзипенконың ақталмақшы болып істеген қарекеттеріне сын - пікірді А. Тасымбеков өзінің «Жан дауысы: АЛЖИР архипелагы» кітабында білдіреді. Еңбекте «Отанын сатқандар» әйелдерінің Ақмола лагерінде болған тұтқындардың естеліктері мен мемуарлары ішінен аталған лагерь бастығы туралы мәліметтерді кездестіруге болады. М. Юзипенконың мұрағатқа өткізген құжаттарында шындыққа жанаспайтын тұстары кездеседі. Мысалы ол АЛЖИР тұтқынында болған З. Тінәлинаны Ақмолада лагерінде болған жоқ деп көрсетеді. Ал, Алматы қаласы Ішкі істер архивінен алынған анықтама-құжат З. Тналинаның АЛЖИР лагерінде болғанын растайды (*Анықтама құжат мақала соңында 1-қосымша ретінде беріледі – авторлар)*

Зерттеуші А. Тасымбеков сұқпат барысында З. Тінәлинадан қақтығыстың мән-жайын сұраған. З. Тінәлина төмендегідей жауап берген: «Ойлашы өзің, ол кезде әйелдер лагері бастығының орынбасары болып, бізге тұтқын ретінде қараса, ал ендігі ақталып отырған біздер, мыңдаған аналар оған неге кешірім жасауымыз керек. Уақыт өтті деп кешіріммен қарасақ, қиянатымызды ұмытқанымыз емес пе. Бұл бір де. Екінші, Юзипенко Ұлы Отан соғысына қатысушы ретінде орден-медальдармен наградталып, қолын жылы суға малып отырған қадірменді зейнеткер. Ал біз болсақ, Ұлы Отан соғысы жылдары лагерь тұтқыны болдық. Сонда өзіміз көрген қасіретті өзіміз жасырғанымыз шындықтың тұнба бастауын бітеп тастағанмен бірдей болғаны да. Жоқ, олай болмау керек. Сондықтан Юзипенконың қасірет жылдары істеген ісін қолдай алмаймын, мыңдаған аналардың атынан оның орден, медальмен орынсыз наградталғаны жөнінде жазғаным рас. Юзипенко да қалысқан жоқ. Қорғанып бақты. Мен оны осылай, баспасөз арқылы тұқыртып алдым». Ал Шубрикованың баласы К. Шубриков та «Әлгі Юзипенко дегеннің сөзіне сене бермеңдер. Зобалаң уақыттың сұрқылтайларының бірі сол. Ол «Алжирдің» лагерь бастығының орынбасары болғандықтан өзін-өзі ақтайын деп, бас бостандығынан айрылған аналар өмірін «жұмақпен» салыстырғысы келеді» - деп баяндайды [Тасымбеков, 1994].

1990 жылы Малиновка поселкісінде, сталиндік зобаланда, АЛЖИР-де қайтыс болған аналарға арнап «Әділет» - «Мемориал» қозғалысының ұйғарымымен және көпшіліктің талап-тілегімен ескерткіш орнатылды. Бұған сондағы Ақмола құс фабрикасының басшылары қолдау көрсеткен. Бұрынғы Кеңестер Одағының әр жерінен тірі қалған аналар жиналды. Осы кездесуге қатысқан сол кездегі Малиновка селосындағы «АЛЖИР» саяси қуғын-сүргін мен тоталитаризм құрбандарының мұражай-мемориалдық кешенінің Экспозиция және көрме бөлімінің меңгерішісі Раиса Жақсыбаеваның айтуынша, кездесуге тұтқында болған әйелдердің көпшілігі келген. Олар сол жүздесуге қатысқан М. Юзипенконы жек көретіндерін ашық білдірткен. Р. Жақсыбаева оның тұтқын әйелдерден хат алысып тұрғандығын да жоққа шығарады, көптеген құжаттарды М. Юзипенко қолдан жасады деген пікір білдіреді. Лагерьде басшылық қызмет атқарған және орынбасарларының түрмедегі аналарға жасаған қиянаты кейіннен олардың ұрпақтарының тағдырына әсер еткенін айта кеткен жөн.

Сонымен, лагерьдің басшылары, бақылаушылары болып қызмет атқарғандар естеліктерінде АЛЖИР-дегі әйелдер жағдайын жұмсартып көрсеткісі келгенімен, лагерь тамұғында қамалған әйелдердің естеліктері лагерьдегі шынайы өмірді, адам төзгісіз жағдайдын куәсі.

Лагерьде болғандардың бірі өз естеліктерінде «Қасымдағы бір қазақ әйел «менің күйеуімді тракторист деп тұтқындады. Бірақ ол бригадир болды ғой. Ол тракторист емес. Неге оны тракторист дей береді. Ал, мен не істедім. Не үшін түрмеге қамады?» - деп әрдайым таңғалып, бұндай жағдайға қалайша тап болғанын түсінбей жүрді. «Троцкист» болмақ түгіл, «троцкист» пен «тракторист» ұғымын шатастырып, ол сөзді де, оның мәнін де тіпті түсінбейтін әйелдер өте көп болатын» - деп еске алатын. Ал, «троцкист» ұғымының не екенін түсінбейтін әйелдер көп болатын.

Архив құжаттарының бірінде «қылмыстары дәлелденіп, әшкереленген, 1936 ж. 29 шілдеден 1937 ж. 10 сәуірі арасында партия қатарынан шығарылған«троцкист-зиновьевшілердің, алашордашылардың тізімі» жарияланған. Бұл тізімде қазіргі кезде белгілі болып, зерттеулер мен газет-журнал бетіне шығып, халықтың назарында жүрген, кезінде қуғындалған мемлекет қайраткерлері мен алашордашылар тіпті де көрсетілмеген. Мұнда аудан, ауыл, колхоз-совхоздарда қарапайым басшылық қызметтерде болған немесе қарапайым қызмет атқарған, бірақ қылмысты деп танылып, «әшкереленген», партия қатарынан шығарылып, жазаланған жер-жерлердегі бастауыш партия ұйымдары бойынша мүшелерінің тізімі (*тарихи айналымға алғаш түсіп отырған тың есімдер – автор*) берілген. Тізімде адамдардың аты-жөні, қызметі, не үшін қылмысты деп табылғандығы туралы анықтама бар. Құжат тізімдегілердің негізгі көпшілігі «троцкист-зиновьевшілер, біршамасы «алашордашылар» деп жазаланғанын көрсетеді. Міне, осы қарапайым адамдардың әйелдері «Менің күйеуім тракторист емес. Менің күйеуім - бригадир» деп лагерьдің қапасында қамалғандар болып табылады.

Төмендегі 2-қосымшада Қазақстанның бірқатар өңірлерінен «қылмыстары дәлелденіп», әшкереленген, ұсталған, сондықтан, партия қатарынан шығарылып, жазаға тартылған «отанын сатқандардың» бірқатарының тізімі берілді. Қосымшаға архив құжаттарында кездесетін адам есімдер түгел сыймайтыны белгілі. Бірақ, мысал ретінде берілген кішкене үзінді мәліметтерден бүкіл Қазақстанды «троцкист-зиновьевшілер» түріндегі, «халық жаулары» қаптап кеткендей күй кешесің. Бұл бір мысал. Ал, тақырыпты тереңдетіп қарасақ, АЛЖИР тамұғында болғандардың, жазықсыз жазаланғандардың есімдері анықтала түсері анық.

Лагерьде қарапайым үй шаруасындағы әйелдерден бастап, ақын, жазушы, ғалым, әнші, биші, дәрігер, мұғалім, режиссер, артист, партия, комсомол, кәсіподақ қызметкерлері, стенографист, тіпті мал дәрігерлеріне дейін 18-25 жастағы әртүрлі мамандық иелерінің қорлық көргені белгілі. Жастық өмірін солдырып, қайғы-қасіретке ұшыратып, өздерінің ғана емес, ұрпақтарының да өмірлеріне өшпестей таңба салған лагерьлік тамұқта алжирліктер түрменің түнекті өмірін сүрді.

Ақмоладағы әйелдер лагеріне Ұлы Отан соғысы жылдары да әйелдер әкелінді. Бір қадақ бидайды аш-құрсақ отырған балаларына апарып, талғажу етпекші болған аналар да «халық жауына» айналды.

2003 жылы Москва қаласында жарияланған «Узницы АЛЖИРа» жинағында 1938-1940 жылдары АЛЖИР түрмесінде қамалған әйелдердің тізімі жарияланған. Ол жинақта 7259 әйел-тұтқындар туралы қысқаша мәлімет беріледі [Узницы, 2003]. Осы жинақта берілген тізімде осы мақалада аттары аталған, Е.А. Сенцова, Н.С. Савельева, К.М. Дедкова, А.И. Руденко туралы еш мәлімет берілмеген. Яғни олар және басқа да әйелдер туралы мәліметтер анықтауға мұқтаж.

1940-1953 жылдар аралығында қосылған «отанын сатқандар отбасының мүшелерінің» тізімі толық анықталған жоқ. Қазіргі кезде «АЛЖИР» мемориалды-музей кешені қызметкерлерінің, зерттеушілердің еңбектерінің арқасында 7,5 мыңдай әйелдің аты-жөні белгілі болды. Қалған есімдерді анықтау ұрпақтың алдында тұрған борыш-міндет болып табылады. **Қорытынды.** Кеңестік тоталитарлық қоғамның адам санасына салған зардаптары әлі күнге дейін жаңғыруда. Сталиндік жазалау саясаты кезінде қазақ халқының ерте заманнан бері сақталып келе жатқан әйелдердің қоғамдық дамудағы орны мен рөліне берілген бағасы мен соған сәйкес келетін қарым-қатынастары аяқ асты болды. Өткен тарихымыздағы ұмытылмас, халық жадында «әділетсіз жара» ретінде сақталуға тиісті, әйел мен баланың қоғамдық өмірдегі орны мен рөлін анықтауда тарихи сабақ бола алатын оқиғаны ұмытпау керек.

1-қосымша

Департамент внутренних дел города Алматы.
Информационно-аналитический центр
050012, г.Алматы, ул. Масанчи, 57 «А» [*Архив АЛЖИРа***]**

Архивная справка

Архивное уголовное дело по обвинению **Тналиной З.** находится на хранении в Специальном государственном архиве ИАЦ ДВД г. Алматы.

В материалах дела имеются следующие сведения: **Тналина Загфи** 1911 года рождения, национальность казашка, уроженка Карагандинской области, Вишевский. Образование – среднее. До ареста проживала в Алма-Атинской обл. г. Алма-Ата, работала секратерем. Арестована 09.04.1938 года, УГБ УНКВД КазССР. Осуждена ОС НКВД СССР от 10.06.1938 года по статьям: 58-2, 58-7, 58-8, 58-9, 58-10, 58-

11 УК РСФСР к лишению свободы в ИТЛ сроком на 3 года. Реабилитирована 20.08.1956 года Главной военной прокуратурой СССР за отсутствием состава преступления.

Муж – Алибаев Абат Баженович, 1905 года рождения, национальность – казах, уроженец Алма-Атинской обл. г. Алма-Ата. Образование высшее гуманитарное. До ареста проживал в Алма-Атинской обл., г. Алма-Ата, работал зам. заведующего. Арестован 27.04.1937 года НКВД по Алма-Атинской обл. Осужден Военной коллегией Верховного Суда КССР, от 27.02.1938 года по статьям: 58-10, 58-11 УК РСФСР к ВМН. Реабилитован: 07.09.1957 года Верховной коллегией Верховного Суда КССР, за отсутствием состава преступления.

Основание: архивное уголовное дело №4362 фонд №20.

Приложение: на 8 листах.

И.о. начальника ИАЦ
ДВД г.Алматы **С. Фазылханов**

Гл. специалист ИАЦ
ДВД г. Алматы **А. Шаяхметова**

Қосымша 2

1936 ж. 29 шілдеде партқұжаттарын тексерген және айырбастаған кезде, айырбастағаннан кейін және БКП /б/ ОК хаттарына байланысты әшкереленіп, партиядан шығарылған троцкист-зиновьевшілдер, Алашордашылар [РМӘСТА, 56: 50-62]

ТІЗІМІ

Партқұжаттарын айырбастағанға дейін әшкереленген троцкистшіл-зиновьевшіл партаппарат қызметкерлері				
	Рудерман Исаак Яковлевич	1918 ж. бері	Оңт. Қаз. облысы, Майлыкөл қой совхозының саяси бөлімінің басшысы	Троцкист-екіжүзді
	Калинин А.А.	1925 ж. бері	Қостанай обл. Москалев етсовхозының партком хатшысы	К-р, троцкистшіл әрекеттері үшін
	Покровский	1927 ж.	Шымкент қаласы БКП /б/ қалалық комитеті парткабинетінің меңгерушісі	Троцкистшілдердің көмекшісі
	Гераси мов В.В.		ОРПО Өлкекомының инструкторы	Троцкистшіл оппозицияға кіргенін жасырғаны үшін
	Беков Сафа		№3 «УРС» совхозының парторгі	Ұлтшыл-троцкистшіл
	Сухочкий Леонид		Нұра ауданы, Жарасбай ет/сүт совхозының партком хатшысы және саяси бөлім басшысының көмекшісі	К-р насихат таратқаны үшін, троцкишіл-зиновьевшіл оппоззицияның құйыршығы
	Поздняк В.В.	1926	Совсиньторг саяси бөлімінің басшысы	Троцкишіл
	Исаков Сартай	1928	«Жалқұдық» колхозы саяси бөлімі басшысының бұқаралық партиялық жұмыстар жөніндегі орынбасары	Троицкистшілдер мен ұлтшылдармен байланысы үшін
	Замский Ефим Шпемович	1926	Ақтөбе қалакомшаруашылығының абаттандыру бойынша конторының меңгерушісі	К-р троцкистшіл-зиновьевшіл оппозицияға қатысушысы.
0	Романова Лидия Ивановна	1925	қ. наубайхананың меңгерушісі	К-р троцксишіл-зиновьевшіл оппозицияның қатысушысы
	Меняев	1	Бөрілі ауданы	К-р троцкистшіл-

1	Сергей Александрович	924	аудандық ішкі сауда бөлімінің меңгерушісі	зиновьевшіл оппозицияға қатысушысы
2	Лотте София Андреевна	1918	Прибалхашқұрылыс Құрылыс денсаулық бөлімінің меңгерушісі	Троцкистшіл, антипартиялық жұмыс жүргізген
3	Павлов Иосиф Моисеевич	1918	Прибалхашқұрылыс II кірпіш зауытының директоры	Троцкийдің жақын досы
6	Короленко Петр Иванович	1924	Шымкент электростанциясының директоры	К-р троцкистшіл-зиновьевшіл оппозицияның белсенді қатысушысы
7	Манько Хаим Исаакович	1921 ж.	Түрксіб басқармасы қаржы бөлімінің басшысы	Белсенді троцкистшіл әрекеті үшін
8	Богушевский М.И.		Қаскелең ауданы Қазсауда меңгерушісі	Қарусызданбаған троцкист

Алашордашыл және контрреволюционер ұлтшылдар деп әшкереленген /партқұжаттарын айырбастағанға дейін партиядан шығарылған/ өлкекомдар мен обкомдардың номенклатуралық қызметкерлері				
	Тарлыкбаев Керей	IV – 25 ж.	Түлкібас МТС директоры	Алашордада офицер қызметін атқарғаны үшін
	Сартов Қыышбек	1928 ж.	Дубровский орман шаруашылығы бөлімшесінің директоры	Алашорда қарулы отрядында қызмет еткені үшін
	Мантазаров Сазанбай	1932 ж.	Андреев ауданы «Есалы» колхозының төрағасы	Алашорда белсендісі
	Абдулин Кенжеғалий	1926 ж.	Созақ ауданының аудандық газетінің редакторы	Алашордашы
	Касабулатов Есенғали	1920 ж.	Новороссийский ауданы Қызылқайың етсовхозының директоры	Алашордашы
	Жанғазин Кәрим	1925 ж.	Сүтеттресінің директоры	Белсенді Алашордашы

1	Садчиков И.С.	1916 ж.	Қарағанды облысының облжоспар төрағасы	К-р троцкишілдік көрсеткені үшін қамалды
2	Горский А.П.		ПБС Бас инженерінің орынбасары	ПБС-ғы к-р зиянкес ұйымдардың мүшесі
3	Муртазин Газиз	1926 ж.	НКЗ Хлопский басқармасының басшысы	Контрреволюционер-ұлтшыл
4	Шумский С.Ф.	1921 ж.	Орал қ. ВКСХШ ректоры	Троцкист екіжүзді
5	Нурумов А.Н.	1926 ж.	Қазалы ауданы зоотехникум директоры	Контрреволюционер-троцкист
6	Погодин П.П.	1919 ж.	Зам. Пред. Жуалы ауатком-ының төраға орынбасары	Контрреволюционер-троцкист
7	Иванов Б.М.	1920 ж.	Қазегінхалком қаржы жоспары бөлімінің басшысы	К-р, троцкистшіл зиянкес ұйымдардың зиянкес әрекеттері, оңшыл Нусиновпен байланысты

				болғаны үшін
8	Голик П.П.		Ақтөбехимкомбинат АХО басшысы	К-р, троцкистшіл насихат жүргізген
9	Гросс П.А.	1918 ж.	Зав. КарГРЭС-тің электротехникалық бөлімшесінің меңгерушісі	Троцкист зиянкес

Троцистшіл-зиньевшіл деп айыпталған Өлкеком және Обкомның номенклатуралық қызметкерлері (парткұжаттарын ауыстырғаннан кейін)

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абдакимов А.А. Тоталитаризм: депортация народов и репрессия интеллигенции. – Караганда, 1997. – 83с.
2. Архив «Музейно-мемориального комплекса жертв политических репрессий и тоталитаризма «АЛЖИР».
3. Астана қалалық мемлекеттік архиві, 370-қ., 1-т., 50-іс, 52-іс, 57-іс.
4. Астана қалалық мемлекеттік архиві, 370-қ., 1-т., 51-іс.
5. Астана қалалық мемлекеттік архиві, 370-қ., 1-т., 52-іс.
6. Джекобсон М., Смирнов М.Б. Система мест заключения в РСФСР и СССР. 1917-1930 / http://old.memo.ru/history/NKVD/GULAG/articles/Chapter2.htm. – қаралды 16.10.2018 .
7. Исправительно-Трудовой Кодекс РСФСР. http://www.alexanderyakovlev.org/fond/issues-doc/1009071; – просмотрено 06.10.2018.
8. Кукушкина А.Р. Акмолинский лагерь жен «изменников родины»: История и судьбы. – Караганда: Trade Елена и К., 2002. – 184 с.
9. Личный архив А.Н. Яковлева / http://www.alexanderyakovlev.org/fond/issues-doc/1009055. – просмотрено 06.10.2018.
10. Личный архив А.Н. Яковлева / http://www.alexanderyakovlev.org/fond/issues-doc/1009063. – просмотрено 06.10.2018.
11. Лопатин П.К. Исправительно-трудовые лагеря в СССР http://www.memorial.krsk.ru/Work/Lect/Lopatin1.htm. – просмотрено 06.10.2018.
12. Мұсағалиева А.С. /http://edu.e-history.kz/ru/publications/view/565
13. О лагерях принудительных работ: Инструкция Президиума ВЦИК от 12 мая 1919 г. / Декреты Советской власти. – М., 1971. – Т. 5. – 701 с.
14. Постановление Полютбюро ЦК ВКП(б) «Об использовании труда уголовных арестантов». http://www.alexanderyakovlev.org/fond/issues-doc/1009076;– просмотрено 06.10.2018.
15. http://www.alexanderyakovlev.org/fond/issues-doc/1009080. – просмотрено 06.10.2018.
16. Постановление СНК СССР об организации Соловецкого лагеря принудительных работ особого назначения. http://www.alexanderyakovlev.org/fond/issues-doc/1009067 – просмотрено 06.10.2018.
17. РМӘСТА, 17-қ., 71-т., 56-іс, 50-62 пп.
18. РФМА. 4042-қ., 8-т., 12-іс, 37 п.
19. РФМА. 5446-қ.,1-т., 48-іс, 210-212 пп.
20. Садықов Т. XX ғ. 30-50 жж. Кеңестік тоталитарлық саясат және оның Қазақстанға тигізген зардабы / «АЛАШ-АЛЖИР. Бірінші том. – Астана: Сарыарқа, 2011. – 384 б.
21. http://www.alexanderyakovlev.org/fond/issues-doc/1009086. – просмотрено 06.10.2018.
22. Сборник законодательных и нормативных актов о репрессиях и реабилитации жертв политических репрессий / Отв. и сост. Е.А. Зайцев. – Москва, 1993. – 224 с.
23. Узницы «АЛЖИРа». Список женщин – заключенных Акмолинского и других отделений Карлага. – М.: Звенья, 2003. – 567 с.
24. Ұрпақтар ұмытпайды» = «Помнять потомки = «The descendants remember». – Семей, 2017. - 514 б.; ALJIR. Qorqinisti tustey… Kak strashnyi son… Estelikter. Vospominaniya / Бас редакторы: Болат Жүнісбеков, «АЛЖИР» мемориалды-мұражай кешенінің директоры. Құрастыруға қатысқандар: Әбдрахманова Лауренсия, Жақсыбаева Рахима, Ергельдиева Жанар, Айғанова Эльмира, Төлепбергенова Гүлнұр. – Астана, 2014. – 364 б.; Эхо массовых политических репрессий. Судьбы людские. – Астана, 2005.; «АЛАШ-АЛЖИР / ALASH-ALZHIR» АЛЖИР. Бірінші том. – Астана: «Сарыарқа» БҮ, 2011. – 384 б.; «АЛАШ-АЛЖИР / ALASH-ALZHIR» АЛЖИР. Екінші том. – Астана: «Сарыарқа» БҮ, 2011. – 384 б. т.б.; Жоқтау (Воспоминания детей репресированных казахстанцев). – Алматы, 1998. 100 с.
    a. Тасымбеков А. Жан дауысы. АЛЖИР архипелагы. – Алматы: Жазушы, 1993. – 223 б.
25. Шаймуханов Д.А., Шаймуханова С.Д. Карлаг. – Караганда, 1997. – 175 с.
26. Шаймуханова С.Д. Политические репрессии в Казахстане 1930-40-е и начало 50-х гг. – Караганда, 2000. – 160 с
27. Юзипенко М.Т. Записки о работе в Акмолинском отделений Карлага и о женшинах заключенных в лагере. Астана қаласы мемлекеттік архиві, 370 қор, 1 тізбе, 52 іс.

ӘОЖ 930:94(574) "6-17"

Н.Н. ҚҰРМАНАЛИНА
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

ҚАЗАҚ-ЖОҢҒАР ҚАТЫНАСЫНЫҢ КӨРШІЛЕС ЕЛДЕРДЕГІ ТАРИХНАМАСЫНАН

Аңдатпа. Мақалада зерттеу жүргізу барысында тарихнамалық дерек ретінде еліміздегі көршілес орналасқан мемлекеттердегі (Ресей, Қырғызстан, Қытай) зерттеушілердің қазақ-жоңғар қатынасы мәселесіне қатысты жарияланған ғылыми мақала, монография т.с.с. жарияланымдары қолданылып, тарихнамалық тұрғыда қарастырылды. Көршілес елдердегі тарихшылардың мәселеге байланысты жасаған басты тұжырымдарына талдау жасалып, проблеманың зерттелуіндегі негізгі бағыттар айқындалды.

Түйін сөздер. Ресей, Қырғызстан, Қытай, сыртқы саясат, қазақ-жоңғар қатынастары, тарихнама, тұжырым.

Н.Н. КУРМАНАЛИНА
Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова

ИЗ ИСТОРИОГРАФИИ СОСЕДНИХ СТРАН ПО КАЗАХСКО-ДЖУНГАРСКИМ ОТНОШЕНИЯМ

Аннотация. В статье в ходе проведения исследования использовались научные статьи, монографии и другие издания ученых из соседних государств, таких как – Россия, Кыргызстан и КНР в виде историографических источников. Анализированы основные заключения исследователей соседних стран по истории казахско-джунгарских отношений, определены главные векторы изучения проблемы.

Ключевые слова. Россия, Кыргызстан, Китай, внешняя политика, казахско-джунгарские отношения, историография, заключение.

N.N. KURMANALINA
Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology

FROM THE NEIGHBORING COUNTRIES' HISTORIOGRAPHY OF KAZAKH-DZUNGAR RELATIONS

Abstract. The article used research papers, monographs and other publications of scholars from neighboring countries, such as Russia, Kyrgyzstan and China in the form of historiographic sources. The main conclusions of the researchers of neighboring countries on the history of Kazakh-Dzungar relations are analyzed, and the main vectors for studying the issue are identified.

Keywords. Russia, Kyrgyzstan, China, foreign policy, Kazakh-Dzungar relations, historiography, conclusion.

Кіріспе

Қазақ-жоңғар қатынастарының әр қырын зерттей түсудің өзектілігі бірқатар ерекшеліктермен айшықтауға тұрады. Біріншіден, кезең бойынша да бұл уақыт орта ғасыр мен жаңа заман кезеңінің түйіскен аралағында жатыр. Екіншіден, оқиға орын алған аймақ – Орта Азия, күллі Орталық Азияны түгел қамтыған. Бұл – соғыс тарихы, халықаралық қатынастар тарихы, қос көшпелі өркениеттің, мысалы, діндер тарихы. Сондықтан қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресінің шетелдік тарихнамасының өз орны бар. Соның ішінде мақаламызда Жоңғар және Қазақ хандықтарымен іргелес орналасып, қатынастарға түскен мемлекеттердің қосқан үлесі зерттеу нысаны болды.

Зерттеудегі тарихнаманың хронологиялық шеңберіне түсініктеме беріп, нақтылап өтсек. Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресінің іргелес орналасқан елдердегі тарихнамасында дербес, тәуелсіз Ресей мен Қырғыз мемлекеттері бұрынғы кеңестік елдер қатарына жататындықтан, олардың тарихшыларының еңбектері 1991 ж. бастап қамтылды. Ал Қытай тарихнамасы негізінен XX ғ. 80-жж. бастап ерекше серпінмен дамуына байланысты елдің сол уақыттан бері қарайғы зерттеулеріне көңіл бөлінді.

Қос көшпелі мемлекеттің байланыстарының тарихнамасы халықаралық қатынастар тарихы сияқты маңызды болып табылады. Жоңғарияның болмысының өзі және оның сыртқы саясаты өз заманында Орталық

Азиядағы геосаяси ахуалға серпінді ықпалын тигізді. Осыған орай, Жоңғарияның сыртқы саясатына қатысты проблеманың тарихнамасының ауқымы айтарлықтай кең. Сонымен қатар проблема Қазақстан, Ресей, Қытай, Моңғолия және Орталық Азия елдері үшін өзекті болып саналады.

Қазақ пен жоңғар соғысы мәселесі төңкеріске дейінгі кезеңде, кеңестік тұста, сонымен қатар бүгінгі таңда да зерттелініп келе жатыр. Оған үлес қосушы ғылыми ортаның бірін Ресей және Қырғызстан елдері құрайды.

Соңғы ортағасырлардағы, жаңа замандағы Орталық Азияның геосаяси өзгерістерінде ірі державалар – Ресей мен Қытайдың рөлдері ерекше болды. Жоңғар факторы кеңестен кейінгі кезеңде де ресейлік тарих ғылымы үшін қызықты зерттеу объектісі болып қалып отыр. Қазақ-жоңғар соғыстарын зерттеуде орыс тарихшыларының қосқан өзіндік сіңірген еңбегі бар. Сол себепті қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресінің ресейлік тарихнамасындағы негізгі тенденцияларды анықтау маңызды.

Қазақ-жоңғар күресінің ресейлік тарихнамасына тоқталатын болсақ, қазақ-жоңғар қатынасының тарихнамасы өзіндік ерекшеліктерімен, зерттеулерінің молдығымен ерекшеленеді. Бүгінгі таңда тарихшылар ойраттардың тарихына қатысты тайпалық құрамның атаулары мәселесіне назарларын салуды тоқтатпаған. И.И. Дремов өзінің «Золотая Орда и возникновение этнонима «Калмак» мақаласында «қалмақ» сөзінің дүниеге келуі проблемаларын қарастырған. Автор зерттеуінде әр түрлі деректерден көптеген фактілерді келтірген. Зерттеушінің жасаған қорытындысы бойынша Өтеміс Қажының «Шыңғыс-намадағы» пікірі расталған. Улуг-Тагта, яғни Дешті Қыпшақтың солтүстік-шығысында, қазіргі Қазақстанның құмды аймағында (Сарыарқада) Алтын Орда тұсында қалмақтар мекен еткен, ал XVI ғ. бұнда Өзбек тұсындағыдай моңғол сөздерін қолдана отырып сөйлесуін жалғастыра берген. Демек, өзінше бір этникалық топ сақталып қалған, оларды түркітілдес мұсылмандар «қалмақ» атаған [1, с. 127]. Дегенмен жоғарыда сөз болған «қалмақ» атауының пайда болу мерзімі мен нақты мағынасы туралы мәселеге толыққанды нүкте қойылмаған.
«Жоңғар» сөзі де осындай проблемалық мәселелердің бірінен саналатыны белгілі.

Көптеген тарихшылардың ойынша, ойрат мемлекетінің билеушілері Шыңғыс ханды өздеріне үлгі тұтқан және басқару істерінде Шыңғыс хандікіне ұқсас дәстүрді жалғастыруға тырысқан. В.А. Моисеев А.Ш. Кадырбаевтың ойын қолдай отырып, ойрат билеушілерінің бойындағы ұлы қаханға ұқсап бағуға тырысушылықты байқаған «…ойратский хан намеревался возродить практику великих монгольских императоров, править завоеванными странами с помощью администраторов из мусульманских народов и прежде всего уйгуров» [2, с. 18]. Бұндай тенденцияларды басқа да ел авторлары да алға тартқаны өзге зерттеулерден мәлім.

Қазіргі Ресей тарихнамасында жоңғар проблемасын зерттеген белгілі тарихшы В.А. Моисеевтің ұсынған тұжырымдарының көп тарағанын байқауға болады. Ол өзінің монографиясында КСРО тарап, Қазақстан тәуелсіз мемлекет ретінде жарияланғаннан кейін Ресейдің Орталық Азиядағы саясатын бағалауда қарама-қарсы бағытқа өзгергенін атап өткен. Әрмен қарай ол: «русское государство предстало на страницах работ казахских историков и публицистов «кровожадным северным хищником», таким же историческим врагом казахов, как и Джунгария, - деп көрсете келе, - более того, царское правительство якобы провоцировало джунгаро-казахские войны, снабжало ойратов оружием и натравливало их на казахов», - деп ойын қорытады [3, с. 6]. Автордың негізгі ойына сәйкес КСРО ыдырап, Қазақстан тәуелсіздігіне қол жеткізгеннен кейін Ресейдің Орталық Азиядағы саясатын бағалау қарама-қарсы бағытқа өзгерген. Орыс мемлекеті қазақ тарихшылары мен публицистерінің еңбектерінде «қанды жыртқыш», қазақтардың ата жауы жоңғарлар тәрізді етіп көрсетілген. Оның үстіне автордың түйіндеуінше, патшалық үкімет қазақ-жоңғар соғысына май құйып, ойраттарды қарумен қамтамасыз етіп, қазақтарға қарсы қойып отырғандығы туралы пікірлер орын ала бастаған. М.О. Акишин жоғарыдағы автордың пікірін қостай отырып, сөзбе-сөз былай жазады: «в 1990-х гг. в Казахстане стало развиваться «новое» направление, в работах историков и публицистов Россия стала представляться «кровожадным северным хищником», таким же историческим врагом казахов, как и Джунгария» [4]. Тарихшы Л. Бобров та өз ойын осылай жеткізген: «в постсоветский период некоторые авторы поспешили выступить с «сенсационными» заявлениями, согласно которым Россия якобы целенаправленно снабжала оружием джунгар и поощряла их вторжения на территорию Казахстана» [5, с. 46]. Алайда Ресей оқымыстылары нақты фактілер келтірмеген, яғни қазақстандық зерттеушілердің белгілі бір жұмыстарына сілтеме көрсетпеген. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін тарих ғылымындағы бағыттар, көзқарастар өзгергені шындық.

Дегенмен де В.А. Моисеевтің жұмысында жоңғарларға орыс қарулары қолжетімді болғандығы жайлы факт бар. Автор Мәскеу мен Петерборда ойрат елшілері патша сарайына қонақ болып жиі келіп, бал кештері мен маскарадтарға да қатысқандығын көрсеткен. Ойраттар ойын-сауық құра отырып, керек адамдармен танысып, жасырын түрде қарулар сатып алып отырғандығын жеткізеді. Бұған анықталған қарулар дәйек екенін де көрсеткен: «в 1744 г. в доме посла в Москве, в Китай-городе, обнаружили 38 пищалей, 31 саблю, 18 панцирей» [3, с. 105]. Сол сияқты, мысалға, Мәскеудегі елшілер үйінде бірнеше

қарулар анықталғандығы туралы да мәлімет берілген. Л.А. Бобров пен Л.С. Худяков бірлесіп жазған еңбегінде Жоңғар хандығының әскери жетістіктеріне кепіл болған бірнеше факторларды жекелеп көрсеткен. Олардың жазғаны: «залогом военных успехов Джунгарского государства были три основных фактора – централизация, модернизация и милитаризация, которые были теснейшим образом связаны между собой» [6, с. 204]. Авторлар еңбекте жоңғарлардың қарулармен жабдықталуына қатысты мәселелерге тоқталған. Олар жоңғарлардың орыстардан қару алып отырғандығын ашық көрсеткенмен, бұл үрдіс ресейлік үкімет тарапынан қолдауға ие болмағандығын ерекшелеген. Яғни ресми түрде тыйым салынған болса да, қарулар жоңғарларға астыртын сатылып отырғандығы көрсетілген.

Ресей әкімшілігі тарапынан қазақтардан гөрі ойраттарға деген ыңғайы туралы төмендегі болмашы дерек те куә бола алады. Р.А. Кушнерик, Ресейдегі елшілерді күту туралы айта келіп, ресейліктердің әр елдің елшілеріне деген қатынастың әркалай болғандығын ерекшелейді. Оның ойынша, ойрат елшілері азық-түлік, шараппен қазақтарға қарағанда молырақ қамтамасыз етілген. Мәселен, 1730 ж. жазда Мәскеуде жоңғар елшілігі және Ресей бодандығын қабылдау туралы мәселемен Әбілқайырдан келген қазақ елшілері болған. Зерттеуші бұл жайлы: «несмотря на всю значимость казахских предложений, главам его (Кутлумбету Коштаеву и Сейткулу Кудайгулову), рядовым членам и слугам выдавалось продуктов на порядок меньше, чем ойратскому посольству», - деп нақты көрсетеді [7, с. 93-94].

Р.А. Кушнерик келесі еңбегінде де Ресей мен Жоңғар арасындағы қатынастың Галдан Цереннің тұсында мүмкіндігінше бейбіт түрде өрбігендігін алға тартқан. Осы кезде екі жақтың арасында ресми тұрғыда сауда немесе басқа да мәселелерге қатысты келісімшарттар жасалмағанымен, мемлекетаралық қатынас тұрақты болған және өзара келіссөздер белсенді жүргізілген. Зерттеуші: «даже подчинение Галдан-Цэреном Среднего и Младшего жузов, некоторые воинственные заявления ойратских военачальников о вытеснении русских с Иртыша и переброска в связи с этими угрозами дополнительных войск в Сибирь не привели к конфликтной ситуации», - деп өз ойын келтірді [8, с. 137].

И.А. Ноздрина соңғы ортағасырлардағы Ресейдің Орталық Азияда жүргізген халықаралық қатынастардағы геосаяси рөліне баға бере отырып, XVIII ғ. орта тұсына дейін Ресей ортаазиялық аймақтағы халықаралық қатынастар жүйесінде тұрақтандырушы фактор ретінде саналғандығын жазды. Оның пікірінше, орыс дипломатиясы Жоңғарияның, болмаса Қытайдың күшеюіне алып келуі мүмкін жоңғар-қалмақ немесе қытай-қалмақ әскери-саяси одағының құрылуының алдын алу тапсырмасын жетістікпен атқарып отырған [9].

Орталық Азиядағы күрделі халықаралық қатынастар жағдайында Ресей – Жоңғария – Қазақстан – Қытай – Қалмақ – осы аймақтағы басқа да мемлекеттердің түрлі одақтар мен бірлестіктер жасауы бек мүмкін еді. Мысалға төмендегі тұжырым бойынша, Жоңғар хандығымен күресу үшін Цин үкіметі Ресей империясынан көмек алуға, сонымен қатар ойраттарға қарсы қалмақ ханы Аюкенің атты әскерін қолдануды ойластырғаны туралы концепция бар [10, с. 119]. Автор алайда 1713-1714 жж. және 1731-1732 жж. қытай елшілігінің жоғарыдағы мәселе бойынша Ресейге елшілігінің нәтижесі Петерборды ойрат-қытай соғысына тартуға алып келмегенін көрсетті.

Жоңғар хандығы жойылғаннан кейін көп ұзамай Орталық Азиядағы халықаралық қатынастарда мультиполярлық жүйе (Ресей – циндік Қытай – Жоңғария) биполярлыққа (Ресей – циндік Қытай) трансформацияланады. Ресей мен Цин империялары арасында аймақтағы саяси-территориялық және экономикалық басымдық үшін бәсекелестік басталады [9]. Сөзсіз, соңғы ортағасырлар Орталық Азиядағы геосаяси өзгерістерде доминантты рөл осы екі беделді мемлекеттерге тиесілі болғаны анық. Бүгінгі таңда да әлемдік кеңістікте аталған ірі екі елдің саяси, қоғамдық және ғылыми бағытына маңызды орын беріліп отыр.

Ресей оқымыстыларының ойына сүйенетін болсақ, Қытай бұндай жағдайларда Моңғолия, Тибет, Шығыс Түркістанды өзінің біртұтас бөлігі, ал олардың тұрғындарын қытайлықтар етіп жариялайды. «…Китай в подобной ситуации объявляет своими неотъемлемыми частями Монголию, Тибет и Восточный Туркестан, а их жителей – китайцами, издревле связанными в «единую семью» с ханьцами» [11, с. 17]. «Біртұтас қытай ұлты» концепциясының себебі Қытайдың Моңғолия, Тибет және Шығыс Түркістанға өз құқын негіздеуі сеп болған. Алайда ресейлік әріптестердің тарапынан бұл тұжырымға белсенді түрде қарсылық көрсетілген.

М.О. Акишин нақты көрсеткендей, қытайдың моңғолтанудағы жоғарыдағы бұл тенденциясын кезінде кеңестік тарихшылардың өздері байқаған. Қытайда Жоңғарияның ешуақытта тәуелсіз мемлекет болмағандығы туралы және біртұтас Қытайдың бір бөлшегі болып табылатындығы туралы концепция басшылыққа алынды. Ал Қытай империясының ойраттарға қарсы жүргізген соғыстары жоңғар ақсүйектерінің көтерілісін басу, ел тұтастығы үшін әділ күрес ретінде сипатталды. Ресейдің Жоңғария бағытындағы саясаты қытай территориясына деген шабуыл ретінде қарастырылады [12, с. 44]. Ресей тарихнамасына келетін болсақ, Жоңғар хандығы тәуелсіз мемлекет ретінде танылған. Осы проблемаға қатысты зерттеуші С.Г. Скобелев «Гибель джунгарского этноса в 1755-1760 годах: численность населения

и размеры потерь» атты мақаласында: «абсолютно нет оснований говорить о поголовной гибели населения Джунгарии», - деп көрсетеді [13, с. 59]. Зерттеуші бұған дейін көп айтылып келе жатқан тұжырымға қарсы шыққан. Оның түсіндіруінше, қытайлықтардың жаулап алуына дейін-ақ жоңғарлардың кей бөлігі қытай жеріне ауып кеткен. Дегенмен бұл оқиғаның әлем тарихындағы ең трагедиялық көрініс болғандығымен келісетінін жеткізді. Автор зерттеуін қорытындылай келе: «если русское завоевание Южной Сибири стоило коренному населению лишь около 4 % населения, то завоевание цинами Джунгарии было на порядок кровопролитнее – более 60% а для ряда тюркоязычных групп и того более», - деп жазады [13, с. 60]. Оның қорытындысында қытайдың басып алуы кезінде жоңғар елінің алпыс пайыз халқынан айрылғаны көрсетілді. Автордың бұл проблемаға назар аударуы өте орынды деп санаймыз, өйткені сол кезеңдегі демографиялық нақты көрсеткіштер әлі де жіті зерттеуді қажет ететін мәселелер санатында.

Қазіргі кезде қазақ жүздерінің Ресей империясының құрамында болуының себебін ресейліктер мен қазақстандық тарихшылардың түсіндіруінде айырмашылық жоқ емес. Мысалға, отандық еңбектерде қазақ халқының Ресей қоластында отар ел ретінде күн кешкені туралы тұжырым айтылса, ресейліктер өз тарапынан қазақ елін қамқорлыққа алып, дамуына оң әсерін тигізгендігін алға тартатыны белгілі. Ресейлік әріптес Р.Ю. Почекаев: «особенностью вхождения Казахстана в состав Российской империи стало то, что, в отличие от тюрко-татарских народов Поволжья, Приуралья и Сибири, казахи признали российский сюзеренитет добровольно и даже более того – фактически они сами проявили инициативу по поводу вхождения в состав России», - деп көрсетеді [14, с. 6]. Автордың ойынша, сол себепті де ресейлік әкімшілік ұзақ уақыт бойы қоластына жаңадан енген елмен қандай байланыс орнатқан жөн екендігін толықтай түсіне алмаған. Осы секілді тарихымыздағы кейбір мәселелерді интерпретациялауда қазақстандық және ресейлік тарихшылардың бағыт-бағдары, ұстанымдары ортақ болмауы әбден мүмкін. Ондай проблемалар қатарына жоғарыда көтерілген Жоңғариямен қарым-қатынастың кейбір мәселелері де жататыны айқын.

Ресейлік зерттеуші Р.А. Кушнерик «Противоборство русской и джунгарской дипломатий в Казахстане в первой половине 40–х гг. XVIII в.» атты мақаласында Ресейдің қазақ жүздерін өз қоластына алу себептерін төмендегідей түсіндірген: «одной из важных ... было стремление создать на границе Сибири и противовес Джунгарскому ханству. Русские власти, писал в связи с этим А.И. Левшин, думали, что «добровольно покоряющиеся орды можно будет употреблять к ослаблению зюнгаров...» [8, с. 112]. Ресейлік бұл зерттеушілердің пікірлерінше, империяның қазақ жерлерін қосып алудағы себептердің бірі олардың өз жағдайын ойлағандығынан болып тұр, яғни патшалық өзінің шекаралық аймақтарында жоңғарлардан қорғаныс ретінде қазақ жүздерін пайдаланғысы келген. Қазақ жерлерінің Ресей отарына айналу үрдісі бүгінгі таңда да өте күрделі проблема болып саналады. Р.А. Кушнериктің зерттеуінде қайшылықтар кездеседі. Ол бір сөзінде В.А. Моиссевтің ойын қолдап: «ослабевало давление Китая, Джунгарские войска тут же обрушивались на казахов, вынуждая их откочевывать к границам России или в Среднюю Азию», - деп жазған. Бұл жерде жоңғарлардың қазақ жеріне жүргізген шапқыншылық соғыстары болғандығы нақты көрсетіліп тұр. Алайда Р.А. Кушнерик Галдан Цереннің саясатын түсіндіре отырып, келесі ойын былай жалғастырады: «...необходимо было обезопасить западные районы страны от губительных казахских вторжений» [8, с. 112]. Ал бұл түйіннің мағынасы бойынша қазақтар басқыншылар болып тұр. Бірақ жалпы алғанда, көпшілік ғалымдар дәлелді түрде көрсетіп кеткендей, шабуылдаушы тарап – жоңғарлар, ал қорғанушы – қазақтар болды.

Жалпы, бүгінгі таңда да соңғы ортағасырлар кезеңіндегі Орталық Азия аймағында орын алған халықаралық қатынастар, нақтылап айтсақ, қазақ пен жоңғар қарым-қатынастары ресейлік зерттеушілердің назарынан тыс қалмаған. Оның себебінің бірі ретінде ресейлік зерттеуші төмендегідей көрсеткен: «джунгаро-казахские отношения оказывали большое воздействие на всю систему международных отношений в Центральной Азии, в том числе и на отношения Джунгарии с Россией» [8, с. 111].

Жоңғар шапқыншылығына қатысты қазіргі қырғыз тарихшыларының негізгі зерттеулеріне шолу жасауға болады. Тарихшы А.Ш. Махаева көрсеткендей, Қазақ хандығының тарихында тілі мен ділі бір, этникалық құрылымы және бір-біріне жақын әдет-ғұрыптары мен соғыс өнері де ұқсас болып келетін қырғыздардың алар орны ерекше екені рас. Бұл ғасырлар бойы көршілес келе жатқан қазақ-қырғыздың тығыз байланыстарын көрсетсе керек. Өз кезегінде Қазақ хандығының дәуіріндегі қырғыз-қазақ қарым-қатынастары Қазақстан мен Қырғызстан ғалымдарының еңбектерінде қарастырылып жатқандығы байқалатыны көрсетілген [15, 14-б.]. Бұл тұста зерттеушінің ойымен келіспеуге болмас. Жекелеген кезеңдерде қазақ елімен ұқсас күн кешкен бауырлас қырғыз елі де жоңғар шапқыншылығынан зардап шеккені белгілі. Сол себепті XVII-XVIII ғғ. жоңғар елімен күрес тарихы мәселесін ағайындас елдің ғалымдары да өз зерттеулерінің нысанына айналдырғаны түсінікті. Ол зерттеушілердің қатарына А.А. Асанканов, С. Аттокуров, Д.Б. Сапаралиев және басқаларын жатқызуға болады.

Қазақ пен жоңғар арасында орын алған алғашқы шайқастардың бірі – Орбұлақ шайқасында қырғыздардың да үлес қосқандығы белгілі. Аталған шайқаста бірнеше есе басым күшпен келген жоңғар

басқыншыларына қарсы шайқаста қазақ-қырғыз қолы жеңіске жеткенін жазған А.Ш. Махаева бұл жеңістің қазақтар мен қырғыздар үшін тарихи маңызы зор болғандығы туралы қорытынды жасаған. Оның ойынша, екі жұрттың да еңсесі көтеріліп, бірліктің түбі тірлік екендігін аңғарған. Сонымен қатар Жәңгір ханның дипломатиялық көрегендігін ерекшелеген автор Орбұлақ шайқасы қазақ пен қырғыз жасақтарының өз еркіндігін қорғау жолындағы жасампаз ерліктерін алыс-жақынға паш еткізгендігі туралы ойын түйіндеген [15, 20-б.].

Д.Б. Сапаралиев Ш. Уәлихановтың жоңғарлардың шапқыншылығы туралы айтқан ойынан үзінді бере отырып, бұндағы кей тұжырымдармен келіспейтіндігін көрсетіп жазады. Ол Ш. Уәлихановтың көрсеткен 1723 ж. жоңғарлардың қазақ жеріне жасаған шабуылына орай былай дейді: «этот поход джунгарских войск на казахов и киргизов был совершен не джунгарским ханом Галдан Цереном (правившим в 1727-1745 гг.), а его братом Шуно Даба и вероятнее всего в 1722, а не 1723 году» [16, с. 58]. Жоңғар тарапынан Қазақстанға, автордың сөзі бойынша, қырғыздарға да жасалған шапқыншылықты Галдан Цереннің өзі емес, оның бауыры Шуна Даба басқарған және бұл үлкен шапқыншылық 1723 ж. емес, 1722 ж. орын алған екен. Автордың өз сөздеріне дәлел ретінде капитан Унковскийдің жазбалары мен Флорио Беневенидің жеткізген ақпараттарына сүйенгені көрсетілген. В.З. Галиев өз еңбегінде Д.Б. Сапаралиевтің бұл ойын қолдайды. Ол: «Д.Б. Сапаралиев уточнил дату нашествия джунгар на Казахстан и Среднюю Азию. «Актабан шубурунды» было не в 1723, а в 1722 году», - деп көрсеткен [17, с. 51]. В.З. Галиев өз ойын нақтылай түсіп, жоңғарлардың бүкіл Қазақстан бойынша бір мезетте жорық жасауға күші де келмейтінін әрі бұлай жасау мәнсіз болғандықтан, 1722 ж. елдің оңтүстік аймақтарына, ал 1723 ж. солтүстік пен батысқа өзге әскерімен, өзге қолбасшыларымен жорық жасағанын түйіндейді [17, с. 52].

Д.Б. Сапаралиевті келесі бір тұжырымы бойынша XVIII ғ. орта тұсынан бастап қырғыздар, қазақтар және басқа да ортаазиялық елдер өз жерлерін жоңғар басқыншылықтарынан азат ету іс-қимылдарын белсенді түрде жүргізе бастаған: «с начало 50-х годов XVIII в. кыргызы, казахи и другие среднеазиатские народы активизировали борьбу за освобождение своих земель от Джунгарского ханства» [16, с. 61-62]. Д.Б. Сапаралиев қырғыздар мен қазақтардың жоңғарларға қарсы бағытталған соққыларының аса тиімді әрі күшті жүргізілгендігі турасында жазды.

Қазақтар мен қырғыздардың Жоңғарияның солтүстігі және солтүстік-батысындағы азаттық күрестерінің күшеюі елдің оңтүстік-шығысындағы мәнжүр-қытай әскерлерінің 1755 жылдардағы жаулаушылық әрекеттегі іс-қимылдарымен және 1756-1757 жж. циндердің өз өмірі мен бостандығын әділетті түрде сақтап қалуға тырысу мақсатында көтерілген жоңғар халқына қарсы жазалаушы жорықтарымен тұспа-тұс жүргендігін ерекшелеген. Бұндағы жоңғарлардың көзқарасын жазған тарихшы олардың бұл кампанияны жоңғарларға қарсы коалиция ретінде түсінгенін алға тартқан. Дегенмен де бұның шынайылыққа жат екендігін ол келесі себептермен түсіндіруге тырысады: «если Цинская империя стремилась к новым территориальным захватам, то кыргызы и казахи боролись за возврат своих исконных кочевий, занятых джунгарскими феодалами» [16, с. 62-63]. Цин империясы өз территориясын ұлғайтуды көздесе, қазақтар мен қырғыздар жоңғарлар басып алған өзінің атамекен жерлерін қайтармақшы болған. Әйтсе де бұл кезең аралығында Жоңғар хандығы қырғыз үшін де, Цин империясы үшін де ортақ жау ретінде саналғанымен, М.С. Иманалиев көрсеткендей: «однако цели и задачи их были совершенно различные» - олардың (қырғыздар мен қытайлардың – Н.Қ.) мақсаттары мен міндеттері тіптен бөлек болған [16, с. 63].

Түрлі фактілерді келтіре отырып, өз ойын дәйектей түскен қырғыз тарихшысы төмендегідей қорытындысын жасаған. Ол бойынша Ыстықкөл аймағын қырғыздардың жат басқыншылардан Цин империясының жауынгерлері Жоңғар хандығын талқандамай тұрып-ақ азат еткен. Осылайша автор қытай дерегінде көрсетілгендей «Жоңғария толықтай басып алынғаннан кейін қырғыздар өздерінің бұрынғы территорияларын қайтара алған», - деген пікірді оң санамайтындығын жеткізеді. Осындай тұжырымдарын ұсынған қытай зерттеушілерінің әрекеті Жоңғар хандығын талқандаудағы цин әскерінің рөлін асыра бейнелеп, ал керісінше, қазақтар мен қырғыздардың жоңғарларға қарсы азаттық күресінің маңызын төмендету міндетімен түсіндірілетіні қорытындыланды [16, 63-б.].

Қырғыз ұлттық университетінің аспиранты болған А. Исмаилованың «Қырғыздар мен қазақтардың Жоңғар хандығының басқыншылық саясатына қарсы бірлескен күресі» деген мақаласында жоңғарлардың шапқыншылық соғыстарының барысы жалпы түрде қарастырылған [18].

Кеңестік дәуірден кейінгі кезеңде тәуелсіздік алған елдерде тарих ғылымында жаңаша түйсіну тенденциясының орын алуы заңды саналады. Қазіргі Қазақстан мен Қырғызстан зерттеулерінде жекелеген проблемаларға қатысты тарихи оқиғаларды қайта түйсінуіне, оларды жаңаша көзқараспен бағамдауға бағытталған. Ал заманауи Ресей тарихшыларының көшпелі халықтармен байланыс мәселелерін зерттеудегі бұрыннан келе жатқан тарихи позицияларын сақтап қалуға тырысатыны байқалады.

Жоңғар хандығының дамуының қытайлық тарихнамасын қытай тілін меңгермегендіктен, барынша көлемді түрде ашып жазу өте күрделі. Алайда қытай тарихшыларының проблемаға қатысты жазылған

еңбектерінің орыс, қазақ тілдеріне аударылған жарияланымдарын қарастыра отырып және қытай тілін білетін тарихшы-мамандардың тиісті зерттеулеріне сүйену арқылы ондағы басты тарихнамалық аспектілерді ашуға талпыныс жасауға болады.

Қытай зерттеушілерінің Жоңғар хандығы мен қазақтардың тарихына қатысты еңбектерін, қытай деректерін, зерттеу тақырыбы бойынша негізгі концепцияларын, жалпы, қытай тарихнамасының мәселелерін өз еңбектерінде қазақстандық зерттеушілер де қарастырды.

Қазақ тарихының қытай тарихнамасына қатысты жекелеген маман- зерттеушілердің еңбектерін сараласақ. Н. Мұқаметқанұлы «Қытай және жапон тарихшылары XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ тарихы туралы» мақаласында Қытай елі – өзінің төрт-бес мың жылдық жазба мәдениетімен әлемге әйгілі болған, ерте замандағы дүниедегі төрт ірі мемлекеттердің бірі болғанын ерекшелеп өтеді. Ол еңбегінде: «...қазақ» деген мұқым бір ұлт аты қытайдың Шинь патшалығының орда естелігінде тұңғыш рет 1697 жылы24 көкек күні жоңғар қонтайшысы Қалданға байланысты жазылған екен», - деп көрсетеді [19, 49-б.]. Зерттеушінің мәліметінше, содан бастап қазақтар туралы мәліметтер анда-санда жоңғарларға байланысты Цин патшалығының орда естелігінде хатталып отырған. Ондай деректер Цин патшалығының жоңғарға қалың қол аттандырар шағында, яғни 1750 жылдары көбейе түседі, оған себеп қазақтардан қандай қарсылық болар екен деген алаңдаушылыққа байланысты қазақтар жөнінде мәліметтерді көбірек жинауы. Әрі осы тұста Орта жүз ханы Абылай мен Ұлы жүз ханы Әбілмәмбет Цин патшалығымен тікелей қарым-қатынас орната бастайды [19, 49-50-бб.]. Цин патшалығы тұсында орда тарихшылары жазған еңбектерде қазақтар туралы арнаулы тараулар жазылып отырған. «Шинь патшалығының тарихы» көп томдық еңбектегі арнаулы тарауда қазақтардың үш жүзге бөлінетіндігі, олардың өз алдына көтерген хандарының аты-жөні, географиялық табиғи ерекшеліктері және өзге де ақпараттар келтірілген екен. Автор ойын қорытындылай келе, XVIII-XIX ғғ. өзінде қытай тарихшылары қазақ жөнінде зерттеу жүргізе бастағанын, алайда ол тұста жазылған еңбектердің ғылымилығынан гөрі мәліметтік құны жоғары болып отырғанын жазған. Н. Мұқаметқанұлының ескеруінше, Цин патшалығы XVIII ғ. орта шенінде қазақтармен тікелей байланыс орнатқаннан кейін 1911 ж. осы патшалық құлағанға дейінгі аралықта қазақтарға арнайы жазылған еңбек мақала түрінде болған. Ол «Мемлекеттік газет» бетінде 1879 ж. «Қазақтар Ресейдің қоқан-лоқысына ұшырауда» деген атпен жарияланған. Мақалада, тақырыбынан көрініп тұрғандай, қазақтардың патшалық Ресей отаршыларынан жәбір-жапа, зорлық-зомбылық көріп отырған ауыр жағдайы сипатталған [19, 50-б.]. Бұған дейін Жоңғарияға қатысты Қытай саясаты кеңес тұсындағы тарихшылар тарапынан сынға ұшыраса, қытайлар да өз кезегінде Ресейдің қазақ халқына байланысты саяси әрекеттеріне сыни тұрғыда қарағаны байқалады.

Жоңғар хандығы туралы қытай дереккөздері жалпы жоңғарлар туралы тарихи зерттеулер үшін аса маңызды ғылыми құндылыққа ие. Арысы – жалпы Моңғол ұлысы туралы деректерден бастау алып, XV-XVI ғасырлардағы ойрат тайпаларының тарихы туралы, берісі – Жоңғар хандығының саяси, әлеуметтік, экономикалық және дипломатиялық тарихы туралы мағлұматтар қытайдың тарихи жазбаларында молынан кездеседі. Әсіресе XIV-XVII ғасырлардағы Миң империясы мен XVII-XIX ғасырлардағы Цин империясының тарихи жазба деректері Жоңғар тарихын зерттеуде таптырмайтын дереккөздер болып есептеледі [20].

Қытайдың тарихи мұрағат қорларында Жоңғар хандығына тікелей немесе жанама қатысы бар өте көп тарихи жазба материалдар сақтаулы. Жоңғар тарихын зерттеуде маңызды тарихи және ғылыми құндылыққа ие болып табылатындары да жеткілікті. Бұл тарихи дереккөздер Қытай және шетелдегі қытай тілді тарихшылардың Жоңғар тарихы туралы зерттеулеріне негіз болуда. Қазақстандағы жекелеген тарихшылар да Жоңғария туралы зерттеулерінде осы аталған тарихи материалдарды қолданып келеді.

Жоңғар тарихы туралы арнаулы зерттеулер Қытайда кешірек басталды деуге болады. 1949 ж. ҚХР құрылғаннан кейінгі 20-30 жылда да Қытайда тарих ғылымы айтарлықтай белсенді түрде дамып кеткен жоқ. Бұған Қытайдағы коммунистік жүйенің тар шеңбері себеп болды. Әсіресе 1966-1976 жылдар арасында Қытай ғылымын тас-талқан еткен «Мәдениет төңкерісі» тарих ғылымының аяғына тұсау болған еді. Тек 1978 ж. Қытай «сыртқа қарата есік ашу» реформасын жүргізгеннен кейін тарих ғылымы қайта жанданды. Қытай тарихшыларының 1978 жылға дейінгі зерттеулерінде ойрат немесе жоңғар тарихы жалпы моңғол тарихынан негізінен бөлек қарастырылған жоқ десек болады. Ойрат-жоңғар туралы ең алғашқы арнаулы тақырыптық зерттеу ретінде Жин Жуизоңның «Ішкі Моңғол университеті журналында» 1964 жылы жариялаған «Цин патшалығының алғашқы кезіндегі ойрат пен қытай арасындағы сауда базары» атты ғылыми мақаласын атауға болады [21].

Уақыт жағынан осы кезеңді де салыстырмалы түрде екі кезеңге бөліп қарастыруға болады. Бірінші, 1970 жылдардың соңынан 1980 жылдардың соңына дейін Қытай тарихшылары «солшыл» саясаттың ықпалынан толық айығып кетпегендіктен, олардың Жоңғар туралы зерттеулері көбіне Жоңғарлардың қоғамдық құрылымына және билеуші тап арасындағы талас-тартыстарына арналды. Енді бір жағынан сол кездегі қытай-совет қарым-қатынасының салқындауы салдарынан, патшалық Ресейдің жалпы Моңғол жеріне болған шапқыншылығы да көбірек назарға ілікті. Екінші, 1990 жылдардан кейін Қытайдағы тарих

ғылымының жаңаша дамуына сәйкес, қытай тарихшыларының жоңғар тарихы туралы зерттеулері де сан-салалы болып, жоңғарлардың саяси, әлеуметтік, экономикалық, діни және мәдени тарихына қатысты зерттеулер жүргізілді.

Қытай тарихшысы Ма Малидың орыс тарихшыларының Жоңғар елінің тарихына қатысты жұмыстарын аударуда сіңірген еңбегі айырықша атауға лайықты. Ол 1980 ж. орыстың географ тарихшысы М.И. Венюковтың «Жоңғар шекарасындағы халықтар туралы» деген мақаласын қытай тіліне аударып, «Шынжаң университеті журналында» жариялады [22]. Сонымен бірге, Ма Мали сол жылы тағы орыстың атақты монғолтанушы ғалымы И.Я. Златкиннің «Жоңғар хандығының тарихы» атты кітабын қытай тіліне аударып баспадан шығарды [23]. Ланьчжоу университетінде қытай тіліне аударылған И.Я. Златкиннің «История Джунгарского ханства» еңбегінің ұзақ уақыттар бойы тар шеңберде қолданыста болғанын К. Хафизова ерекшелеп: «...долгое время она (книга И.Я. Златкина – Н.Қ.) распространялась под грифом «для служебного пользования», - деп көрсеткен [24, с. 11]. Б.П. Гуревичтің «XVII-XVIII ғасырдағы қытай-орыс-жоңғар қарым-қатынасы және Қытайдың тарих ғылымы» атты ғылыми еңбегі қытай тіліне аударылып, «Қытай тарихының зерттелу жағдайы» атты журналдың 1979 жылғы 9-санында жарыққа шықты [25]. Жоғарыда аталған еңбектердің аудармаларының жариялануы Қытайдағы Жоңғария тарихы туралы зерттеулерге тың серпін берді. Осыдан кейін жоңғарлар тарихы туралы, нақты айтқанда Жоңғар хандығының көршіліс мемлекеттермен, өңірлермен қарым-қатынасы туралы ғылыми мақалалар жарыққа шыға бастады. Осындай жұмыстардың бастылары ретінде Бай Суйчиннің 1979 ж. «Экономикалық тұрғыдан ойрат пен қытай қарым-қатынасы» [26], Сай Жияьидың 1979 ж. «XVIII ғасырдың басында жоңғарлардың Ресейге қарсы күрес тарихының маңызды бір көрінісі» [27] және Ба Дай мен Ма Дажыңның 1981 ж. «Жоңғар билеушілерінің Оңтүстік Шынжаңдағы үстемдігі туралы» [28] атты мақалаларын атауға болады [20, б. 57].

Қытай дереккөздері және Қытай тарихшыларының Жоңғар туралы зерттеулері Жоңғар тарихын зерттеуде маңызды бір саланы құрайтыны анық. Тарихта іргелес жатқан екі ел арасы бірде тату, бірде қату болса да, жоңғар-қазақ, жоңғар-қытай қарым-қатынасының саяси, экономикалық жағынан айтарлықтай дамығаны белгілі. Жоңғар хандығы мен Цин империясы арасындағы сауда керуендері қазіргі Ішкі Моңғол арқылы жалғасып, жоңғарлардың малшаруашылық өнімдері мен қытайлардың жібек, шай және дәрі-дәрмектерінің айырбасы жүріп тұрды. Цин үкіметінің жарлығымен жоңғарлармен шекаралас аудандарда арнаулы базарлар да ашылды [29]. Жоңғар хандығының дәурені жүріп тұрған кезде, жоңғарлар Қытайдың үстемдігінде болған Тибет пен ұйғырларды да өз қоластына қаратып, қала берді Қытайға да жорық жасап тұрды. Цин императоры жоңғар қонтайшысына қыз беріп, құдаласу арқылы ымыраласу жолын да қарастырған кездері болды. Бірақ жоңғарлар қытайлардың құрығынан бәрібір қашып құтыла алған жоқ, XVIII ғасырдың ортасында Қытайдың Цин империясы Жоңғар хандығын түбегейлі жойып тынды. Сол кездегі Қытай деректеріне қарағанда, жоңғарлардың оннан үштей бөлігі обадан қырылып, оннан үштейі орыс империясы мен Қазақ хандығына бас сауғалап қашса, оннан бес бөлігі қытай әскерінің қолынан өліп, неше мың шақырым ұлан-байтақ далада тірі пенде қалмаған [21]. Жоңғарлардың тірі қалған аз бөлігі Қытайдың мәңгілік бодандығына кіріптар болып қала берді. Бұл өз кезегінде айырықша зерделеуді қажет ететін үлкен бір тарихи тақырып. Ал, жоңғар-қытай қарым-қатынасының аталмыш тарихын ескерсек, Жоңғария туралы қытай дереккөздері мен қытай тарихшыларының жоңғарлар туралы зерттеулерінің аз болмайтыны түсінікті.

Қытайда XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ тарихын ғылыми тұрғыда зерттеу істері XX ғасырдың 80-інші жылдарынан кейін ғана белсенді дамығанын зерттеуші көрсеткен [19, 50-б.]. Сол сияқты жоғарыда байқағанымыздай, Қытайдағы жоңғартану саласы да осы кезеңнен бастап ілгерілеп дамыған. Өйткені XX ғ. 80-жж. дейін қытай тарихшыларының Жоңғария тарихы туралы зерттеулері мақала деңгейінде болып келсе, аталған уақыттан бастап ғылыми мақалалардан тыс, арнаулы зерттеулер мен монографиялар жазыла бастаған [20, 56-б.]. Оның себебін зерттеуші К. Хафизованың еңбегінен білуге болады. Ол XX ғ. 80-жж. қытай үкіметі қоғамдық ғылымдарды, соның ішінде саны аз халықтардың тарихын, этнографиясын, тілдерін, мәдениетін зерттеу, дамыту үшін үлкен қаражат бөлгенін көрсеткен. Бұны жүзеге асыру үшін кешенді шығармашылық топтар құрылып, кітап топтамалары жарыққа шыға бастаған [24, с. 11]. Бұндағы қарастырылған мәселелерді жалпы түрде қорытындылай келе, қазақ пен жоңғар тарихына қатысты тарихи оқиғалар қытай тарихшылары тарапынан XX ғ. 80-жылдарынан бастап ғылыми негізде зерделене бастағандығы туралы тұжырым жасауға болады.

Жоңғария тарихы туралы Қытайдағы тарихи деректер молдығымен ерекшеленеді, проблемаға қатысты тарихнамалық деректер де баршылық. Оларға арналған ғылыми мақалалардың саны неше мыңға жетіп жығылатыны анық, сондықтан ғылыми мақалалар туралы емес, ғылыми маңызы жоғары ауқымды еңбектердің бірқатары қарастырылды. Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресінің қытайлық тарихнамасы – дербес ірі бағыт.

Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресі тарихының ресейлік тарихнамасына төңкеріске дейінгі кезеңде-ақ бастама жасалды. Кеңестік тұста ортақ даму белгілері заманның тарихи және саяси факторларымен шартталған еді. Ал қазіргі Ресейде патшалық деуірден жалғасып келе жатқан тамыры бар болғандықтан, зерттеушілерде алдыңғы замандардағы тарихи көзқарастарды ақтауға және жандандыруға деген бетбұрыс байқалады. Екінші жағынан, олардың кеңестік тұстағы тарих ғылымында орныған қалған позицияларды да сақтап қалуға тырысатыны көрінеді. Себебі олар посткеңестік елдерде жарық көрген тарихи еңбектердегі жаңаша ой мен көзқарастарға сынмен қарайды. Ресейліктер кезінде өздері отарлаған елдерге қатысты өздерінің қамқоршылық статусын насихаттайды. Орыстар қазақтармен салыстырғанда Жоңғариямен қарым-қатынасының жақсы болғандығын аса ерекшелеп көрсетуге зауықсыз. Егемендікке қол жеткеннен кейін қазақтардың жоңғарлармен өзара байланыстарына, яғни қазақтардың жоңғар шапқыншылығына қарсы күресіне қатысты орыстардың саясатының екіұшты сипатын ашып жазған зерттеушілеріміздің қорытындыларын ресейлік тарихшылар жазғырды. Десек те орыстардың іргелес орналасқан халықтарды өзара алауыздыққа ұшырату тактикасын қолданғандығы басқа елдердің тарихнамасында кеңінен көрсетіліп, ашық жазылып жүр.

Қырғыздар зерттеулерінде жоңғар шапқыншылығына қазақтармен бірлесіп тойтарыс бергендігін ерекшелеп, мәселені екі республика халқының арасындағы бұрыннан келе жатқан бауырластық, ортақ мүдде тұрғысынан қарастырып жазуда.

Қытай елі жазу мәдениеті ертеден дамыған мемлекет ретінде сан ғасырлық тарихын қаттап жинақтауымен ерекшеленеді. Бұл елдің XVII-XVIII ғғ. көршілес елдермен, яғни қытайлықтардың қазақтармен, жоңғарлармен байланысы туралы жазба деректер көп сақталған. Ал тікелей қазақтар мен жоңғарлардың өзара қатынасына XVIII ғ. орта тұсынан бастап, мәнжүрлер жоңғарларды түгелімен басып алу үрдісі барысында басым мән берілді. Зерттеу тақырыбына қатысты ғылыми жұмыстарды атқаруға Қытайда XX ғ. 80-жж. бастап ерекше ден қойылды. Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресі қамтылған XVII-XVIII ғғ. Қытайдың аймақтағы саясатының тарихнамасы жеке зерттеуге лайықты.

Жоңғар факторы тек қазақ мемлекеті ғана емес, күллі Азия халқына, яғни бүгінгі жеке-жеке мемлекет болып отырған Өзбекстан, Қырғызстан, Түркменстан сияқты елдерге, сонымен қатар Ресей мен Қытай сияқты ірі мемлекеттерге де өзінің геосаяси т.б. ықпалын тигізді. Аталған мемлекеттердің барлығы өз тарихын зерттеу барысында Жоңғариямен болған қатынастарын тасадан тыс қалдырмайды. Дегенмен де әр ұлттың тарихи танымы, белгілі бір мәселеге қатысты көзқарасы дербес жолмен қалыптасады. Сондықтан да Жоңғар хандығының кезінде халықаралық қатынаста жүргізген саясатына әр мемлекеттің тарихи зерделенуінде түрліше баға беріледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Дремов И.И. Золотая Орда и возникновение этнонима «калмак» // Вопросы истории. – 2013. – № 3. – С. 119-129.

2 Моисеев В.А. Взаимоотношения ойратов Джунгарии и уйгуров Восточного Туркестана. XV-XVII вв. // Востоковедные исследования на Алтае: сб.статей. – Барнаул: Алтайск.ун-т, 1994. – С. 4-40.

3 Моисеев В.А. Россия и Джунгарское ханство в XVIII в. (Очерк внешнеполитических отношений). – Барнаул: Изд-во АГУ, 1998. – 175 с.

4 Акишин М.О. Джунгарское ханство во внешней политике Петра Великого // Дореволюционная Россия: http://statehistory.ru/4217/ Dzhungarskoe-khanstvo-vo-vneshney-politike-Petra-Velikogo/ (қаралу күні: 12.09.2015).

5 Бобров Л. Россия – Казахстан. Военно-политическое сотрудничество конца XVI – середины XIX вв. // Mangilik El. – 2014. – № 1(3). – С. 44-49.

6 Бобров Л.А., Худяков Ю.С. Огнестрельное оружие в войсках Джунгарского ханства (1635-1758 гг.) // Роль номадов в формировании культурного наследия Казахстана: сб. матер. межд. науч. конф. – Алматы: Print-S, 2010. – С. 204-217.

7 Кушнерик Р.А. Дипломатический этикет и порядок приема послов в России XVII-XVIII вв. (на примере русско-джунгарских отношений) // Международные отношения в Центральной Азии: история и современность: матер. науч. конф. – Барнаул: АГУ, 2008. – С. 86-100.

8 Кушнерик Р.А. Противоборство русской и джунгарской дипломатий в Казахстане в первой половине 40-х гг. XVIII в. // «Актуальные проблемы Центральной Азии и Китая: история и современность»: сб. научных статей памяти Б.П. Гуревича. – Барнаул: Азбука, 2006. – С. 111-140.

9 Ноздрина И.А. Калмыцкое ханство в системе международных отношений в Центральной Азии в XVIII веке: автореф. ... канд. ист. наук. – Томск, 2007. – 28 с.

10 Непомнин О.Е. История Китая: эпоха Цин. XVII – начало XX века. – М.: Восточная литература, 2005. – 712 с.

11 Дмитриев С.В., Кузьмин С.Л. Что такое Китай? Срединное государство в историческом мифе и реальной политике // Восток (Orients). – 2012. – № 3. – С. 5-19.

12 Гуревич Б.П., Моисеев В.А. Взаимоотношения цинского Китая и России с Джунгарским ханством в XVII-XVIII вв. и китайская историография // Вопросы истории. – 1979. – № 3. – С. 42-55.

13 Скобелев С.Г. Гибель джунгарского этноса в 1755-1760 годах: численность населения и размеры потерь // Социально-экономические и этнокультурные процессы в Верхнем Прииртышье в XVII-XX веках: сб. матер. межд. конф. – Новосибирск: Параллель, 2011. – С. 54-60.

14 Почекаев Р.Ю. Указ императрицы Анны и присяга хана Абулхаира 1731 г.: между старинными традициями и новым имперским законодательством // Отан тарихы. – 2014. – № 3(67). – С. 5-15.

15 Махаева А.Ш. Қазақ хандығы және қырғыздар: өзара байланыстарының тарихынан // Отан тарихы. – 2015. – № 1(69).– Б. 14-23.

16 Сапаралиев Д.Б. Кыргызско-казахские взаимоотношения XVII-XVIII вв. в научных трудах Ч. Валиханова // Чокан Валиханов и гуманитарная наука XXI века: матер. межд. науч.-прак. конф. – Алматы, 2010. – С. 56-67.

17 Галиев В.З. Проблемные вопросы казахско-джунгарских отношений в XVII – первой половины XVIII веков // «История Казахстана: новый взгляд»: сб. матер. метод. семинаров ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова за 2012-2013 гг. – Алматы: Елтаным, 2014. – С. 40-53.

18 Исмаилова А. Қырғыздар мен қазақтардың жоңғар хандығының баскыншылық саясатына қарсы бірлескен күресі // Отан тарихы. – 2005. – № 4. – 57-63-бб.

19 Мұқаметханұлы Н. Қытай және жапон тарихшылары XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ тарихы туралы // Қазақ тарихы. – 1994. – № 3. – 49-54-бб.

20 Құрманалина Н.Н., Қанай Ө. Жоңғарлар туралы қытай тарихнамасынан // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. – 2016. – № 3(82). – С. 54-60.

21 Жин Жуизоң. Цин патшалығының алғашқы кезіндегі ойрат пен қытай арасындағы сауда базары // Ішкі Моңғол университеті журналы. – 1964. – № 2.

22 Венюков М.И. Жоңғар шекарасындағы халықтар туралы // Шынжаң университеті журналы. – 1980.

23 Златкин И.Я. Жоңғар хандығының тарихы. – Пекин: Сауда баспасы. – 1980.

24 Хафизова К.Ш. Казахская стратегия Цинской империи. – Алматы: Таймас, 2007. – 104 с.

25 Гуревич Б.П. XVII-XVIII ғасырдағы қытай-орыс-жоңғар қарым-қатынасы және Қытайдың тарих ғылымы // Қытай тарихының зерттелу жағдайы. –1979. – №9.

26 Бай Суйчин. Экономикалық тұрғыдан ойрат пен қытай қарым-қатынасы // Қытайдағы Моңғол тарихы қоғамының құрылу конференциясы жинағы. – 1979.

27 Сай Жияьи. XVIII ғасырдың басында жоңғарлардың Ресейге қарсы күрес тарихының маңызды бір көрінісі // Қытай-орыс қарым-қатынасы тарихынан мақалалар жинағы. – 1979.

28 Ба Дай, Ма Дажың. Жоңғар билеушілерінің Оңтүстік Шынжаңдағы үстемдігі туралы// Шынжаң университеті журналы. – 1981. – № 2.

29 Жау Лиян. Шияу Тиң За Лу. – Пекин: Жуңхуа кітап мекемесі. – 1980.

Г.А. МЕЙРМАНОВА
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

ҚАЗАҚТАРДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ ТАМАҚТАНУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЭТИКЕТ

Аңдатпа. Қазіргі таңда қазақтың тамақтануын шайсыз елестету мүмкін емес. Дегенмен, ол салыстырмалы жақында ғана қазақтардың күнделікті өміріне кірді. Ғасырлар бойы қазақтардың өмірінде негізінен қой мен жылқыны бағу басым болған көшпелі мал шаруашылығы болды. Мұндай шаруашылық түрі ұзақ уақыт бойы аз мөлшерде негізделген біржақты қазақ асханасының ерекшеліктері ең алдымен ет және сүт пайдалану, сондай-ақ, ***тары*** сияқты астық өнімдерін пайдаланудан құрылды. Алайда, XVIII ғасырдың аяғынан бастап саясаттың салдары ретінде, қазақтардың экономикалық өмірінде іргелі өзгерістер басталды. Салдары жерге отырықшылану мен жер үшін көрші халықтармен жиі қақтығысқа түсу процесіне әкелді. Қазақ тағамында көптеген кірме және жаңа өнімдер келе бастады. XIX ғасырдың аяғында қазақтардың рационына (қазақтар шәй деп атайды) шай кірді.

Мейрманова Г.А.
КазНУ им. аль-Фараби

ЭТИКЕТ ТРАДИЦИОННОЙ ПИЩИ КАЗАХОВ

Аннотация. В настоящее статье автор описывает казахскую чайную церемонию. Отмечает что чай с XIX века входил в повседневную жизнь казахов в относительном выражении. На протяжении веков в жизни казахов существовал преимущественно кочевой скот, в котором преобладали овцы и лошади. Особенности односторонней казахской кухни, основанной на небольших количествах таких ферм, в основном обусловлены использованием мяса и молока, а также зерновых продуктов. Однако с конца XVIII века, как следствие политики, начались фундаментальные изменения в экономической жизни казахов. Последствия высадки на землю и землю часто приводили к конфликту с соседними народами. В казахской кухне есть много новых продуктов и новых продуктов. В конце XIX века чай вошел в казахскую диету (так называемый чай казахов).

Ключевые слова. чай, гостеприимство, застолье, просо, самовар

G.A. MEIRMANOVA
KazNU Al-Farabi, Almaty

ETHICS IN THE SYSTEM OF DELICATE MEALS IN KAZAKHS

Abstract. in this article, the author pointed out the role of tea in Kazakh food. . However, he has recently entered the daily lives of Kazakhs in relative terms. For centuries in the life of the Kazakhs there was mainly nomadic livestock, which was dominated by sheep and horses. Features of the one-sided Kazakh cuisine, based on small quantities of such kind of farms, are primarily due to the use of meat and milk, as well as grain products. However, since the end of XVIII century, as a consequence of politics, fundamental changes in the economic life of Kazakhs have begun. The consequences of landing on the ground and the land have often led to the conflict with the neighboring peoples. In the Kazakh cuisine there are many new products and new products. At the end of the XIX century tea entered the Kazakh diet (called Kazakhs tea).

Key words. tea, hospitality, feast, millet, samovar

Кіріспе

Бір қарағанда, қазақ ортасын зерттеу жүргізу кезінде шайдың таралу жолдары мен уақыттары туралы мәселе екі жақты пікір бар. Қазақстанның түрлі аймақтарында шай түрлі жолдармен және әртүрлі уақытта таратыла бастады. Бұл бірнеше елді мекендерді құрған қазақтардың қоныс аударуының кең аумағы арқылы анықталды - батыста Ресей қалалары, оңтүстікте Бұхара, Хиуа және басқа Орталық Азия қалалары, шығыста Құлжа, Шәушек және т.б. Қытай қалалары.

Қытайдың батыс бөлігіндегі шайдың таралуының негізгі рөлін Қалмақтар (жоңғарлар) алды. Қалмақтар кейде басшылардың әскери элитасының бір бөлігі болды, олар Орталық Азия қалаларымен тұрақты шайқасты [1; 200 с.]. Қалмақтар жауланған қала халқына әсері бар еді, олар шайдың арнайы түріне «шир-чой» (сүтпен шайға) халықты әуестендірді.

Қалмақтар шығыстағы қазақтар арасында шайды таратуда үлкен рөл атқарды. Жоңғар хандығы қазақ тайпаларының күшті және тынымсыз шығыс көршісі болған. Бірақ олар тек батысқа ғана шабуылдар жасап коймай, одан болек Қытаймен саудаласып малды шайға айырбастайтын. Белсенді Батысқа шай сату барысында монополия болды, бастапқыда Бұхаралықтар және XIX ғасырдың ортасында Ресейлік саудагерлер. Қалмақтар мен қытай арасындағы қарым-қатынастарының күрделену кезеңдерінде олардың саудалары үзілген, содан кейін шай «Кяхта, Томск арқылы Сібірден» қалмақтарға тартылды, «Жоңғарияның өрістерінде соғысқан қытай әскері үшін Семей және Кяхта арқылы Қытайға жоңғадың ірі қара мал мен түйелері өтіп отырды», - деді Г.Н. Потанин [12, 85 с.]. Әрине, кең таралған «Қалмақ шайы» қазақтарға таныс болды.

Жоңғарияның құлдырауымен (1757-1758), қазақтардың аймақтағы рөлі күрт өзгерді. Қазақтар өте тез, осы жерлерді басып алды, сонымен қатар тауар жолдарын алды: «Қытай, бұрын өздерінің әскерлерін Қырғыз мен Жоңғар даласынан шыққан жылқылармен қамтамсыз еткен, олар қырғыздармен жылқыны тауарға ауыстырумен жалғастырды, содан Шығыс елдеріндегі ескі сауда қайтадан пайда болды».

Сол уақыттан бері Өскемен және Семей, Есіл және Ямышев, Святой Петр бекінісінен белсенді қазақ саудасы жүріп отырды. Мына маршруттардан өткен сауда жолдары қазақ даласының батыс аймақтарын қамтыды, мысалға Ургадан басталып Абылай ұлысы арқылы Кончинский көлінен Бакланская бекінісіне Орынбор қаласына өтті.

Бірақ Жоңғарияның жеңіліске ұшырауына дейін қытайлықтар Сібірдегі шай сауда жолын жасады. Жергілікті тұрғындар дәстүрлі аң аулау, бұғы мүйізі және басқа да заттармен айналысты, ресейлік қоныс аударушылар жаңа жерлерді белсенді түрде жыртуды жалғастырды, ал өмірлік маңызды тауарлармен Бұхара халқы, негізінен малмен, арзан мақта маталарымен (қытайлық) және шаймен камтамасыз етті. Ирбит жәрмеңкесіне немесе Тобылға жеткен соң, бұл тауарларды Батыс Сібір және Еділ татарларына сатты. Ресей үкіметі бухараларға саудаға, жерді иеленуге жеңілдіктер беріп, бұл XVIII ғасырдың аяғында Сібірдегі «Бұхарлықтар» артықшылықты сыныптарының қалыптасуына әкелді. Мұндай саясат Орталық Азиямен белсенді сауда жасауды көздейді. Біртіндеп, бұхарлықтар өздерінің қолында тек көтерме емес, бөлшек саудасын да ұстады. Бірде-бір ресейлік сатушы Жоңғарияға немесе Қытайға бұхарлықтар жолсерігісіз бармады. Түркі тектес және Бұхаралықтардың исламдық сенімі оларды саудада Сібір мен Қазан татарларының негізгі серіктестері ретінде жасады. Бұл негізінен Еділдегі саудагерлер-татарлармен шай саудасын анықтаған. Атап айтқанда, «татар саудагерлері негізінен қырғыз халқымен алмасып жүрді», «Татарлар әрдайым сауда-саттық операцияларында делдал қызметін атқарды». Әсіресе, даланың солтүстік аймақтарында шай ішу дәстүрлері татарларға, саудагер қазақтардың негізгі серіктестеріне, қатты әсер етті. «Шай жолында» негізгі сауда нүктесі Кяхта, XIX ғасырдың 60-жылдарына дейін іс жүзінде Ресейге шайдың жалғыз жеткізушісі болды. Ирбит жәрмеңкесіне қосымша, Төменгі Новгород жәрмеңкесіне басқа шай саудасының орталығы болды - бірінші сатылуы (шайдың құны 40-80 фунтқа дейін бағаланды) шын мәнінде оның жұмысының басталуы деп саналды.

XIX ғасырдың басындағы даланың «тыныштандырылуы» шай керуен жолдарының санының өсуіне әкелді [7, 5с.]. Керуен жолын белсенді түрде осы бағытта жұмыс істей бастады: Құлжа-Чугучак-Көкбектов-Семей-Омбы-Тары-Тобыл-Ирбит [11,с.22]; сонымен қатар Хиуа мен Бұхарадағы керуен жолдарының рөлі артты, батыс өңірлері арқылы Орынбор мен Сібір шекараларына жеткен [9, 14 с.]. Сібір және батыс шай сауда маршруттары, қазақ даласынан өтті, бұл процеске қазақтар бастапқыда қатыспады. Көптеген зерттеушілер бұған мынадай түсініктеме айтты: «Бұл өте қауіпті еді, өйткені олар билікке бағынбайтын жабайы қырғыздар жерінен өткендіктен. Қырғыздар керуендерге шабуылдаған кезде, олар тіпті ресейлік жерде жасырынған кезде де оларға шабуыл жасады». «Қырғыздар өз жерінен өткен керуендерге ғана емес, тіпті көршілес мемлекеттердің елді мекендерін басып алып, тұрғындарды құлдыққа алды», алғашқы онжылдығында қазақтар 1750 жылы Троицк бекінісінде ашылған сауданың «айырбастау үшін көп тұтқындар, қалмақ балаларын» әкелді [3, с.111]. Бірақ 20-30 жыл өткеннен кейін қазақтар сауда-саттық пен айырбас қатынастарына көбірек келе бастады. Қазақтардың әдеттегі тауары мал еді (ресейліктер мен қытайлықтардың әскери қажеттіліктеріне арналған жылқылар), әртүрлі терілер (түлкі, суыр және т.б.), ақбөкендердің терісі, тұз, оларды темірден жасалған бұйымдарға (пышақтар, балталар, қазандықтар), ұн мен шүберекке айырбасталды. Өнімдердің бұл жиынтығы сауда-саттықтың барлық нүктелерінде өзгеріссіз қалды және ұзақ уақыт бойы айырбас түрі ретінде жүрді.

Бұл жайлы сегіз жыл Орынбор қаласында (1833-1841) тұрған философ және фольклоршы В.И. Даль: «Орынбордың ауласына қарап, сіз өзіңіз қоқыс пен қасіретін көресіз. Бұл – киізден жасалған бұйымдарды тұтынады. Бұдан кейін: мұнда, қоқыстар - бұл қалдықтар, қағаз жамылғылары, қымбат емес қалың маталар мен бүкіл Туранның жерін өтеуге турмайтын, тіпті жүз шақырымға (верстке) тасымалдауға тең емес маталар. Бірнеше өрік, пісте, манна, кептірілген қауын жолақтардан тұратын сөмкелер, әдетте бары осы. Орынбор

жолының бәрі бірдей, ал көрші Азиямен сауда-саттығымыз да осылай!», - деген. Алайда XIX ғасырдың ортасында кейбір қазақтар саудада шаймен айналысты.

Қазақ халқының шайы саудада символдық орын алды деп айтуға болады. Әулие Петрдің бекінісінде шай сатуға шамалы сілтемелер бар. Дегенмен, сандар анық емес [18 Потанин]. Қытаймен сауда жасауда қазақтар «астық, бидай ұны және дәнді дақылдарға» өз тауарларын ауыстырды. Тек XIX ғасырдың ортасына дейін қазақтар шай сатудың статистикасы өсті, бірақ аса көп емес. Мұндағы сандар: жеті жыл ішінде (1840-1846 жж.) қазақтар күміс 12 мың рубльге шай сатты. Сонымен бірге 1840 қазанда Орынборда және Троицкте 790 мың рубльге мал сатылды, бұл 1843 жылы 1 млн 200 мың рубль болды. Салыстыру үшін біз Қытайдан жыл сайын 1841, 1842, 1845 және 1846 жылдары, шай шамамен 7 млн рубльге әкелінді [10, 178].

XIX ғасырдың 60-жылдарының ортасынан бастап шай Ресейдің көптеген қалаларында, атап айтқанда Одесса, Полтава, Харьков, Ростов, Оренбург, Самара, Орал, Астрахань қалаларында сатыла бастады (Похлёбкин 206). Орынборда немесе Оралда қазақтар шай сатып алған деп есептеуге болады, сонымен бірге ол бүкіл Ресей халқының күнделікті өміріне мықтап кірді.

Орынбор облысының мемлекеттік мұрағатында вице-канцлер граф Нессельроденің Орынбор өлкесінің әскери губернаторы граф П.К. Эссенге 1829 жылы жазған хаты сақталған, онда былай деп жазылған: "Жайықтың ар жағында қоныстанған көшпелі халықтар (қазақтар мен башқұрттар) арасында Қытаймен, дәлірек Кяхта кеденінде сауда-саттықтан Ресей мемлекетінің қазынасына пайда түсіруі тиіс кірпіш шайын қолдану әдетін енгізу". Мұның ең басты дәлелі Ресейге бағынышты көшпелі халықтар «бурят пен қалмақ моңғол тайпалары» уақыт өте келе осындай шайға әуестеніп алғандығы және бұл затты салауатты, арзан тамақ түрі деп қабылдайтыны болды. Тіпті олармен көрші тұратын ауыл тұрғындары олардан осы әдетті үйренді, бұл бір жағынан олардың малын сақтап қалуға ықпал етті, өйткені кірпіш шайын ішетіндер етсіз күн көре береді". Ол: «қытай шайын сату үшін жаңа жолдар іздестіруді: Жайықтың ар жағында өмір сүретін көшпелі халықтарды осы шайға үйрету қажет" деп шайды қазақтар арасында таратуды ұсынады. «Өзге» сусыннан жасалған шай қоғамның өзгерісі кезінде «өзіміздің» сусынға айналады. Осы кезде ол халықтың барлығына қол жетімді болады. Бұл үшін ең басты шарт – көшпелі өмір салтынан жартылай отырықшылық немесе отырықшылыққа көшу.

Шай қазақ мәдениетінде өзінің орнын алды. Бұл процесс, саяхатшылар мен зерттеушілердің күнделіктері мен очерктерінен оқу арқылы қалпына келтіруге болады. Олар әр түрлі сүт сусындар қазақтардың тұрақты пайдалануында екенін, әсіресе сүйіктісі қымыз сусыны екенін жазды: «Қырғыздардың қаншалықты көп қымыз ішетінін бірінші рет көргендер үшін, бұл керемет көрінеді», «Қырғыздардың қымыздан таңертеңнен бастап сапырып ішу арқылы шөлін қандырады, содан кейін тағамды жейді» [18, 32 с]. Бірақ XIX ғасырдың ортасына дейін шай ішу туралы ақпараттар өте сирек және барлығы дерлік қазақ қоғамының ауқытты адамдары ішкендіген көсетеді. XIX ғасырдың ортасына дейін бай қазақ қана шай ішті. XIX ғасырдың екінші жартысы қазақ қоғамының барлық топтарында шай ішуді бастаған және біртіндеп сүйікті сусындарына айналған уақыт: «Қырғыздар шайға қатысты біздің сатушыларымызға, тіпті ескі саудагерлерге өте ұқсас: олар сондай-ақ шайды бірдей жағымды сезінеді және қатты аязда да ішеді, - деп ғасырдың ортасында қазақтың Бөкей ордасы ұйымдастырған қазақ тойында жүрген байқаушы жазды [7, 448].

1832 жылы қазақтардың шайды ішіп жүргенін алғашқылардың бірі болып Левшин жазды: «Хандар, сұлтандар т.б. ауқыттылыр шәйдә балмен немесе қантпен, ал қытаймен шекаралас қазақтар монғолдар сияқты шәйді жаөсы ішеді» деп жазған [9, 306 с.].

Күн сайын көп мөлшерде кою шай ішу әдеті осы сусынға үнемі тәуелді болуға әкелді. Бүгінде қазақтың апалары онсыз өмір сүру мүмкін емес («Менің анам - нашақор сияқты», - деді бір Батыс Қазақстандық информатор, шайға тәуелді деген мағынада). Кейбір ақсақалдар шай ішпей, іс бастай алмайды дейдіауыл тұрғындары [16, с.12], ал қазіргі ұрпақ оған тәуелді емес, бұл қалалық мәдениеттің ерекшелігімен және басқа сусындардың үлкен таңдауымен түсіндіріледі.

Қазақ ортасындағы шайдың мұндай таралуына көптеген факторлар әсер етті. Қазақ халқына шайды алғашқы таныстырған олардың шығыс көршілері - қалмақтар болды. Бірақ қазақтар арасында неғұрлым кең таралу Сібір және Еділ татарлары және орыстардың ықпалына байланысты. Мысалы, шай бірінші кезекте сауда керуен басшылары арасында, сауда-саттықпен ел аралайтын және шайды үнемі тұтынған халықтармен тығыз қарым-қатынаста болған қазақтар арасында әдетке айналды. Олар арқылы, қымбат өнім болып табылатын шай ұлтаралық байланыстар әсерінен, сондай-ақ қазақтың ауқатты ортасында ең алдымен тарады. қазақтардың жаппай шайға көшуі отырықшы өмір салты мен өзгерген экономикалық құрылымына көшу кезінде мүмкін болды.

Көшпенділер үшін шайды дайындаудың қарапайымдылығы мен жылдамдығы маңызды болды, бұл сүт өнімдерін дайындауға ұқсас саналды. Шай ішуге көп уақыт кетеді. Себебі, көшіп-қоныстанған қазақ елді мекендері негізінен өзен жағалауларында болды, су мен отын шай үшін қажет болды.

Алайда, бұл табын түрлік мал құрамын өзгертуін әкелді, яғни табындық жылқы шаруашылығы төмендеді, демек, ішінара шай қымызды ауыстырды, қымыз өндірісі азайды. Ресей мен Татар халқымен тығыз байланыстар орнатылды, олар үшін бұл сусын ұлттық сусынға айналды, сондай-ақ қазақтар арасында шай мәдениетін қалыптастыруға ықпал етті [8; 89 с.].

Қазақ халқы «уақыт пен орынды талдаусыз, тамаққа дейін және тамақтан кейін» шай ішеді деп тоғызыншы ғасырдың ортасында М.Я. Киттары жазды (). Шын мәнінде, егер сіз қазақ халқына шай ішкенін қарап жатсаңыз, онда ол үшін қатаң бекітілген ережелер жоқ: олар әр түрлі себептермен негізгі тағамнан бұрын және кейін ішеді. Қонақты шайсыз қайтармаған. Шай ішуді күнделікті өмірде қолданады, мысалы көршілер немесе жақындары, достары көрісуге келгенде және отбасыларымен сөйлесіп отырғанда. Дәстүрлі ортада үйге кісі шақырғанда «үйге келіп, қонақ болыңыз» деп, тура айтқаннан гөрі дәм татыңыз, шай ішіңіз, шайға келіңіз деп шақырушы өзін елеусіздеу көрсетеді. Сынық сөз, сыпайылықпен қонақ шақыру қазақы ортада этикеттік нормаға айналған. Шайға шақырылған адам да шайдың тура мағынада емес екенін түсінеді. Шай дастарқанында қонаққа дәстүр бойынша кәделі мүшесі бар сыйтабақ тартылады. Соңынан шай беріледі. Дастарқан басындағы әңгіме-сұхбат көбіне шай беру кезінде болады. Шай баппен, қонақтың қалауынша түрлендіріп беріледі. Шай берудің өзіндік бейресми болады. Этикет бойынша, алдымен жасы, жолы үлкен құрметті қонаққа шай кесе ұсынылады; суып қалмауы үнемі шай берушінің назарында болады[18, 25 б.]. Қазақы ортада шайға шақырудың *келіншай, абысыншай, көңілшай, шүкіршай* деп аталатын түрлері қазіргі кезде ұмыт бола бастаған деуге болады. Дастарқан мәдениетімен байланысты шайдың бұл түрлері лексикографикалық сөздіктерде тіркеле қоймаған. Дегенмен, осылардың ішінде келіншайға шақыру ғұрпына этнографиялық энциклопедияда лайықты мақала түрінде арнайы орын берілген [15; I том. 109 б.]. Жаңа түскен келіннің ауылдағы енелеріне, жасы үлкен сыйлы абысындарына арнайы жайылған дастарқанда шай құйып, қызмет көрсету рәсімін келіншай деп атаған. Ол мақалада келіншай рәсімінің этномәдени әрі танымдық мазмұны айтарлықтай жақсы ашылып көрсетілген. Келіншай рәсімі туралы аталмыш энциклопедияда былай делінген: «Келін түсірген үй көп ұзамай арнайы дастарқан жасап, жаңа түскен келіннің құйған шайын ішуге үлкен кісілер мен сыйлы абысын-ажындарын шақырады[6, 23,]. Әсіресе шай әбзелі мен дастарқан жабдығына ерекше көңіл бөлінеді. Дастарқан басына бауырсақ, тәтті тоқаш, мейіз, науат, жент, майсөк, сарымайға шыланған, тәтті қосылған талқан, т.б. қойылады. Самаурын, шайнек (аққұман), кесе, шыныаяқ, қасық, табақ, т.б. қойылатын өз орындары болады». Дастарқан басына жиналған әйелдер (шамамен 8-12 адамдай) өздерінің әлеуметтік мәртебесіне қарай рет-ретімен жайғаса бастайды. Жас келін қонаққа кесеге шай құйып, ізетпен ұсынады. Шайдың қоюлығы, қаймақ қатқан түсі әркімнің қалауынша құйылады. Ізет бойынша келін шай құйған кесені оң қолымен ұсынады, ал сол кесе ұстаған оң қолдың шынтақтан төмендеу тұсында тұруға тиіс. Дастарқан басына жиналғандардың басты назары, әдетте шай ішуден гөрі оның «церемониясында» болады. Шайдың қызылы кесілмеуі үшін келін оны дәл уақытында әлсін-әлсін демдеп отыруы керек. Шай құйған кесені шатастырып алмауы қажет. Тәртіп бойынша келін дастарқан шетінде бір қырын отырады, сөзге араласпайды, тек сұраса ғана жауап береді. Жиналғандар ішінде сыйлы, беделді әйел (коммуникация лидері) сөз бастап, әңгімеге бағыт беріп отырады. Әңгіме арқауы негізінен келін тәрбиесіне қатысты болады. Өнеге, сабақ болсын деп алғашқы түскен кезіндегі жайттарды еске түсіріп, ұялған кездерін немесе өз келіндерінің кейбір жаңылшақ сәттерін айта отырады. Шай беру рәсімі аяқталар сәтте жас келінге көп жаса қарағым; көсегең көгеріп, көрпең ұлғайсын; дастарқаның берекелі болсын, етегіңді бала бассын деген игі тілектер айтылады. Келіннің шайы пәмілшай болды, келіннің шайы көңілашар шай болды, келіннің аяғынан деп бағалауыш мазмұнда ризалықтарын білдіріп, келіншайға баға беріседі. Келіннің жақын абысындарының бірі дастарқан мәзірінен келген қонақтардың әрқайсысына мынау үлкен енеме; мынаны немереңізге, сіз де келінді болыңыз; мынау пәленшенің апасына, мынау жеңешеме, мынау әпкеме деп жеке-жеке атап түйіншектер береді. Жас келін мұның бәрін қалт жібермей көңілге тоқып тұрады. Ең бастысы аталмыш лұғаттық мақаланың соңында келіншай рәсімінің абысын институтымен байланысты екені, бұл рәсімнің функциясы жаңа түскен жас келінді «жат ортаға» бейімдеп, оны бірте-бірте жаңа ортамен байланыстырып, психологиялық күйін жеңілдету екені айтылған.

Абысын шай – ауылдың ерлері мен үлкендері жоқ кезде, ауыл-үйдегі әйелдердің қолы жұмыстан сәл босаған сәтте бір үйге жиналып, шай ішіп, өзара әңгіме-дүкен құратын дастарқан шайы. Оған белгілі ортада қауым болып өмір сүретін қазақ ауылдарының көбіне көңілжетер, сыйлас абысындар жиналатындықтан, бұл салт абысыншай деп аталған. Оның қынамендеден өзгешелігі – ол алдын ала жоспарланып, арнайы ұйымдастырылмайды және сауық құрып, өлең айтып, ұзақ көңіл көтеруге уақыттың қысқалығы мұрсат бермейді. Ол әдетте күндізгі уақытта өтеді [14; 102 б.].

Дәстүрлі ортадағы «шайға шақыру» рәсімінің ел ішіндегі тағы бір түрі көңілшай деп аталады. Көңілшай рәсімі – етжақын адамы қайтыс болғанда жора-жолдас, өзара аралас-құралас, сыйлас, сондай-ақ жегжат адамдардың көңіл аулап беретін дастарқаны. Шайға шақыру рәсімінің бұл түрі, әдетте марқұмның жылына дейін беріледі. Шай дастарқанына шақырылғандардың саны да онша көп болмайды. Көңілшайға

шақырылғандардың ішінде көңіл жетер, таныс-білістігі бар адамдар болады. Шай дастарқанына шақырылғандар көңілі жарым адамның қас-қабағын бағып отырып, көңілге дем беретіндей әңгімелер, сөз арасында ертең де күн бар екені, тірі адамның тірлігі болатынын айтады. Көңілшай рәсімінде де әңгіме-дүкенді үйлестіріп отыратын коммуникативтік лидер болады. Бұл жерде де шай тар мағынадағы ұғым емес. Шай деп, елеусіздеу эвфемизм түрінде айтылғанмен, көңілшай дастарқанына кәделі мүшелері бар сыйтабақ, түр-түрімен алуан түрлі тағамдар қойылады.

Дәстүрлі ортаға тән шайға шақыру рәсімінің ел ішіндегі тағы бір түрі шүкіршай, шүкіршілік шайы деп аталады. Шай деп айтылғанмен, атаудың мазмұны тек шай деген жалаң ұғыммен шектелмейді. Шайға шақырудың бұл түрінде де дастарқан мәзірі түр-түрімен молынан жасалады. Бұнда да астың бір атасы – ет болса, бір атасы – шай дегендей, алдымен шай беріледі. Біршама уақыттан соң, қазақы ортада қалыптасқан дастарқан дәстүрі бойынша кәделі мүшелері бар сыйтабақ қойылады. Соңынан тағы да шай дастарқаны жасалады.

Шайға шақыру рәсімінің бұл түрі қазіргі кезде ұмыт бола бастаған деуге болады. Бұл рәсімнің шүкіршай аталуының өзіндік уәжі болған. Оның неге бұлай аталуы жұртшылыққа түсінікті көрінбейтіні байқалады. Ауызекі деректерден, байқауымызша, шүкіршай ұғымы мүшел жас жөніндегі түсінікпен байланысты екені аңғарылады. Мүшел жаста, байырғы түсінік бойынша, сақтанып жүреді; қиын жол, алыс сапарға шықпайды; көзсіз тәуекелге бармайды. Мүшел жастың ішіндегі әсіресе 37, 49, 61 жасты айрықша көреді. Бұлай болуы мүшелдегілердің осы жас аралығында өмірдегі белсенділік әрекеті арта түсуіне байланысты болса керек. Адамның жарақат алуы, қауіп-қатерге ұшырап, қайтыс болуы көбіне осы жас шамасында жиірек кездесетін сыңайлы көрінеді. Сөйтіп, ауыртпалығы бар мүшел жастан аман-есен өткеніне «шүкіршілік» деп кей жерлерде «қазан қоңырсытып», шай беруді ырым етсе, көп жерлерде садақаға мал атап, етін таратып жібереді. Сарқытшай – алыс жолдан, ұзақ сапардан келген қадірменді адамның үй-іші сәлем беруге, хал сұрасуға келгендерге беретін шайы. Шайдың басқа да рәсімдік түрлері тәрізді бұнда да дастарқан молынан жасалады, ет-табақ тартылады. Жолаушылап келген адам көрген-білгенін, көңілге түйгенін айтып, жиналғандарды хабардар етеді, ақпарат алмасады. Шай соңында алыс елдің дәм-тұзы, той-томалақ сарқыты деп келгендерге өрік-мейіз, қант-шай, орамал, кездеме салған түйіншектерден ұсынады. Ел ішінде шайдың рәсімдік түрлерінен басқа бойдақ шай деп аталатын түрі бар. Келушілер асығыс болған жағдайда бойдақ шайға да ризамыз дейді. Бұнда ет-табақ тартылмайды, дастарқан молынан жасалмайды, жеңіл-желпі шай ғана беріледі. Шай дастарқанына өрік-мейіз, бауырсақ, т.б. қойылады.

Жоғарыда айтылған келіншай, абысыншай, көңілшай, шүкіршай, сарқытшай, бойдақшай, кеңес шай да той-томалақ деген ұғымға кірмейді. Қазақы ортада «шай» ұғымының мәдени мазмұны кеңейе түсіп, адамдар арасындағы қатынастарда этикеттік мән алып, эвфемистік формада қолданылған. Әр халықтың шай әзірлеуде өзіндік ерекшеліктері бар дәстүр қалыптасқан. Мысалы қытай, жапон халықтары шайға қант қоспай ішеді. Орыс, голланд және көптеген Еуропа елдерінде қанты бар шайды ұнатса, қырғыз, қалмақ, моңғол, тибеттіктер шайдың дәмін тұзбен келтіреді. Ағылшындар сүттен кейін шай құяды, керісінше істеу надандық болып саналады. Олардың пайымдауынша бұлай ету шайдың дәмін жоғалтып хош иісінен айырады делінеді. Голланд, шотланд, қалмақтар керісінше шай қайнаған соң сүт қатады.

Шай ішу жапондықтар үшін үлкен рәсім. Қатал дзен-буддизмге құрылған «гя-до» шай ішу рәсімі әуелде Қытайда пайда болған. Кейін бұл рәсім жапон тұрмыс салтына еніп кеткен. Содан бері рәсім тәртібі онша өзгермеген. Жапондар өздерінің ерекше көк шай «*о-тяны*» қант салмай ішеді. Кез-келген мекемеде «отякумдар» яғни шай дайындап құюшы хатшы қыздар болады екен. Олар күніне 3 рет қызметкерлерге шай дайындап береді. Жапондар шай өсіргенімен оны сыртқа шығарып сатпайды десе де болады [16; 208].

Ертеде шайды адамды түрлі улану кезінде және ой, дене еңбегінен шаршаған нан арылу үшін дәріге ішкен. Қара шайға қарағанда көк шай адам ағзасына өте пайдалы. Мысалы: Өзбекстан тіс дәрігерлері оқушылардың тіс ауруымен сирек ауыратыны байқаған. Кейін белгілі болғандай көк шайдың құрамында эмальдың бұзылуына жол бермейтін фторлы заттар бар екен. Шай бүйрекке тас байлануды болдырмайды. Қытайлықтарға бұл аурудың белгісіз болып келуі сондықтан. Көк байха шайы қырқұлақ және дәрумен жеткіліксіздігіне бірден-бір ем.

Сүт қосылған қою шай дәрі-дәрмектен, ішімдіктен уланған жағдайда удың бетін қайтарады. Аз мөлшердегі құрғақ жүзім шарабы тамызылған қара және көк шай қоспала рының қою, салқындатылған тұнбасымен қабақтың қабынуы, шырышты қабықтың бітеліп қалуы, конъюктивит кезінде көзді жууға болады. Жас шай жапырағының шырынымен немесе ұнтақталып, үгітілген кепкен шаймен дененің күйген жерлерін емдейді. Кепкен көк шайды шайнау - жүрек айныған басуға жақсы көмектеседі. Көк шайдың қою тұнбасы денедегі сыртқы жараларды, тіпті жүйелі пайдаланған жағдайда асқазан мен аш ішек жараларын жазады. Көк шай тұнбасы қан қысымын түсіреді. Шайды тіл ойылғанда, экземаға, теріге жарақат түскенде, іріңді жараларға ем ретінде қолданады. Таңертеңгілік және кешкі уақытта тіс тазалар алдында шай тұнбасымен ауызды шайса, тістің түбі нығаяды. Қытай медицинасы да шайды уланған адам ағзасын емдеуге

пайдаланған. Онымен ауыр тері жарақаттарын емдеп, дене еңбегімен шұғылданғанда сергу үшін ішкен көрінеді. Шай түрлі бактерияларды өлтіре алатын күшке ие. Негізінен, ол – сүзек, дизентерия тәрізді аса қауіпті бактерияларды жояды [5, 33]. Қан құрамын, жүрек жұмысын жақсартады. Шай бүйрекке тас байлануын болдырмайды. Жақсы өскен шай жапырағында С, В1, В2, А, Р дәрумендері бар деп, оны бет-алды іше берсең, шай өңіңді өзгертіп, ұйқыңды қашырады. Шайды тым қою етіп дайындап ішсең, оның құрамындағы кофеин жүйке жүйесінің қызметін қоздырады, қан қысымын күшейтіп жібереді. Шай 18 градус ыстықтан төмен болса, жұпар иісі мен адам жанын сергітетін шипасын, дәмдік татымдылығын жоғалтады. Шайды асықпай, ұрттап ішсе ас қорыту органы, тамақ, асқазан күйіп қалмайды. Шай тұнбасындағы Р дәрумені адам ағзасына С дәруменінің жақсы сіңуіне көмектеседі. С дәрумені жетпеген адамға көк шай ішу қажет. Көк шайды дұрыс пайдалана білген адам ерте қартаймайды. Шай тұнбасы қан капиллярын бекітеді, жүйкені жақсартады. Бейбіт Дауылбаев «Торғай облысы Николаевск уезі қазақтарының 1830 мен 1880 жылдар аралығындағы өмірі туралы» әңгімесінде 50 жыл ішіндегі қазақтардың өміріндегі мәдени-тұрмыстық өзгерістерді жазды. Осы өзгерістердің ішінде ол шай ішу рәсімін көшпенділер дәстүріне қалайша енгізілгендігін көрсетті. "1853 жылдан бастап әуелі кедейлер, содан кейін байлар бидай өсірумен айналыса бастады, сол кезден бастап қазақтар ауқатты өмір сүре бастады және молшылықтың бір түрі ретінде шайды қолдана бастады. Шайды алдымен шойын құмандардан, содан кейін мыс шәйнектерден және ақырында самаурыннан ішетін болды. 1854 жылы бір халықтық жиында әңгіме арасында шай ішу тақырыбы қозғалып, самауырындарды есептей бастайды; 10 отбасының біреуі ғана шай ішпейтін болып шықты» [8; с.66]. Қазақтардың отырықшы тұмысқа көшуі және орыс самауырындарының таралуы көшпенділер арасында шайдың кең етек жаюына алып келді. Орыс самауырыны тұрмыстық ыдыс қызметін ғана емес, әлеуметтік қызметті де атқарды. «Орыс мұрағатында» самауырынның рөлі туралы қызықты әңгіме сақталған. Петерборда Кавказдан келген князь М.С. Воронцовтың орыс көпесі В.А. Кокоревпен кездесуі болады. Әңгіме барысында князь бейбіт ауылдардың бүлікшіл ауылдармен сауда қатынасы арқылы жақындауы туралы әртүрлі тапсырмаларын орындату үшін Ставропольда лайықты адамдар іздестіріп жүргенін айтады. Оған В.А. Кокорев былай деп жауап береді: *".. мен сізге баяу болса да мықты қарым-қатынасты қамтамасыз ететін және ешқашан ештеңені шатастымайтын бір ықпалды ұсынайын. Менің ұсынып отырғаным – қарапайым орыс самауырыны. Шекараның батысында біз көршілерімізбен кейде сыра арқылы қатынасамыз, ал шығысында азияттықтар қатты сүйетін самауырын арқылы қатысатын боламыз".* Патша билігі көшпенділер арасында шайды таратуға мүдделі еді. Сыртқы істер министрлігі кірпіш шайын сатуды арттыруды шешті. Оның тұтынушылары Сібір халқы болды және осы жерде мынадай сұрақ туындады: "Ресейде тұратын басқа ұлт өкілдерін де кірпіш шайына үйретуге болмай ма?". Барлығының назары қазақтарға ауды. XIX ғасырда қазақтардың шайды қолдана бастауының бір себебі «Торғай газетінде» көрсетіледі: «…біздің құрғақ, 45-50 градусқа дейін қызатын ыстық мекенімізде, шөліңді қандыратын сусынның жоқтығында осы жақсы сусын – шай өте қажет, қышқыл-тұзды қара суды ішкеннен кейін қалатын ащы дәмді кетіру үшін қажет" [2; 29 б.]. Уақыт өте келе қазақтардың шай ішуі рәсімге айнала бастады. Қонаққа деген құрметі шайды кім және қаншалықты құйғанына байланысты ажыратылатын болды. Егер шайды кесеге толтырып құйып беретін болса, сіз шықырылмаған қонақ ретінде қабылданасыз. Шайды аздап: жартылай немесе кесенің түбіне құятын болған. Алдымен сүт құяды, содан кейін барып шайды құяды. Қазақстан үлкен ел және шай ішу рәсімі әр өңірде әртүрлі. Республиканың оңтүстігінде: Оңтүстік-Қазақстан, Қызылорда облыстарында, сондай-ақ Қазақстанның өңірде әр шай ішу рәсімі әр түрлі сүт құяды, содан кейін барып шайды құяды. Ал Атырау, Маңғыстау облыстарында және Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыстарының оңтүстік-шығыс бөлітерінде шайды кішкене кеселерге құйып береді, ал басқа өңірлерде – орташа немесе үлкен кеселерге құяды. Мұндай ерекшелік бұл өңірлердің табиғи-климаттық жағдайларына тікелей байланысты. Ыстық жерлерде жартылай құйылған кішкене кеселерден шайды ұрттай отырып, шөлді қандыруға болады. Шайды әйел адам құяды, оның орны мен жасы қонаққа деген құрметін көрсетеді. Әдетте бұл үйдің келіні немесе отанасы. Олар ерлердің әңгімесіне араласпайды. Шай құюшы көптеген қонақтардың үздіксіз келіп отыратын кеселерін бақылап, олардың сұрауын күтпей, өзі үнемі кеселерін толтырып отырады. Шайды түбіне дейін ішпейтін болған, бұл жаман әдет деп саналды. Жаңадан қайнатылған шай ұстағышы жоқ кеселерден ішіледі. Шаймен бірге кептірілген сүт өнімдерін: құрт, ірімшік, сарысу берілетін болған. Жалпылама ішілетін қою қызыл шаймен бірге көк шай да ішеді, әсіресе тойымды және майлы тамақтан соң. Басқа өңірлерде, керісінше, салқын және бірқалыпты климатта, шайды кесеге толтырып ішеді. Шай ішу рәсімінің аяқталуы кездесу мерзімінің аяқталғандығын білдіреді. Осы кезде құрметті қонақтардың бірі шайдың батасын береді. Тамақтан соң үйдің иесі қонақтарға қол жууды ұсынады. Тамақтанып болған соң, қонақтар бірден емес, біртіндеп тарауы тиіс. Шай ішу рәсімінің кең етек жаюы шай ішу үрдісіне мәртебелі сипат беретіндігіне байланысты болды, сондай-ақ бұл сусын көшпелілердің тамақ үлесін толықтыра отырып, пайдалы қасиеттерге (қыста жылытатын және жазда шөлді қандыратын) ие болды. Осылайша, шай ішу рәсімі қазақ мәдениетінің бір бөлігіне айналды.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1.Абашин С.П. Чай в Средней Азии: История напитка в XVIII – XIX // Традиционная пища как выражение этнического самосознания. М., 2001

2.Аргынбаев Х. Краткий очерк материальной культуры переселенцев из России в Казахстан: по материалам Восточного Казахстана, вторая половина XIX- начало XX века // Вопросы этнографии и антропологии Казахстана. Алма-Ата, 1962;

3. Ларина Е.И. Наумова О.Б. Традиция чайпития у казахов // Хмельное и иное: напитки народов мира (отв. Ред. С:А. Арутюнов, Т.А. Воронина). М.: Наука, 2008. С. 221-248.

4. Гурулев С.А. Чай по-сибирский // Чай в Сибири. Иркутск, 1996. С 16.

5. Добромыслов А.Н. Тургайская область. Исторический очерк. Оренбург, 1900. Вып. 1. С. 33, 111;

6. Киттары М.Я. Киргизский туй // Журнал министерства внутренних дел. СПб., 1849. Ч. 25. С. 34.

7. Краснов А.Н. Очерки быта Семиречинских киргизов // Известия ИРГО. СПб., 1887. Т. 23. Вып, 4.

8.Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. Алматы, 1996. С. 306;

9.Небольсин П. Заметки на пути из Петербурга в Барнаул. СПб., 1850. С. 178, 179;

10. Небольсин П. Статистические записки о внешней торговле России. СПб., 1835. Ч. I. Гл. 2. С. 173;

11. Потанин Г.Н. Окараванной торговле с джунгарской Бухарией в XVIII столетии. М., 1868;

12.Похлебкин В.В. Чай. Его типы, свойства, употребление. М., 2000. С.9;

13. Харузин А.Н. Степные очерки (Киргизская Букеевская орда). Странички из записной книги. М., 1888. С. 69, 74, 115, 143.

14. Шаханова Н. Ж. Специфика пищи в военном быту казахов (XVII - XIX) // Этнографические аспекты традиционной военной организации народов Кавказа и Средней Азии. М., 1990. С.84;

15. Қазақтың этнографиялық категориялар,ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Алматы: РПК «Слон», 1-том, 2011.736 б.

16. Окакура Какудзо. Книга о чае. / Пер. С анг.В. Н. Иванова // Дальний Восток. 1993. №8.

17. Мейрманова Г.А. Культура общения у казахов: трансформация традиционного этикета. Автореферат.М., 2009.

18. Зеленский Б. Жизнь казахских степей. Алматы, 1991. 188 с.

Морякова М.Т.
Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова

О НЕКОТОРЫХ ВОПРОСАХ КАЗАХСКО-МОГУЛЬСКИХ ОТНОШЕНИЙ В НАУЧНОМ НАСЛЕДИИ В.П. ЮДИНА

Аннотация. Особое место в творчестве В.П. Юдина занимает могульская проблематика, точнее говоря вопросы истории Могулистана, Могулии, а также роль могульского этноса в истории Центральной Азии. В данной статье раскрываются основные аспекты, касающиеся вопросов казахско-могульских отношений в научном наследии В.П. Юдина. В большинстве своих трудов он отражает этническую связь могулов с казахами, киргизами, уйгурами и т.д.

Ключевые слова. могулы, народы, Могулистан, казахи, источники, отношения, этнические связи.

МОРЯКОВА М.Т.
Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

В.П. ЮДИННІҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ-МОҒОЛ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕ

Аңдатпа. В.П. Юдинның шығармашылығында моғол мәселесі, дәлірек айтқанда, Моғолстан тарихының мәселелері, сонымен қатар Орталық Азия тарихындағы моғол этносының рөлі ерекше орын алады. Бұл мақалада В.П. Юдинның ғылыми мұрасындағы қазақ-моғол қатынастарының мәселелері қарастырылатын негізгі аспектілері ашылады. Еңбектерінің көбісінде ол моғолдардың қазақтармен, қырғыздармен, ұйғырлармен және т.б. этникалық байланыстарын қамтып көрсетеді.

Түйін сөздер. моғолдар, халықтар, Моғолстан, қазақтар, деректер, қарым-қатынастар, этникалық байланыстар.

Moryakova M.T.
Ch.Ch.Valikhanov Institute of History and Ethnology

ON SOME ISSUES OF KAZAKH-MOGUL RELATIONS IN THE SCIENTIFIC HERITAGE OF V.P. YUDIN

Abstract. A special place in the work of V.P. Yudin belongsto the Mogul issues, more precisely the issues of the history of Mogulistan, Mogul, and the role of the Mogul ethnos in the history of Central Asia. This article reveals the main aspects concerning the issues of Kazakh-Mogul relations in the creative heritage of V.P. Yudin. In most of his works he reflects the ethnic connection of the Moguls with the Kazakhs, Kirghizes, Uighurs, etc.

Keywords. Moguls, peoples, Mogulistan, Kazakhs, sources, relations, ethnic ties.

Введение

Научное наследие известного казахстанского ученого Вениамина Петровича Юдина (1928–1983) богато и многогранно. За годы независимости казахстанские историографы, исследователи его творчества не только изучили его труды, но и опубликовали ранее не изданные исследования, переиздали прежние публикации.

Особое место в исследованиях В.П. Юдина занимают вопросы истории могулов Могулистана и Могулии. Известной и признанной специалистами является его статья «О родоплеменном составе могулов Могулистана и Могулии и их этнических связях с казахским и другими соседними народами», опубликованная в Серии общественных наук Известий АН Казахской ССР в 1965 г. [1, с. 52–65; 2, с. 72–95]. Данная статья получила широкую известность, в ней рассматриваются вопросы истории Могулистана, Могулии, судьбы могульского этноса, его роли в истории Центральной Азии, родоплеменного состава и языковой принадлежности, этнических связей с казахским, уйгурским и другими народами. Согласно мнению Вениамина Петровича, могульские племена доглат и канглы-бекчик вошли в состав Старшего жуза, а могульское племя кераиты приняли участие в сложении Среднего жуза. Как пишет супруга В.П. Юдина и издатель его трудов Юлия Григорьевна Баранова в своем предисловии к новому изданию трудов В.П. Юдина, эта статья «получила широкую известность и признание специалистов» [3, с. 7]. Уже на следующий год после своего опубликования в 1966 г. она была переведена на английский язык и издана в Англии в известном журнале CentralAsianRewiew [3, с. 7].

Название могулов часто приводит исследователей в сторону от правильного решения вопроса об их языковой принадлежности. Этноним могул, по некоторым данным, по происхождению связан со словом монгол, которое в Средней Азии произносилось и писалось в мусульманских и средневековых сочинениях как могул. В.П. Юдин говорил о могулах как об особом этносе. Опираясь на конкретные источники, он отмечал ряд могульских племен, которые вошли в состав казахского этноса.

Упомянутое предисловие Ю.Г. Барановой предпослано новому изданию трудов В.П. Юдина под названием «Центральная Азия XIV–XVIII вв. глазами востоковеда», опубликованному в 2001 г. В этом издании также наряду с известными материалами впервые была опубликована статья «Могулы» [4, с. 96–136]. Здесь автор развил некоторые свои идеи, посвященные как истории могулов, так и в целом изложил некоторые свои мысли по истории кочевников Центральной Азии.

Кроме того, хорошо известно, что В.П. Юдин автор серии интересных и в то же время довольно критических рецензий на труды своих коллег. В них высказывались оригинальные идеи,в том числе и по интересующей нас теме. В частности, «могульская проблематика» рассматривалась в рецензии на книгу А.М. Мугинова «Описание уйгурских рукописей Института народов Азии» [5, с. 251–260].

В этом ряду работ, так или иначе затрагивающих вопросы казахско-могульских отношений, стоит отдельно упомянуть статьи-справки, которые В.П. Юдин написал для известной коллективной работы казахстанских и ленинградских (ныне санкт-петербургских) востоковедов «Материалы по истории казахских ханств XV–XVIII веков. Извлечения из персидских и тюркских сочинений», изданной в 1969 г. [6].

Перечисленные и некоторые другие исследования В.П. Юдина раскрывают ряд интересных вопросов истории казахско-могульских связей, на которые нам хотелось бы обратить внимание.

В названной статье «О родоплеменном составе могулов Могулистана и Могулии и их этнических связях с казахским и другими соседними народами» исследователь обращал внимание на то, что «история могулов – это большая самостоятельная проблема» [2, с. 72]. В числе важных вопросов он выделял этническое взаимодействие могулов с казахами [2, с. 72].

По справедливому мнению историка «сопоставление родоплеменного состава могулов с родоплеменным составом казахов, прежде всего с родоплеменным составом казахов Старшего жуза, убеждает в том, что могулы играли большую роль в сложении казахской народности. Могульские племена доглат и канглы-бекчик, несомненно, вошли в состав Старшего жуза под названиями *дулат* и *қаңлы*» [2, с. 84–85].

Что убедило историка прийти к такому заключению? По его мнению, об этой преемственности говорит не только совпадение названий племен. «Важно также и то, – продолжает исследователь, – что соответствующие племена Старшего жуза занимают именно те территории, на которых находились могульские доглаты и канглы» [2, с. 85].

Что еще более важно, историк называет большую часть казахов Старшего жуза выходцами из могульских племен. «Как известно, – говорится в его статье, – *дулаты* и *қаңлы* составляют подавляющее большинство населения Старшего жуза» [2, с. 85]. Родовые подразделения албан и суан, по его мнению, являются близкородственными дулатам и соответственно могулам, их доглатской части [2, с. 85].

Второе крупное родовое объединение Старшего жуза *қаңлы* известно у могулов под именем бекчик, но после вхождения в состав казахов они, по словам В.П. Юдина, возродили свое древнее название *қаңлы* [2, с. 85].

По мнению исследователя, могулы принимали участие не только в сложении казахов Старшего жуза, но и Среднего жуза также. Он считает, что могульские кераиты– это казахские кереи из Среднего жуза. В пользу этого также говорит и совпадение их территорий. Казахские кереи и сейчас еще занимают территорию Жетысу, на которой некогда находились могульские кераиты [2, с. 85]. Стоит отметить, что такая точка зрения (кераиты = кереи) господствует в казахстанской и российской науке со времен исследований Н.А. Аристова (имеется ввиду его известная работа «Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей, и сведения об их численности», 1897 г. [7]), в последующем эта идея была развита в ряде работ казахстанских советских этнографов, например, в книге М.С. Муканова и В.В. Восторова «Родоплеменной состав и расселение казахов» (1968 г.) [8].

О родственности могульских и казахских родов говорит, по мнению исследователя В.П. Юдина, и языковое единство. У автора рассматриваемой статьи нет сомнений в том, что могулы были тюркоязычны. Более того, они были таковыми изначально, и их язык относился к тюркским языкам кыпчакской группы и был близок к казахскому и кыргызскому языкам [2, с. 84].

В.П. Юдин справедливо писал, что многие вопросы истории могулов, в том числе и их связи этнические, культурные, политические с казахами изучены явно недостаточно и не могут быть исчерпаны одной статьей. Как он сам отмечает, он лишь попытался «очертить контуры многовекового процесса этнического взаимодействия могулов с соседними народами в XIV–XVII вв.» [2, с. 94].

Дальнейшее, по его мнению, наиболее полное изучение этнических процессов в этом районе за указанный период – одна из важнейших задач исследователей этногенеза притяньшанских народов [2, с. 95].

Отметим в этом контексте, что одновременно с работами В.П. Юдина вопросы казахско-могульских отношений продуктивно исследовали востоковеды-иранисты О.Ф. Акимушкин в Ленинграде (Санкт-Петербурге) [9; 10] и К.А. Пищулина в Алма-Ате (Алматы) [11; 12]. Меруерт Хуатовна Абусеитова, ученица, последователь и популяризатор научного наследия В.П. Юдина в монографии 1998 г. также посвятила отдельный параграф этой теме [13].

Такое пристальное внимание исследователей к этому вопросу говорит о востребованности и актуальности темы казахско-могульских отношений. Во многом именно по этой причине я выбрала темой своей магистерской работы историю взаимосвязей двух народов. В данный момент, я ограничиваюсь освещением вопросов политических и военных контактов. Вопросы же этнических и культурных связей о необходимости изучения которых говорил в своих работах В.П. Юдин в моей магистерской работе затронуты не будут в силу обширности как самой проблемы, так и ее источниковой и историографической базы.

Завершая этой краткий обзор хотелось бы обратить внимание на некоторые общие вопросы научного наследия В.П. Юдина. По мнению современного российского исследователя Альфрида Бустанова, «угнетенный ориенталист» (AnOppressedOrientalist) Вениамин Юдин являлся одним из первых казахстанских востоковедов, обладавших знаниями для серьезной работы с историческими рукописями, он предпринял несколько важных шагов на пути к их критическому изучению в контексте истории Казахстана [14, p. 217].

О важности источниковедческих работ В.П. Юдина говорит и введение им в научный оборот сокращенной версии уникального исторического источника, написанного в XVI в. Утемишем-хаджи и названного В.П.Юдиным «Чингиз-наме». Этот ценный источник в переводе В.П. Юдина с его пояснениями и исследованиями был издан лишь спустя 9 лет после его смерти в 1992 г. Его многолетний труд является достоянием для большого круга ученых, исследующих историю средневекового Казахстана. Данный историко-культурный труд В.П. Юдина «Чингиз-наме» представляет собой перевод сочинения на русский язык, в подготовке которого активное участие приняла его супруга Ю.Г. Баранова и профессор М.Х. Абусеитова [15]. Только в этом 2018 году ученые из Татарстана смогли издать полную версию с оригиналом, транскрипцией и переводом сочинения Утемиша-хаджи [16]. Об этой полной версии сочинения Утемиша-хаджи писала Ю.Г. Баранова в своем «Вступительном слове» к изданию 1992 г.: «Судьба этого более полного списка сочинения долгое время оставалась неизвестной. В начале 70-х В.П. Юдин получил информацию, что рукопись находится в Стамбуле у А.-З. Валидова (Тогана)». Попытки получить копию ни к чему не привели. И он вынужден был ограничиться в работе неполным ташкентским списком [17, с. 325: прим. 3]. Теперь, благодаря усилиям татарстанских историков, русскоязычному читателю доступна полная версия этогонесомненно ценнейшего источника по истории Центральной Азии, которому в научном наследии В.П. Юдина по существу посвящена большая часть.

По мнению М.Х. Абусеитовой, поднимаемые в работах В.П. Юдина «вопросы способствовали дальнейшей разработке теоретических востоковедных проблем, новых концепций. Он придавал большое значение проблемам источниковедения, сравнительно-текстологическому анализу восточных письменных памятников средневековья, их классификации по идейно-политическим и текстологическим особенностям» [18, с. 364].

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

1. Юдин В.П. О родоплеменном составе могулов Могулистана и Могулии и их этнических связях с казахским и другими соседними народами // Известия АН Казахской ССР. 1965. – С. 52–65.

2. Юдин В.П. О родоплеменном составе могулов Могулистана и Могулии и их этнических связях с казахским и другими соседними народами // В.П. Юдин. Центральная Азия в XIV–XVIII веках глазами востоковеда. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – С. 72–95.

3. Баранова Ю.Г. Вторая жизнь (вместо предисловия) // Юдин В.П. Центральная Азия в XIV–XVIII веках глазами востоковеда. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – С. 5–16.

4. Юдин В.П. Могулы // Юдин В.П. Центральная Азия в XIV–XVIII веках глазами востоковеда. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – С. 96–136.

5. Юдин В.П. Рецензия на книгу А.М. Мугинова «Описание уйгурских рукописей Института народов Азии» // Юдин В.П. Центральная Азия в XIV–XVIII веках глазами востоковеда. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – С. 251–260.

6. Ибрагимов С.К., Мингулов Н.Н., Пищулина К.А., Юдин В.П. Материалы по истории казахских ханств XV–XVIII веков. Наука, Казахской ССР, Алма-Ата, 1969.– 655 с.

7. Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. 1897.

8. Муканов М.С., Восторов В.В. Родоплеменной состав и расселение казахов 1968.

9. Акимушкин О.Ф. К вопросу о внешнеполитических связях Могольского государства с узбеками и казахами в 30-х гг. XVI – 60-х гг. XVII в. // Палестинский сборник. – Москва-Ленинград, 1970. Вып.21. – С. 233–248.

10. Акимушкин О.Ф. Средневековый Иран. Культура, история, филология. СПб.: Наука, 2004. – 404 с.
11.Пищулина К.А. Юго-Восточный Казахстан в середине XIV – начале XVI веков (вопросы политической и социально-экономической истории). А., 1977. – 288 с.
12. Пищулина К.А. Очерки по истории Казахского ханства. 2016.
13. Абусеитова М.Х. Казахстан и Центральная Азия в XV–XVII вв.: история, политика, дипломатия. – Алматы, 1998. – 268 с.
14. BustanovAlfrid. Settling the Past. Soviet Oriental Projects in Leningrad and Alma-Ata. Amsterdam, 2013. – 397 p.
15.Утемиш-хаджи. Чингиз-наме / Факсимиле, пер., транскрипция, текстолог.прим., исслед. В.П. Юдина. А., 1992. – 296 с.
16. Утемиш-хаджи. Кара таварих. – Казань, 2017. – 312 с.
17. Баранова Ю.Г. Вступительное слово // Юдин В.П. Центральная Азия в XIV–XVIII веках глазами востоковеда. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – С. 324–328.
18. Абусеитова М.Х. Вклад В.П. Юдина в казахстанское источниковедение // Юдин В.П. Центральная Азия в XIV–XVIII веках глазами востоковеда. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – С. 359–366.

Наурызбаева Эльмира Кенжегалиевна, Исенов Өтеген Ихсанұлы
Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, Қостанай қаласы

«БАЙҒҰСТАР» - XIX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ТОП

Аңдатпа. Мақала XIX ғасырдағы Ресей патша үкіметіне қараған қазақ қоғамындағы әлеуметтік топ ¬«байғұстар» хақында.. Дәстүрлі қазақ қоғамының тарихына арналған арнайы монографиялық зерттеулер мен мұрағаттық құжаттарды талдау арқылы, сол уақыттардағы патша үкіметінің жарлықтары негізінде «байғұстардың» қоғамдағы орны мен әлеуметтік-тұрмыс жағдайлары талдауға алынған. Сонымен қатар байғұстардың үш тобы туралы деректер берілген. Тарихи деректер бойынша байғұстардың көбінің шаруашылықтарында жылқы болмаған, шамалыларының бір немесе екі сиыры болған байғұстардың арасында ең қайыршылары (мүлде малсыздары) және кедей шаруаларға жақын ауқаттылары болғаны туралы салыстырмалы мәліметтер талдауға алынған.

XIX ғасырдың басында Орынборға «байғұс» қазақтардың ағылып келуіне байланысты Орынбор әскери губернаторының шешімімен 1817 жылдың 23 сәуірінде қайыр-садақа жинау мен жұмысқа жалданудың тәртібі орнатылады. Бұл жұмысты атқару Орынбор Шекара комиссиясына жүктелді.

Мақала авторлары байғұстар ¬ XIX ғасырда патша үкіметінің қазақ даласын отарлау саясатының нәтижесінде дәстүрлі шаруашылығын жүргізетін жерден, малдан айырылып әбден кедейленіп, күйзеліске ұшыраған әлеуметтің бір бөлігі пайда болды деп көрсетеді. Олар шеп маңындағы станица казактарына табыс іздеп кеткен жарлы-жақыбайлар тобы. XIX ғасырдың бірінші жартысында олар едәуір топқа айналған. Байғұстар – қайыршыланған нағыз пауперлер «байғұстар» ештеңесі жоқ, жұмыс күшін сатып, күн көруге мәжүбір болған жұмысшы пролетариаттар қатарының негізін құрады деген ой түйіндейді.

Түйін сөздер. Қазақ қоғамы, жарлық, ереже, салық, алым, байғұс

НАУРЫЗБАЕВА Э.К., ИСЕНОВ О.И.
Костанайский государственный педагогический университет

«БАЙГУШИ» КАК СОЦИАЛЬНАЯ ГРУППА КАЗАХСКОГО ОБЩЕСТВА В XIX

Аннотация. Статья посвящена исследованию байгушев как социальной группы казахского общества в XIX века. Анализируя монографические исследования и архивные документы, посвященные истории традиционного казахского общества, была исследована роль «байгушев» в обществе и их социально-бытовые условия на основании указов царского правительса того времени. Кроме того, представлены данные по трем группам данной социальной группы. Согласно историческим данным, у большинства «байгушев» отсутствовало наличие лощадей в собственном хозяйстве, среди некоторых байгушев, имевших одну или пару коров было число беднейших (без домашнего скота) и проанализированы сравнительные данные о присутствии бедных людей, находившихся по уровню к бедным семьям.

Решение военного губернатора Оренбургса 23 апреля 1817 года в связи с прибытием «бедных» казахов в Оренбург был учрежден порядок благотворительного пожертвования и занятости. За эу задачу отвечала Оренбургская пограничная комиссия.

Аворы статьи пришли к выводу, чо в XIX веке в результтате политики колонизации казахской степи, ухода от традиционного хозяйства, которой пришлось искаь зароботки у линии станицы казаков.

Байгуши - обнишалая рабочая сила, коорая была вынуждена выживать, составляя основу рабочего пролетариата

Ключевые слова. Казахское общество, указ, налоги, сборы, байгуши.

Abstract. The article is devoted to the study of the baigushi as a social group of the Kazakh society in the 19th century. Analyzing monographic studies and archival documents devoted to the history of traditional Kazakh society, the role of "baigushi" in society and their social and living conditions was studied on the basis of the instructions of the tsarist government of that time. In addition, of this social group are presented on three groups. According to historical data, the majority of the "baigushi" did not have horses in their own farm, among some baigushi who had one or a pair of cows there were a number of the poorest (without livestock) and analyzed on the comparative presence of poor people who were level with poor families.

By the decision of the military governor of Orenburg on April 23, 1817, in connection with the arrival of "poor" Kazakhs in Orenburg, in order of charitable donations and employment was established. The Orenburg Border Commission was responsible for this task.

The authors came to the conclusion that in the XIX century, as a result of the policy of colonization of the Kazakh steppe, abandonment of traditional farming and loss of livestock, led to poverty and the emergence of a socially vulnerable group of people of Kazakh society, who had to look for earnings from the Cossack village line.

Baigushi is an impoverished labor that was forced to survive, constituting the basis of the working proletariat.

Keywords. Kazakh society, decree, taxes, fees, baigushi

Кіріспе

Патша үкіметіне қараған қазақ қоғамында XIX ғасырдағы әлеуметтік топтардың ішіндегі ең қайыршыланған бөлігі байғұстар болды. Кеңестік кезеңге дейінгі тарихнамада байғұстар институты арнайы талданбаған. Дегенмен қазақ даласында болған көптеген саяхатшылар мен патша шенеуіктері, «байгуш» терминін қолданып осы әлеуметтік топтың болғандығы туралы деректер қалдырды. Кеңестік кезеңдегі белгілі тарихшы, профессор Е.Бекмахановтың зерттеуінен байғұстар туралы кездестіреміз. Автор осы әлеуметтік топ туралы былай деп жазды: Байғұстар – қазақтардың кедейленіп, күйзеліске ұшыраған бөлігі, шеп маңындағы станица казактарына табыс іздеп кеткен жарлы-жақыбайлар тобы. XIX ғасырдың бірінші жартысында олар едәуір топ болды. Е.Бекмаханов, тек Кіші жүз бойынша ғана байғұстар еркек, әйелін қоса есептегенде 20 мыңға жуық болғандығын жазды [1, 95, б.]. Автор еңбегінде, шеп маңындағы ауқатты қазақтарға болмашы ақы үшін жалданған байғұстар олардың малын бағып, жерін жыртты, үй іші жұмыстарының алуан түрін атқарды. Байғұстардың бір бөлігі балық аулау кәсіпшілігінде жұмыс істеді. Бұдан басқа кейбір байғұстар бай-феодалдардың қарамағында қалып, үй қолөнершілері ретінде жұмыс істегендігі туралы деректер келтіреді [1, 95, б.].

Өз алдына шаруашылық жүргізуге мүмкіншілігі жоқ қазақтар тобы да болған. «Қоңсылардың» бірталайы осылардың қатарына кіретін болған. Қоңсылар бай ауылдарға қосылып, солардың шаруашылықтарында жұмыс істеп жүрген. Ең ақырында, нағыз пауперлер «байғұстар» болған, бұлар оқта-текте жұмыс істеп немесе қайыр тілеп күндерін көрген. Жыл ауыр тартып, қыс қатты болып, ел жұтқа шалдығып, мал қырылғанда байғұстардың саны тым көбейіп кеткендігі туралы М. Вяткин жазды [2, 123 б.].

Қоңсылар туралы профессор М. Вяткин: «Қоңсы» деп жалпы келімсекті айтады. Бөтен қауымдардың ішінде қазақтарды осылай деп атаған. Бұлардың арасында беделді, ауқатты семьялардың кездесуі де мүмкін. Бірақ қоңсылар көбінесе өз бетімен шаруашылық жүргізуге мүмкіншіліктері болмаған соң амалсыздан басқа ауылдарға келіп қосылған кедей қазақтар екендігінде ешқандай күмән жоқ [2, 123 б.], – деген анықтама берді.

Қоңсылар бай ауылдарға қосылып, солардың шаруашылықтарында жұмыс істеп жүрген. Ең ақырында, нағыз пауперлер «байғұстар» болған, бұлар оқта-текте жұмыс істеп немесе қайыр тілеп күндерін көрген [2, 123 б.].

Шеп маңындағы ауқатты қазақтарға болмашы ақы үшін жалданған байғұстар олардың малын бағып, жерін жыртты, үй іші жұмысының алуан түрін атқарды. Байғұстардың бір бөлігі балық аулау кәсіпшіліктерінде жұмыс істеді. Бұдан басқа кейбір байғұстар бай-феодалдардың карамағында қалып, үй қолөнершілері ретінде жұмыс істеді.

Байғұстардың жағдайын көзіменен көрген куәгерлердің айтуынша: екінші бір киіз үйде оттан алыс, есікке жақын тақыр жерде малдас құрып отырған егде байғұсты көресіз, ол бір тілім нан мен бір жапырақ ет үшін күні бойы қолындағы бізбен теріні тесіп, тарамыспен дөрекі етік тігіп отырады. Алба-жұлба күпісі мен тозығы жеткен тақиясы оның сіңірі шыққан кедей екенін, ал босағада отырған сиқы оның сорлы жан екенін көрсетеді. Бұл кезде киіз үйдің төрінде үстіне тау болып жүк үйілген әбдірелердің қасында, астына бұқарлық көрпе төсенген, үстіне жібек бешпент киген қожайынның өзі отырады. Бір қолына мүйіз мүштігін сәндене ұстаған ол, екінші қолымен сақалын маңғаздана сипап қояды.

Зар заман ақыны Шортанбай Қанайұлы: кедей байғұстың ауыр да аянышты жағдайын жырмен сипаттады:

Бай кедейді көрмейді, Байды құдай атқаны –
Кедей байға ермейді, Жабағы, жүнін сатқаны.
Қызметін бір күн қылмаса Кедейің қайтып күн көрер,
Майлы сорпа бермейді – Жаз жатақта жатқаны.
Әне байдың қайыры! Жаздай арық қазады,
Бұрынғы өткен адамның Күздей пішен шабады.
Міне, келді тайыры Оны-мұны жиғанын
Жалғанда қылған ісінің Шығын деп тілмаш алады.
Алдыңнан шығар ғайыбы [3]. .

Жырда байғұстың дәрменсіз тіршілік жағдайы анық көрініс таптқан. Азық-түлік және жұмыспен өтеу ренталары формасында феодалдық міндеткерліктің болуы Қазақстандағы феодалдық қатынастардың

тарихи калыптасу процесін бейнелейді. Феодалдық қатынастар ыдырай бастаған кезде пайда болған ақша рентасы Қазақстанда мүлде дерлік болмады. Тек патша үкіметі ғана қазақтардан ақшамен түтін салығын алды, соның өзінде салық жинаушылар қазақтардан тиісті күміс ақшамен 1 сом 50 тиынның орнына қой алды, сосын оны базарға апарып сатып, едәуір олжа тапты. Бұл факт қазақтарда ақшаның айналыста әлі аз болған және Сібір генерал-губернаторлығының қазақтардан алынатын салық мөлшерінен екі есе баға артық тұратын заттай төлем жинауы сияқты оқиғалардың орын алғандығын дәлелдейді [1, 93, б.].

Феодалдық қоғамда қосымша өнімді иелену экономикадан тыс күштеу негізінде жүзеге асады. Бұл кезде экономикадан тыс күштеу формалары қазақ қоғамында өзгеше түрде көрінді. Бір жағынан, феодалдық міндеткерлікті (ұшыр, зекет және әр түрлі сыйлықтар) өтеу міндеттілігі императивтік сипатта болған әдет нормаларымен анықталды. Екінші жағынан, «туысқандық көмек» көрсету және тағысын тағылар түрінде көрінген жұмыспен өтеу түрлері феодалдық қоғам жағдайында қазақтардың қалың бұқарасын қанау құралына айналдырылды. Қазақтар бұларды ру бойынша да орындауға міндетті еді. Сөйтіп, патриархалдық әдет-ғұрыптар экономикадан тыс күштеу құралы болды.

Қанау қатынастары тікелей өндірушінің жеткіліксіз өндіріс құралдарымен күш-көлікпен, тұқыммен жабдықталуына немесе феодалдардың кедей қазақтарға малды қарызға беруіне байланысты болған кезде экономикадан тыс күштеу әдістері феодалдың тікелей өндірушіге экономикалық қысым жасауымен ұштасты.

Қазақ қоғамының бір тарауы ретінде байғұстар қазақ қоғамдастығының ішінде мүліктік айырмашылықтың даму кезінде, бар байлық қоғамның бір бөлігінің қолында шоғырланып, ал екінші бөлігінің кедейлену үрдісіне ықпал жасаған кезде пайда болған. Байғұстар немесе басқаша қоңсы деп аталған және өндіріс құралдарынан мүлде айрылыған немесе айрылуға жақын адамдар, сондықтан да экономикалық және саяси тұрғыдан қарастырғанда құқықсыз.

Академик С. Зимановтың еңбегінде байғұстардың үш тобы туралы деректер берілген, біріншісі Орта жүздің сүйенішәлі руының құрамындағы көшпелі ұжымдарды қарастыра отырып, шартты топқа жатқызылатын шаруашылықтар көбінесе егіншілердің ең кедейлері – байғұстардың шаруашылықтары екені айтылды. Бірінші көшпелі ұжым бойынша 83 отбасының 35-і осыларға жататын [4, 252-253 бб.].

Мал басының саны				Мал басының саны			
Шаруашылық №	Жылқы	Ірі қара	Ұсақ мал	Шаруашылық №	Жылқы	Ірі қара	Ұсақ мал
1	–	2	–	19	–	1	–
2	–	6	–	20	–	2	–
3	–	2	16	21	–	2	–
4	–	1	15	22	–	1	6
5	–	1	10	23	–	4	5
6	–	2	–	24	–	1	6
7	–	1	–	25	–	1	–
8	–	1	–	26	–	1	–
9	–	1	–	27	1	1	–
10	–	2	–	28	1	1	–
11	–	2	–	29	1	1	–
12	–	1	–	30	1	1	–
13	–	2	–	31	1	2	–
14	–	1	–	32	1	2	–
15	–	2	–	33	1	2	–
16	–	1	–	34	1	1	–
17	–	1	–	35	1	1	–
18	–	4	–				

1 кесте

Дерек көз

Зиманов С.З. Общественный строй казахов первой –половины XIX века и Букеевское ханство – Алматы. Арыс, 2009. – С. 252-253.

Көптеген шаруашылықтарда мүлде жылқы болмаған, үштен бір шаруашылықтан кемдегенде бір жылқыдан болған. Аталған категориялы шаруашылықтардың барлық сүтті қара малын бір немесе екі сиыр құраған. Малдың аталған саны отбасының қажеттілігін қанағаттандырмақ түгілі, өмір сүру үшін негізгі табыс көзі болып табылмайтыны айқын.

Байғұстардың материалдық құндылықтарының негізгі көздері олардың жеке шаруашылықтарынан тыс жерде орналасқан. Өздерінің негізгі өндірістік еңбегін жеке мал шаруашылығына жұмсайтын кедей-шаруалардан айырмашылықтары осы.

Сүйенішәлі руының екінші көшпенді шаруашылығындағы мал басының шаруашылықтар арасында реттелуі, 2-ші кестеде басқаша. 1-ші кестеге қарағанда бұл көшпенді топ қуаттырақ. Бұлардағы кедей және өте кедей отбасылар саны кемірек, және де олардың ішінде кемінде бір жылқысы бар болған отбасылары көбірек, ал жылқылары жоқтарының бір-екі сиыры болған. Бұл топқа жататын байғұстардың ішінен одан да «байлары» кездеседі, олардың 5-7 қара малы (оның ішінде бір жылқысы) болған және жиырма шақты қойлар ұстаған. Аталған отбасылар, тұтыну деңгейлерін маңызды түрде кеміте отырып, өмір сүрудің негізгі көзі ретінде өз жеке шаруашылығын қолдана алады, немесе өздерінің жағдайларына қарай оларды кедейлер категориясына жатқызуға болады.

Мал басының саны				Мал басының саны			
№ Шаруашылық	Жылқы	рі ара	сақ мал	Шаруашылық №	Жылқы	рі ара	сақ мал
1.	–			15	1		
2.	–			16	1		
3.	–			17	1		
4.	–			18	1		
5.	–			19	1		
6.	–		0	20	1		
7.	–			21	1		
8.	–			22	1		
9.	–			23	1		
10.	–			24	1		
11.	1			25	1		
12.	1		7	26	1		5
13.	1			27	1		6
14.	1			28.	1		0

2- кесте

XIX ғасырдың ортасында Каспий теңізінің жағалауында, Гурьевтің маңайында байғұстардың көптеген отбасылары мекендеген. Ресми деректер бойынша 107 шаруашылықтан құралған олардың бір бөлігінің мал басы келесі 3- кестеде берілген.

Шаруашылықтардың мал саны	Малы бар шаруашылық саны (мал түріне байланысты)						
	үйе	Жылқы	рі ара	ой	шкі	Ірі малдың барлығы	Малдың барлық түрлері
Малы жоқтар	06	103	5	01	2	43	–
1бас малы бары		4	6			45	47

2-3		–	16		3	19	45
4-5		–				–	8
6-10		–				–	4
11-15		–				–	3
16-20		–				–	–
21-25		–				–	–

3- кесте.

Мәліметтер аталған отбасылардың шексіз қайыршылығын дәлелдейді.

107 шаруашылықтың 106-сында түйе, ал 103-інде жылқы болмаған. Сонымен, аталған отбасылар тобының көшпенді малшаруашылығында жүк тасымалдау мен көшіп-қону үшін қажетті негізгі құралдары болмаған. Отбасылардың 40%-дан шамалы артықтары ғана өз шаруашылықтарында бір ғана ірі қара мал ұстаған, ал шамамен сонша отбасында ол да болмаған.

Байғұстардың үш тобы туралы деректер берілген. Осы деректер бойынша байғұстардың көбінің шаруашылықтарында жылқы болмаған, шамалыларының бір немесе екі сиыры болған байғұстардың арасында ең қайыршылары (мүлде малсыздары) және кедей шаруаларға жақын ауқаттылары кездеседі.

Өз замандастарының байғұстардың әлеуметтік жағдайлары мен тұрмысы туралы сипаттамалар аса бағалы дерек болып есептеледі. Олардың мәлімдеуінше байғұстардың қайыршылығы сонша: көбінің өз киіз үйлері болмағандықтан олар бір киіз үйде 2-3 отбасы болып өмір сүрген [4, 255 б.].

Олар киіздері болмағандықтан өз баспаналарын жөкемен, шыммен және қамыспен жапқан. XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанның солтүстік және орталық аудандарына сапар шеккен Гейнс жатақтар қатарына жатқызылған байғұстардың тұрмысы жайлы: «Менің ештеңем жоқ, жейтін тамақ түгілі төсейтін төсегім де жоқ. Киіз үйдің ішкі көрінісі сол қайыршылықты дәлелдеп тұр. Киіз үйдің ағаш құралдары ескірген. Қабырғаларына жабылған киіздері тесік-тұсық...», – дейді киіз үй иесі. Оларға қой сатып алатын ниеттерін білдірігенде, сол ауылдан сатылатын бір қой табылмаған. Бөлек Сібір корпусының аудармашысы Ф. Назаров 1813 жылы Қоқанда болған және сондағы қазақ байғұстары туралы: «Нұрдан Есілге құятын Қозыкөш өзенінің маңайында Малыкөл көлінің жанында түк малдары жоқ қырғыздарды кездестірдік. Олар жаяу жүріп келеді, киімдері алба-жұлба, балаларын арқалаған». Қазақ халқымен тығыз қарым-қатынаста болған орыс шенеуніктерінің бірінің мәлімдеуінше, орыс мекендеріне жалдануға келген байғұстың түрі «өте нашар – алба-жұлба киінген, жадап-жүдеген, бұл адамға ұқсас бір жан, оған аяушылықсыз қарауың қиын...» [4, 255-256, б.], – деп жазды.

Байғұстар туралы М. Иванин, – біздің бекіністер мен станицалардың маңайында өмір сүреді және өз киіз үйі мен мүлкін бір жерден екінші жерге көшіру үшін түйелері болмағандықтан, көшпенділік әдетті сақтап қалу мақсатымен, жүктерін жылына бірнеше рет бір орыннан екінші орынға қолмен тасиды (50 сажень және одан да артық). Байғұстар ауыл-ауыл болып, ұрпақ-ұрпақ болып қайыршыланады да аштықтан, суықтан қырылады, өйткені көмек күтер ешкімі жоқ, десе, В.И. Даль, – толық бір отбасында бір ғана ешкісі бар, одан басқа ешқандай кіріс көзі жоқ; сол ешкісіне барлы-жоқты мүлкін артады және соның сүтімен күнәра немесе екі күнде бір тамақтанады, бұның бәрі ертегі емес, өмірде болған оқиға» [4, 256 б.] екенін жазған.

Оралда байғұстардың өз балаларын сатқаны да белгілі болған – бұл қайыршылықтың ең сорақысы болып табылады. 1804 жылы Орал әскери кеңсесінің Орынбор шекаралық комиссияға берген есебінде: «Шекара бойында орналасқан бірқатар қырғыз-қайсақтар кедейленулері мен шексіз қайыршылықтарынан өздерінің жас балаларын шенеуніктер мен казактарға беріп жатыр» [4, 255 б.] деп жеткізген.

Тарихи аренада байғұстардай әлеуметтік бөліктің пайда болуы, біздің пікірімізше, феодализмнің даму үрдісіне, қазақ ауылының күйреуіне және рулық қарым-қатынастардың әлсізденуіне байланысты. Аталған үрдіс неғұрлым қарқындалса, соғұрлым өндіріс құралдарынан тікелей өндірушілердің алшақтай түсуі де кеңінен тарала бастаған. XVIII ғасырда көзге түсе бастаған ауылдық қоғамдастықтың дағдарысы XIX ғасырда өз шыңына жеткен болатын. Аталған кезеңде ауылдық қоғамдастықтың күйреуі мен топтарға бөлінуі аяқталмағанымен, экономикалық зардаптарының негіздері мен рулық идеологиясына айтулы нұсқан келтірілген.

Бұрынғы кездерде ауылдың қайыршылыққа ұшыраған мүшелеріне ауылдастары мен рулық қоғамдастық тарапынан түрлі мөлшерде жәрдем көрсетілетін. Көшпелі малшаруашылығы жағдайындағы

қоғамдастық мүшелерінің өзара көмектесуі аталған өндіріс формасының ерекшеліктеріне негізделген болатын. Байлар да мұндай өздеріне тікелей тәуелді мал бағушыларды қолдайтын. Өндіріс құралдарынан және сонымен қатар шаруашылық тәуелсіздігінен де айырылған заттай өнім өндірушілердің феодалдық қанаудың объектісіне айналары белгілі. Сондықтан феодалдық қарым-қатынастардың алғышарты болып өндірушілердің шаруашылық тәуелсіздігі табылатын.

Ал XIX ғасырда қазақ қоғамындағы әлеуметтік салада басқа жағдайлар туындады. Ауыл старшындары мен феодалдары көп жағдайларда билік басындағыларға қарайлап, ұжым мүдделеріне бас бұрмайтын болды. Байлардың көбі түрлі ресми лауазымдарға ие болып, отарлаушы органдардың өкілдеріне, салық жинаушыларға және т.с.с. айналды, сондықтан да ұжымның мүдделері мен өмірінен алыстай берді. Патша үкіметінің отарлық билігі тұсында көшпелі ұжымның дәстүрлі бірлігі бұзылды. Рулық идеологияның кезінде қоғамдастықтың кез-келген мүшесін көш орнында қалдыруға немесе қоғам мүшесінің ұжымнан бөлініп кетуіне жол берілмейтін, өйткені қоғамдық тәртіпті бұзушылық деп саналып, қатаң жазаланатын болған.

Дәстүрлі қазақ қоғамы ішіндегі әлеуметтік сараланудың себебен келсек, байғұс, егінші, жатақ және бақташылардың болуы патша өкіметінің Қазақстандағы отарлау саясатына байланысты күшейе түскен қазақ қоғамы ішіндегі әлеуметтік сараланудың белең алғанын дәлелдеді. Сонымен қатар, байғұстар – феодалдық шаруашылыққа жұмыс күшін тегін берген әбден күйзеліске ұшыраған әлеуметтік топ өкілдерін құрады [5, 350 б.].

Мұрағат құжаттарында байғұстарға қатысты деректер сақталған. Байғұстар туралы патша I Александрдің 1808 жылдың 17 маусымындағы «О переходе степных киргизов на внутреннюю сторону Урала и о подчинении Киргиз-Кайсацкой меньшой орды Орды Букей султана с народом его Оренбургской Пограничной Комиссии» атты үкіметің 1808 жылдың 17 маусымындағы жарлығымен орнатылған билеттік алымдар Орынбор шекара комиссиясына жүктелген келесі қызметінен де орын тапты [6, 16]. Билеттік алым немесе плакаттық жиын деп аталған алым-салық Орынбор шебінде тұрып жатқан казактар мен башқұрттарға жұмысқа жалдануға келген қазақтардан алынды. Бұлар әр түрлі салықтар мен қанаудың нәтижесінде мал-мүлкінен айырылған кісілер еді. Оларды деректер көздері «байгуши» («байғұс») деп атайтындығы жазылған [7, 13 - 15 п.].

XIX ғасырдың басында Орынборға «байғұс» қазақтардың ағылып келуіне байланысты Орынбор әскери губернаторының шешімімен 1817 жылдың 23 сәуірінде қайыр-садақа жинау мен жұмысқа жалданудың тәртібі орнатылады. Бұл жұмысты атқару Орынбор Шекара комиссиясына жүктелді.

Бекітілген тәртіп бойынша, шеп бойына келгендердің ішінде қайыр - садақа тек ғана 10 жасқа дейінгі балаларға берілді. Қалған кісілерді Орал көпірлеріне қойылған қарауылдар кідіртіп, Айырбас сарайына жіберіп отырды. Егер кімде-кім қазақтардан жалдама жұмысқа адам алғысы келсе, ол Айырбас сарайына келуге міндетті еді және жалға алған жұмысшымен көпірдегі қарауыл офицеріне келуі қажет болды. Ал офицер оларды күзетшілердің айдауымен Шекара комиссиясына жеткізіп отырған. Сол арада олар Шекара комиссиясындағы тіркеу кітабына тіркеліп, жалға алу шартын рәсімдеген. Шарт бойынша жалға алушыға бірнеше міндеттер арттырылған:

1) қазақтың тәртібіне жауаптылық;

2) жалақыны уақытында төлеу және т.б. Бұған қоса жалдаушы жұмысшы үшін бір жылға – 6 сом, жылдың үштен біріне – 2 сом, ал бір айға - 50 тиын төлеуге міндетті болды. Жалға алушы мен жалданушы арасындағы арақатынастарды билет арқылы реттеген Шекара комиссиясы жұмыстың осы түрін өз қадағалауына алып қосымша төлем ақылар енгізіп отырды [6, 13 - 15 п.].

Бұл Ережеде тек қана қарапайым қазақтар ғана емес, сұлтандар, би, старшындар да арнайы Комиссия рұқсатымен кіргізіп-шығарып отырылған.

Деректерге жүгінсек жоғарыда аталған «билет» және канвои жаңалықтары Шекара комиссиясының қазақтар өміріне біржолата бас сұғып, өз қарамағына алғанын және осылай халықтың тұрмыс тіршілігіне араласуы арқылы оларды өзіне тәуелді еткенін көрсетеді. Осы тәртіптерді орындау Орынбор шебі бойынша Орск, Кизильск, Троицк, Верхнеуральск және Звениголовск, ал Орал шебі бойынша Илецк, Уральск және Гурьев бекіністерінің комендanttары мен Орал әскери кеңсесіне ұйғарылды. Осы аталған жерлерден басқа жерлерге қазақтарды жіберуге тыйым салынды. Барлық бекіністер Шекара комиссиясының тіркеме кітаптарымен қамтамасыз етілді және әр жылдың соңында жиналған қаржысы Шекара комиссиясының ревизиясына ұсынылып отырды [8, 51].

Бұл шын мәнісінде профессор Е. Бекмаханов жазғандай, «үкімет үшін бұл қазынаны толықтырудың өте тиімді көзі болды, сонымен бірге барлық станицалық шенеуніктер арзан жұмысшы қолымен қамтамасыз етілді» [1, 140 б.].

Жұмысқа жалданушы қазақтардың қызметі әр түрлі болды. Олар қысқа отын дайындады, егіндік жерді, бау-бақшаны өңдеді, мал бақты. Каспий теңізіндегі балық аулау кәсіпшілігінде, тұз өндіру мен ағаш

кесу саласында да «байғұстардың» еңбегі кеңінен пайдаланылды. Әсіресе, күзгі уақытта шоқыр балығын аулауға екі айға 55 - тен 70 рубльге жалақыға жалданған. Шоқыр – балығын аулау үшін Орал әскери кеңсесіне 1814 жылдың өзінде-ақ 5978, ал күзгі уақытқа 1197 адамға билет сатылған. Шөп шабу жұмыстарына күніне 3 - тен 5 рубль ақы төленді [9, 180 б.]. Батыс Қазақстандағы жағдай туралы Орынбор Шекара комиссиясының 1820 жылы берген есебінде «байғұс қазақтарға» жұмысқа жалдану үшін берілген 1919 билеттен қазынаға түскен ақша көлемі 11761 рубль 50 тиынды құрағаны көрсетіледі. Яғни бекініс комендanttарымен 1683 билет беріліп, 11287 рубль, ал Шекара комиссиясынан 236 билет беріліп, 474 рубль 50 тиын ақша жиналады. Орта есеппен кедей қазаққа берілген бір билет құны – 6 рубль 12 тиынға тең болды [9, 189-196 б.].

Орынбор Шекара комиссиясының төрағасы Веселицкийдің 1825 жылы берген есебінде жұмысқа жалданушы қазақтарға берілген билеттерден 15894 рубль түскені [10, 9-9 қ.п.], ал жалпы қазынаға түсірілген қаржы көлемі 16564 рубль, оның ішінде 589 рубль айып үшін алынғаны айтылады [10, 1, 8 қ.п.].

Ал Орынбор Шекара комиссиясының жылдық есебінде билеттік алымдардан 1828 жылы 50008 рубль, 27 тиын, 1829 жылы 53846 рубль ақша түскені айтылады [11, 43 б.].

1844 жылғы «Ережеге» сәйкес билеттер маңызы нақтыланғандай болды. Енді шеп бойында және ішкі тұрғындарға қандай да бір жұмысқа жалдануы үшін қазақтар алдымен ішкі аймақта тұру құқығына ие болу керек болды. Ол үшін арнайы «билет» сатылды. Билеттер бір айдан бір жылға дейінгі мерзімге берілді. Айлық билеттің құны 15 тиын болды [9, 196 б.].

Қорыта келе, байғұстар XIX ғасырда патша үкіметінің қазақ даласын отарлау саясатының нәтижесінде дәстүрлі шаруашылығын жүргізетін жерден, малдан айырылып әбден кедейленіп, күйзеліске ұшыраған әлеуметтің бір бөлігі пайда болды. Олар шеп маңындағы станица казактарына табыс іздеп кеткен жарлы-жақыбайлар тобы. XIX ғасырдың бірінші жартысында олар едәуір топқа айналған. Байғұстар институты – қайыршыланған нағыз пауперлер «байғұстар» жұмыс күшінен басқа ештеңесі жоқ, жұмыс күшін сатып, күн көруге мәжүбір болған жұмысшы пролетариаттар қатарының негізін құрады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырлардың 20-40-жылдарында – (Оқу құралы). – Алматы, Санат, 1994. – 416 б.
2. Вяткин М. Батыр Сырым. – Алматы: Санат, 2002. – 344 с.
3. Қанайұлы Ш. Дария құйсаң толар ма?../ https://www.zharar.com /kz/olen/ 9311-kanayuly.
4. Зиманов С. З. Общественный строй казахов первой половины XIX века и Букеевское ханство – Алматы: Арыс, 2009. – 400 с.
5. Исенов Ө. И. Дәстүрлі қазақ қоғамы: тұлғалар тұғыры. / Монография. – Қостанай, «Шапақ» ЖШС баспасы, 2016. – 356 б.
6. Наурызбаева Э.К. Батыс Қазақстан қазақтарының әлеуметтік - экономикалық және мәдени өмірі (Орынбор Шекара комиссиясының материалдары бойынша (1799-1859 жж.): тар. ғыл. канд... диссертациясы. – Астана, 2010. – 33 б.
7. Предписание Оренбургского военного губернатора Оренбургской пограничной комиссии по поводу наплыва байгушей в г. Оренбург // ҚР ОММ, 4 - қ. – 1 – т. – 4918 - іс. - 13 - 15 п.
8. Наурызбаева Э.К. Патша үкіметінің кіші жүздегі саясаты хақында (Орынбор шекара комиссиясының материалдары бойынша).// Л.Н. Гумилев атынд.Еуразия ұлттық университетінің Хабаршы ғылыми журналы. I бөлім. №5 (112) – 2016. – 238-244.
9. Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках. (1771-1867 годы). Сборник документов и материалов. – Алматы: Наука, 1964. – 460 с.
10. Указы Оренбургской Пограничной комиссии о сборах денег с киргиз за кочевание // ОрОММ, 222 - қ. – 1 – т. – 19 - іс.
11. Алекторов А. «Географический очерк Оренбургской губернии». – Оренбург, 1885. – 115 с.

327(574+519.5)

Л.Н. НУРСУЛТАНОВА
Л.Н. Гумилев ат.ЕҰУ

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАН-АВСТРИЯ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ

Аңдатпа. Мақала Қазақстан мен Австрия арасындағы ынтымақтастық сұрақтарын зерттеуге бағытталған. Қазақстанның тәуелсіздігін Еуропалық мемлекеттер, соның ішінде, Австрия да, 1991 жылы танығандығы белгілі. Осы жылдар кезінде экономика маңызды салаларының белгілі нормативтік-құқықтық базасы құрылды. Көлік, өзара инвестицияны қорғау, Акционерлік қоғам және бірлескен мекемелер құру аймағында бірнеше құжатқа қол қойылды. Австриялық компаниялар өнеркәсіп, агроөнеркәсіптік кешен, банк жүйесінде жұмыс істейді.

Түйін сөздер. Қазақстан, Австрия, дипломатия, саясат, экономика.

Л.Н. НУРСУЛТАНОВА
Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г. Астана, Казахстан

СОВРЕМЕННЫЕ ОТНОШЕНИЯ МЕЖДУ КАЗАХСТАНОМ И АВСТРИЕЙ

Аннотация. Статья посвящена исследованию вопросов сотрудничества между Казахстаном и Австрией. Как известно, европейские страны признали независимость Казахстана в 1991 году, в числе которых была и Австрия. За эти годы сложилась определенная нормативно-правовая база по важнейшим отраслям экономики. Был подписан ряд документов по транспорту, взаимной защите инвестиций, в области создания акционерных обществ и совместных предприятий. Австрийские компании работают в промышленности, в агропромышленном комплексе, банковской сфере.

Ключевые слова. Казахстан, Австрия, дипломатия, политика, экономика.

L.N. NURSULTANOVA
Eurasian National University after L.N. Gumilyov, Astana, Kazakhstan

CONTEMPORARY RELATIONS BETWEEN KAZAKHSTAN AND AUSTRIA

Abstract. The article is dedicated to the research of cooperation issues between Kazakhstan and Austria. As you know, European countries, including Austria, recognized Kazakhstan's independence in 1991. Over the years, there has been a certain regulatory and legal framework for the most important sectors of the economy. A number of documents were signed on transport, mutual protection of investments, in the establishment of joint-stock companies and enterprises. Austrian companies work in industry, in the agro-industrial complex, and in the banking sector.

Key words. Kazakhstan, Austria, diplomacy, politics, economics.

Кіріспе

Тәуелсіздіктің бірінші күндерінен Қазақстан Республикасы (ҚР) Австрия Республикасымен (АР) ынтымақтасуда. Қазақстан мен Австрия арасындағы қатынастар мемлекет басшылары мен сыртқы саяси мекемелердің басшылары кездесулерінің барысында құрылған сындарлы диалог ретінде көрініс табады.

1991 жылы қазанда Вена қаласында ҚР Президенті Н.А. Назарбаев пен АР Федералды Канцлері Ф. Враницкийдің кездесуі өтті. 1993 жылы 2-3 ақпанда Қазақстан Президенті Австрияда екінші ресми сапарымен болды, оның барысында Федералды Канцлер Т.Клестил және Федералды Канцлер Ф. Враницкиймен кездесті . Келіссөздің басты назары екіжақты экономикалық ынтымақтастық сұрақтарына аударылды.

1993 жылдың сәуір айының соңында Федералды канцлер Ф. Враницкий Қазақстанға жауапты сапарын жасады. Оның барысында үкіметаралық әуеқатынасы туралы Келісімге және Қарағанды металлургиялық комбинатын қайта құруға инвестиция бойынша Меморандумға қол қойылды.

Негізгі бөлім

Қазақстанның Еуропа мемлекеттерімен қатынасының даму перспективалары бұл аймақтың әлемдік экономикалық және саяси орталықтарының бірі ретіндегі консолидациясымен, сонымен қатар, Еуропалық

Одақ (ЕО) мемлекет-мүшелерінің экономикалық және саяси интеграциясының жоғары деңгейде болуымен байланысты.

ҚР сыртқы саясатының еуропалық бағыты Орталық Азия (ОА) аймағының ЕО үшін оның геостратегиялық орналасуына, сонымен қатар, шикізаттық, біріншіден, Мұнай экспорттаушы елдердің ұйымы (ОПЕК) мемлекеттерінің минералды шикізат көздеріне альтернатива бола алатын энергетикалық, мүмкіншілігіне байланысты басты қызығушылығына негізделген. Сондықтан, Батыс Еуропа мемлекеттері демократиялық институттар дамыту, нарықтық өзгерістер, конфликтік мүмкіншілікті азайту, ОА экономикалық және саяси орналасуды күшейту арқылы аймақ елдерінің тұрақты және прогрессивті дамуына қызығушылық танытады. Түрлі деңгейлерде екіжақты қатынастарды сапалы жаңа деңгейге көтеру үшін аймақтық кооперацияны, аймақта және бүкіл әлемде тұрақтылық пен қауіпсіздікті сақтау бойынша Орталық Азия мемлекеттерінің белсенді рөлін қолдауды қарастыратын әрекеттер жүргізілуде.

Австрия Республикасы мен ҚР арасындағы дипломатиялық қатынастарды орнату бойынша бірлескен коммюникеге 1992 жылы ақпанда Венада қол қойылды. Құжатқа сәйкес екіжақ арасында достық, сондай – ақ, саяси, экономикалық және басқа да қатынастар орнатылды. Бұл қатынастар Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) принциптеріне және Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық туралы Конвенциясына негізделді. Бұл құжатқа сәйкес КСРО өмір сүру тоқтатуына байланысты туындаған барлық мемлекетаралық сұрақтар келіссөз арқылы шешілді, жақтар, сонымен қатар, осы коммюникеге байланысты елшіліктер деңгейіндегі дипломатиялық миссиялармен алмасты [1].

1992 жылы ақпанда Венадағы ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Австрияға сапары барысында ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды. ҚР өндіріс министірлігі австриялық жақпен 500 млн. АҚШ долл. Қарағанды металлургиялық комбинатын бірлесіп қайта құруға және жаңғыртуға бағытталған экономикалық ынтымақтастық туралы Меморандумға келісілді [2].

1992 жылы 19 ақпанда Венада қол қойылған ынтымақтастық туралы Меморандум ережелерін, сонымен қатар, 1993 жылы ақпандағы Н.А. Назарбаевтің Австрияға сапары кезінде қол жеткен келісімдерді орындау үшін келесі құжаттарға қол қойылды:

· ҚР мен Австрия Республикасы арасындағы әуеқатынастары туралы үкіметаралық Келісім (27.04.93.)

· Қарағанды металлургиялық комбинатын қайту құруға инвестиция туралы Меморандум;

· Сауда-экономикалық ынтымақтастық Келісіміне қол қою жайлы алдын ала жазылды және дайын болды (1993 ж. сәуір);

· инвестицияларды қолдау және өзара қорғау туралы Келісімге жақын уақытта қол қою жайлы келісімге қол жеткізілді;

· 1992 жылы көктемде Австриялық кредиттік линияны ашу жайлы үкіметаралық Келісім. Республика Министрлер кабинетінің 16.10.92.№879 үкімімен 300 млн. АҚШ долл. көлемінде Австрия республикасы кредиттер есебінде инвестициялауды айқындайтын жобалар тізімі бекітілді;

· 1993 жылдың ақпанындағы екі мемлекет басшылары арасындағы келіссөздер барысында австриялық жақ белгілі жобалар бойынша кредиттік линияны ашатындығын растады;

· Австриялық кредиттер көмегімен Алматыда Біріккен Кәсіпорын (БК) «Рахат» құрылысты бастауы керек болған бесжұлдызды «Марко Поло» қонақ үйін құру жоспарланды. Австриялық Контрольбанк пен Қазақстанның «Алембанк» арасындағы Келісім шарттары бойынша аванс ретінде 15% алдын ала төлем келісілді;

· Бас мердігер ретіндегі «Фест - Альпини Анлагенбау» акционерлік компаниясы және «ЭНТЕС» (Түркия), «НИССО ИВАИ» (Жапония) партнер-фирмалары қатысуымен Карметкомбинатта болатты тоқтаусыз құю және пештегі емес өңдеу линияларын құрумен бірге цехті қайта құру басталды, жоба құны 530 млн. АҚШ долл. бағаланды.

1993 жылы шілде мен қараша айларында австриялық «Фест-Альпини» концерн өкілдерімен және Қазақстанның мүдделі министерліктерімен, ведомстволорымен екі жұмыс кеңесі өткізілді. «Әлембанк» және «Австриялық Контрольбанк» арасында қаржы желісін құру бойынша жұмыс жүргізілді, банктер қаржыландыру тәртібі мен шарттарын келісті. Қазанның ортасында комбинатты қайта құру бойынша жұмыс басталды;

- австриялық несие желісі шеңберінде австриялықтар көмегімен 19 объектіні енгізу жоспарланды; оның 15-і шығынның өтелімділігін ұйғарды. Жобаларға қатысқан 50-ге жуық кәсіпорын шағын және орта болды;

- ҚР Үкіметі жас мамандарды нарықтық экономика мен маркетингті оқу үшін Австрияға жіберу туралы шешім қабылдады;

- Веналық Дипломатиялық Академияда дипломатиялық кадрларды дайындау туралы екі жақты келісімге сәйкес 1993-1994 жж. ҚР Сыртқы Істер Министрлігінің (ҚР СІМ) 3 жауапты қызметкері тағылымдамадан және оқудан өтті;

- австриялық несие желісі шеңберінде екі жақпен де қол қойылған келісімшартқа сәйкес австриялық «МАГ» фирмасы Балқашта «Эмальпровод» зауыт құрылысын бастады. Қазақстандық «Әлембанк» және Австрия Республикасындағы «Австриялық Контрольбанк» несие желісінің қызмет етуі үшін Келісім жасады, негізінен ол ҚР СІМ объектілерін салу мен жобаларын қаржыландыруға қатысты [3].

1993 жылы Қазақстанда спорт құрылысы, озық технологияларды ендіру, құрылыс материалдары мен медициналық құралдарды шығару бойынша жұмыс жасайтын 4 құрылыс кәсіпорны тіркелді. 1992 жылы Австриямен сыртқы тауар айналымы 83 млн. $ немесе жалпы республикалық көлемнен 5,6% құрды, экспорт 78 млн. $, импорт 5 млн. $. Қазақстан тарарынан басты сауда әріптестері «Карагандауголь», Ермак ферроқорытпалар зауыты, Ертіс химия-металлургиялық комбинат, «Жезказганцветмет», ПО «Фосфор», Қостанайдағы ет комбинаты болды. 1994 жылы қаңтар мен тамыз аралығында сыртқы тауар айналымы 18553,6 млн. $, экспорт 7048,2 млн. $, импорт 11505,4 млн. $ құрды, 1993 жылмен салыстырғанда 2 есе төмендеу байқалды [4].

1993 жылы 1 қаңтарда Қазақстанда 13 құрылыс кәсіпорны тіркелді. Олардың ішінде ең ірілері «Сенім», Алматыдағы «Рахат», Шымкенттегі «Тұлпар-АЮ». Австриялық төрт фирма аккредитациядан өтті: «Цинекс», «Вальтхам», «Вико Хандельс Гмбх», «АСГ Хандельс унд Бетайлигунге Гмбх». ҚР Министрлер кабинеті жалпы сомасы 1 млрд. 823 млн. доллар құратын 34 бастапқы жобалар тізімін анықтап, олардың 18 бойынша келісімшарттарға қол қойылды. Дәрі-дәрмектерді, медициналық құралдарды, халық тұтынатын тауарларды сатып алу үшін австриялық фирмалармен жалпы сомасы 70 млн. доллар құрайтын келісімшарттар жасалды. Кейін 34 жобадан жалпы сомасы 1034,3 млн. АҚШ долларын құрайтын 25 жоба қалды.

1997 жылы 16 маусымда 55 бірлескен фирмалар өкілдері қатысқан «Қазақстан экономикалық партнер» казақстан-австриялық форум өткізілді. Бұл кезде Қазақстанда 25 австриялық фирма аккредиттелген. Жұмыс, сонымен қатар, мемлекеттер арасындағы құқықтық базаны жақсарту, басқа салаларда ынтымақтастық бойынша жүргізілді.

Австрия СІМ бастамасы бойынша 1997 жылы Қазақ мемлекеттік халықаралық қатынастар және әлемдік тілдер университетінде (Алматы) 4 000 астам кітап бар «Австриялық кітапхана» ашылды.

1997 жылы 8 мамырда Ф.Шубертің 200 жылдығына және М.Әуезовтың 100 жылдығына арналған ресми мерейтойлық ашылу өткізілді, оған «Көктем» атты Алматыдағы №1 музыкалық-хор мектебінің балалар хоры қатысты. 1997 ж. 12 мен 26 мамыр аралығында Алматыда Орталық мемлекеттік мұражайда «Роберт Кабас және австриялық графика» көрмесі өткізілді.

2009 жылы қазанда Венада Қазастан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстандық жол» (Kasachstans Weg) кітабы неміс тілінде басып шығарылды.

Ұлы Отан соғысының Жеңісінің 65 жылдығына орай 2010 жылы Авсрияда қайтыс болған қазақстандықтарды еске алу Кітабы шығарылды және «Маутхаузен» концлагері территориясында мемориалдық тақтаның салтанатты ашылуы өтті.

2011 жылы ақпанда болған ҚР Премьер-Министрі – индустрия және жаңа технологиялар министрі А. Исекешевтің Венадағы сапары барысында Қазақстан мен Австрия арасындағы экономикалық ынтымақтастықтың басымдылықтары мен мақсаттары туралы Декларацияға қол қойылды.

2012 жылы 22-23 қазанда Австрия Федералды Президенті Х. Фишер шақыруымен Қазақстан Республикасының Президенті Н.А. Назарбаевтың Австрия Республикасына ресми сапары болды. Келіссөздердегі орталық орынды казақстан-австриялық экономикалық ынтымақтастықты интенсификациялаумен байланысты сұрақтар алды. Сапар барысында халықаралық жүк көлік тасымалы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Австрия Республикасы Үкіметі арасындағы Келісімге қол қойылды.

2013 жылы мамырда Австрияда Қазақстан мәдениетінің күндері өтті және Веналық концертхауста қазақстандық орындаушылардың үлкен концертімен аяқталды.

2015 жылы 2 желтоқсанда ҚР сыртқы істер министрі Е.Идрисовтың Австрияға жұмыс сапары болды. Федералды президент Х. Фишер мен Еуропа, интеграция және халықаралық қатынастар жұмысы бойынша Федералды министрі С. Курцпен келіссөздер барысында саяси, сауда – экономикалық, мәдени аймақтарда екіжақты ынтымақтастық, сонымен қатар, өзекті халықаралық мәселелер сұрақтары қарастырылды. Е. Идрисовтың сыртқы саясат және қауіпсіздік сұрақтары бойынша ЕО бұрынғы жоғарғы өкілі, Австрия сыртқы істер экс-министрі Б. Ферреро-Вальднер төрағалығымен өткен Венадағы халықаралық қатынастар бойынша Еуразиялық кеңестің Консультативті Кеңесінің отырысына қатысуы барысында әйгілі еуропалық саясаткерлер қазіргі әлем жағдайын және оның одан әрі дамуының жолдарын көруімен бөлісті [5].

2015 жылы желтоқсанда Австрия үкіметі Астанадағы «ЭКСПО -2017» халықаралық көрмесіне қатысу ресми шешімін қабылдады. Австрия Парламентінің бойында Орталық Азия мемлекеттерінен әріптестерімен ынтымақтасу бойынша топ бар. ҚР Сенат Парламентінде Орталық Еуропа мемлекеттерімен, соның ішінде, Австриямен, ынтымақтасу бойынша топ жұмыс істейді.

2015 жылдың басынан ҚР Елшілігі демеушілер қаражаты көмегімен «Қазақстан маржандары» жобасы іске асырылып жатыр. Оған сәйкес Австрияда қазақстандық музыканттардың концерттері, сонымен қатар басқа да мәдени іс-шаралар өткізілді. Бұл жоба 2016 жылы ҚР тәуелсіздігінің 25 жылдығын тойлау шеңберінде жалғасты [6].

“ЭКСПО-2017” көрмесіне аз дегенде Австрия астанасында орналасқан 5 халықаралық ұйым қатысты. Алдыңғы қатарлы инновациялық компаниялар да өзінің соңғы технологиялық жетістіктерін Қазақстанға әкелді. Штириядағы Қазақстанның құрметті Консулдығында қайта австриялық бизнес-қоғамдастықтың элитасы жиналды. Осындай онша ресми емес жағдайда болашақ маңызды инвестициялық жобалар шешілді. “Жасыл” технологияның дамуы жағынан австриялық компаниялар тәжірибесі үлкен. Ең бастысы, еуропалықтар ынтымақтастыққа ашық және өзінің соңғы шығарылымдарымен бөлісуге дайын.

AVL компаниясын дамыту бойынша директор Ульф Эрбар айтуынша- біз Қазақстанда индустрализацияны дамыту үшін өзіміздің ноу-хау мен технологияны ұсынуға дайынбыз. Бұл болашаққа шын технологиялық итермеліс болуы мүмкін. Біз инвестиция құюға дайынбыз. Шынын айтса, бұл қызығушылық болған ЭКСПО көрмесіне байланысты [7].

2017 жылғы 22 тамыз Астанада Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары Роман Василенко мен Австрия Республикасының ғылым және экономика федералдық министрлігінің вице-министрі Бернадетт Гайнингердің төрағалығымен экономикалық, ауыл шаруашылығы, экология, өнеркәсіптік, техникалық және технологиялық ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан-Австрия үкіметаралық комиссиясының 8-ші отырысы өтті.

Кездесу барысында, екіжақты күн тәртібіндегі, соның ішінде Қазақстан Республикасы мен Австрия Республикасындағы экономикалық ахуал, екіжақты экономикалық ынтымақтастықтың жай-күйі мен болашағы туралы кең ауқымды мәселелер бойынша дәстүрлі пікір алмасылды [8].

Қорытынды

Екіжақты экономикалық ынтымақтастық саласындағы екі жақ өзара тиімді серіктес ретінде қарайтынын айта кету керек. Австрия Республикасы, ең алдымен, Қазақстан Республикасынан энергия жеткізуде мүддеелі, ал Қазақстан

Австрияның алдыңғы қатарлы технологиялары мен ноу-хауында, соның ішінде Австрияда айтарлықтай тәжірибе жинақтаған цифрландыру саласында.

Көп жақты қатынастар сындарлы диалог пен өзара сенім қағидаттарына негізделген. Тараптар көптеген халықаралық проблемаларды шешуде ұқсас тәсілдерді қолдайды. Австрияның жоғарғы басшылығымен саяси диалог Астанамен саяси және экономикалық қатынастарды одан әрі нығайтуға Венаның стратегиялық қызығушылығын көрсетеді. Жақын болашақта саяси, парламентаралық байланыстар мен экономикалық ынтымақтастықты тереңдету, сондай-ақ мәдени байланыстарды одан әрі дамыту болып табылады.

Қазақстан мен Австрия арасында дипломатиялық қарым-қатынас орнатқан уақыттан бері біздің елдеріміз саясат, экономика және мәдениет саласындағы ынтымақтастықты табысты дамытып, әрі қарай интеграциялауға бағытталған.

ӘДЕБИЕТТТЕР

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағаты (ҚР ПМ). 75Н-қ., 1-т,. 83-іс, 5-п.
2. ҚР ПМ. 5Н-қ., 1-т., 2186-іс, 66-п.
3. ҚР ПМ. 75Н-қ., 1-т., 83-іс, 20-21-пп.
4. ҚР ПМ. 5Н-қ., 4-т.,1-іс,12-п.
5. ҚР СІМ ресми сайты. www.mfa.kz. (Қаралған күні:09.07.2018.)
6. http://mfa.gov.kz/.(Қаралған күні: 09.07.2018.)
7. http://24.kz/ru/news/expo/item/93081-krupnye-gollandskie-kompanii-namereny-predstavit-svoj-opyt-na-ekspo-2017.(Қаралған күні: 10.07.2018.)
8. http://www.mfa.kz/ru/content-view/kazahstan-i-avstria-rassiraut-vozmoznosti-dvustoronnego-torgovo-ekonomiceskogo-sotrudnicestva. (Қаралған күні: 10.07.2018.)

UDC 94 (574:571)

Отепова Г.Е.
Павлодарский государственный педагогический университет, Казахстан

ИЗМЕНЕНИЕ АДМИНИСТРАТИВНЫХ ИНСТИТУТОВ НА ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСТАНА В КОНТЕКСТЕ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ

Аннотация. Всестороннее и углубленное научное исследование различных аспектов истории Казахстана в составе Российской империи, основных этапов его присоединения, проведение в крае имперской политики, является достаточно актуальной проблемой отечественной исторической науки. Процесс изменения административных институтов в Казахстане рассматривается в контексте общей правительственной политики, на основе использования официального законодательства Российской империи. В качестве источников в работе были использованы материалы архивов Республики Казахстан (ЦГА РК), Российской Федерации (РГВИА, РГИА, ИАОО), а также опубликованные в различные периоды документы и законодательные акты, помещенные в Полное собрание законов Российской империи, Свод законов Российской империи и другие издания.

Вопрос внедрения и изменения административно-территориального устройства Казахстана был очень сложным и длительным, так как сам процесс присоединения Казахстана к России был длительным и неоднозначным. В целом политика Российской империи данного периода было направлена на укрепление и расширение позиций царского самодержавия, способствовала юридическому обоснованию российской системы управления на территории Казахстана

Ключевые слова. Российская империя, Казахстан, Царское правительство, Административно-территориальная система, Казахские жузы, Законодательство, Имперская политика, Генерал-губернаторства.

Otepova G.
Pavlodar State Pedagogical University, Kazakhstan

CHANGE OF ADMINISTRATIVE INSTITUTIONS IN THE TERRITORY OF KAZAKHSTAN IN THE CONTEXT OF THE LEGISLATION OF THE RUSSIAN EMPIRE

Abstract. In-depth scientific investigation of various aspects of the history of Kazakhstan as a part of the Russian Empire and the main stages of its accession, a conduct of imperial policy in the area is a topical issue of the national historical science. The process of changing administrative institutions in Kazakhstan is considered in the context of overall government policy based on the use of official legislation of the Russian Empire.

Materials of archives of Kazakhstan and the Russian Federation, also documents and legislative acts, included in the Complete Collection of Laws of the Russian Empire, Code of Laws of the Russian Empire and other editions were used as sources in the research.

We have done an analysis of the government policy conducted by the empire in the territory of Kazakhstan and its consequences for the political, social and economic life of the Kazakh society

The desire of quickly gaining a foothold on the new lands and the desire to introduce imperial governance in the conquered territories, also ignorance and unwillingness to accept local conditions, the vastness of the Kazakh lands, a desperate resistance of the Kazakh people to the ongoing reforms – all these prevented from the rapid introduction of new governance system in the region and caused many difficulties and negative consequences. This led to the adoption of laws, which supplemented, canceled and sometimes contradicted previous laws. The introduction and change of the administrative and territorial structure of Kazakhstan was very complicated and time-consuming, as the process of Kazakhstan's accession to Russia was long time and intricate. The policy of the Russian Empire of that period was aimed at strengthening the position of the tsarist autocracy and helped to legal grounding of the Russian government system in the territory of Kazakhstan.

Key words. Russian empire, Kazakhstan, tsarist government, administrative-territorial system, Kazakh juzes, legislation, imperial policy, Governor-General.

Введение

Всестороннее и углубленное научное исследование различных аспектов истории Казахстана в составе Российской империи, основных этапов его присоединения и осуществления в крае имперской политики, является достаточно актуальной проблемой отечественной исторической науки на современном этапе. Сегодня у историков появилась возможность показать на основе новых источников объективность

всех процессов, происходящих на территории Казахстана в составе Российской империи, дать общую характеристику национальной политике царского правительства на окраинах, особенности и трудности работы местной администрации, политику местной знати, показать весь исторический процесс изменения политико-правового статуса Казахстана в движении, в развитии со всеми положительными и отрицательными моментами. Необходимость выработки общего концептуального подхода к изучению этого сложного и неоднозначного периода в жизни Казахстана, как казахстанских, так и российских ученых, также обуславливают актуальность темы.

Материалы и методы

В качестве источников в работе были использованы материалы архивов Республики Казахстан (ЦГА РК), Российской Федерации (РГВИА, РГИА, ИАОО), а также опубликованные в различные периоды документы и законодательные акты, помещенные в Полное собрание законов Российской империи, Свод законов Российской империи и другие издания.

Методологической основой работы стали современные концептуальные подходы и общенаучные методы исследования. Это – историзм, объективность и другие научные принципы исторического познания, а также теоретические выводы и положения ведущих российских и казахстанских ученых, сформулировавших основополагающие принципы исследования в области истории.

Обсуждения

Вопросам развития казахско-русских отношений, присоединения Казахстана к России, проведения царской политики в крае посвящены многочисленные научные и публицистические монографии, статьи, очерки и т.д. Анализ основных положений административно-политических реформ, проводимых на территории Казахстана царским самодержавием, содержится в трудах исследователей, путешественников, современников и чиновников, которые непосредственно были участниками тех далеких событий. Среди них работы таких авторов, как А.И. Левшин, Ф.И. Лобысевич, Л. Мейер, М. Красовский, Л. Костенко, И.Г. Андреев и др. Данные работы имеют огромное значение для раскрытия политики самодержавия на территории Казахстана, так как они написаны непосредственными участниками событий и содержат огромный фактологический материал. Но не следует забывать, что в основном эти авторы были представителями царской администрации и выполняли служебные задания. Поэтому характеристику общественно-политического положения Казахстана дореволюционных авторов следует воспринимать более или менее критически.

Проблемы осуществления имперской политики на национальных окраинах, ее особенности давно интересовали российских ученых, по данной тематике написано не мало научных исследований, монографий и трудов как историками, так и правоведами. В данном направлении широко известны работы ученых, разрабатывающих имперское направление в своих исследованиях. Среди них работы Н.П. Ерошкина, Л.М. Дамешека и И.Л. Дамешека, Е. Безвиконной и др. Профессором А.В. Ремневым проведена значительная работа по вопросам осуществления имперской политики в восточном направлении. Научная работа профессора В.А. Волчек «Осуществление имперской политики на восточных окраинах России в деятельности Второго Сибирского комитета» вносит свой определенный вклад в историографию данной проблемы. В своем исследовании автор непосредственно рассматривает вопросы осуществления административных реформ на территории Казахстана на материалах Второго Сибирского комитета (Волчек, 2007).

Казахстанские ученые также уделяли и уделяют большое внимание вопросам политико-правового положения Казахстана в составе Российской империи, внедрения новой административно-территориальной системы управления. Вопросы, регламентировавшие жизнь казахского общества в составе Российской империи, проблемы внедрения административных реформ, их причин и последствий, а также отзывы общественности на проведение реформ нашли отражение в работах М.П. Вяткина, Е. Бекмаханова, Б.С. Сулейменова, В.Я. Басина, С.З. Зиманова, Г.С. Сапаргалиева и других.

Сегодня появилась новая возможность на основе опубликованных архивных материалах, официальных законодательных источниках, а также исследованиях современных российских и казахстанских ученых, провести комплексное исследование осуществления общеимперской политики на окраинах России в целом, и на территории Казахстана в частности.

Результаты

В XVIII - XIX веке во всем мире шел процесс борьбы за новые колонии, новые рынки сбыта и сырья. Россия, как великая держава, не могла стоять в стороне от этого процесса, она также стремилась расширить всеми средствами свои территории, повысить международный авторитет за счет присоединения новых колоний, стать крупной метрополией, диктующей свои политические, экономические и военные интересы всему миру. Территория Казахстана во внешнеполитическом курсе России на Востоке занимала важное стратегическое значение. Поэтому последующее присоединение Казахстана к России во второй четверти

XVIII века стало закономерным явлением: «Россия рано или поздно должна была подчинить себе этот кочующий народ, чтобы через то проложить путь торговому и политическому влиянию на Среднюю Азию» (Асфендияров, Кунте, 1997:20).

Изменение административно-территориального устройства в Казахстане осуществлялось на основе общей правительственной политики, проводимой в отношении национальных окраин Российской империи. С первых дней присоединения Казахстана к России царское правительство поставило задачу о приведении казахских земель под одно российское управление. Именным указом «Об учреждении Оренбургской губернии и о подчинении под ее ведомство Уфимской провинции» от 15 марта 1744 г. была образована Оренбургская губерния, в состав которой вошли и недавно принятые в подданство казахи Младшего жуза (ПСЗ РИ-1, 1830: 51). В 1781 г., согласно именному указу, было образовано Уфимское наместничество, в состав которого вошла Оренбургская область с четырьмя уездами: Оренбургский, Верхоуральский, Бузулуцкий и Сергеевский, а города Уральск и Гурьев были присоединены к Астраханской губернии (ПСЗ РИ-1, 1830: 365-366).

Первые попытки реформирования управления краем были осуществлены в конце XVIII века губернатором Оренбургской губернии О. Игельстромом. Суть данной реформы сводилась к уничтожению института ханской власти и постепенному внедрению на территории Младшего жуза российского управления. Данный план царизма был только очередной тактической задачей в общем стратегическом курсе завоевания и подчинения Казахстана. 2 мая 1784 г. вышел указ Екатерины II «Об обеспечении порядка в Малой орде, учреждении пограничного суда в Оренбурге» (Материалы по истории, 1960: 61-63), в котором были определены новые органы управления Младшим жузом. Согласно данному документу, в Оренбурге предусматривалась организация пограничного суда, действующего на основе российских законов. Через год, согласно именному указу «Об учреждении в Киргиз-Кайсацкой орде трех расправ» (ПСЗ РИ-1, 1830: 950-951), были созданы на территории Младшего жуза расправы. Однако в связи с ростом народно-освободительного движения на территории жуза под предводительством С. Датова, провести в жизнь эти реформы не удалось.

Постепенно в Казахстане продолжалось строительство военных линий укреплений, которые должны были стать военной опорой для дальнейшего продвижения и завоевания казахской степи. В 40-50 гг. XVIII века были построены следующие крепости: Воздвиженная, Рассыльная, Ильинская, Таналыкская, Уразымская, Кизильская, Магнитная, Каракульская, Прутоярская, Нижнеозерная, Перегибенская, Усть-Уйская, Елшанская, Красногорская, Губерлинская, Новосергиевская, Горькая, Иртышская, Колывановская, Ишимская, Орская и другие. В результате такой политики сформировалась сплошная линия крепостей и форпостов от устья Яика до Усть-Каменогорской крепости протяженностью в 3,5 тыс. верст, заселенная в основном казаками (Кан, 2002: 100). Как пишет А.В. Ремнев: «Казачьи станицы стали опорными пунктами имперского присутствия на окраинах Азиатской России. Именно казаки стали основными проводниками имперской политики, носителями иных цивилизационных ценностей в азиатских регионах, испытывая сами хозяйственное и культурное воздействие местного коренного населения. С казачеством в значительной степени связывали надежды на земледелие и промысловое освоение пограничных зон» (Ремнев, 2001).

В начале XIX века правительство продолжает меры по организации непосредственного управления приграничными казахами. Однако для полного и окончательного внедрения российской системы управления у России еще не было достаточных сил и поэтому эта политика проводилась очень осторожно, в этом плане были сделаны даже некоторые уступки казахской знати. В частности, в документе «О нечинении Средней киргизской орды султанам и всему их обществу обид и притеснений» от 14 марта 1800 года написано: «Повелеваем вам (оренбургский военный губернатор Бахметьев) в прекращении всех жалоб онаго, строгое впредь иметь смотрение, чтобы во вверенной вам губернии обид и притеснений подвластным сего общества от россиян и башкир не было, приказав всем и каждому обращаться с ними дружелюбно, отнюдь не отягощая никого напрасным взысканием за чужие продерзости, чинимые иногда киргиз-кайсаками Меньшей орды, наказу за оные по справедливости самих виновников» (Законодательные акты, 2015: ч.1, 7). Массовый переход казахов через Урал, стремление России усилить свое влияние в Западном Казахстане, лояльность, проявленная Букей султаном в отношении царских властей, способствовали тому, что 11 марта 1801 года был подписан именной указ «О дозволении киргизскому народу кочевать между Уралом и Волгой и заводить по удобности в лесных местах селения». Согласно данному документу была образована Внутренняя (Букеевская) орда между Волгой и Уралом: «Председательствующего в ханском совете киргиз-кайсацкой Малой орды Букея султана сына Нурали Ханова принимая к себе охотно, позволяю кочевать там, где пожелают, и в знак моего благоволения назначаю я ему медаль золотую с моим портретом, которую носить на шее на черной ленте» (Законодательные акты, 2015: ч.1, 9). Жители Внутренней орды первоначально были подчинены астраханскому генерал-губернатору. Лишь в 1808 г. вышел указ «О переходе степных киргиз на внутреннюю сторону Урала и о подчинении киргиз-кайсаков Меньшой орды Букея султана с

народом его Оренбургской пограничной комиссии» (Законодательные акты, 2015: ч.1, 34-37), по которому управление этой территорией было передано Оренбургской пограничной комиссии.

Одна из крупных реформ в Казахстане, которая положила начало ликвидации политической независимости и успешному внедрению российской системы управления в крае, была проведена в 20-х годах XIX века. Основным разработчиком этой реформы был М. Сперанский, который в 1819 г. был назначен генерал-губернатором Сибири. Специально для рассмотрения проекта реформ М. Сперанского был создан особый комитет под названием «Сибирского». Почти без изменений все законопроекты М. Сперанского были утверждены в 1822 г. Незадолго до этого, согласно царскому указу «О разделении Сибирской губернии на два главных управления Западную и Восточную», Сибирь была поделена на две части: Западную - с центром в Тобольске и Восточную - с центром в Иркутске (ИАОО. Ф.3. Оп.1. Д.1.Л.43). В результате территория Среднего жуза казахов, состоявшая в подданстве России, вошла в состав Западносибирского генерал-губернаторства.

Таким образом, подготовив все необходимые условия, правительство планомерно начало проводить на территории Младшего и Среднего жузов административно-территориальные реформы, направленные на внедрение российской системы управления. Устав «О сибирских киргизах» 1822 года положил начало ликвидации ханской власти и политической независимости Казахстана, вводил новое административно-территориальное управление на территории Среднего жуза. Согласно уставу территория сибирских казахов была отнесена к Омской области, управление которой находилось в руках генерал-губернатора. Традиционная система деления казахов по родам была заменена на новую: область Сибирских киргизов делилась на округа – внутренние, которые располагались на территории России, и внешние, располагавшиеся вне территории империи, за пограничной линией. Округа в свою очередь делились на волости, волости на аулы. Во главе округов стояли окружные приказы, управление которым формально возглавлял старший султан. Управление округом было определено следующим образом: «Аулы управляются старшинами. Волости управляются султанами. Для судных разбирательств в аулах и волостях нынешние почетные киргизы, называемые биями, удерживают свое значение и название. Для управления целым округом избирают волости старшего султана. В каждом округе учреждается окружной приказ. В приказе, под председательством старшего султана, присутствуют два российских заседателя, определяемые областным начальником, и два заседателя из почетных киргизов по выбору. Окружной приказ имеет полицейскую и судебную власть» (Законодательные акты, 2015: ч.1, 53). По уставу вводилась выборная система, однако избранные кандидаты должны были быть утверждены в должности Омским областным правлением. Таким образом, результаты выборов были полностью под контролем российских властей. Устав планировалось водить постепенно. Для предотвращения недовольства со стороны казахского населения вводимыми изменениями, царское правительство освобождало казахов, которые принимали устав и его положения, от уплаты налогов на 5 лет.

Соответствующий проект устава об отмене ханской власти и введении новой системы управления на территории Младшего жуза был разработан и подготовлен оренбургским генерал-губернатором П.К. Эссеном. В 1824 г. 31 января после многочисленных доработок и поправок было утверждено мнение Комитета Азиатских дел «О преобразовании управления Оренбургским краем» (Законодательные акты, 2015: ч.1, 67-70), который касался вопросов управления в Младшем жузе. В истории он больше известен как устав «Об оренбургских киргизах». Соответственно новому управлению территория Младшего жуза была поделена на четыре части: западную, среднюю, восточную и внутреннюю во главе с султанами правителями, а общее управление жузом осуществлялось пограничной комиссией. В состав пограничной комиссии входили: председатель, 4 советника и 4 заседателя от казахов. В обязанности пограничной комиссии входило: сохранение порядка в степи, наблюдение за действия местных чиновников, сбор налогов, судебные дела и т.д. (Законодательные акты, 2015: ч.1, 67-70). Султанам-правителям полагался казачий отряд под командованием офицера, который должен был охранять султана, а также наблюдать за его действиями. Этот законодательный документ характеризуется незавершенностью, многие положения носили общий характер. В целом, реформы 1822-24 гг. в законодательном порядке способствовали внедрению и изменению административной, территориальной, судебной и других систем управления казахскими жузами.

Новая система управления в корне меняла, существующий веками уклад жизни в казахском крае. Для смягчения ситуации на территории края, в уставе было отмечено, что традиционный принцип деления населения должен быть учтен при создании округов. Однако, по мере продвижения царских вооруженных сил в глубь степи, открытия новых округов, подавления сопротивления со стороны казахского народа, эти положения все более игнорировались и не учитывались. Царское правительство стремилось представить введение новой системы управления в крае как заботу об обеспечении безопасности и благополучия казахского народа. С этой целью и для ознакомления казахского населения с содержанием устава в аулы были направлены небольшие отряды, в составе которых были переводчик, мулла, казаки и офицеры. «В

декабре 1823 - январе 1824 г. в крепости, форпосты, расположенные на Сибирской линии, а также в кочевья наиболее влиятельных султанов и биев, были направлены 14 казачьих отрядов для оглашения высочайшего рескрипта и выписок из статей устава 1822 г. В состав отряда входили чиновники особых поручений, мулла и переводчик, а также офицеры и казаки…» (Безвиконная, 2001: 46).

Не только разъяснительная работа способствовала внедрению нового административного устройства, вместе с этим царское правительство позаботилось об усилении вооруженных сил на территории жуза. По этому поводу М. Красовский пишет: «Для охранения, вводившегося в степи с 1824 г. порядка с линии высылалась из казачьих полков стража. Воинские отряды исполняли должность временного конвоя окружных приказов, при которых они состояли. Отбыв известный срок в степи, казачьи отряды возвращались на линию. Чем больше разрастались наши пределы на юг, тем высылка войск с линии становилась и для казны, и для казаков слишком обременительной; кроме того, возможность повторения таких беспорядков, как, например, кенисаринское возмущение, указывала на необходимость содержания внутри степи постоянного военного резерва, который бы не возвращался на линию» (Красовский, 1868: 155).

Охват новой административной системой по возможности всех кочевых коллективов Среднего и отчасти Большого жузов составлял главную задачу пограничных властей. Появлению соответствующих указов об открытии внешних округов на территории Среднего жуза сопутствовала большая подготовительная и организационная работа, материалы которой сохранились в Фонде № 1264 Российского государственного исторического архива в Санкт-Петербурге.

Көрші мемлекет өзімен көрші жатқан түркі тайпаларының атауларын, географиялық атауларын кей жағдайларда өз ыңғайларына, өз түсініктеріне қарай атаулармен атай бергенін Бичурин еңбегінде елемей, атауларды көне қытай тілінде айтылған транскрипциямен жаза берген және оның сол кездегі түркі баламасын қарастырмағанын Асфендияров өз жинағында келтірген үзіндіге берген түсініктемесінде: «... Его книги страдают неправильностями перевода и некритическим отношением к источникам», - деп айтып кетеді [7]. Яғни, қытай деректерінің еліміздің тарихын зерттеуде маңызы қаншалықты зор болса, оларды деректанулық сұрыптаудан өткізудің маңызы да соншалықты.

Қазақстан тарихын алғаш рет жалпылап жазған кітаптың авторы С. Асфендиаров еңбектеріндегі тарихи көзқарастары ғылыми ойды байыта бермек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Санджар Джафарович Асфендиаров // Серия: Биобиблиография ученых Казахстана. Под ред.: Әбділдин Ж.М. А.: «Наука», 1989. С.50
2. Жүнісбаев А. Санжар Асфендиаров: Өмірі мен қызметі (1889-1938.) I том (1889-1918 жж.) А.: «Елтаным баспасы», 2014
3. Қоңыратбаев О., Жүрсінбаев Б., Жүнісбаев А.Ә. Мені таңғалдырған тұлғалар. А.: «Нұр-Принт», 2011. 120-135 бб.
4. Құсайынұлы Қ. Қазақ тарих ғылымындағы өміршең бейне // Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Абай атындағы ҚазҰПУ-дың тұңғыш ректоры С.С. Асфендиаровтың 120 жыл толуына арналған ғылыми конференцияның материалдары. 17 қараша, 2009 ж. А., 2009 57 б.
5. Мұқаметханұлы Н. Қазақ тарихына қатысты қытай деректері // Халық тарих толқынында: мақалалар жинағы. Т.2. Астана: Фолиант, 2013 – 33 б.
6. Еженханұлы Б. Түркі тарихына қатысты көне қытай дереккөздері. Астана: «Prosper Print», 2013 – 17 б.
7. С. Асфендияров. Прошлое Казахстана в источниках и материалах. А., 97. С. 22.

930.2:94(574)

Н.А. Тасилова
Әл-Фараби ат. ҚазҰУ, Қазақстан, қ. Алматы

ҚАСЫМ ХАННЫҢ БИЛІГІ ТҰСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІНІҢ КҮШЕЮІ

Аңдатпа. Бұл мақалада ортағасырларда тарих сахнасына көтерілген Қазақ хандығының билеушісі әйгілі Қасым ханның тұсындағы мемлекеттің ішкі саяси жағдайы мен көрші жатқан Моғолстан, Мәуреннахрдағы Шайбанилер әулеті, орыс елі арасындағы саяси-дипломатиялық, әскери, сауда-экономикалық байланыстарының тарихы жазба деректер мен тарихнамалық еңбектердің негізінде зерделенген. Әсіресе, көшпелілер мен отырықшылар арасындағы саяси қатынастары, олардың өзара тиімді байланыстары қарастырылған. Екі жақтың саяси қатынастары үшін Сыр бойындағы қалалардың маңызы көрсетіліп, XVI ғасырдың басындағы ел билеушілері тарапынан тыйым салудың көрші елдердің байланысына бөгет бола алмайтындығы анықталды.

Түйін сөздер. мемлекеттілік, хандық, түп төркіні, саяси, халықаралық, байланыстар, дипломатия.

Н.А. Тасилова
КазНУ пмени Аль-Фараби, Алматы г., Казахстан

УСИЛЕНИЕ КАЗАХСКОГО ХАНСТВО ПРИ КАСЫМ ХАНЕ

Аннотация. Осмысление хода истории неизбежно вызывает вопросы о роли в ней той или иной личности.Роль выдающихся людей в процессе образования государств, создания империи, цивилизаций и т.д. К сожалению, специальных исследований по этой теме очень мало. Актуальной темой в исторической науке становится изучение роли казахских ханов и султанов в средневековой истории Казахстана. Существовавшая прежде догма, что «история общества была историей борьбы классов» не принимала во внимание, что роль личности особенно велика в годы переломных событий. Когда шел процесс упрочение молодого казахского государства, именно в это время на политической арене в казахской степи появляется выдающаяся личность - хан Касым (1511-1521 гг.) - сын Джаныбека, который, по определению Мухамед-Хайдара, известного ученого на Востоке в XVI в., пишет об этом В.В. Вельяминов-Зернов, был "так могуществен, как никто не бывал после Джучи-хана: число его войска превышало сто тысяч". В этот период главная ставка Касыма находилась в районе реки Каратал в Северном Семиречье. Однако основные кочевья подвластных ему казахов простирались до бассейна рек Джиланчик, Улькун-Кенгир, Сары-Су и среднего течения Сыр-дарьи). В начале XVI в. ему удалось объединить под своей властью всех казахов. Слухи о силе этого ближайшего к русскому государству ханства, распространявшего свое влияние на западе вплоть до ногайских улусов, обратили на себя внимание Москвы. Россия, которая освободилась к этому времени от золотоордынского ига, но считая себя наследницей Золотой Орды, проводя в новых условиях свою восточную политику, делала все, чтобы использовать возможность для обеспечения своей внешней политики. В этих условиях заключение какого-либо соглашения с казахскими владетелями представлялось для русского государства наиболее удачным шагом на пути осуществления своих планов на Востоке.

Ключевые слова. государственность, ханства, истоки, политические, международные, связи, дипломатия.

N.A. Tasilova
Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

STRENGTHENING OF THE KAZAKH KHANATE UNDER KASIM KHAN

Abstract. Understanding the course of history inevitably raises questions about the role of one or another person in it. The role of prominent people in the process of forming states, establishing empires, civilizations, etc. Unfortunately, there are very few special studies on this topic. The study of the role of the Kazakh khans and sultans in the medieval history of Kazakhstan is becoming a hot topic in historical science. The former dogma that “the history of society was a history of class struggle” did not take into account that the role of the individual was especially great in the years of crucial events. When the process of consolidation of the young Kazakh state was going on, it was at that time that an outstanding personality appeared in the political arena in the Kazakh steppe - Khan

Kassym (1511-1521) - the son of Janybek, who, by the definition of Muhamed-Khaydar, a famous scholar in the East in the 16th century, as V.V. Velyaminov-Zernov writes, was "as powerful as no one had been after Juchi Khan: the number of his troops exceeded one hundred thousand". During this period, the main headquarter of Kassym was located in the area of the Karatal River in the North Semirechye. However, the main lands of the Kazakhs subject to him stretched to the basin of the Dzhilanchik, Ulkun-Kengir, Sary-Su rivers and the middle course of the Syr-Darya). At the beginning of the XVI century he managed to unite all the Kazakhs under his rule. Rumors about the strength of this khanate closest to the Russian state, which spread its influence in the west down to the Nogai uluses, drew the attention of Moscow. Russia, which had by this time freed itself from the Golden Horde yoke, but considering itself the heir of the Golden Horde, pursuing its Eastern policy in the new conditions, did everything to use the opportunity to secure its foreign policy. Under these conditions, the conclusion of any agreement with the Kazakh rulers seemed to the Russian state the most successful step towards the implementation of their plans in the East.

Keywords. statehood, khanate, origins, political, international, relations, diplomacy.

Кіріспе

XVI ғасырдағы Қазақ хандығының тарихында ерекше орын алатын бірнеше хандар болды. Олардың тарихи ролі әрбір хан тұсындағы хандықтың саяси-экономикалық және әскери жағдайымен бағаланады. Қасым ханның XVI ғасыр басындағы тарихи ролі неден көрінді десек, ең алдымен, Қазақ хандығының территориясы жағынан кеңеюімен, мемлекеттілік жағынан нығаюымен, халқы санының өсуімен, қазақ деген халықтың және мемлекеттің атын алыс-жақын елдерге паш етумен көрінді дейміз.

Ең бастысы, қазақ халқының ауыз әдебиетінде кездесетін Қасым хан туралы “Қасым ханның қасқа жолы” деген сөз тіркесі осыдан жарты мың жыл бұрын өмір сүрген тарихи тұлғаның халық санасында терең де тұрақты орын алғандығын көрсетеді.

Ортағасырлық жазба деректерде Қасым ханның жеке өмірбаянын толық баяндайтын мәліметтер жоқ, тек оның сұлтандық және хандық кездеріндегі өмірінен қысқа - қысқа мәліметтер әртүрлі ортағасырлық деректерде кездеседі. Олардың қатарына Әбілғазының «Түрік шежіресі», Қадырғали Жалайырдың «Жылнамалар жинағы», Бабырдың «Бабырнамасы», Бинай мен Шадидың, ибн Рузбихан Исфаханидің «Михман наме Бұхара», Махмуд ибн Уәлидің «Бахр аль-асрар», Хайдер Разидің, Гаффаридің, Абдоллах Балхидың, Мұхаммед Хайдар мырза Дулатидың «Тарихи Рашиди» еңбектері мен анонимді “Тауарихи гузидаи нусрат нама” шығармасы жатады [1].

Қасым хан XVI ғасырдағы Ақ Орданың ханы Орыс ханының тікелей ұрпағы “Орыс ханның жеті ұлының бірі - Қойыршақ, Қойыршақтан Барақ хан, Барақтан үш ұл: Мір Сайд, Мір Қасым және Әбу Сайд дүниеге келеді”. Әбу Сайдты Жәнібек хан деп атайды, деп жазылады дерек мәліметінде, Жәнібек ханнан – Иренші, Махмұд, Қасым, Әдік, Жаныш, Қамбар, Таныш, Өснак (Осак), Жадық атты тоғыз ұл болады.

Қасым ханның аталарының бәрі бір кездері Дешті Қыпшақта хандық құрған. Орыс хан 1361-1376/77 жылдары Ақ Орданы биледі, оның ұлы Құйыршық XIV ғасыр соңында аз уақыт Жошы ұлысында хан болады.

Қасым ханның атасы Барақ хан 1420-1421 жылы Мауреннахр билеушісі Ұлықбектен көмек алып, Алтын орда тағы үшін күреседі. 1424-25 жылы ол Ұлық Мұхаммедті жеңіп, Алтын Орда тағына келеді, 1428 жылы қайтыс болған,” – десе. Оны Алтын Орда тағына үміткерлер ішіндегі “күшті бура” деп те санаған.

Қасым ханның әкесі Жәнібек хан - оны деректерде “Кіші Жәнібек хан” деп атаған. Жәнібек ханның XV ғасыр ортасында Қазақ хандығының Керей ханнан кейін билегенін дерек мәліметтері дәлелдейді.

Тарихшы Б. Кәрібаев «Ордаежендік» пікірді негізге ала отырып, Рашид-ад Диннің «Жамиғ ат-тауарихы» мен атышулы «Ескендірдің анонимі» атты деректеріне сүйене отырып, Қасым ханның шежіресін былайша өрбітеді: Шыңғыс хан – Жошы – Орда Ежен – Сартақтай – Қоныша – Сасы Бұқа – Шымтай – Орыс хан – Құйыршық хан – Барақ хан - Жәнібек хан. Осы пікірді бізде дұрыс деп санаймыз.

Жәнібек ханның 9 ұлының екеуі: Қасым хан мен Қамбар бір анадан, Жаған-бикеден туады. Қасым ханның туған жылы анық белгілі емес. Бірақ та оның туған жылын шамалап көрсетуге Мұхаммед Хайдар Дулатидың еңбегіндегі мәлімет мүмкіндік береді. Ол 1513 жылы Сұлтан Сайд ханның Шу бойындағы Қасым хан ордасына келгенін айта келе,

“бұл кезде Қасым ханның жасы алпыстан асып, жетпіске жақындап қалған болатын”- деп жазады. Осыған сүйене отырып, 1513 жылы Қасым ханның жасы 67-68 де болған деп есептесек, онда ол 1445-1446 жылдары дүниеге келген болады. Зерттеуші Т.И.Сұлтанов Қасым ханды 1445 ж. шамасында туған деп санайды [2].

Қасым ханның өміріне байланысты мәліметтер 1470-ші жылдарға дейін ешбір дерек мәліметінде кездеспейді. XV ғасырдың 70 жылдардың бірінші жартысында Шайбани ханның маңғыт мырзаларымен одақтасып, Қазақ хандығына қарсы күресінде тұңғыш рет Қасым сұлтан есімі аталады. “Шайбани нама” авторы осы жылдардағы Қасым хан туралы: “Бұрындық хан әскері ішіндегі атақты баһадүр және белгілі сұлтанның бірі”, - деп мәлімдейді.

Қасым хан өмірінің сұлтандық дәуірі, 1511 жылға дейін Қазақ хандығының күшеюі мен Сыр бойы үшін жүргізілген күрестер жылдарында өтеді. Бұл кездердегі оқиғаларға Қасым хан тікелей қатынасып, маңызды рөл атқарады. Күрестің алғашқы кезеңдерінде ол қазақ әскерлерінің қолбасшысы болып, үнемі Бұрындық ханның қасында болады . “Бұрындық ханға бағынып, оны тыңдайды”, XVI ғасыр басында, Мұхаммед Шайбани ханның Қазақ хандығына жасаған жорықтары кезінде көрінеді. Әсіресе, 1510 жылғы соңғы жорық кезінде, XVI ғасыр басында Әдік сұлтан қайтыс болғаннан кейін, ол сұлтан Нигар ханымға үйленеді және “ең күшті, ықпалды тұлғаға айналады”. Орта Азияда Мауреннахрдың билеушісі Шайбани ханның Қазақ хандығына бағытталған соңғы жорығы қарсаңында Қасым хан ресми түрде хан болмаса да “оның күшінің өскендігі соншал ықты, Бұрындық хан туралы ешкім ойламайды” және “хандықты басқару мен хандықтағы бүкіл билікті өз қолына алады”, - деп сипатталады тарихи деректерде [3].

Шайбани хан әскерін 1510 жылы Қасым ханның тас-талқан етіп жеңуі, оның беделін бүкіл Дешті Қыпшақта өсіреді, қазақ қоғамы оның саяси билігін мойындайды. 1511 жылы Бұрындық хан Мауреннахрға кеткеннен кейін, Қасым хан хандық билікке өзі отырады.

1511 жылдан Қасым хан өмірінің хандық дәуірі басталады.Оны халқы ежелгі түркі дәстүрі бойынша ақ киізге отырғызып, хан көтереді. Қасым хан алғашында-ақ көрші елдермен қарым-қатынасты күш қолданумен емес, ақыл-парасатпен, өзара келісіммен шешу жолын ұстанады. Жарты ғасырдай ел қорғау жолында қолынан найзасы мен қылышы түспеген қазақ жасағы, әрине, бейбіт өмірді аңсаған еді.

Біз бұдан әрі Қасым хан өмірінің биліктегі дәуірін Қазақ хандығының тарихымен қатарлас қа растырамыз.

Өйткені, оның хандық биліктегі дәуірі Қазақ хандығының Шайбанилық Мауреннахрмен Сыр бойындағы қалаларды иелену үшін жасалған саяси қарым-қатынастары мәселесімен тығыз байланысты болмақ.

Қасым хан билікке келісімен Қазақ хандығының оңтүстігіндегі негізгі қарсыласы Мауреннахр дың саяси өмірінде күрт өзгерістер болды. Ол 1510 жылдың күз айында Шайбани ханның қаза табуы. Бабардың Ирандағы сефевилік әулеттің негізін қалаушы Исмаил шахтың көмегімен Самарқанды алы п, Мауреннахрда 6-7 ай билік құруы және 1512 жылдың көктемінде шайбанилық сұлтандардың біріккен күші Мауренна хрдан Бабарды қууы мен “көшпелі өзбектер” билігінің қайта орнатылуы еді [4]. Сондай-ақ, Қазақ хандығының оңтүстік шығысында шағатайлық сұлтан Сайд хан осы жылдары Мауреннахрдағы саяси жағдайды пайдаланып, моғолстанда шағатайлық әулеттің билігін қайта орнатуға ұмтылады. Осындай қалыптасқан күрделі саяси жағдайда Қа зақ хандығына ұтымды сыртқы саясат жүргізуге тура келеді. Қасым ханның шебер дипломатиялық қасиеті осы тұста айқын байқалады. Бәрі түсінікті болу үшін Мауреннахрдағы жағдайдан бастайық.

1510 жылдың күзінде Шайбани хан өлімінен кейін шайбанилық сұлтандар арасында билікке талас болды. Мұндай жағдайды тез түсінген Темірдің ұрпағы Бабыр Кабулдан шығып, Мауреннахрға аттанады. Ислам шахтың көмегімен ол 1511 жылдың күзінде Мауреннахрда 6-7 айға созылған билігін орнатады. Мауреннахр қалалары мен оған тәуелді аймақтарға Бабыр өз адамдарын әкім етіп тағайындайды. Бабырдың Мауреннахрда билік құрған кезінде Қазақ хандығымен қандай қатынаста болғандығын ешбір дерек мәлімет бермейді.

Қасым хан тұсында қазақтар өзбектермен қарсыласып соғысқанымен, олармен қосылып қызыл басты Сефевид әулетінің Исмаил I шахқа қарсы соғысқанын зерттеуші Н. Атығаев өзінің мақаласында көтерген. Онда сефевидтер әулетінің дерегіне жататын,

парсы тіліндегі анонимді “Алам ара-и Сефеви” (”Әлемді гүлдендіруші сефевилер”) атты шығармада XVI ғ. I жартысындағы, яғни хижра бойынша 919 жылы, біздің жыл санауымызша 1513-1514 жж. қазақтар өзбектермен бірігіп сефевиліктерге қарсы соғысқаны туралы мәлімет бар. Отырарды билеген өзбек сұлтаны Жәнібек қазақтың Қасым ханына көмек сұрауға жіберіледі. Онда осы күнге дейін аты ешбір деректе кездеспеген Қасым ханның Әбілхайыр хан атты ұлы бар е кен, Әбілхайырды Қасым Исмаил шахқа қарсы көп әскер жібергендігі туралы мәліметтер кездеседі. Зерттеуші Н. Атығаев деректің тарихилығын және оған сенім артуға болатындығын ескертеді [5].

Қасым ханға Ташкент түбіндегі оқиғадан кейін, арада 3-4 ай өткенде шайбанилық сұлтандарға бірігіп күресу үшін Сұлтан Сайд хан келеді. Бұл туралы “Тарихи Рашидиде” өте жақсы баяндалады . Автордың осы баяндауындағы мәліметтерден Қасым ханның Қазақ хандығындағы беделінің зор болғ андығын көреміз. “Қасым хан жасының ұлғаюына байланысты ханды қарсы алуға шыға алмады. Қалған сұлтандарға, ішінде бірнешеуі Жаныш хан, Таныш хан, Манаш хан, Жан-Хайдер сұлтан, Қарым сұлтан және басқалары 50-60 жаста болады. Жалпы саны Жошы ұрпағының 30-40 сұлтанына ханды қарсы алуға бұйырады”,- дейді Мұхаммед Хайдар Дулати өз еңбегінде.

Бұл мәліметте Қасым ханды сонша сұлтан тыңдап, жанында болуы оның билігінің Дешті Қыпшаққа кең тарағанын көрсетсе, екіншіден, Қасым хан тұсында Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайы тұрақты болғандығын көрсетеді. Қасым хан Сұлтан Сайдтың шайбанилықтарға қарсы одақ құру туралы ұсынысына бұл мезгілде жор ық жасаудың қиындығын айта келіп, дала тұрғындарын бұл кезде қыстау мәселелері ойландырады, сондықтан да мезгілсіз уақытта әскер жинаудың мүмкін емесін мәлімдеп, хан Сұлтан Сайдты Андижанға шығарып салад.

Қазақ хандығы өзінің Сыр бойындағы иеліктерін сақтай отырып, оңтүстікте Мауреннахрмен Ташкент аймағында шектеседі. Түркістан аймағы XVI ғ. I ширегінің соңына дейін Дешті Қыпшақпен бірге біртұтас саяси, экономикалық, этникалық, мәдени кеңістік құрайды. Жетісудің, Сыр бойының Қазақ хандығы құрамына қосылуы қазақ тайпаларының экономикалық территориясын біріктірудегі үлкен ж еңісі болды.

Қасым ханның Қазақ хандығының күшеюіндегі рөлін сол кездегі өмір сүрген тарихшылар мәліметтерінде де көп кездеседі. Қасым хан туралы Бабыр , Мұхаммед Хайдар Дулати, Махмуд ибн Уәли, Қадырғали Жалайри , Хайдар Рази, Гаффари шығармаларында оның әскерінің көптігі, күшті хан болғандығы туралы мәліметтердің кезде суі сол кездегі Қазақ хандығын Қасым ханның мықты қолбасшысы, мемлекетті өз қолында ұстай білген, көрші мемлекеттермен сыртқы саясатта дипломатиялық шеберлігі арқасында жағдайды өз елінің пайд асына шеше білген күшті тарихи тұлға екендігінде дау жоқ деп айта аламыз.

Қазақ хандығын Қасым ханның мықты қолбасшысы, мемлекетті өз қолында ұстай білген, көрші мемлекеттермен сыртқы саясатта дипломатиялық шеберлігі арқасында жағдайды өз елінің пайд асына шеше білген күшті тарихи тұлға екендігінде дау жоқ деп айта аламыз.

Осылайша, Қазақ хандығының Қасым хан тұсында Мауреннахрмен саяси қарым-қатынасының жемісті болуы, оның оңтүстік және оңтүстік-шығыс бағыттарында территориясын кеңейтіп қоймай, сонымен бірге батыста да саяси қарым-қатынастар жүргізуге мүмкіндіктер береді. Қазақ хандығының құрамында Еділге дейінгі жерлердің қосылуы қазақ тайпаларының этникалық тер риториясын біріктіруде өзінше бір кезең болса, Мәскеу үшін ол қауіпті бола бастайды. Күшейген Қазақ хандығы туралы мәліметтер батыс Европа елдеріне де жетеді.

Ең бастысы, қазақ халқының ауыз әдебиетінде кездесетін Қасым хан туралы “Қасым ханның қасқа жолы” деген сөз тіркесі осыдан жарты мың жыл бұрын өмір сүрген тарихи тұлғаның халық санасы нда терең де тұрақты орын алғандығын көрсетеді. Кейбір еңбектерде XVI ғ. басында, яғни Қасым ханның тұсында Мәскеумен байланыстар орнатылғандығы баяндалады. XVI ғ. басында, яғни Қасым ханның тұсында қазақ-орыс байланыстарының орнағанын көрсететін нақты жүгінетін дерек болмағанымен, көптеген зерттеушілер осыны растайды. Оның дәлелі ретінде патша мұрағатында сақталған 1575-1584 жж. тізімдемеде 38-ші жәшікте «Қасым-патша тұсындағы қазақ кітаптары мен тізімдері» сақталғаны туралы жазылған мәлімет бар[6]. Шын мәнінде Қазақ хандығы Қасым ханның (1480-1521 жж.) тұсында саяси жағынан нығайып, территориясы ұлғайып, Еурапа елдеріне қауіп төндірерліктей жағдайда болатын. Қасым ханның 1510-1521 жылдар аралығында билік жүргізгенін ескеретін болсақ, онда бұл аталған 38-ші жәшікте XV-XVI ғғ. қазақ халқына, екі ел арасындағы байланыстарға қатысты құжаттар сақталған

XVI ғасырдың I ширегінде қазақ хандығын күшейтіп, қазақ халқының атауын алыс-жақын елдерге таратқан Қасым хан есімі қазақ халқының есінде. Жарты мың жылдардан бері сақталып келе жатыр. “Қасым ханның қасқа жолы”, - деп аталатын заңдары бізге жетпесе де, болғандығын халық ауыз әдебиеті дәлелдейді. Осыған дейінгі кездермен салыстырғанда территориясы ұлғайып, халқының саны өсіп, хандықтың күші мен қуаты биікке көтерілген кезі осы Қасым ханның тұсында болды. Тарихта бұл ұлы тұлғаның ұстанған бағыты «Қасым салған қасқа жол» атанып қалды. Қасым хан жайлы айтқанда, «Қасым салған қасқа жол» жайлы айтпау мүмкін емес.

«Қасқа жол» деп аталатын заң – қазақ арасында бұрыннан қалыптасқан әдет-ғұрып ережелері негізінде Қасым хан тұсында жасалған. Оның жасалуына себебін Б.Кәрібаев былай түсіндіреді [7]:

1. Қасым ханның билігі тұсында Керей, Жәнібек және Бұрындық хандар кезіндегі қазақ қоғамы анағұрлым жоғары сатыға көтеріледі;
2. Қазақ халқының этникалық аумағы толығымен біріктіріледі;
3. Хандық билік этникалық аумаққа толық тарап, рөлі артады;
4. Халықтың саны Қасым хан тұсында бірнеше есе өседі;
5. Қазақ хандығының жаңа қалыптасқан жағдайына бұрынғы әдет-ғұрып заңы сай келмейтіндіктен, оны жаңа дәуір талаптарына сай бейімдеу қажеттілігі туады. Міне, осы аталған себептер «Қасқа жолды» дүниеге әкеледі. Бұл заңның жазбаша мәтіні болмаса да, қазақ халқының санасында заң атауының жарты мың жыл бойы сақталуы «Қасқа жолдың» қазаққа өте қонымды, қоғамдық қатынастарға үйлесімді болғанын көреміз.

XVI ғасырдың I ширегінде қазақ хандығын күшейтіп, қазақ халқының атауын алыс-жақын елдерге таратқан Қасым хан есімі қазақ халқының есінде. Жарты мың жылдардан бері сақталып келе жатыр. “Қасым ханның қасқа жолы”, - деп аталатын заңдары бізге жетпесе де, болғандығын халық ауыз әдебиеті дәлелдейді. Осыған дейінгі кездермен салыстырғанда территориясы ұлғайып, халқының саны өсіп, хандықтың күші мен қуаты биікке көтерілген кезі осы Қасым ханның тұсында болды. Тарихта бұл ұлы тұлғаның ұстанған бағыты «Қасым салған қасқа жол» атанып қалды. Қасым хан жайлы айтқанда, «Қасым салған қасқа жол» жайлы айтпау мүмкін емес. Бұл заңның жазбаша мәтіні болмаса да, қазақ халқының санасында заң атауының жарты мың жыл бойы сақталуы «Қасқа жолдың» қазаққа өте қонымды, қоғамдық қатынастарға үйлесімді болғанын көреміз.

Зерттеуші С. Жолдасбайұлы бұл «Қасқа жолдың» жаңа зерттеулердегі ережелерін төмендегідей көрсетеді:

1. Мүлік заңы (жер дауы, мал-мүлік дауы);
2. Қылмыс заңы (кісі өлтіру, талау, шапқыншылық жасау, ұрлық жасау);
3. Әскери заң (аламан міндеті, қосын жасақтау, қара қазан, ердің құны, тұлпар ат);
4. Елшілік жоралары (майталман шешендік, әдептілік, ибалылық, сыпайылық);
5. Жұртшылық заңы (шүлен тарту, ас, той, мереке, думан үстіндегі ережелер, ат жарысы, бәйге ережелері, жасауыл).

Енді бір мәселеге келестін болсақ, ол Қасым ханның қай жылы қайтыс болғаны жөнінде. Қадырғали Жалайри өз еңбектерінде Қасым ханның 76 жасында қайтыс болып, Сарайшықтағы Алтын Орда хандары жатқан қорымға жерленгені, бейітінің үстіне биік күмбез тұрғызылғаны жөнінде жазған. Мұхаммед Хайдар Дулати дерегінде Қасым хан 1518 жылы қайтыс болды десе, Тахир Мұхамед тарихшы 1523-24 жылдары қайтыс болды дегенді жазады. А. Исиннің мәліметіне сілтеме жасаған Б. Кәрібаев тарихи деректерді салыстыра келіп, Қасым ханның 1521 жылдың қысында қайтыс болғанын нақтылайды[8].

Жалпы алғанда, қазақ хандығы XVI ғасырдың I ширегінде шайбанилер әулетімен саяси қарым-қатынастарының барысында өмірілік маңызы ерекше Сыр бойын Қазақ хандығына қосады[9]. Бұл жағдай хандықтың күшеюі мен нығаюына тікелей әсер етеді.

XVI ғасырдың I ширегіне дейін қазақ хандығы Сыр үшін күрестің бірінші кезеңінде жеңіспен аяқталды. Бұл жеңіс қазақ тайпаларының этникалық территориясын біріктірудегі алғашқы сәтті қадам болды және аймақтық түпкілікті қазақ хандығы құрамына қосылуына жағдайлар жасады.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII вв. (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). Составители: С.К. Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А. Пищулина, В.П. Юдин. – Алма-Ата, 1969. (Ары қарай МИКХ).
2. Султанов Т.И. Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана. - Алматы: Дайк-Пресс, 2001.

3. Абусеитова М.Х. Казахстан и Центральная Азия в XV-XVII вв.: История. Политика. Дипломатия. – Алматы, 1998. -129 с.

4. By Dr. Mohommad Aslam. The uzbeks. //The Ruling dynasties of Central Asia Area Study Centre University of Peshawar. – 1988. – 227-236.

5. Атыгаев Н. Участие казахов в борьбе узбеков с Сефевидским государством в первой половине XVI в. // Отечественная истори. – 2002. N2. – 62 с.

6. Жаппасов Ж.Е. XVI-XVIII қазақ-орыс қарым-қатынастарының тарихы. - Алматы: Қазақ университеті баспасы, 2011. - 147 бет.

7. Кәрібаев Б.Б. Қазақ хандығының құрылу тарихы. - Алматы: Сардар, 2014. - 520 бет.

8. Исин А. Материалы посольского приказа Русского государство о казахском ханства XVI- нач. XVII вв.//Вопросы историографии и источниковедения Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1988. – 165 с.

9. Пищулина К.А. Присырдаринские города и их значение в истории казахских ханств в XV-XVII веках. // Казахстан в XV-XVIII веках. - Алматы, 1969.

ТОҚБОЛАТ С.Т.
Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті

КЕҢЕСТІК БИЛІКТІҢ ОРНАУЫ ТҰСЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Аңдатпа. Мақалада 1917 жылдың қазан революциясынан кейінгі Оңтүстік Қазақстандағы ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдардың қызметі мен олардың ұстанымдары талдауға алынады. Патшалық Ресейдің қол астындағы Түркістан өлкесінің түркі тілдес мұсылман халықтары қалыптасқан саяси жағдайға байланысты азаттық жолындағы күресін жүргізуде ұйымдарға бірігу жолын таңдағын еді. Түркістан өлкесіндегі жергілікті мұсылман халқының мүддесін тұтастай қорғауды көздеген ұйымдар көптеп құрылып, басқару жөнінде дербестікке жетуді көздеді. Бұл ұйымдардың жетекшілігінде танымал ұлт зиялылары тұрды. Дегенмен көптеген ұйымдардың арасында ортақ біріктіруші идеяның болмауы өлкеде тартысты жағдайлар туғызды. Құрылған қоғамдық-саяси ұйымдардың бағдарламалары, мүшелері және болшевиктер билігімен қатынасы әркилы болды.

Түйін сөздер. Түркістан өлкесі, Қазан революциясы, қоғамдық-саяси ұйымдар, болшевиктер.

ТОКБОЛАТ С.Т.
Таразский государственный педагогический университет, Тараз, Казахстан

ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ НАЦИОНАЛЬНЫХ ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКИХ ОРГАНИЗАЦИЙ ЮЖНОГО КАЗАХСТАНА В ПЕРИОД СТАНОВЛЕНИЯ СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ

Аннотация. В статье дается анализ сложившися социально-политической ситуаций в Туркестанском крае после октябрьской революции и деятельность национальных общественно-политических организаций в Южном Казахстане. Тюркоязычные мусульмане в связи сложивщияся ситуации начали интегрироваться в политические организации в борьбе за независимость. Созданные в Туркестанском регионе организации стремились защитить интересы местного мусульманского населения и добиться независимости в управлений. В руководстве этих организаций стояли известные представители национальной интелегенции региона. Однако отсутствие единой объединяющей идеи среди этих организаций привело к возникновению разногласий в принятии меры. Программы, члены и отношения с болшевисткой властью различались среди установленных политических организаций

Ключевые слова. Туркестанская область, Октябрьская революция, общественно-политические организации, большевики.

TOKBOLAT S.T.
Taraz State Pedagogical University, Taraz, Kazakhstan

THE ACTIVITIES OF NATIONAL SOCIAL AND POLITICAL ORGANIZATIONS OF SOUTH KAZAKHSTAN IN THE PERIOD OF SOVIET POWER ESTABLISHMENT

Abstract. The article gives an analysis of the socio-political situation in the Turkestan region after the October revolution and the activities of national socio-political organizations in Southern Kazakhstan. The Türkic-speaking Muslims in connection with the current situation began to integrate into political organizations in the struggle for independence. The organizations established in the Turkestan region sought to protect the interests of the local Muslim population and achieve independence in the administrations. The leaders of these organizations were well-known representatives of the national intelligentsia of the region. However, the lack of a single unifying idea among these organizations led to disagreements in taking action. Programs, members and relations with Bolshevik power differed among the established political organizations.

Keywords. Turkestan region, October revolution, socio-political organizations, Bolsheviks.

Кіріспе

1917 жылдың 25 қазанындағы Петоградтағы қарулы көтеріліс нәтижесінде Уақытша үкіметтің құлатылып, билікке большевиктер партиясының келуі түркістандық большевиктерге жаңа серпін беріп, олардың өлкеде өздері жетекшілік ететін кеңестердің билігін орнатуға талпынысын күшейтті. Ұлттық

қоғамдық-саяси ұйымдар большевиктер билігіне қарсы екендіктерін, Уақытша үкіметке әлі де қолдау көрсетуге даяр екендіктерін білдірді.

М. Шоқай жетекшілік еткен Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесі өлкедегі барлық қоғамдық-саяси ұйымдарға жеделхаттар жолдап, өлкедегі Уақытша үкіметтің билік орындарына қолдау көрсетуге, қажет болса күш қолдануға үндеді. 27 қазан күні өткен Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесінің мәжілісінде Уақытша үкіметтің Бас комиссары П.А. Коровиченкоға мұсылмандар барынша қолдау көрсетуі қажет деген шешім қабылданды. Сол күні өлкедегі түрлі ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдардан Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесіне «билікті тартып алу әрекетіне қарсылық көрсетуге көмек көрсетуге уәде еткен» жеделхаттар да келіп түсіп жатты. Түрік федералистер партиясының жетекшісі И. Шагиахметов та мерзімді басылымдар арқылы Түркістанда большевиктер бүлігі сөзсіз жеңіліске ұшырайтындығы, мұндай әрекетке жергілікті халық күшпен төтеп беретіндігі жөнінде мәлімдеме таратты [1, с.61-62].

Большевиктердің төңкеріс жасап, Петроградта Уақытша үкіметті құлатуына орай «Бірлік туы» газетінде «Большевиктер» деген тақырыппен мақала жарияланып, жергілікті халықты өлкедегі Уақытша үкіметтің билік орындарына қолдау көрсетуге үгіттеді. Онда: «Көктемде өзгеріс басталысымен Русия бұқаралары бостандықтың рақатын тыныштықпен көру ниетімен соғыстың бітуін тіледі. Жеңбей қоймаймыз деген айқайдан да гөрі кісі жері алынбай, бірі біріне шығын төлетпей әр патшалық өзі барымен қалып, бітім болсын деген айқай барша жұрттың аузынан бірдей шығып жүрді. ... Октябрьдің аяғында қанша қырғын соғыстан кейін большевиктер Уақытша үкімет әскерлерін жеңіп үкіметті қолына алып қойды. Мұндай қырғын жалғыз Петербор, Мәскеу демей басқа шаһарлардың көбісінде болды. Көп шаһарлар большевикті өкімет санамай өз алдына тіршілік қылып тұр Бүтін Русия большевиктерге мылтықтарынан сескенген бағынса да біздің Түркістанда мұндайға жол жоқ дейік. Жұрт болып бұған төтеп берейік» [2].

Жетісу облысындағы «Құрылтай» мұсылман комитеті, облыстық Қазақ-қырғыз комитеті және «Милли-шуро» ұйымдары да большевиктер саясатын қолдамайтындығын өз мәлімдемелерінде ашық байқатты [3, 34-36-п.].

«Шуро-и-Ислам» ұйымы да қарар шығарып, оны «Туркестанское слово» газетіне жариялаған еді: «Уақытша үкіметтің өлкедегі жоғары өкілі Бас комиссар мен оның көмекшісі жүргізіп отырған саясат Түркістан өлкесінің барлық тұрғындарының мүддесіне сай. Бұл күндер республиканың күйретіп, монархияны қалпына келтіреді ме деген алаңдаушылықты тудыруда. «Шуро-и-Ислам» ұйымы Бас комиссар республика заңдарының және Уақытша үкіметтің билігінің мызғымастығына, Түркістанда тәртіп пен тыныштықтың сақталуына кепіл бола алтындай тегеурінді шара қолданады деген сенімде. Мұны қамтамасыз етуде Бас комиссарға «Шуро-и-Ислам» ұйымы барынша қолдау көрсетеді» [4].

Петроградтағы оқиғадан соң іле-шала, Ташкенттегі кеңестердің атқару комитетінің мәжілісі өтіп, онда қарулы көтеріліске тезірек даярлану жөнінде шешім қабылданған еді. Сондай-ақ бұл мәжілісте революциялық әскер бөлімдердің командирлері тағайындалып, олардың міндеттері және Ташкенттегі кеңестердің атқару комитеті қарулы көтерілісті даярлаудың штабы болып белгіленген-ді [5, с.163.].

Ташкенттегі жұмысшы-солдат депутаттары кеңесі теміржол жұмысшыларына арқа сүйей отырып, қарулы көтеріліске шықты. Бас комиссар П.А. Коровиченко тарапында большевиктерге қарсылық көрсетуде жергілікті халық өкілдері де болды.

1 қараша күні Ташкент жұмысшы-солдат депутаттарының кеңесі өлке жұртшылығына арнап өлкелік биліктің «демократиялық күштердің» қолына өткенін хабарлаған мәлімдеме таратты. 2 қарашада Ташкент қаласында Түркістан өлкелік кеңестің, Ташкент кеңестерінің атқару комиеті, Түркістан өлкелік Ресей социал-демократиялық жұмысшы партиясының, Түркістан өлкелік шаруа депутаттарының кеңесі, Ташкент қалалық думасының, Түркістан өлкелік пошта-телеграф ұйымының және Кушкадағы жұмысшы-солдат депутатары кеңесінен 30-ға жуық өкілдер қатысқан мәжіліс ұйымдастырылып, онда 9 адамнан тұратын Түркістан өлкелік атқару комитетін туралы шешім қабылданды. Оған Түркістан өлкелік жұмысшы-солдат депутатары кеңесінен 3 адам, өлкелік Қазақ-қырғыз кеңесінен 1 адам, өлкелік мұсылмандардың орталық кеңесінен 1 адам, өлкелік Ресей социал-демократиялық жұмысшы партиясынан 1 адам және өлкелік социал-революционерлер бюросынан 1 адам енетін болды [6].

Ташкенттегі ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдар большевиктердің Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің өкілдерін тұтқынға алуына бірден қарсылық танытты. Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесі, «Шуро-и-ислам», «Шуро-и-улема», Түркістан өлкелік Қазақ-қырғыз кеңесі, Түрік Федералистері партиясы секілді т.б. ұйымдардың жетекшілері өлкедегі биліктің Түркістан комитеті қолында қала беруін талап етті. Ұлттық демократиялық күштер Түркістанның жергілікті халқы өз тағдырын өздері шешуі тиіс деп санады.

9 қараша күні Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесі, «Шуро-и-Ислам» және Түркістан өлкелік Қазақ-қырғыз кеңесі ұйымдарының біріккен мәжілісі өтіп, онда боьшевиктердің өлкедегі билікті

тартып алуына байланысты мынандай мазмұндағы қаулы қабылданды: «Ташкенттегі жеңімпаздар құрғалы отырған Түркістан өлкелік атқару комитетіндегі 9 орынның 2 орнын ғана, ал оның жанында құрылатын кеңестің 24 орынның 4 орнын ғана мұсылмандарға қалдырып, өздерін бұрынғы патша өкіметі кезіндегідей саясатты қолдайтындықтарын танытып отыр. Мұндай зорлық саясат мұсылмандардың бойына өлкедегі орыстарға деген жеккөрушілікті ұялатады. Біз достық қарым-қатынасты сақтауды жақтайтындықтан мұндайға жол бере алмаймыз. Ташкенттегі оқиға Құрылтай жиналысының шақырылуының шегерілуіне әсер ететіндіктен, мұсылмандарға өлкеде қалыптасқан ахуалдан шығудың жолын қарастыруға ықпал етеді. Ташкент большевиктерінің болашақ Түркістан комитетіндегі 9 орыннан 2 орын және оның жанындағы кеңестің 24 орнынан 4 орын қалдырған садақасы бұл мәселені шеше алмайды. Сондықтан мұсылман ұйымдары өлкелік атқару комитетіне және оның жанындағы кеңеске кіруден бас тартып, өлкедегі билік мәселесін мұсылмандардың тұрмысына үйлесімді етіп әрі азшылықағы халықтардың мүддесін ескере отырып өз беттерінше шешеді» [7].

Ұлттық демократиялық күштердің Түркістан өлкелік атқару комитетіне өз өкілдерін жіберуде бас тартқаны жөнінде өлкедегі қазақ тұрғындары арасына «Бірлік туы» газеті мынандай мазмұндағы хабар таратты: «Большевиктер бұрынғы Түркістан комитеті мен Бас комиссардың орнына Уақытша Түркістан комитетін жасады. Оның 9 ағзасы болмақ; Түркістан аймағының солдат һәм жұмыскерлер советінен 3, крестьяндар советінен 2, Қазақ-қырғыз советінен 1, Мұсылмандар советінен 1, социал-демократ партиясы бюросынан 1, һәм социал-революционерлер партиясы бюросынан 1. Онан соң ол комитет қасында 22 кісілік бір кеңес болмақ. Оған кіретін ағзалар; түркістан аймағының солдат һәм жұмыскерлер советінен 3, крестьяндар советінен 3, Қазақ-қырғыз советінен 2, мұсылмандар советінен 2 адам. ... Бұл жаңа өкімет ағзаларының көбі сайланып, бұл күнде іс жүргізе бастаса керек. Бірақ қазақ-қырғыз һәм мұсылмандар советі оған өкілдерін жібермей тұр» [8].

Большевиктер билікті қолына алғаннан кейінгі жағдайда Ташкент қаласы думасының алғашқы мәжілісі 8 қараша күні өтті. Бұл мәжіліске Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесі атынан У. Ходжаев, «Шуро-и-Ислам» ұйымы атынан Т. Нарботабеков пен Мұнауар қари, Түркістан өлкелік Қазақ-қырғыз кеңесі атынан С. Ақаев қатысты. Қалалық думаның мәжілісі Ташкенттегі төңкерісті талқылау барысында ұлттық-қоғамдық саяси ұйымдардың өкілдері большевиктер тарапынан құрылған Түркістан өлкелік атқару комитетін мойындамайтындықтарын танытты. Олардың мұндай ұстанымдары қалалық дума мәжілісінің жаңа билікке байланысты бірегей шешімге келе алмауына әсер етті. Сондықтан бұл мәселе жөнінде түбегейлі шешім қабылдау 12-14 қараша аралығында өткелі отырған Түркістан өлкесі қалаларындағы өзін-өзі басқару мекемелерінің съезінің үлесіне қалдырылды [9].

Түркістан өлкесіндегі қалалардың өзін-өзі басқару мекемелерінің Ташкент қаласында өткен съезіне облыстардан 26 өкіл қатысты. Олардың қатарында Түркістан өлкелік Қазақ-қырғыз кеңесінің өкілі С. Ақаев, «Шуро-и-Ислам» ұйымының өкілі Т. Нарботабеков пен А. Миразимов, «Шуро-и-улема» ұйымының өкілі А. Махмудов болды. Съездің күн тәртібіне Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына дейін өлкедегі билікті ұйымдастыру басты мәселе етіліп қойды.

Өлкедегі билікті ұйымдастыру мәселесін съезде талқылау барысында ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдардың өкілдері большевиктер төңкерісін айыптады. Мәселен, Түркістан өлкелік Қазақ-қырғыз кеңесінің өкілі С. Ақаев «Уақытша үкіметтің өлкедегі билігін жоюдың еш қажеті жоқ, оны өзгертудің қажеттілігін көріп тұрған жоқпын», деп мәлімдеді [9].

Түркістан өлкесіндегі ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдардың өлкелік билікке байланысты бірегей ұстанымда болғанымен арада уақыт өткен сайын кейбір ұйымдар кеңестік билікпен ымыраға келу бағытына ауытқи бастады. Мұндай ұйымдардың бірі «Шуро-и-улема» ұйымы болды. Осыған орай «Бірлік туы» газеті былай деп жазған еді: «Ташкент оқиғаларынан бері қарай мұсылман ұйымдарының бірде-бірі большевиктермен жанасқан жоқ. Большевиктер бұрынғы Түркістан комитетінің орнына жаңа комитет жасап, мұсылмандар үшін онда 2 орын қойса да, мұсылман ұйымдары оған өз кісілерін жібермеді. Сол екі арада мұсылман ұйымдары ынтымағынан жекеленіп кетіп, ғлама дегендер большевиктермен ынғайлас болуға айналды. Ғұламалар өздерінің шабарман-тілмашы С. Лапин арқылы большевиктермен астыртын «құдалық сөйлесуге» ыждахат етті. 15 ноябрьде Ташкентте съез жасамақ болып, адам жинау үшін «Біріккен мұсылман ұйымдарының бюросы» деген бірік өтірік ойлап шығарған» [10].

Большевиктермен ымыраға келуге ынғай танытқан «Шуро-и-улема» ұйымы «Біріккен мұсылман ұйымдарының бюросы» деген ұйым құру мақсатында өлкедегі барлық ұлтық қоғамдық-саяси ұйымдардың өкілдерін Ташкент қаласында мәжіліс өткізуге шақырды. Бұл мәжіліс 12-15 қараша аралығында өтті. Оған «Шуро-и-улема» ұйымының өкілдерінен бөлек Түркістан өлкесі мұсылмандары орталық кеңесінен 2 өкіл, Түркістан өлкелік Қазақ-қырғыз кеңесінен 1 өкіл, «Тұран» ұйымынан 1 өкіл, Түрік Федералистері партиясы ұйымынан 2 өкіл, Сырдария облыстық Қазақ-қырғыз кеңесінен 1 өкіл, Жетісудағы мұсылмандардың «Құрылтай» ұйымынан 1 өкіл, Перовск уездік ұлттық комитеттінің атынан 1 өкіл, Әулиата уездік Қазақ-

қырғыз кеңесінен 1 өкіл және мұсылман әскерилері атынан 1 өкіл қатысты. С. Лапиннің төрағалық етуімен өткен мәжілістің күн тәртібіне түркістандағы билікті ұйымдастыру мәселесі қойылды.

Мәжілістің барысында С. Лапин жетекшілік еткен «Шуро-и-улема» ұйымының мүшелері Түркістан өлкелік атқару комитетіне мұсылмандарға деп большевиктердің бөлген орынға әзірше қанағат тұта тұру керек, сондықтан большевиктер билігін мойындайық, кейін атқару комитетіндегі орынның санын арттыруға қол жеткіземіз деген пікірін ортаға салды. Бұл ұсынысқа Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесінің төрағасы М. Шоқай қарсылық танытып, большевиктермен бірде-бір ұлттық қоғамдық-саяси ұйым байланысқа түспеу керек деген пікірін білдірді. Бұл пікірді «Шуро-и-Ислам», «Тұран», Түркістан өлкелік қазақ-қырғыз кеңесі ұйымдары мен Түрік Федералистер партисының өкілдері қолдап шықты. Соған орай мәжілісте «Шуро-и-улема» ұйымының ұсынысы өтпей қалды [11].

Ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдардың мәжілісінде «Шуро-и-улема» ұйымы мүшелерінің ұсынысында өлкелік жоғары билік орны Түркістан атқару комитеті болуы керектігі, оның құрамы 12 адмнан тұруы (жұмысшы-солдат депутаттары кеңесінен 3 өкіл, қалалық өзін-өзі басқару мекемелерінен 3 өкіл, өлкелік мұсылман съезі атынан 6 өкіл) тиістілігі және атқару комитетінің жұмысын бақылап тұратын кеңес құрамы 20 адам (жұмысшы-солдат депутаттары кеңесінен 5 өкіл, қалалық өзін-өзі басқару мекемелерінен 5 өкіл, мұсылман съезі атынан 10 өкіл) болуы керектігі де білдірілген болатын. Мәжілісте бұл ұсыныс та қабыл алынбадды. Мәжіліске қатысушылар осыған орай тез арада өлке мұсылмандарының өзін-өзі билеуін қамтамасыз етуді шешеу керек деген ұйғарымға келді. Делегаттар өлкені 98 пайыз тұрғынын құрайтын, саны 10 миллионнан асатын мұсылмандар өзін-өзі билеуге құқылы деп танып, бұл мәселе жөнінде шешім қабылдау үшін жақын арада Түркістан өлкесі мұсылмандарының съезін шақыру қажет деген ұйғарымға келді. Мәжіліс Түркістан өлкесі мұсылмандарының съезін өткізуді ұымдастыратын комиссия құрамын да сайлады. Оған С. Лапин, С. Мақсум, Сыдық Қожа, Әулиеата уезінің өкілі Бигиев және мұсылман әскерилерінің өкілі С. Жүсіпов енді [12, с.183].

1917 жылы 15 қараша күні Ташкентте жұмысшы-солдат депутаттары кеңестерінің өлкелік III съезі өз жұмысын бастады. Оған 114 делегат қатысты. Солшыл эсер К.Я. Успенскийдің сөзімен ашылған съезде негізінен үш фракция болды. Олар саны бәрінен басым түсетін большевиктер фракциясы, солшыл эсерлер фракциясы және меньшевиктер мен оңшыл эсерлер фракциясы болатын. 16 қараша күні съез делегаттарының қатарына сол күні өз жұмысын аяқтаған өлкелік шаруалар депутаттарының съезіне қатысушылар келіп қосылды. Шаруалар съезіне қатысқан делегаттар солшыл эсерлер фракциясының құрамын енді.

Меньшевиктер мен оңшыл эсерлер съезде өлкедегі билікті барлық түркістандық «революциялық демократия» өкілдерінен тұратын коалициялық үкіметке беру керектігі жөнінде мәселе көтерді. Съезде большевиктер мен солшыл эсерлер бірлесе меньшевиктер мен оңшыл эсерлердің ұсынысына бірден қарсы шықты. Большевиктер Түркістандағы билік орталықта құрылған кеңестік биліктің принциптерін басшылыққа ала, пролетарлық негізде құрылуы тиіс деп тапты.

Кеңестердің III өлкелік съезі 19 қараша күні өлкедегі билік орындарын құру ісіне нақтылы кірісті. Съездегі фракциялар бұл мәселе бойынша өз жобаларын ұсынды. Солшыл эсерлердің жобасында өлкедегі барлық билік құрамы 18 адамнан тұратын, оның үшеуі жергілікті мұсылман пролетариаты өкілі болатын Халық комиссарлары кеңесінің қолына берілу керектігі аталып көрсетілді. Сонымен қатар бұл жобада Халық комиссарлары кеңесінің жұмысын бақылаушы орган – жұмысшы-солдат және шаруалар депутаттарының өлкелік кеңесі болатындығы да қарастырылған болатын. Меньшевиктер мен оңшыл эсерлердің біріккен фракциясы съезге құрамы 10 адамнан тұратын әрі жұмысшы-солдат және шаруалар депутаттары кеңесінің бақылауында болатын өлкелік атқару комитетін құру жөнінде жоба ұсынды. Бұл жоба бойынша өлкелік атқару комитетіндегі орынның жартысы жергілікті халық өкілдеріне берілуі тиіс болды. Съезде осы екі жоба да өтпей большевиктер фракциясының жобасы қабыл алынды. Ол жоба бойынша өлкелік жұмысшы-солдат және шаруалар депутаттарының кеңесі қарауындағы Түркістан өлкесі Халық комиссарлары кеңесі құрылатын болды. Халық комиссарлар кеңесінің құрамына 15 адам енетін болып белгіленді. Осылайша, Түркістан өлкесінде құрылған кеңестік жоғары билік орнына бірде-бір жергілікті халық өкілдері енбей қалды.

Кеңестердің III өлкелік съезінде Түркістан өлкесінде кеңестік билік жарияланып, қатаң таптық, партиялық принцип бойынша өлкелік үкімет – Түркістан өлкесінің Халық комиссарлары кеңесі құрылды. Бұл үкіметтің құрамына ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдардан ешқандай да өкіл енбеді.

Жетісу облысында қоғамдық-саяси ұйымдардың тегеурінді қарсылық көрсетуіне байланысты кеңестік билік тез арада кеңестер қолына өте қоймады. Жетісу облыстық Қазақ-қырғыз комитеті секілді т.б. қоғамдық-саяси ұйымдар кеңестік билікті мойындамайтындығын танытты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Абдуллаев Р.М., Агзамходжаев С.С., Алимов И.А. Туркестан в начале XX века: К истории истоков национальной независимости. – Ташкент: «Шарк», 2000. – 672 с.

2 Большевиктер // Бірлік туы. – 1917. –25 ноябрь.

3 ҚРОММ. 9-қ., 1-т., 26-іс.

4 Организация «Шурои-исламия» будет оказывать Генеральному комиссару всемерную поддержку // Туркестанское слово. – 1917. – 9 ноябрь.

5 Домогатский П.А. Октябрьские дни 1917 года в Ташкенте // Революция глазами современников. – Ташкент: Узбекистон, 1991. – 205 с.

6 Проект об образовании Туркестанского исполнитльного комитета // Наша газета. – 1917. – 8 ноябрь.

7 Объединненое собрание Краевого мусульманского совета // Туркестанские ведомости. – 1917. – 17 ноябрь.

8 Түркістанда жаңа өкімет // Бірлік туы. – 1917. – 8 ноябрь.

9 Туркестан мөселман құрултайи // Улуг Туркестан. – 1917. – 18 ноябрь.

10 Ғұламалар съезі // Бірлік туы. – 1917. – 16 ноябрь.

11 Уламо съезди // Улуг Туркестан. – 1917. – 16 ноябрь.

12 Агзамходжаев С.С. История Туркестанской автономии (Туркистон Мухторияти). – Ташкент: «Тошкент ислом университети», 2006. – 268 с.

94(574): 373. 016

М.Д. Шаймерденова, А.А. Кульшанова
Т. Жүргенов ат. Қазақ Ұлттық Өнер академиясы

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ МЕКТЕП ОҚУЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҢ ИНТЕГРАЦИЯСЫ, ПАТРИОТИЗМІ МЕН БІРЛІГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан тарихы оқулығын дайындау барысында оқушылар мен студенттердің жаңа дүниетанымын қалыпастыруда рухани құндылықтарды және оның бағыттарын ескеру жөніндегі і авторлардың көпжылдық тәжірибелері қарастырылады. Авторлар оқулықпен жұмыс істеудің көпқырлы үрдісі барысында ұлттық тарихтың барлық кезеңдерінің өзекті мәселелерін анықтай отырып, көптеген сауалдар тастай отырып, тарихшылар мен әріптестерін ашық әңгімеге шақырады. Сондай-ақ оқулық пен оқу құралындағы жаңалықтар қарастырылып, өткен ғасырдың оқулықтарымен салыстыру жасайды.

Түйін сөздер. оқулық, дерек көздері, мұрағат, рухани құндылықтар, жастарды тәрбиелеу, тұжырымдама, Қазақстан тарихы, ұлттық идея.

М.Д. Шаймерденова, А.А. Кульшанова
КазНАИ имени Т.К. Жургенова, Казахстан, г. Алматы

ВОПРОСЫ ИНТЕГРАЦИИ, ПАТРИОТИЗМА И ЕДИНСТВА НАЦИИ В ШКОЛЬНЫХ УЧЕБНИКАХ ПО ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА

Аннотация. В статье рассматривается опыт работы авторов над учебниками по истории Казахстана с позиции проектирования новой мировоззренческой модели школьников и студентов и учета в них главных духовных ценностей и ориентиров.

Авторы в статье рассматривают многогранный процесс работы над учебниками при этом определяя ключевые позиции всех периодов национальной истории, задаются многими вопросами и вызывают на откровенный разговор историков и коллег. Также в статье четко просматривается, что нового в учебники и учебные пособия авторы вносят по сравнению с учебниками прошлого века.

Ключевые слова. учебник, архивные источники, архив, духовные ценности, воспитание молодежи, концепция, история Казахстана, национальная идея

M.D.Shaimerdenova, A.A.Kulshanova,
Kazakh National Academy of Art by T.Jurgenov, Almaty, Kazakhstan

QUESTIONS OF INTEGRATION, PATRIOTISM AND UNITY OF THE NATION IN SCHOOL TEXTBOOKS ON THE HISTORY OF KAZAKHSTAN

Abstract. The article reviews the experience of authors on textbooks on the history of Kazakhstan from the standpoint of designing a new worldview model of schoolchildren and students and taking into account the main spiritual values and landmarks in them.

The authors in the article consider the multifaceted process of work on textbooks while determining the key positions of all periods of the national history, are asked many questions and cause for frank conversation of historians and colleagues. Also, the article clearly shows that the authors add textbooks and teaching aids to textbooks in comparison with the textbooks of the last century.

Key words. textbook, archival sources, archive, spiritual values, education of youth, concept, history of Kazakhstan, national idea

Кіріспе

Қазақстан Республикасының Ұлттық тарихын зерделеу жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобының кеңейтілген отырысында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Марат Тәжин қазіргі кезде тарихи ғылымға мүлдем жаңа талаптар қойылғанын және әлемдік тарихнамада танымдық әдістерді сыни қайта бағалаудың маңыздылығын атап өтті [1]. Оның сөйлеген сөзінде көздер мен мұрағаттарға жаңа көзқарас қалыптастыБіз үшін тарихшылар, дереккөздер мен мұрағат деректері өте маңызды, бұл көптеген жаңа нәрселерді ашып қана қоймай, адамзаттың тарихын түсінуге мүмкіндік береді, сонымен қатар оқулықтарда қолдануға қазіргі заманғы жастар үшін маңызды болып табылатын түпнұсқалық материалдарды қосуға мүмкіндік береді. Мен оқулықтар мен оқыту әдістемесі, бағдарламалары бойынша жұмыс

тәжірибесіне жүгінгім келеді. Дегенмен, Қазақстан тарихы туралы оқулықтарды сын тұрғысынан емес, қайта қарастырғым келеді (бұқаралық ақпарат құралдарында белсенді түрде талқыланады және бұл мәселе авторлардан кейін оқулықтардың сапасы үшін жауап беретін «Оқу құралы» орталығында шешілуі керек), ал мектеп оқушылары мен студенттерінің жаңа дүниетанымдық үлгісін құрастыру және олардағы басты рухани құндылықтарды және бағдарларды ескере отырып, қалыптастырады.

Қазақстан тарихына арналған оқулық мемлекеттік қауіпсіздік тұрғысынан қарастыру керек, өйткені ол жастарды тәрбиелеудің идеологиялық құралы болып табылады.. Сондықтан да Қазақстан тарихындағы оқулықтардың мазмұны бойынша пікірталастар форумдарда және БАҚ-да жалғасуда. Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының құрамында осы Одақтың құрамына кіретін 15 республика бар, негізінен ресейлік авторлардың жазған оқулықтары мен оқулықтары бар, ал оқулықтардың кішкене бөлігі осы немесе басқа республиканың авторлары тарапынан жазылған.

Кәсіподақ республикалары тәуелсіздік алғаннан бері 90-жылдары әрбір республика өз оқулықтары мен оқу-әдістемелік құралдарын, соның ішінде Қазақстанды жазып және шығара бастады. Сонымен қатар, оқулықтардың авторлары әлі күнге дейін жаңа үлгі және оқу құралдарының тұжырымдамасы, оқытудың жаңа тұжырымдамасы, Қазақстанның тарихи тарихының жаңа тұжырымдамасын оқыту және бұрынғы советтік стереотиптерді, тарихи пролетариаттың қайталануын үйренбеген. Мұның бәрі көп қырлы үдеріс болып табылады, бұл уақытты, атап айтқанда, жаңа мұрағаттық дереккөздер негізінде мемлекеттің тарихын зерделеуді талап етеді.

Мұрағаттық көздерді ғылыми айналымға енгізу ең маңызды міндет болып табылады, өйткені белгілі болғанындай, олар тек Қазақстанның мемлекеттік қорларында ғана емес, сонымен қатар шетелде сақталады. Ұлттық тарихтың барлық дәуірлерінің - ежелгі дәуірдің, орта ғасырдың, жаңа уақыттың негізгі ұстанымдарын анықтау қажет болды. Қазақстан президенті «Қазақстан-2050» стратегиясында бұрын-соңды анықтаған идеология қажет - бұл ұлт бірлігі: «Кез-келген қоғамдық бірлестік азаматтардың тек қана бір бөлігі ғана мүдделерді білдіретіндіктен, мемлекеттің негізгі идеялары халықтың бірлігі, азаматтық бейбітшілік, әлеуметтік тұрақтылық, этносаралық және конфессияаралық келісім, ымыраға келу және толеранттылық болуы тиіс. Қоғамда әмбебап мораль нормаларына, ұлттық дәстүрлерге, азаматтық жауапкершілікті дамытуға және патриотизмге негізделген рухани құндылықтар белгіленуі керек» [2]. Міне, ұлттың бірлігінен тұратын ұлттық идея тек қана қазақтар үшін ғана емес, Қазақстанда тұратын барлық этникалық топтар үшін дәстүрлі құндылықтар мен мұраттардың сақталуына және белсенді дамуына, сондай-ақ қоғамдық сананы сапалы жаңа әлеуметтік-тарихи және рухани мазмұнмен толтыруға арналған. Сондықтан, Мемлекет басшысы атап өткендей, ұлттың тарихи санасының өзегі бүкіл қазақстандық сәйкестік болуы тиіс. Мұның бәрі Қазақстанның жаңа тарихындағы қазіргі заманғы оқулықтарда мүлтіксіз көрінеді.

Түрлендіруші қоғамдардың тарихи ғылым динамикасы: жаңа фактілер, дереккөздер, мұрағаттық материалдар ашылып, оқиғалардың жаңа ғылыми түсіндірулері пайда болады, бірақ ең бастысы - бұл тарихи оқиғаларды объективті картаға түсіру үшін сенімді ғылыми негіз қалайды. Биылғы жылы мемлекет Қазақстандағы ғылыми орталықтардан - Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының және Иран, Қытай, Франция, Түркия, Ресей сияқты елдердің тарихының белгісіз беттерін осы елдердің мұрағаттарында зерттейтін ғалымдар тобын жібереді [3]. Шет елдердің алдыңғы қатарлы әдіснамасы мен әдіснамасы негізінде Қазақстанның мұрағат материалдары, сондай-ақ «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша Қазақстанның тарихы, археологиясы және этнографиясы бойынша арнайы зерттеулердің нәтижелері қазақ халқының ұлттық тарихының көкжиектерін кеңейтеді, орыс тарих материалдарын, мектеп пен университетті дамыту мен жетілдіруде баға жетпес болады. тарихтың оқулықтары. Сонымен қатар, бұл мемлекет басшысының бастамасы бойынша қазіргі заманғы материалдар мен жаңа деректер негізінде ұлттың жаңа тарихи дүниетанымын қалыптастырудың тамаша мүмкіндігі. 1996 жылы Қазақстан халқына Жолдауында Президент Н.Ә. Назарбаев саяси бағытта «Ұлттық идеяны қалыптастыру тек өз тарихымыздың жаңа оқылымы негізінде ғана мүмкін» ұлттық идеясын қалыптастыруға ерекше назар аударды [4]. Қазақстандық ғалымдар, тарих оқулықтарының, тарихшылардың және тұтастай алғанда қазақстандық қоғамның авторлары әрдайым Отан тарихының терең біліміне бағдарланғанын атап өту керек. Сондықтан, белгілі тарихшылардың баяндамалары мен сөйлеген сөздері Л. Гумилев атындағы ЕҰУ-де Мемлекеттік хатшы Марат Тәжиннің төрағалығымен Қазақстан Республикасының Ұлттық тарихын зерделеу жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобының кеңейтілген мәжілісінде өте маңызды. Іс жүзінде барлық сөз сөйлеушілер өткенді және қазіргі жағдайды объективті көзқарастың қажеттілігін атап өтті, бұл сөзсіз ұлтты біріктіретін, қазақстандықтарды ұлттық құндылықтарды нығайтатын, ұлттың мәдениетін және руханилығын сақтайтын басты құндылықтарды және рухани бағдарларды айқындауға бағыттайды. Мұның бәрі оқу материалында маңызды түрде көрсетілуі керек.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Марат Тәжин Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-де өткен кездесуде бүгінгі күні Қазақстанның ұлттық тарихын қалай зерттеу керектігі туралы жаңа мәселе

туындағанын атап өтті. Сонымен қатар, орыс мектептерін және университеттерде оқытудың тәсілдерін қайта қарау маңызды [5].

Сонымен қатар, көптеген ғылым мұғалімдері тарихи ғылымды оқытудағы маңыздылығы мен жауапкершілігін сезініп, ұлттың мәдени кодексін меңгеруді қалай қамтамасыз ету керектігі туралы сұраққа жауап табуға тырысады: руханият, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, мәдениет республиканың жоғары оқу орындарында Қазақстан тарихын зерделеуге арналған сағаттардың бар санын құрайды.Жарияланған оқулықтарда ұсынылған, қол жетімді сағаттардың санына байланысты осы мәселелерді қысқарту қажет. Сонымен қатар, ежелгі дәуірден бастап Қазақстанның тарихын зерттеудің орнына, Қазақстан тарихы қазіргі кезеңде енгізілуде. Білім және ғылым министрлігінің жауапты хатшысы Әлия Ғалымова Қазақстанның мектептері мен жоғары оқу орындарында тарихты зерделеудің сағаттарының ең төменгі деңгейге дейін азайтылатынын және тақырыптың айтарлықтай өзгеретінін атап өтті [6].

Бұл курстар сағаттық режимде қалай байланыстырылады? Бұл сұрақтар өте мұқият қарауды талап етеді. ЕҰУ-де өткен кеңейтілген кездесуде тарихшылардың Франк әңгімесі. Л.Гумилев мемлекеттің тарихын, ұлттық бірлік пен патриотизм призмасы арқылы жаңа ойлауды ғана емес, сондай-ақ оқу материалдарын жетілдіру мен Қазақстанның тарихын оқу орындарында толығымен зерделеу қажеттілігін алаңдатып отыр.

80-жылдардың аяғында, 90-шы жылдардың басында, қазақстандық авторлардың оқулықтары кеңес дәуіріндегі оқулықтармен құрылымдық және композициялық тұрғыдан сәйкес болды. Жаңа геосаяси жағдайларда Қазақстан тарихына арналған оқулықтар жасау өте қиын болды.Тіпті қателіктерді іздестіру ғана болатын, бірақ сыни-аналитикалық қорытындылар мен оқулықтардың жаңа түрін жасау бойынша ұсынымдар болмаған сын-ескертпелер. Пікірлер авторлары қандай да бір себептермен шолу тек оқулықта қателер мен қателерді іздеу ғана емес, сондай-ақ оң сәттерді көрсету екенін ұмытып кеткен. Мысалға, Петропавлдағы орта мектептің мұғаліміне біздің оқулықты мұқият оқып, әртүрлі нұсқаулар мен ұсынымдар бергеніне өте ризамын, әсіресе маңызды, ол оқулықтың құрылымы мен мазмұны жағымды аспектілерді атап өтті.

Сол дәуірдегі оқулықтардың авторлары бұрынғыдай әріптестердің, ғалымдардың жаңа деректерге қатысты қандай деректерді енгізу керек екендігін немесе тарихтың қай нүктелерін ұсыну керектігі туралы ұсыныстарды қажет етеді; мұғалімдер мен мұғалімдер - оқулықта олардың жұмыс тәжірибесіне сүйене отырып, не көргісі келетіні туралы. Бүгін ұсынылған жүйелік тәсіл, жаңа әдістемелік қондырғылар мен мұрағат материалдары 21 ғасырдың ғылыми парадигмасын ескере отырып, жақын болашақта оқулықтардың мазмұнын түбегейлі қайта қарауға мүмкіндік береді.

Қазақстанның 9-сынып оқушыларының тарих кітабында ұжымдық жұмыс тәжірибесі оқушыларға оқу кезеңіндегі мәдениет мәселелерін, халықты интеграциялауға ықпал ететін көрнекті тұлғалардың сипаттамасын және жас ұрпақ арасында патриотизм рухын тәрбиелеу маңызды екенін көрсетті. Оқулықтардың мазмұны, негізінен, жылдан жылға өзгеріп, басқа авторлар жасайтын бағдарламаларға байланысты. Сондықтан қысқа уақыт ішінде бағдарламалардың авторлары мен әр автордың көзқарасы бағдарламаның мазмұнын қалай өзгерткенін байқауға болады. Мысалға, биылғы жылы білім беру және модельдік бағдарламалардың мазмұны қайта қаралды, бұл Қазақстан тарихының көрінісін жақсартпады.

Қазақстан тарихындағы оқу материалының негізгі идеологиясы оқулықтарда, бірінші кезекте интеграция, патриоттық тәрбие, ұлттың бірлігі, мәтіннің материалдары Отанын қорғау, шекараларды, халықтың салт-дәстүрлерін қорғауға, тақырыптық атаулық этнос пен Қазақстанда тұратын этникалық топтар туралы ақпаратты қамтуға тиіс. Қазақстан тарихы бойынша оқу құралы дегеніміз не? Мемлекеттің тарихы - ғалымдардың зерттеулері және өз жұмыстарында өкілдік ететін барлық нәрселері - бұл мемлекеттік идеология, ғалымдардың көзқарасы бойынша мемлекеттің тарихының көрінісі.

Қазақстан тарихындағы оқулықтар авторларының жұмысын тиімдірек ету үшін бірнеше жыл бойы қолданылатын оқулықтар авторларымен бірге бағдарламаларды әзірлеуді ұсынамын және олардың мазмұны Қазақстанның тарихын зерттеу және бақылау кезінде ғалымдар жасайтын жаңа тарихи фактілерге толы болады. Қазақстан тарихындағы оқулықтардың сапалы мазмұнын жетілдіру үшін мен Л. Гумилев атындағы ЕҰУ кеңейтілген жиналысында уақытылы анықталған отандық ұлттық тарихтың жаңа тұжырымдамалық мәселелерін енгізуді ұсынамын, кітап оқулықтары ретінде біз үшін студенттердің құндылықтарын қалыптастыратын жүйелі білімді, олардың ұлттық-мемлекет және жеке құндылықтар.

2013 оқу жылында жалпы білім беру мектептерінің 9 сынып оқушылары үшін білім беру мекемелерінде мақұлданған және жалпы білім беру мектептерінің мұғалімдерінің ескертулерімен толықтырылған «Қазақстанның жаңа тарихы» атты жаңа ұрпақ оқулығы жарық көрді (7). Оқу құралы бойынша жұмысқа кірісу - авторлар, оқу құралын өзгертуге және оны жаңа ұрпақтың оқулықтарына айналдыруға шешім қабылдады. Осылайша, Қазақстанның тарихына арналған үш кітапты идеясы туылып құрылды, оның ішінде оқулықтың өзі, оқушыларға арналған хрестоматияға және мұғалімдерге көмек көрсету

әдістемесі бар.Тарих ғылымдарының докторы Аяған Б. мен орта мектептің мұғалімі Н. Ткаченкомен бірге біз материал жинап, оқушыларға арналған хрестоматияны және оқытушыларға арналған әдістемелік нұсқаулықты жаздық. Мұғалімдерге ыңғайлы болу үшін және алдағы сабаққа дайындалу үшін оқулықтың барлық өзгерістерін ескере отырып, орта мектеп мұғалімдеріне арналған әдістемелік нұсқаулық жазылды. Егер біздің оқулықты алдыңғы ұрпақтардың Қазақстан тарихы туралы оқулықтармен салыстырсақ, әдетте, бұрынғы оқулықтарда тек қана мәтін бар. Біз оқулыққа тек мәтінді ғана емес, сондай-ақ түрлі қызықты, оңай есте сақталған материалдарды енгіздік, сондай-ақ мәтіндегі диаграммалар мен кестелерді ұсындық. Оқу құралы заманауи білім жүйесін ескере отырып жазылды және оқушыларға тек қана сабақтарға, емтихандарға ғана емес, ұлттық бірыңғай тестілеуге (ҰБТ) дайындық кезінде көмекші болды.Осылайша, оқулық Қазақстан тарихында, жеке тұлғаларда белгілі өмірлік және әлеуметтік шаралар туралы қысқаша өмірбаяндық ақпарат түрінде толықтырылды; карталармен жұмыс жасалды, әрбір абзацта тест сұрақтарына, есте сақтауға арналған сұрақтар енгізілді. Әр болімнің соңында берілген көлемнің өзіндік сараптамасы үшін жалпы сұрақтар қосылды.

Жоғарыда айтылғандардан басқа, дәуірдің қысқа құжаттары қосылды, ол мәтінді растап, студенттерді оқып жатқан кезеңде шын мәнінде болған жағдайға қызығушылық танытты. Бұдан өзге, әрбір параграфтың соңында схемалар мен кестелер қосылды, оларды оқушылар материалды оқып болған соң аяқтауы тиіс. Оқулықтың әрбір параграфында түсіндірме және энциклопедиялық сөздіктерде түсініксіз және түсініксіз сөздерді іздемейтіні үшін, жылтырлығы (аз терминдер - тұжырымдамалық аппарат) берілді, содан кейін олар айтылғандарды оқып, түсіне алады, жаңа сөздерді есте сақтап, олардың сөздік қорына қосады , сонымен қатар, уақытты жоғалтпай-ақ, өздерінің эрудициясын кеңейтті. Ыңғайлы болу үшін оқулықтың соңында рефераттар тізімін, жазуға арналған әдебиеттерді оқушылар мен мұғалімдерге қиындық тудырмауы үшін, рефераттардың тізімі, бөлімдерде қолданылған, қосымша ұсынылған және көздер тізімі таңдалды.Қызығатын және таланты студенттер мен балаларға портфолио түріндегі жоғары күрделігі тапсырмалар, мозаика, кітапшалар мен кроссвордтар қосып, ОК Қазақстанның Коммунистік партиясы бірінші хатшыларының тізімін, тарихи анықтаманы толықтырды.

Сіздің назарыңызға, дәуір дәуіріндегі құжаттар түрінде ұсынылған қосымша қызықты материалдар тек құжаттар, кітаптар мен газеттердің әртүрлі жинақтарынан ғана емес, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік мұрағатынан да бірінші рет алынып, бұрын шығарылған емес. Оқулықта орналастырылған фотосуреттерді Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кинематографы мен фотосуреттер мұрағаты, атап айтқанда Мұрағат директоры Сейтова Алла Федоровна ұсынды, оған біз өте ризамыз.

Елдің келешегінің жаңа дүниетанымдық моделі, қалыптасқан ұлттық идея және ұлттық идентификацияны нығайтуға бағытталған негізгі идеалдар, құндылықтар мен нұсқаулықтар - мұның бәрі қазіргі заманғы оқушылармен гуманитарлық және әлеуметтік пәндерді, ең алдымен тарихи ғылымдарда оқу процесінде игеруде. Сондықтан ұлттық тарих пен мәдениетті зерделеу мәселесі өте өткір болды. Тарих ғылым ретінде қоғамның дамуы мен әлеуметтік институт ретінде маңызды рөл атқарады, қоғамның рухани бағыттылығын жүзеге асырады.

Қазақстан тарихына арналған оқулықтар жасаған кезде қазіргі Қазақстанның полиэтникалық мемлекет екенін ұмытпаған жөн, Қазақстанда 130-дан астам этникалық топ бар. Қазақстанның ұлттық тарихын зерделеу жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобының отырысында айтылғандай, тарих ғылымы ең алдымен этникалық және саяси қақтығыстарды қоса алғанда, түрлі әлеуметтік жанжалдарды алдын алуға және шешуге көмектесуі керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Народ в потоке истории // Казахстанская правда. - 2013. - 06 июня.
2. Назарбаев Н. Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства. Послание Президента Республики Казахстан – Лидера нации Н.А.Назарбаева народу Казахстана // Казахстанская правда. - 2013. - 15 декабря.
3. Изучать историю лучше за границей // Время. - 2013. - 13 июня.
4. Назарбаев Н. О положении в стране и основных направлениях внутренней и внешней политики на 1997 год. Послание Президента страны народу Казахстана // Казахстанская правда. - 1996. - 8 октября.
5. История не требует часов // Время. - 2013. - 13 июня.
6. Аяган Б., Шаймерденова М.Д. История Казахстана. Учебник для 9 класса общеобразовательной школы. - Алматы: Атамура, 2005, 2009.
7. Шаймерденова М.Д. История Казахстана. Учебное пособие для студентов высших учебных заведений. Издание второе. - Алматы: Изд. центр КМИ «Парасат», 2015. - 218 с.

94(574) (5-191.2) «20/30»:323.17/

Б.А. Сиражева
Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, Қазақстан

БЕРЕЛДЕН ТАБЫЛҒАН СҮЙЕК БҰЙЫМДАР

Аңдатпа. Мақалада Берел обасының №36 қорғанынан табылған мүйіз бұйымдар кешеніне трасологиялық сараптама жүргізу нәтижелері келтірілген. Бұл кешен Берел қорымында 2002-2004 жж. Жүргізілген археологиялық зерттеулердің нәтижесінде табылған. Марал мүйізінен жасалған 66 дана атәбзелдерінің осы әшекейлері Қазақ даласы ерте көшпелілерінің сүйек ұқсату өнерінің бірегей үлгілері деп танылады. Аталмыш №36 қорған ашылған 2002-2004 жж. бері бұл бұйымдар бірнеше археолог ғалымдардың назарына іліккенімен, өз зерттеулерін тұжырымдап жария еткен тек З. Самашев пен А.П. Бородовский ғана болды. Табылған бұйымдар жинағы аз зерттелген заттар қатарына жататындықтан осы ақтаңдақтың орнын толтыру мақсатында бірқатар зертханалықзерттеулер жасалды. Бұйымдардың бойындағы өңдеу және тұтыну іздерін анықтау мақсатында Материалдық мәдениет тарихы институтының (РФ, Санкт-Петербург қ.) тәжірибелік-трасологиялық зертханасында Е.Ю. Гиряның жетекшілік етуімен және «Кайнозой геохронологиясы» ұжымдық қолдану орталығында (РФ, Новосибирск қ.) А.П. Бородовскийдің жетекшілік етуімен бірқатар зертханалық жұмыстар жүргізілді. Автор аталған ғалымдарға өз алғысын білдіре отырып, осы мақалада сол зерттеулердің жинақталған қорытындысымен таныстырады.

Түйін сөздер. сүйек, мүйіз, сүйек ұқсату ісі, ерте темір дәуірі, қорған, трасология, Берел

Б.А. Сиражева
Научный сотрудник Института археологии им. АХ. Маргулана, магистр истории

КОСТЯНЫЕ ПРЕДМЕТЫ ИЗ БЕРЕЛИ

Аннотация. В статье отражены результаты трасологических исследовании комплекта роговых изделийиз кургана 36 могильника Берел. Настоящий комплект, обнаруженный в результате археологических изысканий проведенных на некрополе Берел в 2002–2004 годы, является убранством верхового коня, состоит из 66 предметов, изготовленных из рога марала, и представляет собой выдающееся произведение косторезного искусства ранних кочевников Великого пояса степей. Со времени исследования кургана 36 в 2002–2004 гг. данные предметы стали объектом исследовании нескольких ученых-археологов, но результаты своих исследовании опубликовали только З. Самашев и А.П. Бородовский. В целом коллекция относится к категории малоизученных предметов и для восполнения этих пробелов проведен ряд лабораторных исследований. В целях изучения материальных следов изделия, были исследованы в ноябре 2015 г. В экспериментально-трасологической лаборатории Института истории материальной культуры (Санкт-Петербург, РФ) под руководством Е.Ю. Гиря. Дополнительные исследования были проведены в 2016 году, в Центре коллективного пользования «Геохронология кайнозоя» (Новосибирск, РФ), под руководством А.П. Бородовского. Автор выражает благодарность коллегам за оказанную помощь в изучении данного комплекса.

Ключевые слова. кость, рог, косторезное дело, ранний железный век, курган, трасология, Берел

B.Sirazheva
Institute of Archaeology named after A.Kh. Margulan, Kazakhstan

BONELLES OBJECTS FROM BEREL

Abstract. The article presents the results of tracological researches of a set of objects made of horns from the barrow 36 of the burial mound Berel. The set discovered as a result of archaeological research carried out on the necropolis Berel in 2002-2004, is the horse harness. It consists of 66 items made of red deer horns, and is an outstanding work of bone carving art of the early nomads of the Great Steppe Belt. These objects have become the object of research of several archaeologists since the study of the barrow 36 in 2002-2004, but the research results were published only by Z. Samashev and A.P. Borodovsky. In general, the collection can be referred to poorly studied subjects and a number of laboratory studies have been carried out to eliminate these gaps. In order to study the material traces of the objects, they were examined 2015 in the experimentaltrasological laboratory of the Institute of the History of Material Culture (St. Petersburg, Russia) under the guidance of E.Yu. Gir'.

Additional studies were carried out in 2016, at the Center for Collective Use " Cainozoe geochronology" in November (Novosibirsk, Russia), under the supervision of A.P. Borodovsky. The author expresses gratitude to colleagues for their help in studying this complex.

Key words. bone, horn, bone carving, early iron age, barrow, Trace Analysis, Berel

* Мақала № AP05133484 «Қазақ Алтайындағы сақ мәдениетінің эталонды ескерткіштері (Таутекелі, Қарақаба, Өрел, Солонечные белки, Берел)» гранттық жобасы аясында жүргізілген зерттеулер негізінде жазылды

Кіріспе

Қазақстан археологиясында ерте көшпелілер тұтынған сүйек бұйымдар өте аз зерттелген. Оларды егжей-тегжейлі жіктеу мәселесі әлі күнге қолға алынған емес. Сүйек пен мүйізден жасалған бұйымдар басқа заттармен салыстырғанда көп жағдайда зерттеушілер назарынан тыс қалатын дүниелер. Олардың пікірінше сүйек заттардың хронологиялық және мәдени таралу аймағы кең болғандықтан ескерткіштің уақыты мен мәдени тегін анықтауға жарамсыз болып келеді. Дегенмен соңғы уақыттағы жаратылыстану-ғылыми әдістерді қолдану арқылы зерттеу нәтижелері көрсетіп отырғандай сүйек пен мүйізден жасалған бұйымдардың көмегімен ежелгі тұрғындардың шаруашылығы, экономикасы, тұрмысы және мәдени өмірі жайлы құнды деректер алуға болады. Осы мақалада Қазақстан ерте көшпелілерінің сүйек ұқсату өнерінің кейбір аспектілерін сарапқа салу талпыныстары жасалды.

Нәтижелер

Берел қорымының 36 қорғанынан 2002 ж. марал мүйізінен аң стилінде ойып жасалған, ат-әбзелдерін безендіруге арналған 66 дана көркемөнер туындысы табылды. Бұл бұйымдар кешені әсемдігі мен бірегейлігі жағынан қола дәуірінің Кент қонысынан табылған жинақтан кем түспейді (Усачук, Варфоломеев, 2013: 223; Варфоломеев, Ломан, Евдокимов, 2017: 217). З.С. Самашев пен А.П. Бородовский 2004 ж. мүйізден жасалған осы әшекейлерді сипаттап мақала жариялап, ғылыми айналымға енгізді. Олар бұл кешенге: «Мүйізді скиф-сақ аң стилінде асқан шеберлікпен ойып жасаған көркемөнер бұйымдары Алтай ғана емес бүкіл Еуразия ерте көшпелілерінің жерлеу ескерткіштерінен мұндай көлемде тұңғыш рет кездесіп отыр. Әдетте Обь өзенінің жоғары алабында орналасқан б.д.д. I м.ж. екінші жартысына жататын обалардан ат-әбзелін құрайтын жекелеген сүйек бұйымдар немесе мүйізден жасалған жүген әшекейлерінің бірнешеуі ғана табылатын», – деп баға берді (Самашев, Бородовский, 2004: 83).

Сол уақыттан бері осы заттар бірнеше ғылыми мақалаға (Базарбаева, Джумабекова, 2014: 235; Бесетаев, 2014: 4; Шульга, 2015: 59) арқау болғанымен, нақты трасологиялық тұрғыдан зерттеулер жүргізген тек З. Самашев пен А.П. Бородовский ғана болды (Бородовский, 2007: 104-107; Бородовский, Телегин 2007: 52; Самашев, 2011, 36-37; Бородовский, 2013: 25).

Дегенмен бұл мәселе З.С. Самашевтың назарынан тыс қалып көрген емес. Оның біз қарастырып отырған заттар кешеніне 2009 ж. украиналық ғалым А.Н. Усачукпен, 2011 ж. австриялық ғалым В. Лобиссермен (Wolfgang Lobisser) бірлескен трасологиялық зерттеулер жүргізгені осыны байқатады. Бірақ бұл зерттеулердің қорытындысы әлі күнге ресми түрде ғылыми айналымға енгізілген жоқ.

Мүйізден жасалған әшекейлерді зерттеудегі олқылықтардың орнын толтыру мақсатында 2015 ж. олардың 53 данасын (жақсы сақталған, тасымалдауға келетін, бүтін әрі ақпарат беру мүмкіндігі мол дегендерін іріктеп алып) РФ Санкт-Петербург қаласындағы Материалдық мәдениет тарихы институтының Эксперименталдық-трасологиялық зертханасына апарып Е.Ю. Гиряның басшылық етуімен трасологиялық зерттеуден өткіздік. Артынша осы бағыттағы зерттеулерді А.П. Бородовскийдің басшылық етуімен, 2016 ж. РФ Новосибирск қаласында орналасқан РҒА СБ Археология және этнография, Геология және минерология, Ядролық физика институттарының Ұжымдық қолдану орталығы базасында жалғастырдық.

Алдымен, 2015 ж. зерттеулерге тоқталатын болсақ, олар бұйымдардың бетіндегі материалдық іздердің макрофототүсірілімін жасау, МБС-9 стереоскопты микроскобының көмегімен бақылау және анықталған іздерді ацеттаттық пленкаға түсіру әдістері арқылы жүзеге асырылды. Мүйізден жасалған әшекейлердің макротүсірілімі Helicon Focýs компьютерлік бағдарламасымен өңделді.

Атап айтар болсақ, мына заттар зерттелінді: негізгі пішіні төртбұрышқа келетін, мүйіз тірескен қос бұғыгрифон протомасы бейнесіндегі салпыншақтар (20 дана); мәнерлеп оймышталған тікбұрышты салпыншақтар (15 дана); арка пішіндес оймышты салпыншақтар (4 дана); құйысқанның жапсырмалары (2 дана); пішіні S-тәріздес, ұштарында бұғыгрифон протомасы бейнеленген қостесікті сулықтар (2 дана); үзбелер (2 дана); жұқа, шығыңқы-иіліңкі тікбұрыш планкалар түріндегі жапсырмалар (2 дана); маңдай жапсырмасы (1 дана); тамшы пішіндес жіңішке пластина түріндегі тұмсық жапсырмасы (1 дана); төс жапсырмасы (1 дана); ер қасының доға пішіндес әшекейі (1 дана); ромб пішіндес үзбе (1 дана); тартпа тоғасы (1 дана).

Бұл жерде айта кететін нәрсе, бұйымдардың органикалық заттан жасалғанын, жер астында ұзақ уақыт бойы сақталғанын және жаңғырту барысында да химиялық ықпал етуге ұшырағандығын ескере отырып олардың шикізат күйіндегі өңделу іздерін (қайнату, жібіту және т.б.) анықтауға талпынбадық.

Зерттеулер нәтижесі бойынша бұйымдардың барлығына дерлік ортақ мынадай белгілерді анықтадық:

- бұйымдарды жасауда жүзі өткір және өте үшкір металл құралдар ғана пайдаланылған;
- барлығы да қолдан оймышталып жасалған;
- бұйым бетіндегі тесіктер мүйізді шытынатып алмау мақсатында көбіне қарама-қарсы бұрғылау арқылы жасалған;
- бұйымдарда белгілі бір сызба немесе үлгі арқылы жасалғанын білдіретін белгілер жоқ немесе сақталмаған;
- бұйымдар матаға немесе қайысқа бекітілген;
- бұйымдар біраз уақыт қолданыста болған.

Алдымен, бұйымдардың қандай құралдардың көмегімен жасалғанын анықтауға талпындық. Бұйымдардың макрофототүсірілімін Helicon Focýs компьютерлік бағдарламасы арқылы өңдеу арқылы әр заттың жеке-жеке қолдан мұқият оймышталып жасалғаны анықталды. Мысалы айылбастар мен жапсырмалардың қай-қайсысының болмасын бірнеше есе үлкейтілген суретін алып қарайтын болсақ, басында түп-түзу, жұп-жұмыр етіп жасалғандай көрінетін оймыштардың шын мәнінде кертіктері көп екенін көреміз (1 сурет).




1-сурет. Жүген салпыншағындағы оймыштау іздерінің Helicon Focus бағдарламасында өңделген макротүсірілімі

Бұл кертіктер пышақпен немесе сол сияқты жүзі өткір кез келген металл құралмен біртіндеп жону барысында түсетін кертіктер болып табылады. Жай көзбен бұл кертіктерді байқау мүмкін емес болғандықтан, құрал металдан жасалған деп кесімді түрде айтуға болады. Себебі тастан, сүйектен немесе басқа да материалдардан жасалған құралдардың жүзі мұндай жұқа, әрі өткір болуы мүмкін емес нәрсе.

Әзірге құралдың үш түрі болғаны туралы болжам жасауға болады. Біріншісі, пышаққа ұқсас құрал (ұшы қаламұш тәріздене келген болуы ықтимал); екіншісі, басы жартылай дөңгелене келген өткір құрал (осы заттармен бірге табылған ұшы сақина тәрізді пышақ болуы мүмкін); бұрғы.

Бірінші құралмен көлемі жағынан үлкенірек негізгі элементтер оймышталып жасалған болуы тиіс. Мүйіз бетіндегі бейнелер біртіндеп тілік жасау арқылы түсірілгендіктен, бұйым бетіндегі тереңірек түзу сызаттар (2 сурет) алдын-ала жасалған белгілер емес, осы құралдың олқы түскендігінен қалған іздер деген болжам жасадық.



2-сурет. Жүген-ноқтаның әшекей салпыншағындағы оймыштау іздерінің Helicon Focus бағдарламасында өңделген макротүсірілімі

Салпыншақ айылбастардың бетіндегі «қабыршақтар екінші құралдың көмегімен жасалған деуге негіз бар. Себебі, бұйым бетіндегі «қабыршақтардың» үлкейтілген бейнелерінен кертіктерді байқамадық, жартылай дөңгелене келген өрнектің шет-шеті түп-түзу (3 сурет).



3-сурет. Ат-әбзелі әшекейінің бетіндегі «қабыршақтардың» Helicon Focus бағдарламасында өңделген макротүсірілімі


Бұндай өрнекті ұш жағы сақина тәріздене біткен өткір металл құралдың көмегімен үңгіп алу арқылы жасауға болады.

Ал бұйымдардағы тесіктер металл бұрғының көмегімен жасалған (4 сурет).



4-сурет. Жүген-ноқтаның әшекей салпыншағындағы бұрғымен тесу іздерінің Helicon Focus бағдарламасында өңделген макротүсірілімі

Бірақ кейбір бұйымдарда тесіктер төтесінен жасалмаған, бұйымды бұлдіріп алмау мақсатында бір-біріне қарама-қарсы бағытта тесілген. Бұйым бетіндегі жалпақ тесіктер бұрғымен тесіліп алынып, артынша бір бағытта (бұйымның төменгі жағына қарай) пышақпен жона отырып кеңейтілген (5 сурет).



5-сурет. Жүген-ноқтаның әшекей салпыншағындағы бұрғымен жасалған тесіктердің пышақпен жона отырып кеңейтілуінің Helicon Focus бағдарламасында өңделген макротүсірілімі

Жалпақ тесіктердің қызметі жөніндегі болжамымыз екі түрлі: біріншісі, бұл тесіктер бұйымдар салпылдап тұрмас үшін қайыс, киіз немесе мата астарға бекіту үшін жасалған; екіншісі, бұл тесіктерден сәндік үшін қайысты немесе шашақты шығарып түйіп қою үшін жасалған. Бірінші болжамымызды нақтылай түсу үшін астарға бекітілген қайыстан қалған үйкеліс іздерін қарастырып көргенімізбен ондай белгіні байқай алмадық (үйкеліс іздері болмаған немесе реставрациялау барысында жойылып кеткен), сондықтан бұл болжамымыз әлсіздеу болып отыр. Екінші болжамымыз шындыққа жанасуы мүмкін, себебі, бұл тесіктерден қайыс баулар немесе шашақтар шығарылып қойған болса, үйкеліс іздерінің болмауы немесе болса да әлсіз болғандықтан сақталмауы заңдылық. Қалай болған күнде де бір нәрсе анық, шебер бастапқыда бұндай үлкен тесіктерді жасауды жоспарламаған. Бұйымдарда алдымен кішкене тесіктер жасаған, артынша дайын бұйымның тесіктерін әлдебір себептермен тағы да кеңейткен.

Бұйымдарды жасауда негізінен кесу, жону және тесу әдістері қолданылған.

Бұйымдар қолдан жеке-жеке жонылып жасалғандықтан жасаушы шебер бірнешеу болуы мүмкін деген болжам жасадық. Себебі, бұйымдар жасалған мүйіз материалдың сапасы біркелкі. Мұндай мұқият, әрі нәзік оймыштау біраз уақыт алатын жұмыс. Ал мүйіз материал уақыт өткен сайын кебу тарту, жарылу сияқты органикалық заттарға тән бүлінушілікке ұшырайтыны белгілі. Оның үстіне бұл бұйымдар тек жерлеу ғұрпына арнап жасалған деген болжамға сүйенсек, бұл да жұмысты шапшаңдату үшін бірнеше адам жабылып жасауға себеп болады. Сондай-ақ кейбір бұйымдар симметриялығымен және мұқият жасалуымен ерекшеленеді және бұл бұйымды басқаларға қарағанда тәжірибесі молдау шебер жасаған болуы мүмкін-ау деген ойға жетелейді. Ал былайынша, белгілі бір шебердің қолтаңбасын анықтау және бір жақты шешім шығару деген мүлдем мүмкін емес нәрсе.

